kazconf
media conference

«ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ: ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ»

халықаралық ғылыми конференцияның

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

14-15 сәуір 2022

PROCEEDINGS

of the international scientific conference

«PRIORITY AREAS OF RESEARCH: ANALYSIS AND MANAGEMENT»

14-15 april 2022

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научной конференции

«ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ: АНАЛИЗ И УПРАВЛЕНИЕ»

14-15 апрель 2022

Қарағанды, 2022

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Ғ 96

Редакция алқасы:
А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:
А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:
A.A. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

Ғ 96 Ғылыми зерттеулердің басым бағыттары: талдау және басқару: халықаралық ғылыми конф. мат. = Приоритетные направления научных исследований: анализ и управление: Сб. материалов межд. науч. конф. = Priority areas of research: analysis and management: Current state and prospects of development of modern science and education. – Қарағанды: «Bilim Innovations Group» ғылыми-зерттеу орталығы, 2022. – 750 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-08-2169-9

Жинаққа білім алушылардың, ғалымдардың, зерттеушілердің және мектеп мұғалімдерінің қазіргі ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

В сборник включены доклады обучающихся, ученых, исследователей и учителей школ по актуальным проблемам современной науки и образования.

The proceedings includes reports of students, scientists, researchers and school teachers on topical issues of modern science and education.

ӘОЖ 001
КБЖ 72

ISBN 978-601-08-2169-9

© «Bilim Innovations Group» ҒЗО, 2022

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

HUMANITIES

ҒТАМР 03.20

«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Алмабек Ашимбек
Абай атындағы №33 орта мектебі, Өскемен қ.

Мақала бүгінгі таңдағы қоғамдық сананы жағыртудың мақсаты азаматтық қоғам қалыптастыру мәселесі, адами құндылықтардың маңыздылығы туралы айтылады.

Түйін сөздер: Азаматтық қоғам, рухани жаңғыру қоғамдық сана, жаңғыру, адамгершілік.

«Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісіміздан озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» (Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»).

Адам баласына рухани тәрбие беру арқылы, адамгершілік қасиеттерін оның ішінде атап өтетін болсақ: құрмет көрсете білу, қайырымдылық, адалдық, жауапкершілік, мейірімділік сияқты адами құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Қазақтың көрнекті ғалымы, жазушы Ыбырай Алтынсарин «Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер», – деген. Адамгершілік құндылықтар – адам бойындағы ең ізгі, ең асыл қасиеттер болып саналады. Бұл қасиеттер адамзат баласын Елін, Отанын сүюге, мейірімділікке, ата-анасын құрметтеуге, қамқорлыққа үйретеді. Отбасында, қоршаған ортада, бала – бақшада, мектепте, жоғарғы оқу орындарында, адамдардың бір – бірімен араласуы нәтижесінде адам санасының қоғамдық болмысқа тән құндылықтар қалыптасады. В.Соловьев: «Адамгершілік бір адамның екінші адамға сыйлай алатын заты емес, ол өзінің тәжірибесі арқылы ғана жететін адамның ішкі жағдайы» – деп адамгершіліктің құндылығына ерекше тоқталған. Ал американдық психолог Л.Кольберг адамгершілік тәрбиелеудің басты мақсаты мінез-құлықты қалыптастыру емес, ұтымды пікір айту қабілеті деп түсіндіреді. Адами қасиеттер туралы мәлімет беруде түсіндіру, бағыт – бағдар беру тәсілдерін қолдану адамгершілікті тұлға қалыптастыруға негіз бола алады. Осы орайда біздің жастарымыздың адамгершілік құндылықтарды меңгеру деңгейі

қандай, іс-жүзінде олардан адамгершілік құндылықтарды көреміз бе деген сұрақ еріксіз ойға келеді. ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңына сәйкес жастар – ол 14 және 29 жас аралығындағы Қазақстан азаматтары деп көрсетілген. Қазіргі қоғамда жастарға байланысты көп айтылатын келеңсіздіктің бірі – үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетпеу. Яғни, қоғамдық орындарда үлкендерді сыйламау, ата – анасын тыңдамау оларға дауыс көтеру секілді құбылыстар жиі кездеседі. Соның бір мысалы – қоғамдық көліктің ішіне үлкен кісі кіргенде көрмегендей кейіп көрсетіп, орын бермеуі. Қазақта «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деген сөз бар. Сондықтан да қай кезде болмасын үлкендерді сыйлап, керек кезде қол ұшын созып, қамқор болып, кішіге ізет көрсетуіміз керек. Бұл біздің адамгершілігіміздің белгісі.

Азаматтық қоғам – саяси үкіметке тәуелсіз жұмыс істейтін және оған ықпал жасауға қабілетті әлеуметтік қатынастар мен институттар жиынтығы; дербес жеке адамдар мен әлеуметтік субъектілер қоғамдастығы. Қандай да болмасын қоғамдық мәні бар идеяларды қабылдау қашанда сұхбатты, яғни сұхбаттасушы жақтардың түрлі көзқарастарын және маңызды тепе-теңдігін білдіреді. Ешкім ешкімге өз түсінігін мойындатуды да, ешкім ешкімді дәлме-дәл қайталауды да мақсат етпейді. Идеялар белгілі қоғамның, әлеуметтік дамудың талаптарына сәйкес келетіндіктен қабыл алынады. Сондай идеялардың қатарына азаматтық қоғам идеясы жатады. Азаматтық қоғам туралы әр түрлі көзқарастар, әр түрлі бағдарлар бар. Қазірде азаматтық қоғамның жалпыға бірдей ортақ анықтамасы жоқ. Дегенмен әлемдік әлеуметтік-философиялық ғылымда бұл феноменді зерттеудің екі түрлі бабы бар. Біріншісі азаматтық қоғамды әлеуметтік әмбебап категория ретінде қарастырады. Бұл ұғымға олар мемлекетке, өкімет құрылымдарына қарама-қарсы қойылған қоғамдық қарым-қатынастардың бүкіл жиынтығын сыйғызады. Екіншілері азаматтық қоғам ұғымының мағынасына шынайы батыстық феноменді жатқызады да, оны буржуазиялық (нарықтық-демократиялық) қарым-қатынастардың қалыптасуымен байланыстырады. Азаматтық қоғам деп адамның жеке тұлғасының және бейресми, мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдардың дамуына қолайлы жағдай туғызатын әлеуметтік тәртіп түрін айтады. Аталған мемлекеттік емес ұйымдардың іс-әрекеті арқылы ғана жеке адам социумның, әлеуметтің даму жолына әсерін тигізе алады. Сондықтан да азаматтық қоғамды коммуникацияның, қарым-қатынастың өзіндік ерекше формасы деп қарастырса да болғандай, себебі азаматтық қоғам арқылы мемлекет пен азамат арасындағы сұхбат жүзеге асады. Азаматтық қоғам үкімет, билік құрылымдарынан тысқары жатқан әлеуметтік байланысты танытады. Азаматтық қоғам аса дамыған экономикалық, мәдени, саяси, құқықтық қарым-қатынастар болуын талап етеді. Егер біз мемлекетті билік институты, бақылау және жазалау көзі ретінде қарастыратын болсақ, онда азаматтық қоғамды оған қарама-қарсы құрылым ретінде абсолютті еркіндік – анархия деп түсіну дұрыс емес. Шындығында әлеуметтік біртұтастықты қалыптастыратын осы екі бөлік бірін-бірі толықтыра отырып өмір сүреді. Мемлекетсіз азаматтық қоғам жоқ. Онсыз ретсіздік, төртіпсіздік, хаос, ұйымдаспағандық, ыдырау ғана мүмкін.

Және де, керісінше, дамымаған азаматтық қоғамсыз демократиялық, құқықтық мемлекет те жоқ, тек зорлық-зомбылық, басыбайлық, тирания ғана бар. Азаматтық қоғамның пайда болуын іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі азаматтың пайда болуымен байланыстыратын көзқарастар да жоқ емес. Азамат белгілі құқықтар мен міндеттерге ие болған іс-әрекет субъектісі. Азаматтық қоғамды осы тұрғыдан түсіндірудің бастамасы антикалық полис феноменімен байланысты. Азаматтық қоғам – ол жеке тұлғаның негізгі құқықтыры мен еркіндіктері заң жүзінде қамтамасыз етілетін және саяси қорғалатын, мемлекеттен тыс қатынастар саласы үйлесімді дамыған қоғам. Оны ішкімемлекеттік қатынастардың дамуына ықпал жасайтын адамдар топтарының ұйымдасқан әрекеті ретінде де анықтауға болады. Қоғам мүдделеріне бағытталған азаматтық бастама азаматтық қоғамның маңызды белгісі болып табылады. Дамыған демократиялық мемлекеттер, сонымен қатар өркендеген азаматтық қоғамадар да болып табылады. Сонымен бірге азаматтық қоғамның дамуына бағытталған түрлі әлеуметтік топтардың немесе жеке азаматтардың бастамалары (азаматтық бастамалар аталынатын) мемлекет арқылы қабылданады және оны жетілдіре түседі. Дамушы және «өтпелі экономика» мемлекеттеріне жататын елдерде жағдай біршама басқаша. Соңғылары азаматтық бастамалар мемлекет құрылысының тікелей міндеттері шектерінен шығып кетуіне байланысты азаматтық бастамаларға күдікпен қарайды.

Бүгінгі таңда жастарымыз жан-жақты, бірақ барлығы дерлік адами қарым-қатынасты жоғары деңгейде ұстайды деп айта алмаймыз. Себебі жастар – еліктегіш, қоғамда болып жатқан жағдайларды тез қабылдап, оны бойға сіңіріп үлгереді. Әлеуметтік желілерде басқада ақпарат құралдары арқылы қажетті де, қажетсіз, пайдалы да, пайдасыз ақпарат жаппай келуде. Ал, жастар жас мөлшеріне орай барлық ақпаратты сүзгіден өткізбей қабылдайтынын ескеретін болсақ, ондай жағдайда жағымды жағымсыз мәліметтерді қабылдай береді. Әрбір жастың бойында табылу керек құндылықтарды атап айтсақ: адамгершілік, қайырымдылық, адалдық, жауапкершілік тағыда басқа ізгі қасиеттеріне кері әсерін тигізіп, оларды жоққа шығарады. Бізге әлеуметтік желілер арқылы келіп жатқан зорлық-зомбылық, бір-бірін сыйламау, ұлттық, діни араздықты туғызу сияқты келеңсіз әрекеттер орын алуда. Соның бірі – батысқа табынушылық. Діни адасушылықтар, терроризм, жастар арасында есірткінің таралуы, мәдениетіміздің құлдырауы қоғамымыздың өзекті проблемасы мен адамгершілігіміздің төмендеуі болып отыр. Қазағымыз «Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек» деген. Бүгінде ағаштан жапырақ кетпегенмен жастарымыздың үстінен шүберек кетуде. Көпке топырақ шашпаймын әрине, дей тұрғанмен, қазақтың сәнінде көзге іліп аларлық салтанат қалмады. Мұның барлығы батысқа еліктеушілік деп ойлаймын [5]. Сонымен қоса тәрбиенің нашар болуы немесе толық қанды берілмеуі.

Мектепте, орта білім беру, жоғарғы білім беру мекемелерінде білімді тәрбиемен ұштастыра алмайды деп айтуғада келмейді. Себебі мемлекеттік оқу бағдарламаларын қарастырсақ білім мен тәрбиенің үйлесімділігі бар. Алайда

постмодернистік қоғамда үстемдік құрған медиаресурстар және соның ішінде әлеуметтік желілер өздерінің дискурсын ұсынып отыр.

Бүгінгі таңда ғаламторға көңіл аударсақ кез келген әлеуметтік желіге кіріп, өзекті деген жастарға қатысты мәселені теріп қалсаң әртүрлі пікірлер көреміз. Пікірлер әртүрлі, кейбір пікірлерді оқып бізде саналы, білімді жан-жақты ойлайтын жастар бар екеніне көзің жетеді. Сонда да жалпы алғанда пікір жазу мәдениеті, басқаларға деген құрмет, басқа ұлт өкілдерінің мәдениетіне, наным-сенімдеріне деген толеранттылық таныту сияқты қасиеттері аз екені байқалады. Жоғарыдағы аталған мәселенің алдын алу мақсатында мемлекеттік деңгейде, аймақтық дейгейде көптеген іс-шаралар, жоба, жоспарлар орындалуда. Мысалы айтар болсақ қазіргі оқу үрдісінің бағдарламасы бойынша алып қарасақ жоғарғы оқу орны оның ішінде нақтылы айтатын болсақ С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-де жастармен рухани тәлім-тәрбие беруге байланысты бағдарламалармен іс-шаралар жүргізіліп жатыр оған ықпал еткен Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы. Осы бағдарлама аясында барлық мамандықтар бойынша 2-курс студенттеріне оқу үрдісіне «Қоғамдық сананы жаңғырту» атты жаңа пән кіргізілді. Бұл пәннің мақсаты: қазақстандық жастардың қоғамның рухани жаңғыруы туралы ортақ түсінігін қалыптастыру, ұлттық патриотизм құндылықтарын санаға сіңіру, белсенді азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік қабілетін арттыру.

Осы мақала аясында біз жастарға не бере алдық? Болашақта не бере аламыз? деген сұраққа мен өзімше жауап іздеуге тырыстым. Өзімнің жұмыс жасап жүрген саламда тікелей жастармен жұмыс жасайтындықтан жастарды тілге тиек етпекпін. Біздің қоғам субмәдениетті. Ал, жастарымыз жан-жақты, ойлары әртүрлі, осы орайда жас буын өкілдерінде адамгершілік құндылықтарды насихаттаудың дәстүрлі жолдары мен қоса жаңа технологияларды пайдалану бүгінгі уақыттың талабы деп санаймын. Осыған орай С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің қабырғасында білім алып жатқан жастарымыздың болашақта бойында Қазақстандық патриотизм, ұлттық рух, ұлттық идея қасиеттері дамыған, өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүйетін, өзге ұлттың тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын ұрпақ тәрбиелеуге негізделген.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда жастарға осы уақытқа дейін өзекті болып келген адамзаттың адемгершілік қасиеттерін жаңа формада ұсынбасақ ескі әдіс-тәсіл өзінің құндылықтарын кейбір жастар үшін азайтуда. Қазіргі таңда жастарды қызықтыратын мәселені қозғай отыра, қоғамда да болмасын бойымыздан құны ешқашан кемімейтін мейірімділік, қамқорлық, имандылық сияқты адами құндылықтарымызды жаңа технологиялардың арқасымен насихаттауға көшуіміз керек. Youtube, Google, Яндекс сияқты ірі ақпараттар тарату жүйелері және көптеген әлеуметтік желілерде өзіміздің мәліметтерімізді, ойларымызды, пікірлерімізді мәдениетті түрде сауатты беруге тырысуымыз керек. Бұл біздің жастарымыздың ғана емес, мемлекетіміздің абройы, болашағы. Осы құндылықтар арқылы ғана мықты, жігерлі ел бола аламыз.

«Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақытта қонады» деген сөзге сүйенсек, жақсы, ізгі қасиеттер арқылы бақыттың жолын табуға болады. Аз да болса тіпті біреуге жақсы сөз айтып, қайырымды істер жасап, жақсы мінез-құлықтарды өн бойымызға жинай білсек нұр үстіне нұр болар еді. Татулығы мен бірлігі жарасқан мамыражай, тәуелсіз елімізде адамгершілік құндылығымызды бойымыздан алыстатпай, ізгі қасиеттердің жойылуына жол бермейік. Рухани адамгершілік құндылығымызды әрқашан биік ұстайық!

Осы сәтте, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы уақытында жарық көрген реформа десем болады. Себебі бүгінгі таңда біздің санамызға ақпаратты қоғамдағы әртүрлі үрдістер ықпал етері сөзсіз. Осы жаңа талаптарға сай яғни жаулап алғаны анық, елімізде азаматтарымыздың рухани құндылықтарды Рухани жаңғыру бағдарламаларын жүзеге асыру бағытында еліміздің белсенді жастарын біріктіретін «Жаңғыру жолы» атты республикалық жастар қозғалысы құрылды. Соған қарамастан әлеуметтік желілерде, әртүрлі ақпарат құралдарында адамзат табиғатына кері әсерін тигізетін теріс іс-әрекеттер белең алуда. Бұған не себеп?

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 http://qasym.kz/kok-kit-ojyny-balany-bul-baleden-kalaj-kutkaramyz.

2 Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасы» (1998 жыл 5 – қазан).

3 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984.

4 http://old.baq.kz/kk/blog/352/blog-352-7468.

5 Жастардың бүгінгі келбеті мен тәртібі. Сұрақ-жауап [Электронный ресурс]. http://kz.postmy.ru/viewtopic.php?id=199.

6 Қазіргі жастардың мәдениет мәселелері [Электронный ресурс]. http://group-global.org/kk/node/46527.

ГРНТИ 16.21.27

К ПРОБЛЕМЕ НОМИНАЦИИ. ОСОБЕННОСТИ ЭРГОНИМИИ ГОРОДА АЛМАТЫ

Р.Р. Сайдашев
Магистрант, Университет имени Шакарима города Семей, г. Семей

На современном этапе казахстанской экономики повсеместно появляются новые коммерческие предприятия, магазины и салоны красоты, туристические агентства и страховые компании. Различные городские объекты имеют свои названия – эргонимы. В последние годы наблюдается бурный рост иноязычных названий на улицах города Алматы. Эргонимы иностранного языка представляют собой ту сферу языкового бытия, которая формирует культуру мышления нового поколения. Иностранные эргонимы отличаются сложностью семантики и структуры, что затрудняет их принятие и употребление населением. Эти факторы требуют комплексного изучения данного языкового материала для определения причин предпочтения в выборе иноязычных средств и разработки практических рекомендаций по их использованию для номинации объектов городской инфраструктуры.

Ключевые слова: номинация, принципы номинации, эргонимия, иноязычный эргоним, структурно-семантический аспект.

Феномен номинации находится в центре внимания ученых с момента появления научного знания. Хотя проблема номинации и механизмов номинации, кажется изучаемой и разрабатываемой, она до сих пор привлекает внимание лингвистов, философов и психологов.

В настоящее время номинация определяется как процесс образования языковых единиц, характеризующихся номинативной функцией, т.е. называет и вычленяет фрагменты действительности и служит для формирования соответствующих понятий о них в виде слов, словосочетаний и предложений. Номинация также понимается как результат процесса именования, т.е. важная языковая единица. Изучение этого языкового процесса и его результатов относится к особой отрасли языкознания – теории номинации.

На современном этапе экономики Казахстана повсеместно появляются новые коммерческие предприятия, магазины и салоны красоты, туристические агентства и страховые компании. Различные городские объекты имеют свои названия. Старые имена, связанные с другой формой собственности,

заменяются новыми именами, соответствующими текущим потребностям. Эргоним – имя собственное, включающего в себя профсоюз, организацию, учреждение, корпорацию, предприятие, общество, учреждение.

Предмет, изучающий эргонимы, историю их развития, принципы и методы их создания, называется эргономикой. Этот термин относится к набору эргонимов, которые действуют в любой местности или стране.

Несомненно, эта тема актуальна, ведь в последние годы наблюдается стремительный рост количества названий на иностранных языках на улицах городов Казахстана. Алматы не исключение, так как многие предприятия, магазины называются иностранными словами.

В работах лингвистов разработаны следующие концепции изучения эргонимов: общие проблемы современной эргономики, комплексный анализ эргономики, структура, образование и функции эргонимов, их семантические и прагматические особенности. К таким исследованиям относятся эргонимы на иностранном языке, т. е. слова различного иностранного происхождения, а также имена, созданные средствами иностранного языка или графикой иностранного языка.

В последние годы возросло влияние английского как международного языка. Поэтому владельцы компаний, стремящиеся быть современными, следуют веянию моды и часто используют в своих названиях английские слова. Эту тенденцию также можно объяснить созданием филиалов и дочерних компаний в англоязычной стране.

По числу элементов все эргонимы могут быть разделены на три группы:

1) Однокомпонентные – названия, состоящие из одного слова (Walker, Mango, Gentleman, SeeALT, Lanzhou, Keyif, Danek);

2) Двухкомпонентные – названия, состоящие из двух элементов (Flower Avenue, Grand Park, Green Garden, Bahandi Burger, Art Flowers, COLOR TIME, Halal Slice);

3) Многокомпонентные – эргонимы, состоящие из трех и более компонентов (Hotel Mountain View, Country Village Resort, Resident City Hotel).

По структуре слова, принимая за основу классификацию О.Г. Щитовой, иноязычные эргонимы разделяются на три подгруппы:

1) Нетранслитерированные иностранные названия – полностью на иностранном языке. (Orchestra, Gravity, Pull and Bear, Eco Bar, Oasis, West Point);

2) Названия, созданные путем соединения элементов русского и иностранного языков, являются гибридами. Графические гибриды, объединяющие русскую и английскую графику в одном блоке независимо от происхождения компонентов. (Чистteam, Мама Givi, Лагман Town, Дельфин Fitness & SPA);

3) Названия с эквивалентами на иностранных языках, созданные путем транслитерации и транскрипции, а также эргонимы, представляющие собой русскоязычные единицы, составленные с использованием иноязычной графики. (Chak Chak, Na Labutenah, SALAM BRO, Bayan Sulu, Iremont, Natali, Mustafina).

Е.С. Бутакова, при анализе словообразовательных типов иноязычных эргонимов, предлагает выделять следующие типы:

Иноязычные эргонимы, образованные с помощью лексических иноязычных средств;

Иноязычные эргонимы, образованные с помощью синтаксических иноязычных средств;

Иноязычные эргонимы, образованные с помощью словообразовательных иноязычных средств;

Иноязычные эргонимы, образованные с помощью морфологических иноязычных средств;

Иноязычные эргонимы, образованные с помощью графических иноязычных средств.

Производные эргонимы, образованные на базе иноязычных лексических единиц. В зависимости от способов словообразования данные эргонимы делятся на подгруппы:

1) Иноязычные эргонимы-аббревиатуры – эргонимы, образованные в результате сложения начальных звуков или названий начальных букв слов, входящих в состав исходного словосочетания: торгово-монтажная компания GVS (англ. GVS – General Video systems), Курьерские услуги BPS (англ. BPS – Barakat Postal Serivce);

2) Сложные иноязычные эргонимы – эргонимы, образованные путем сложения: – целых иноязычных слов и их основ: типография Helpprint (англ. help «помощь» + print «печатать»), апарт-отель YourHouse (англ. your «твой»+ англ. house «дом»), гипермаркет CareFood (англ. care «забота» + англ. food «еда»).

Производные эргонимы, созданные с помощью синтаксических иноязычных средств. В данную группу иноязычных эргонимов входят – предложно-падежные сочетания, сочетания словоформ на базе сочинительной и подчинительной связи, предложения:

1) Иноязычные эргонимы – предложно-падежные сочетания: салон красоты In Style (англ. in style «стильно, с шиком»);

2) Иноязычные эргонимы – сочетания словоформ на базе: – сочинительной связи: кафе Pate & Pizza (англ. pate «паштет» + pizza «пицца»); Эргонимы, образованные на базе подчинительной связи: магазин бижутерии Lady Collection (англ. lady «дама»+ collection «коллекция»).

Производные эргонимы, образованные с помощью словообразовательных иноязычных средств. К этой группе относятся эргонимы иностранного языка, созданные по словообразовательным моделям исходного языка, морфемы, выполняющие словообразовательные функции:

1) Иноязычные эргонимы, образованные посредством суффиксоидов, являющихся продуктивными в языке-источнике. Суффиксоидами называются морфемы, которые совмещают в себе функции корневой и суффиксальной морфем. В эргонимии города Алматы используются суффиксоиды из арсенала

топонимии иноязычного происхождения (англ. -land, -city): – town «город»: торговый центр Cartown – city «город» магазин дверей и ламината Dvericity.

2) Иноязычные эргонимы, образованные посредством суффиксов фамилий -off: Шашлыкoff.

Производные эргонимы, образованные с помощью морфологических иноязычных средств. В данную группу входят номинации, при создании которых использованы:

1) Артикли: кафе правильного питания The Green Station (англ. green station «зеленое место»), студия красоты The Garden (англ. garden «сад»);

2) Графические средства выразительности, а также, имеющие отношения к интернету: «+», – ru, -com, -net, -kz интернет-магазин MiHome.kz, интернет-магазин Ramina kids kz.

Производные эргонимы, образованные с помощью графических иноязычных средств – транслитерированные реверсивы – русские и казахские слова, оформленные в иноязычной графике. Они выполняют экзотическую функцию, используются с целью привлечения внимания покупателя (клиента) необычностью графики: киоск быстрого питания Samsa Tatti, салон красоты Na Labutenah, обувной магазин KabLook.

Таким образом, языком, который является источником подавляющего большинства имен, является английский язык – наиболее распространены англицизмы и имена, написанные на латинице. Анализ словообразовательных особенностей иноязычных названий позволил выделить пять типов словообразования: лексический, синтаксический, морфологический, словообразовательный и графический. На основе полученных данных можно составить список предложений по созданию удачного эргонима.

Литература

1 Бутакова, Е.С. Эргонимы иноязычного происхождения в коммуникативном пространстве города: автореф. дис. кан. фил. наук. / Е.С. Бутакова. – Томск, 2013. – 26 с.

2 Щитова, О.Г. Неисконная лексика в русской разговорной речи Среднего Приобья XVII века: монография / О.Г. Щитова. – Томск: Изд-во ТГПУ, 2008. – 480 с.

3 Новожилова Т.А. Номинация современных коммерческих предприятий (на материале русского, английского и немецкого языков): дис. … канд. филол. наук. Ростов-на-Дону, 2005. – 170 с.

4 Серебренников Б.А., Уфимцева А.А. Языковая номинация (виды наименований). – М.: Наука, 1977. – 356 с.

5 Кульгавова Л.В. Лексикология английского языка. Учебнопрактические материалы/ Л.В. Кульгавова. – изд.2-е перераб. – М.: АСТ: Восток-Запад, 2008. – 511 с.

6 Kubryakova E.S. Theory of nomination and word formation // Language nomination: Types of naming // 1977. – 222 p.

ҒТАМР 00.29

ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ РӨЛІ

Ж. Қалымбекова
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.

Мақалада бүгінгі таңдағы қоғамда жаппай танымал болған әлеуметтік желілерді пайдалану мәдениеті, әлеуметтік желілердің қоғамдары ролі, саяси үрдіске қосар үлесі туралы айтылады.

Түйін сөздер: әлеуметтік желілер, саяси сана, қоғам, мәдениет.

Әлеуметтік желіні «әлеуметтік медиа» деп те атайды. Бұл – адамдардың бір-бірімен ғаламтор арқылы өзара байланысын қамтамасыз ететін интернет сайт(тар). Жалпыға ортақ сөзбен айтар болсақ, әлеуметтік желі дегеніміз бұл – адамдар мен олардың бір-бірімен қарым-қатынас құралы.

Әлеуметтік желі не үшін керек? Бұл сұраққа жауап бермес үшін қарсы бір сұрақ қоясақ: Өмірдегі таныс-біліс не үшін керек?. Әрине, селбесіп, араласып-құраласып өмір сүру үшін. «Адамның күні адаммен» деп те жатамыз. Шамасы, адам баласының табиғатында бар қасиет болса керек, біз өзгелермен сөйлесуді, бейтаныс адаммен танысқанды, белгілі бір тақырыпта пікір алмасуды, өз ойымызды айтуды, басымызға түскен қуаныш пен қайғыны хабарлағанды және де фотоалбомдармен бөлісіп дәнекерлік қызмет атқарады. Әлеуметтік желілер азаматтық қоғамның құрылымдары арасындағы байланысты орнатушы әлеуметтік дәнекер ретінде рөлі жоғары. Ол әртүрлі әлеуметтік топтардың бір-бірімен байланысып, қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді.Шынайы өмірде біз мұндай әрекетті тек реті келгенде ғана жасасақ, қазіргі азаматтық технология, әсіресе интернеттің қарыштап дамыған заманында бұл оңайлана түсті. Өйткені, біздің ұғымымызда «әлеуметтік желі», яғни «адамдардың бір-бірімен виртуалды байланысы» деген түсінік пайда болды. Демек, сіз өзіңіздің дәл қазіргі көңіл-күйіңіз қандай екенін жұртқа айту үшін немесе кешегі түнде болған досыңыздың тойындағы суреттерді өзгелерге көрсету үшін һәм өзіңіз сүйіп тыңдайтын әншінің шығармашылығы туралы достарыңызбен, не өзіңіз секілді фанатпен сөйлесу үшін, әлеуметтік желілерге кіріп, жаңадан фото қосасыз, статусыңызды өзгертесіз, сондай-ақ, өзіңіздің достарыңыздың туған күні келіп қалғанын, оның басқа біреумен танысқанын, атақты киноактердің қоғамдастығына мүше болғанын білесіз. Тиісінше, сіз де өзгелер секілді достарыңыздың санын көбейтіп, өз ортаңыздағы таныстық шеңберін кеңейте

түсесіз. Осылайша, сіз әлеуметтік желінің мызғымас бір бөлігіне айналасыз. Тоқетері, әлеуметтік желі адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы үшін керек. жалпы әлеуметтік желілер немесе блогтар желісі, микроблогтар, тек қана видео немесе суреттерді жүктеуге арналған белгілі бір бағыттағы, тақырыптық әлеуметтік желілер бар. Мысал ретінде әлеуметтік видео желіге youtube-ті айтсақ, блогтар желісіне wordpress, фотографтар немесе жәй ғана суретке түсіргенді жақсы көретін әуесқойлар үшін flickr, ал микроблоггинг мысалына twitter жатады. Ал енді әлемдегі танымал өзге әлеуметтік желі туралы айтар болсақ, онда Facebook туралы айтпай кету мүмкін емес. Интернет Дүниежүзілік статистикасының жақында жүргізген зерттеуіне сәйкес, Қазақстанда 5,6 миллион адам күн сайын әлеуметтік желілерді пайдаланады. Ең танымал әлеуметтік желілердің ішінде күніне 1 млн. 125 мың рет қаралған Instagram мен Moi Mir көш бастап тұрса, 558 мың рет қаралған «Одноклассники», 525 мың рет қаралған «Вконтакте» және 410 мың рет қаралған Facebook көш бастап тұр.

Күн сайын 350 000 қазақстандық ұялы телефон арқылы WhatsApp-қа қол жеткізеді.

Ақыр соңында, бұл ақпарат алмасудың ең тиімді және арзан әдісі. Агенттік ұсынған тағы бір қызықты факт – әлеуметтік желілердегі әрбір екінші адам өзі туралы жалған ақпарат жазады. Жалпы, олардың 29 %-ы өздерінің аты-жөні мен жасына, 23 %-ы отбасылық жағдайына, 22 %-ы сыртқы келбеті мен қызығушылықтарына, 17 %-ы білімі мен жұмысына қатысты өтірік айтты [3]. Әрине, бұл нәтижелер көпшілікті ойландыруы керек деп ойлаймын.

Материал дайындау кезінде саясаткерке тақырыпқа қажетті мәліметтерді берушілермен шынайы қарым-қатынас орнату керек.

Мәлімет алудың қажетті және жалғыз құралы тұлғааралық қарым-қатынас саясаткер қызметінің маңызы ерекше болады.

Мұндай қатынас процесінде саясаткер ең алдымен практикалық мақсатты көздейді. Ол дегеніміз саясаткерге әңгімелесушіні таңдау кезінде оның тұлға бірегейлігін ғана емес, оның сөйлейтін тақырып бойынша жете білуі мен әділдігі өте маңызды болмақ. Сондықтан саясаткер өзіне қажетті мәліметтерді толық көлемде алу, жеке адамға ыңғайын тауып, қарым-қатынас ұйымдастыруы жөнінде саясаткертің өзіне байланысты екендігін ұмытпаған жөн. Негізінен, саясаткер өзінің ақпаратқа деген функционалдық тұтыну қызығушылығын жеке қарым-қатынас барысында өзгертуі мүмкін. Бұл дегеніміз – өзгеріс қажет, өйткені саясаткер үшін оқиғаның обьективті барысы ғана емес, сонымен қатар әңгімелесушінің оған деген қарым қатынасы, оның іс-әрекеттерінің мотивтері маңызды болмақ. Бір жағынан сұхбат мақсаты анық және сенімді ақпарат алу болса, екінші жағынан саясаткер зерттеушінің обьектісі болатын адамның позициясын білу. В.М. Гороховтың байқауы бойынша былай делінген: «Бір ғана іскерлік қарым-қатынас жеткіліксіз. Бұл жерде қарым-қатынастың басқа түрлі құралдары қажет. Саясаткер әңгімелесушіні тек ресми қызмет адамы ретінде ғана емес, тұлға ретінде қарастырады және даралығын ашуға тырысады» деген. Иә келіспеске амал да шара да жоқ.

Бірақ іскерлік белгілер қарым-қатынас барысында басым болады. Өзінің бастапқы жорамалдарына сүйене отырып, саясаткер қандай мәліметті көздейді, кіммен кездесіп сөйлесетінің алдын ала белгілейді. Мәліметтің оң және сын бағыттылығына байланысты оның негізгі әңгімелесушімен қарым-қатынасы орнатылады. Бір жағдайда оған көмектессе, басқасында оқиғаны зерттеп тануға кедергі болады. Сонымен, саясаткерің хабар беруші адамдармен қарым-қатынасы тұлғааралық қатынастың заңдарына ғана тәуелді емес.

Қазіргі елімізде азаматтық қоғам құру процесі қарқынды жүріп жатқан жағдайда азаматтық байланыстар қоғамның кез келген саласының негізгі өзегіне айналып отыр. Азаматтық байланыстар саяси жүйенің қан тамыры секілді, оның құрамдас бөліктері мен элементтеріне нәр береді, өзара байланысын, іс-қимылын қамтамасыз етіп отырады. Басқаша айтқанда, саяси жүйенің, оның құрамдас бөліктерінің дұрыс қызмет атқаруы ақпараттың объективтілігінен, нақтылығынан, дер кезінде жетуінен тікелей тәуелді. Демек, кез келген мемлекеттің, ондағы мемлекеттік басқару формаларына қарамастан, оның саяси жүйесінің барлық құрамдас бөліктерінде (саяси институттар, саяси қатынастар, саяси нормалар мен принциптер, саяси сана мен саяси мәдениет) азаматтық қоғамды қалыптастырушы, үйлестіруші, байланыс факторы ретінде алатын орны ерекше болмақ және ол дами бермек. Өйткені азаматтық қоғамда сияси үрдісті реттеу және әдістерінің, соның ішінде бүгінгі күні Қазақстанда ресми түрде бұқаралық ақпарат құралдарына теңестірілген Интернет желісінің дамуымен бірге саяси жүйенің коммуникативтік қызметі де жандана түседі.

Мемлекеттік билік те бұл жаңалықтарға қызығушылық танытып, соның нәтижесінде «электрондық үкімет», «электрондық әкімдік», «электрондық партия», «электрондық университет» сияқты жаңа жобалар, ақпараттық-коммуникациялық саяси институт туындады. Сонымен бірге ақпаратты өндіру-тарату процесі мен компьютерлік техниканың шапшаң дамуы мемлекеттік басқарудың құрылымы мен механизмдеріне айтарлықтай әсер етуде. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілердің маңыздылығы толассыз күшке айналған, бүкіләлемдік азаматтық кеңістік қалыптасқан жағдайда қоғамдағы ақпараттың рөлі мен орны ерекше артып отыр. Бұл өз кезегінде мемлекеттің, қоғамның және жеке адамдардың азаматтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінің күрделенуіне ықпал етуде. Қазіргі таңда ақпарат тарату мүмкіншілігі бойынша әлеуметтік желілер алдыңғы қатарға шығып отыр. Интернеттегі әлеуметтік желілердің қолданушыларының орта жасы 7-ден 48-ге дейін болып отыр. Қазір кез келген ұялы телефонда әлеуметтік желілерге қосылу үшін қосымша бағдарламалар орнатылатын болды. Кез келген компанияның өз тауарларын жарнамалау мақсатында әлеуметтік желіде парақшалары бар. Тіпті Үкімет мүшелері, көптеген лауазымды тұлғалар Интернетте өз парақшалары, блогтарын ашып, сол арқылы өздерінің қызметіне байланысты ақпарат беріп отырады.

Әлеуметтік желілердің жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға пайдасы зор. Интернеттен музыка, фильм, ойындардан басқа ғылыми мақалалар, аудиокітаптар, тіл үйрену курстарын, тамақ істеу, би үйрену, дене шынықтыру

тәсілдерін көшіріп алуға, қарауға болады. Көптеген оқулықтар мен рефераттар, түрлі суреттер де Интернетте жетерлік. Кез келген мемлекеттік органдар, түрлі компаниялар мен дүкендер, кафе, мейрамханалар туралы ақпарат алу, олардан анықтама алу, тапсырыс беру сияқты көптеген жұмыстарды үйде отырып Интернет арқылы бітіре беруге болады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер арқылы кез келген адам өзінің пікір алмасатын, мүдделестер ортасын қалыптастыру мүмкіншілігі де бар. Сол сияқты кез келген фирма өзінің өнімдеріне қызығушылық танытқан клиенттерін топтастыра алады.

Күн санап өміріміз экранға тәуелді боп барады. Ақпарат, ғылым, үкімет, нарық та ғаламторға телміріп отыр. Ал енді адамдар арасындағы қарым-қатынасты да ғаламтор шешеді. Қазірдің өзінде әлем халқының 57 пайызы бетпе-бет тілдесуден гөрі, интернет арқылы, дәлірек айтқанда, әлеуметтік желілерде «әңгімелеседі». Әлеуметтік желі – адамдардың бір-бірімен ғаламтор арқылы өзара байланысын қамтамасыз ететін ғаламтор ресурсы.

Әлеуметтік желілердің ақпарат қоғамындағы рөлін көрсету үшін бірнеше статистикалық мәліметтерге тоқталсақ:

– Әлемдегі отыз жасқа дейінгі адамдардың 50 пайызы, жаңа ғасырда туылғандардың 96 пайызы әлеуметтік желілерді пайдаланады;

– «Facebook»-тің апталық трафигі «Google»-дікінен де асып түсті;

– АҚШ-тың әрбір сегізінші жұбы әлеуметтік желілер арқылы танысқан;

– 50 миллион қолданушыны өзіне қарату үшін радио отыз сегіз жыл, телевизия он үш жыл, интернет төрт жыл талмай қызмет етсе, әлеуметтік желілердің тек біреуі – «Facebook» бір жылда 200 милллион адам жинады;

– Егер «Facebook» мемлекет болғанда, халық саны бойынша үшінші орында тұрар еді. Себебі 800 миллион қолданушысы бар.

– Компаниялардың 80 пайызы кадр табуда әлеуметтік желілерге жүгінеді;

– Леди Гага мен Джастен Бибердің твиттердегі қонақтарының саны Қазақстан халқынан да көп;

– «Facebook»-та тіркелушілер саны Қытай халқының өсу үдерісінен де асып түсуде.

Осылардың өзінен-ақ әлеуметтік желілердің қалың көпшілікті өзіне тартып, бұрын-соңды болмаған алып күшке айналғанын көруге болады. Бұл – оқырман үшін ақпараттанудың жаңа, тиімді әдісі. Бір ғана мысал, газеттен, телевизиядан, радиодан ақпаратты іздейсің, күтесің, ал әлеуметтік желіде «мынандай-мынандай жаңалықтар» деп ақпарат өзі келеді. Бұл – жаңа серпіліс.

Бұл серпіліс Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Бізде де халық тиімді деп таныған әлеуметтік желілерін пайдаланып жүр. «Internet World Stats»-тің есептеуі бойынша, Қазақстанда 5,6 миллион адам әлеуметтік желілерді күнделікті пайдаланады. Қазақстандағы ең танымал әлеуметтік желілердің қатарына «Мой мир»-ді (күніне 1 125 000 қаралым), «Одноклассники»-ді (күніне 558 000 қаралым), «Вконтакте»-ні (күніне 525 000 қаралым), «Facebook»-ті (күніне 410 000 қаралым) және т.б. жатқызуға болады. Атап өткен жөн, қазақстандық ешбір сайт, портал мұндай кең аудиторияны қамти алған жоқ.

Қорыта келгенде, әлемде жаңа үрдіс яғни әлеуметтік желілер қолданушылар дәуірі қарқынды дами бастаған соң оның қуатты ықпалын өз мақсаттарына пайдаланбақ болғандар қатары да көбейіп келеді. «Сайлау кезінде саясаткерлердің блогтарды үгіт-насихат құралы ретінде пайдалануы сәнге айналып кеткен сияқты» дейді мамандар. Әлеуметтік желілер және әлеуметтік желілер арқылы ақпарат таратушы саяси тұлғалар бүгінгі азаматтық қоғамдағы заманауи тенденцияға айналып отыр. Мамандар «блог, микроблог, әлеуметтік желілердің дамуы, білім, саясат тәрізді сандаған сала өкілдеріне жаңа медианың мүмкіндіктерін мойындатып, оған бет бұрғызды» дейді.

Оларды жұрт күнделікті қарап отырады, пікір жазады. Әлдекім өз пікірін айтқысы келсе, блогқа жүгінеді. Мұның қандай артықшылығы бар десек, блог көп ресурсты қажет етпейді және оны жүргізу үшін саясаткер болу да шарт емес. Шын мәнінде, әлеуметтік желі – ақпарат алмасудың, үгіт-насихат жүргізудің, мәлімет таратудың тиімді, әрі арзан жолы. Дегенмен уақыттары әлеуметтік желіде босқа өтіп жатқандар да табылады. Біз бұл өмірге өзгелер өмірін білу үшін немесе тек ақпарат алмасу үшін емес, ең алдымен, шын өмір сүру үшін келдік. Әлеуметтік желілерді тек пайдалы ақпарат үшін, іскерлік салада тиімді әрі мәдениетті түрде қолдана білген жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Интернет әлемі. Ш.Қ. Дидар, 2004.

2 http://www.socialbakers.com/facebook-statistics/kazakhstan.

3 Рамазан А. Шетел саясаткерикасының тарихы: Оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті, 2006.

4 Шөкіш А. Интернет. Алтын орда. 2001.

5 Еркімбай А. Мультимедиа анықтамалығы. – Астана, 2013.

ҒТАМР 03.20

ДІНМҰХАММЕД АХМЕТҰЛЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

А.Қ. Байбукашева
Магистрант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Кез келген тарихи оқиғаны сипаттауда әртүрлі дерек түрлері қолданылады. Бұл мақалада жеке тектік деректердің тарихтағы рөлі айшықталады. Соның ішінде тарихта зерттеле қоймаған кеңестік кезеңдегі Қазақстан басшыларының бірі болған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың еңбектеріне талдау жасалады. Оның ғылыми-техникалық, тарихи еңбектерінің, сонымен қатар мақалалары мен естеліктерінің тарихи және ғылыми маңызы анықталады. Тарихи-жүйелілік принципі басшылыққа алынып, автор еңбектері сараланады. Д.А. Қонаевтың мақалалары, баяндамалары мен естелік-эсселері бүгінгі күн тұрғысынан талданып-таразыланады.

Түйін сөздер: Д.А. Қонаев, экономикалық жағдай, қоғамдық-саяси қызмет.

Қазақ елінің тарихында өзінің көрегендігі мен парасаттығының арқасында билік басына келіп, халыққа аянбай қызмет етіп, оның тарапынан оң бағаға ие болған тарихи тұлғалар аз болған жоқ. Солардың бірі – Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев. Ол Қазақстан Компартиясын ұзақ уақыт басқарып келді. Ол ел басқарған тұста ел экономикасы бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Ауыл шаруашлығы мен елдің индустриялдық өнеркәсібі қарыштап дамыды, ғылым, мәдениет саласында да көптеген дамулар болды.

Д.А. Қонаев өмірінде бірқатар маңызды қызметтерді атқарды. Ол өзінің қызметін қарпайым кен бұрғылау станогы машинисі қызметінен бастады. Түрлі жылдарда әртүрлі маңызды қызметтерді де атқарды. Ол 30 жасынан бастап саяси қызметпен аналысады. 1942-1952 жылдары Қазақ КСР ХКК төрағасының орынбасары қызметін атқарады. Оған республиканың ауыр индустрия өнеркәсібіне, көлік пен әскери қорғаныс салаларының жұмысын басқарып, бақылап отыру жұмысы жүктеледі. Оның осы жылдарда атқарған басшылық қызметтері, саяси көзқарасының дамуына оң әсер тигзеді. Ол осы қызметте отырған уақытта эвакуацияланып әкелінген кәсіпорындарды тиімді орналастырып, олардың тұрақты жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Осылайша, елдегі индустрия өнеркәсібінің жақсы жұмыс істеуіне ықпал етеді [1].

1952-1955 жылдар аралығында Қазақ КСР Ғылым Академиясының Президенті болды. 1955-1960 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып қызмет атқарды. Өзінің дарындылығы мен білімі арқасында жауапты қызметтерді атқарып жүрген Дінмұхаммед Ахметқлы 1960 жылы ең жоғарғы қызмет – Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы қызметіне тағайындалады. Бұл кез оған оңай болған жоқ. Ол елдегі бірінші басшы ретінде билік және басқару жүйесінің қыр-сырларын меңгереді. Оның алдында тек экономикалық мәселелерді ғана шешу тұрған жоқ. Ендігі кезекте ол саяси, әлеуметтік, идеологиялық және мораль, этика және т.б. аса күрделі мәселелерді шешуге міндетті болды [2].

Д. Қонаев елді басқарған уақытта Қазақстан экономикасында күрделі өзгерістер орын алып, оның табысты кезеңдерінің бірі болды. Мәселен, 1964-1984 жылдары аралығында Қазақстанда Жамбыл – Қаратау, Павлодар – жылу энергетикалық, Павлодар – Екібастұз және Шымкент – Кентау көмір-металлургия кешендері өалыптасқан болатын. Мұнай өндіру және өңдеу саласында да үлкен өзгерістер болды, іздестіру және барлау технологиясы толығымен жаңарып, техникалық прогресс болды. Қазақстандағы аса бағалы металдар көптеп өндіріле бастады. Олардың қатарында алтын, вольфрам, мыс, мырыш, қорғасын, титан, шойын, молибден, магний және т.б. бар. Одан бөлек каучук шығару, ірі-ірі электротехникалық машина жасау кәсіпорындары, химия өнеркәсібі елдегі қуатты салаға айналды [3].

Д. Қонаев өте сауатты басшы бола алды. Ол кез келген саяси мәселені шешу барсында көрегендік пен батылдық танытып отырды. XX ғасырдың 60-80 жылдары республиканың әлеуметтік және экономикалық жағдайы толығымен өзгеріске ұшырады. Осы уақытта республиканың үлесіне 69 % мыс қорыту, 70 % қорғасын, 90 % марганец, 87 % фосфор тиесілі болды. Көмір 220 млн. тоннаны, электр қуаты 78 млрд. кв. сағатты құрады [4]. 70-жылдардың аяғында 37 млн. дана аяқ киім шығарылды, сонымен бірге елде 8 қант зауыты жұмыс жасады. 80-жылдардың аяғына қарай елдегі темір жолдардың ұзындығы 15 мың шақырымнан асты. Ауыл шаруашылығы да пргрессивті түрде дамыды. Астық өнімі 30 млн. тоннаны, мал шаруашылығында қой саны 35 млн.-ға. Жылқы 1 млн.-ға, ал ірі қара саны 7 млн.-ға жеткізілді [5].

Темір жолдардан бөлек, автокөлік жолдары да салынып, шалғай елдімекендер мен ауыл шаруашылыққәсіпорындарын өзара жалғады. Елдің барлық өңірлерінде дерлік жаңа тұрғын үйлер салынды. Ауыл бейнесі де танымастай болып өзгерді. Радио, теледидар, телефон байланыстары орнатылды. Республиканың барлық облысының орталықтарында аэро, темір жол, көлік бекеттерін салу, суармалы жерді игеру, каналдар мен су қоймаларының құрылысы, дәндә-дақылдарды, көкөністерді, жем-шөпті өндіру секілді жұмыстар қарқынды іске асырылды. Осыған дейін Қазақстан Одақ көлемінде 14-ші орында тұрса, ендігі кезекте Ресей мен Украинадан кейін үшінші орынға ие болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Мұхиттан өткен қайық: [Мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналады]. / Құраст.б.С. Асанова, т.ғ.к. Ред. алқасының төрағасы Б.Т. Жұмағұлов, ҚР БҒМ министрі, академик, профессор. Бас ред... Жауапты ред. Қ.Е. Қаймақбаева, ОҒК директоры. Ғылыми кеңесші Ж. Асқарова, Д.А. Қонаев атындағы қордың бас директоры. Библиогр. ред.: Г.И. Белгібаева, Ш.Е. Құнанбаева, Т.В. Вдовухина. – Алматы: ОҒК, 2011. – б.

2 Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды (Естелік-эссе) (Ауд. С. Әбдірайымұлы). – Алматы, «Санат», 1994. – 512 б.

3 Қонаев Д.А. Үлкен аттаныс үстінде: [Қазақстанның қазіргі экономикасы жайында]. // Соц. Қазақстан. – 1966. № 2. – 1 б.

4 Қонаев Д.А. Алыптың асқақ адымы / Қазақ әдебиеті. – 1970. – 1-2 б.

5 Кунаев Д.А. Советский Казахстан. Гл.ред.общ.-полит.лит-ры. – Алма-Ата: Казахстан, 1980. – 240 с.

ҒТАМР 14.35.09

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Ф.Д. Наметкулова
П.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Бұл мақалада информатика және АКТ сабақтарында білімгерлерді сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің әдістері мен тәсілдері қарастырылған. Аталған әдістер білімгерлердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, логикалық және шығармашылық ойлауын дамытатындығы көрсетілген.

Түйін сөздер: шығармашылық ойлау, сын тұрғыдан ойлау, логикалық ойлау, технология.

Сапалы білім – ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Сондықтан, қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жаңаруы – бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді.

Ағылшын ағартушысы Уильям Уарт жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады деген екен. Соған байланысты, қазіргі таңда мұғалімдер алдында білім жүйесін заман талабына сай үйлестіре, жаңа үлгіде жүргізу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда.

Осы мақсатты жүзеге асыра бастаудың бірден бір жолы – сындарлы оқыту технологиясы деуге болады.

Кембридж бағдарламасының негізгі міндеті – ұстаздардың білім, біліктілігін арттыру, педагогикалық тәжірибесімен ұстаздар арасында өзара бөлісу. Бұл бағдарлама бойынша сындарлы оқытуды жүзеге асыруда қамтылған жеті модульді сабақтарда ықпалдастырудың маңызы өте зор.

– Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер;

– Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;

– Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау;

– Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;

– Талантты және дарынды балаларды оқыту;

– Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру оқыту;

– Білім берудегі басқару және көшбасшылық [1].

Оқытушының күнделікті өткізетін сабағы қазіргі заман талабына сай әр қилы өзгеріске ұшырап отыруы тиіс. Сабақтың қызықты, әрі тартымды өтуі ұстаздың шеберлігіне байланысты.

Кэмбридж бағдарламасының негізгі мақсатының бірі – сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Стил, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейімділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді [2].

«Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» модулін оқыту процесі кезінде қолданудың мақсаттары: студенттерді алдына ұсынылған әрбір мәселеге, бергі сыртқы көзқарас тұрғысынан қарап қана қоймай, оның ішкі мәніне сыни көзқарас тұрғысынан терең үңіле қарауға бейімдеу; сын тұрғысынан ойлану принциптеріне баулу арқылы лидерлік қасиеттерді қамтамасыз етуге тырысу. Яғни, білімгерлер күннен-күнге қолжетімділік артып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін сыни тұрғыдан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуы керек [3].

«Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» модулі бойынша оқытуда Джиксо – ұжымдық оқыту әдісін пайдалануға болады, оның мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. Бұл жағдайда әрбір білімгер бір сәт өзін оқытушы ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады. Білімгердің оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды.

Мысал ретінде, аталған әдісті қолдана отырып өткізілген сабақты алуға болады. Ең алдымен топты жыл мезгілдері бойынша 2 топқа бөліп, I топқа: «Corel Draw бағдарламасында қарапайым мәтінді құру қалай жүзеге асады?», II топқа «Corel Draw көркем бейнелік мәтінді құру қалай жүзеге асады?» деген сұрақтарды жұпта, топта талқылап, постерді қорғау ұсынылды.

Мәтінді оқып болған соң, әр топ өздеріне берілген мәтіннің бөлігін постер арқылы қорғады. Постер жасау барысында бірінші топ басқа топтарға қарағанда логикалық ойлау қабілеттерінің жоғарғы деңгейде екендігін байқатты. Білімгерлер бұл топтық жұмысқа қызыға белсене қатысты. Білімгерлердің өзара пікірлерімен бөлісу, әңгімелесу, баяндау, өз ойларын постер жасау арқылы түсіндіріп беру, сұрақ-жауап кезеңдерінде жақсы

байқалды. Нашар оқитын білімгерлер де өз ойын ортаға салып, қолынан келгенше тырысып бақты.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі[4].

Қызығушылықты ояту кезеңі бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Бұл кезеңді жүзеге асыруда «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау», «Кім жылдам» т.б. стратегияларды тиімді пайдалануға болады. Бұл кезеңде білімгер өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады, ең негізгісі білімгерлердің сабақтағы белсенділігі артады.

Мағынаны тану кезеңінде білімгер жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Бұл кезеңде INSERT, Венн диаграммасы, Сократ шеңбері, ашық диалог, «Ойлан, жұптас, бөліс», «Ыстық орындық», TV шоу т.б. стратегияларды пайдаланған тиімді.

Бұл кезеңде білімгерлержаңа тақырыпты жан-жақты талқылады, байқағаным топтағы деңгейі орташа білімгерде топтық тапсырма барысында өз үлесін қосты. Өзара оқыту арқылы ынтымақтастық пен серіктестікті тудырды, білімгерлер бір-бірінің ойымен де есептесуге ұмтылды, бір-бірін оқытты, сұрақтар қойып, жауап берді.

Ой-толғаныс кезеңі күнделікті оқыту үрдісінде білімгерлердің толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді.

Осы кезеңде «Бес жолды өлең», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» стратегияларын әр сабақтың ерекшелігіне қарай пайдалануға болады.

Сын тұрғысынан ойлау сұрақ қоюдың, дәлелдеудің басты дағдыларын және төмендегі қабілеттерді дамытуды көздейді:

– айтқандарын негіздеуге және өмірлік тәжірибемізден «сабақ алуға» әзірлік;

– күн ілгері кесіп-пішіп қоюға ұмтылмай, сұрақ қою, тапсырма беру және басқалардың идеяларын сыни бағалау;

– өзіңнің пікірінді басқалардың сыни бағалауына және пікіріңіздің қате болуына ашық болу;

– идеяларды тексеріп, «шындықты» іздеуге ұмтылу.

– Балаларға негізделген, әділ сын тұрғысынан ойлауды қалай дамыту керектігін көрсету қажет. Оларға сұрақ қою, негіздеу, болжам жасау мен модельдеу дағдыларын жаттықтыру қажет. Сын тұрғысынан ойлауға оқыту:

– қалай, қашан және қандай сұрақтарды қою қажет екендігі;

– қалай, қашан және қандай негіздеу әдістерін пайдалану керектігі туралы негізді шешім шығаруға үйрету дегенді білдіреді.

Бенджамин Блумның жіктеуінде сын тұрғысынан ойлау «бағалау» деген атпен ойлаудың алты дағдысының ең жоғарғысы болып табылады.

Оқытушы шеберлігі арқылы білімгерлердің білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы білімгерлердің алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді.

Қорыта айтатын болсақ. осы жоғарыда айтылғандардың негізінде сабақты жаңа технология әдістерін қолдану арқылы жүргізу – білімгердің өзін-өзі дамытуына, өз біліміндегі олқылықтарды өзі тауып, өз сұрағына өзі жауап іздеп жан –жақты білім алуына көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Тренерге арналған нұсқаулық.

2 Littleton K., Mercer N. (2010) The significance of educational dialogues between primary school children. In C. Howe and K. Littleton (eds), Educational Dialogues. London: Routledge.

3 Выготский Л.С. Педагогика. – М.: Педагогика, 1987. – С. 291.

4 Ушинский К.Д. Педагогика.

ГРНТИ 03.41.91

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ АРХЕОЛОГИИ КАЗАХСТАНА

М.Н. Сдыков
Д.и.н., профессор, Западно-Казахстанский унивеситет им. М.Утемисова, г. Уральск
А.С. Каженова
Магистр, Западно-Казахстанский унивеситет им. М.Утемисова, г. Уральск

Данная статья посвящена изучению и анализу археологии: ее теоретическим и археологическим проблемам, ужесточению закона и сохранении древних памятников казахского народа. Республика Казахстан страна, владеющая весьма богатейшими историческими достояниями. Древние объекты, раскинутые по всей просторной зоне Республики, хранящие отпечатки античностей и великих происшествий, отражающие обилие и сплетение бесценностей и псевдорелигиозных убеждений, наравне с неповторимыми раскопками, вовлёкшими в себя обряды, бесценность многочисленных субэтносов и племён, стали не только богатством науки и духовности народа Казахстана, но и пополнили сокровищницу общемировой культуры [1, с. 10].

Проблема археологии в Казахстане как-никак актуальна в наше время. Значительное беспокойство порождает событие, что за минувшее более чем триста лет, историческое обследование культур, как при колониальном режиме, так и сейчас, в суверенном независимом Казахстане осуществляются безрассудно и бесхарактерно перед новым поколение казахского народа. Дело в том, что из года в год истребляются сотни бесценных памятников на казахской территорий. Как общеизвестно в развитых государствах Азии, Америки и Европы над исследованиями археологических аспектов, взаимосвязанных со всевозможными этнографическими периодами государства, с объекта страны реализуется суровый контроль для того, чтобы во имя нашего будущего поколения сохранить незатронутыми характерную часть уникальных достояний в том экземпляре, в каком они сохранились до сегодняшнего дня [8, с. 19].

В Казахстане все реализуется наоборот т.к. нынешние названные и неназванные археологи нашей страны, свободно приобретают. и при том долгосрочное разрешение (лицензию) на раскапывание желаемого археологического объекта, что дает им привилегию на раскапывание по своим убеждениям и усмотрениям. Вследствие чего их раскапывание свойственны к варварству. При всем этом, на эти исследования расходуются громадные ресурсы, а воспроизведенные ими отчетные ведомости имеют более чем

официальный образ. Без должного общенаучного исследования, они малопригодны для издания.

В конечном счёте, после их исследований выходит что памятника в силу того, и не имеется в наличии, а ресурсы уже запущены в убыток государства. В целом, в условиях независимого изучения, археологические раскопки Казахстана, довольно таки примкнули в предпринимательство, и вследствие чего множество юных археологов катаются точно на «джипах» вместо того чтобы накоплять заслуженные археологические данные об артефактах со всех сторон простираемых с западной до восточной республики Казахстан [3, с. 12].

Я проанализировала отчеты археологических исследований, сделали сравнительный анализ археологических изысканий между послевоенным и периодом после обретения независимости. Древние достояния представляют собой бесценное наследие для нашего народа. За время суверенности, археология добилась неимоверных достижений. На сегодняшний период времени, археологическими экспедиторами было найдено большое количество памятников.

Это подтверждает, что казахский народ имеет уникальное историческое достояние. Наши предки были не только кочевыми народами как трактуется сегодня. Открытые древнейшие палеолитические стоянки доказывают, что территория Казахстана была заселена около миллиона лет назад. Сегодня у нас более 30000 исторических и архитектурных достояний. Список всемирного наследия ЮНЕСКО вошли Мавзолей Ходжа Ахмета Яссауи, комплекс Тамгалы, и средневековое поселение Отрар [2, с. 24].

Некоторые открытия взбудоражили весь научный мир, это Иссыкский золотой человек, Берельский курган, Аксайская принцесса и мумия молодого парня в золотых сапогах. Известный искусствовед Владимир Стасов еще в прошлом столетий указывал, что казахские античные памятники, представляют не меньший интерес чем древности Рима. Соответственно, на фоне таких великих достижений по-прежнему имеются проблемы. За эти 29 лет, ни один город на караванном пути не стал центром посещения туристов.

Чтобы объект стал туристическим, нужна инфраструктура. К сожалению древние памятники интересны только иностранным туроператорам которые пытаются хоть как-то популяризировать туристические маршруты. Охрана древнейших мемориалов, остается одной из главных затруднений. Лицензия на ветхозаветные монументы, имеют более ста организаций. Получить лицензию не составляет труда, отчетности о работе никто не требует. В кадровом составе данных организации отсутствуют квалифицированные специалисты. Результаты исследования не всегда доходят до научной общественности. Часто раскопанные объекты оставляются без консервации что приводит к безвозвратной потере историко-культурной значимости субъекта [5, с. 6].

Настоящей бедой являются «черные копатели», которые ведут незаконные раскопки, уничтожая народные достояния. Высокие коммерческие цены и человеческая страсть к обладанию артефактами, поразили бессовестную охоту на значимые незапамятные мемориалы. Грабители имеют тесные контакты с

антикварщиками и частными коллекционерами. Об этом свидетельствуют артефакты на электронных витринах в интернете. У нас принято законодательство, по которому, до отхода земель под какие-либо нужды, должна проводиться исконные экспертизы. Однако бизнесмены пытаются добиться чтобы незапамятные обследования их зоны не проводилось. Также, остро не хватает общностей, чтобы вовремя выявить памятники культуры, прежде чем по ним пройдется техника.

Следствием всего этого, являются ветхозаветные скандалы. По-прежнему остаются нюансы с кадровым обеспечением и их низкой социальной защищенностью. В колониальное время, научный сотрудник зарабатывал как крупный инженер. Был стимул плодотворной работе к науке, ученые были уважаемыми людьми. Сегодня профессоры получают меньше чиновников среднего уровня. Чтобы изучать достояние казахского владения и этноса, нужно знать источники на различных языках. К большому огорчению, данных специалистов практически нет. Что же можно предпринять в этих условиях? Общественная привилегия должна приложить все усилия, сохранения античных аспектов.

Необходимо ужесточить лицензирование организации, внедрить процесс планирования каждой раскопки, контроль раскопок на местах и донесения по итогам труда. Ужесточить ответственность за нарушение данных требований, такими же жесткими мерами пресекать деятельность черных знатоков. Действующие учреждения, должны быть нацелены на удаление белых пятен со страниц нашего события. Необходимо продолжить изучение документов иностранных зон проживания. Включая правительственных и приватных архивов. Ведь многочисленные экспедиции в зарубежные архивы, уже дали превосходные результаты. Удалось приобрести более несколько сотен выпусков[4, с. 11].

Необходимо укрепить кадровый состав работников из этой среды и их социальный статус. Привлекать зарубежных специалистов и отечественных интеллектуалов, готовить плеяду молодых исследователей. Необходимо привлекать школьную и студенческую молодежь к акциям по защите объектов, к участию в ископаемых выкопках и других мероприятиях способствующих росту античности. И конечно же, необходимо формировать инфраструктуру на базе древних и многовековых городищ, поселений и курганов, для пропаганды нашего рудимента и в становлении туризма. Ископаемые артефакты, становятся важнейшим звеном в определений духовной идентичности современного общества. Они все больше приобретают общественную и политическую значимость. Давайте сохраним богатое незапамятное и цивилизованное достояние для передачи к последующему поколению. Ведь нам есть чем гордиться!

Как никак, наши просторные края, всегда привлекала внимание различных заграничных путешественников. По их наблюдениям территория просторного степного края, не уступала древней цивилизации. Считалось, что именно степная зона являлась центром пересечения всех древних племен,

которые в свою очередь оставили за собой ценные древние достояния.

После получения Казахстана суверенитета, значительно поменялось отношение народа и местности, к старинному и высокоразвитому достоянию. На тот момент, принимались документы и создавались законы, касаемо культурного достояния и в целом для защиты памятников суверенного государства. До сегодняшнего момента в законы вносились поправки и предпринимались другие характерные меры для защиты древних артефактов [6, с. 14].

В свою очередь, многовековые объекты играют огромную роль для нашего народа. Нужно признать, что доисторические обследования, как при колониальном режиме так и сейчас, осуществляются безрассудно перед нашим последующим казахским обществом. В данный период времени, для полного изучения монументов, не хватает квалифицированных кадров, научных-технологий и опытных работников для осуществления всех раскопочных задач.

Для заключения подобных проблем, реализуются ежегодные совещания, для его разрешения. Есть множество созданных документов, посвященных для решения проблематики раскопочных действий. Со времен колониального режима, всегда оставалась проблема нехватки ресурсов для выполнения раскапываний объектов. Многие научные деятели рассматривали вопросы стоящие перед сохранением памятников, но не все проблемы были рассмотрены. Основное содержание дипломной работы, посвящено решению затруднений в области изысканий [7, с. 28].

С получением суверенности,в сентябре 1991 г. было разработано учреждение которому было присвоено имя выдающегося археолога А.Х.Маргулана. Следует отметить, что институт поддерживает отношение с другими странами в области научных проектов, показов и симпозиумов. Все же институтом некоторые аспекты не достигнуты. Для полного решения проблем изысканий и сбережений вековых достояний, нужны новые концептуальные подходы. Конечно, есть 3D модели которые внедрены для многовековых памятников, но для более лучшего успеха в данной области, нужны более современные и инновационные методы для визуализации доисторических достоянии.

В конечном счете, в ископаемых артефактов, видны свои успехи так и недочеты, временами достаточно для нашей местности. Как никак, государство не бездействовало по отношению к древним памятникам. Предпринимались меры, в котором государство, в свою очередь рассматривали лишь «верхушку айсберга» [10, с. 17].

В заключении хочу отметить, что для решения поставленных задач, я тщательно проанализировала отчеты весомых исследований, сделала сравнительный анализ античных процессов, между послевоенным периодом и после обретения независимости. Для решения задач, я использовала большую базу источников по объектам и провела сравнительный анализ методов изучения дисциплины.

В силу, смотря на обстоятельства принятых законов, необходимо

побудить интерес государства к более суровым мерам для решения незапамятных обследовании и сохранений доисторического достояния Казахского края. Заявленная тема должна быть актуальной для немедленной реализации мер, по сохранению античных достояний для будущего казахского поколения[9, с. 13].

Литература

1 Агеева Е.И. Краткий окончательный документ об изучениях в Центрально-Казахстанской поездке. Учреждение истории. Отчет КазССР. – Алма-Ата, 1953. – 160 с.

2 Акишев К.А. Античное развитие Казахстана за советский период // постсоветская археология. – Алма-Ата, 1967. – 10 с.

3 Акишев К.А. Древний Отрар (картографирование, сейсмичность, альтернативность):монография // отв.ред. Нусупбеков А.Н. – Алма-Ата, 1972. – 2 с.

4 Акишев К.А. Курган Иссык // Изд-во искусство. – Москва, 1978. – 6 с.

5 Байпаков К.М., Самашев З.С. Становление археологии в казахских степях // изд.өнер. – Алматы,2006. – 12 с.

6 Байпаков К.М., Птенева Г.Г. Учреждение археологии им. А.Х.Маргулана – 10 лет // Известия МОН РК. НАН РК. Сер.обществ.наук. 2001. – 51 с.

7 Байпаков К.М. Великий Шелковый путь в регионах Казахстана. – Алматы, 2007. – 231 с.

8 Байпаков К.М. Предназначение археологической науки Казахстана в год народного единства и национальной истории // Известия МН ВО РК, НАН РК. Серия обществ.наук.,1999. – №1. – 25 с.

9 Байпаков К.М. Античная централизация Казахских степей // науч.ред. Савельева Т.В. – Алматы, 2012. – 25 с.

10 Байпаков К.М. Идеология формирования исторического осознания в Казахстанском регионе и задачи его зарождения // Известия НАН РК. Сер.обществ.наук. 1993. – 12-13 с.

ҒТАМР 03.20

ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

А.Ш. Оразов
Магистрант, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.
А.К. Капышев
Ғылыми жетекші, т.ғ.к., оқытушы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Бұл мақалада Қазақ – Қытай қарым-қатынасы Ресей мен Цин империясы арасындағы сауда-экономикалық байланыстар қарастырылған. Батыс қытайдың басқада көрші жатқан мемлекеттермен соның ішінде Қазақстанмен де, керуен арқылы сауда-саттық жасауға көбірек мүделік танытқаны көрсетілген.

Түйін сөздер: Қазақ, сауда-саттық, көшіп-қону, баж, өсім.

Қазақ – Қытай қарым-қатынасы Ресей мен Цинь империясы арасындағы сауда-экономикалық байланыстар 1851 жылға дейін Кяхта қаласы арқылы жүргізілді. Шығыс Қазақстан және Шыңжанмен сауда айналымы жүйелі жолға қойылмады.

1851 жылғы 25 шілдеде Құлжа сауда келісімі жасалды. Осы шартқа сай Батыс Қытайда Ресейдің елшілік орталықтары, орыс көпестерінің сауда орындары ашылды. Троицк, Орынбор, Семей, Өскемен кедендерінің сауда құқықтары кеңейтілді. Жаркент, Ақсу, Шәуешек қалаларының сыртқы саудасында қазақтарға аса қажет шай, қант, жібек сияқты тауарлар көлемі көтерілді.

1855 жылы Шәуешектегі орыс көпестерінің сауда орындарын жергілікті халықтың талан-таражға салуы сауда байланыстарын уақытша тоқтатты. Ресей көпестерінің саудасы Құлжа қаласымен шектелді. XIX ғасырдың бірінші жартысында Қытаймен негізгі сауда-саттық мәмілелері Кяхта қаласында жүргізілді. Бірақ Цинь империясы мен Ресейдің арасындағы кикілжінді сыртқы саяси қатынастардың тұрақсыздығы салдарынан екі арадағы сауда-саттық қайта-қайта үзіліп қала берді [1].

XIX ғасырдың екінші жартысында бұл екі мемлекеттің арасындағы сауда қатынасында елеулі өзгерістер орын алды. Батыс Қытайдың тұрғындары көрші жатқан мемлекеттермен, соның ішінде Қазақстанмен де, керуен арқылы сауда-саттық жасауға көбірек мүдделілік танытты. Ресей Қытаймен және моңғолиямен сауда-саттық жасауы үшін Қазақстанды транзиттік аумақ ретінде пайдаланды. Бұл саудада қазақ көпестері көбінесе делдалдық қызмет атқарды.

Қазақтардың арасында, біріншіден, қытай және моңғол тілдерін білетіндер аз болған жоқ. Екіншіден, қазақтар шекара шебіндегі жер жағдайларын жақсы білетін. Үшіншіден, қазақ саудагерлерінің иелігінде жүк көліктері көп болды. Сонымен 1860 жылы Ургада (Ұлан-Баторда) алғашқы орыс коммерциялық фирмасы ашылды. Сол фирманың құрамында Өскемен көпестері де жұмыс істеді. Ресей-моңғолия сауда-саттығы Зайсан, Өскемен және Семей арқылы жүзеге асырылды. 1881 жылы Қытаймен жасалған Петербург келісімшартының ережелеріне сәйкес патша үкіметі моңғолияның бүкіл аумағында баж салығын төлемей-ақ сауда-саттық жасау құқығына ие болған еді. Қобда және Улясутай қалаларында консулдық мекемелер ашылды. Міне, мұның бәрі де моңғолиямен сауда-саттықтың дамуына едәуір ықпал етті. Бірақ моңғолия Қытайға тәуелді ел болатын. Соның салдарынан ол өлкедегі сауда-саттық одан әрі дами алған жоқ.

Егер XVIII ғасырда қазақтармен еркін сауда-саттық негізінен шекара шебіне таяу бекіністерде жүргізіліп келген болса, енді XIX ғасырда оның сипаты мүлде өзгерді. Олар «әкімшілік реформаларының жүргізілуімен, сондай-ақ қоныс аударушы шаруалар арқылы отарлау әрекеттерімен байланысты болды. Сауда орталықтары бірте-бірте Қазақстанның ішкі аудандарына қарай ойысты. Олар округ орталықтарына, қоныс аударушы шаруалардың елді мекендеріне және жаңа қалаларға қарай жақындай түсті.

Қазақстанның Цинь империясымен іргелес жақын жатуы және өзара сауда қатынастарының тиімді болуы Ресей мен Қытайды тығыз байланыс орнатуға итермеледі.

Қытай аумағындағы сауда Шұғышақ, Құлжа, Үрімші, Гучен қалаларында жүргізілді. Қытайлардың ондағы саудаға шығаратын негізгі заттары күміс, тері-терсек, шай, сондай-ақ Қытайдағы қазақтардың мал өнімдері еді. Қазақстанның Қытаймен сауда-саттық жүргізуінде Семей, Зайсан, Бұқтырма және Петропавл сияқты қалалар мен ірі елді мекендер маңызды рөл атқарды. Қатонқарағай, Қорғас және басқа да кеден бекеттері сауда нүктелері ретіндегі маңызын сақтап қалды. XIX ғасырдың 50-60 жылдарында Ресей-Қытай сауда қатынасы Жетісу бағытындағы жолдармен де дамыды. Ондағы негізгі сауда-саттық нүктелері Қапая және Верный қалалары болды.

60 жылдардың екінші жартысынан 80 жылдардың бас кезіне дейінгі аралықта сауда қатынастары едәуір бәсендеді. Цинь империясының ішкі саяси жағдайы тұрақсыз болды. 1881 жылы қол қойылған Петербург келісімшарты бойынша Іле өлкесінің аумағы Қытайға қайтарып берілді. Осы келісімшартта Ресейдің бүкіл Батыс Қытай аумағында баж салығын төлемей-ақ сауда жасауға құқықты екені алдын ала келісіліп қойылған болатын.XIX ғасырдың аяқ кезінде қазақ көпестері сауда-саттық операцияларына барынша белсене қатысты. Олар үсті – үстіне сауда керуендерін жөнелтумен болды. Көпестердің арасында Жандыбайұлы, Жетікұлы, Шаянбайұлы, Мақыпұлы сияқты саудагерлер көпке танылып, сый – құрметке бөленді, зор бедел алды.

Осы кезеңде сауда қатынастары Жетісу жері арқылы дами бастады. Ертіс және Іле өзендерінде пароход қатынайтын болды [2].

1883 жылы көпес Уәли Ахун Юлдашев Іле өзені арқылы тікелей су жолын ашты. Қазақ көпестерінің ерекше зор сұранысы шай, ал өздерінің шығысқа қарай шығаратын тауары баяғысынша мал болды. Дегенмен XIX ғасырдың аяқ кезінде Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық қатынастар бәсең тарта бастады.

1856 жылғы 25 наурызда I Александр сауда байланыстарын кеңейтуге жол ашуды талап еткен нұсқау шығарды. 19 ғасырдың 60 жылдарының екінші жартысында орыс-қытай саудасы құлдырап, саяси байланыстарда өзгерістер байқалды.

1864 жылғы Шыңжандағы көтерілістің барысында дербес Іле өлкесінде – Іле сұлтандығы, Қашғарияда – Жетішар мұсылман мемлекеттерінің құрылуы орыс – қытай, қазақ – қытай.

1871 жылы Ресей әскері Іле өлкесіне енгізіліп, Іле сұлтандығы Түркістан генерал – губернаторлығына бағындырылды. Бұл Жетісу өлкесі мен Батыс Қытай арасындағы керуен саудасын күшейткенімен, ресейлік отарлық болды.

1881-1883 жылдары орыс үкіметінің келісімімен ұйғыр, дүнген және қазақтардың бір бөлігінің Жетісу мен Қырғыз өлкесіне қоныс аударуы халық санының өзгеруіне, шаруашылық ынтымағының тереңдеуіне жол ашты. 1860 жылғы Пекин шарты, 1864 жылғы Шәуешек хаттамасы Ресейдің Қырғыз елі мен Жетісуды өзіне қаратып алғаннан кейін қалыптасқан ахуалды ресми негіздеді. 1881 жылғы Петербург сауда шарты жасалды. Шекаралық аудандардағы керуен саудасын көтеру, орыс – қытай шекарасынан 60 – 65 шақырым жерге дейінгі қашықтықта шайды баж салығынсыз сатуға рұқсат беру, су жолын ашу мәселелері қарастырылды. Ресей мен Қытайдың Қазақстан арқылы сауда ашылды.

1882 жылы Верный көпесі Вали Ахун Юлдашев пен инженер Поклевский Колпаковскийдің қолдауымен Англиядан су кемесін сатып алды. 1883 жылғы 4 мамырда 20 мың пұт астық тиеген кеме Іле өзені арқылы Қытайдың Сүйдін бекінісіне жіберілді. Қытаймен тікелей Іле су жолының ашылуы 19 ғасырдың 2 жартысындағы орыс – қытай қатынасындағы белді оқиға болды.

19 ғасырдың 80 жылдары сауда байланыстарында Ресейдің Ірбіт, Крестовск жәрмеңкелері және Жетісу өлкесіндегі Қарқара, Орталық Қазақстандағы, 1890 жылғы 14 маусымда Шыңжаңмен сауданы ұйымдастыру үшін Түркістан округімен қатар Семей сауда округі құрылды. Бүкіл Қазақстан және Оңтүстік Сібір арқылы өтетін шекарадағы кедендердің қызметін бақылау, баж салығының қазынаға өткізілуін қадағалау жолға қойылды. 1894 жылғы 30 тамызда Сібір теміржолының іске қосылуы Қазақстанның Қытаймен саудасын жаңа сатыға көтерді. Сібір өлкесінің экономикалық дамуына үлесін қосты. Қытайға жақын аудандарға тауарлар жылдам жеткізілетін болды [3].

19 ғасырдың II жартысында Қазақ өлкесі арқылы дамыған сауда байланыстары өзара тиімді болды, екі елдің арасында тығыз шаруашылық байланыс орнады. Жоңғар хандығын ойрандаған Цин үкіметі енді Қазақстанмен шекарасын анықтау әрекетіне көшеді. Қытайлықтар Жоңғархандығының барлық мұрасын, соның ішінде ойраттардың бұдан бұрын

қазақтар мен қырғыздардан тартып алғанжерінде иемденбек ниетін білдіреді. Алғашында бұл пікірге қарсылық білдіріп, ойраттардың азаттық қозғалысына ашық қолдау көрсеткен Абылай. Цяньлун патшаға Шағыр және Өміртай бастаған он бір кісілік елшілік аттандырып, екі ел арасында бейбітшілік қатынас орнату жөнінде келісім шарт жасасуды ұсынады.

Қазақ елшісімен әңгіме кезінде Цяньлун патша: «Егер Цин Ресеймен соғыса қалған жағдайда қазақтар қай жағына көмектеседі?» – деген сұрау қояды, оған қазақ елшісі: «Сіздер сияқты ақсүйек патшалар өзара соғысып жатса, біз сияқты кішкентай елдің ондай іске араласпағаны жөн шығар, ондай жағдайда біз бейтарап қаламыз», – деп жауап қайтарады.Цин империясы Жоңғар хандығы мен Шығыс Түркістанды жаулап алып, тікелей Қазақстан шекарасына шығуы, әрине, бұл аймақтағы жағдайға Ресейдің де мүдделілік таныта бастауына түрткі болды. Өз ретінде Абылай хан мен оның бағытын қолдайтын қазақ билеушілері екі империяның арасында мүмкін болғанша тәуелсіздігін сақтауға тырысты. Сонымен бірге,Қытай империясы құрамына енген Жоңғария мен Шығыс Түркістанда бұрынғыдай еркін сауда қатынасын сақтауға күш салды.

Қытай үкіметі қалмақтардан босаған жерге қазақтарды жібермеу мақсатында Іле өзені бойы, Тарбағатай және Ертіс өзеніне дейінгі аралықта әскери бекіністер сала бастайды. Қытай патшасы қазақтарға Аягөз өзенінің оң жақ бетіне көшіп-қонуға тыйым салған жарлық шығарады. Бірақ оған қазақ малшылары құлақ аспай, Тарбағатайдың жайылымдарын пайдалана берді. Алайда Цин үкіметі қазақтарға Тарбағатай мен Іле өңіріндегі жайылымдарды пайдалануға келісім беруге мәжбүр болды, бірақ оның есесіне, қазақ малшыларынан жер майы салығын төлеп тұруды талап етті. Сонымен, XIX ғасырдың басы Орта және Ұлы жүздің біраз бөлігі Қытайға жер салығын төлеп, Тарбағатай, Іле өңірі және моңғол Алтайындағы бай жайылымдарды пайдалану мүмкіндігін иемденді. Кейін бұл аймақ Қытайдың Шыңжаң өлкесі құрамына енді. 1864 жылы қазан айының 7 күні Ресей мен Қытай арасында «Шәуешек келісіміне» қол қойылды. «Шәуешек келісімі» қазіргі қазақ-қытай шекарасының негізі болды.

Тарихи деректерге қарағанда, 1863 жылы Ресей мен Қытай әскері бірнеше рет қақтығысқан. Сол жылы тамыздың 22 күні Верныйға келген Дюгамель Ресей әскери министрі Милютинге «шекара мәселесі қозғалғалы Қытай жағы ақылға сыймайтын талаптар қойылған.Бірақ 1964 жылы шілденің 30-на батыс аймағында мұсылман халықтардың толуына байланысты Қытай жағы Ресей талаптарына мойынсұнатынын білдіріп, қазан айында «Шәуешек келісіміне» қол қойылған.

Орталық Азия аймағындағы халықаралық қатынастар маманы, ресейлік тарихшы Борис Гуревич1864 жылғы Шәуешек келісімі орыс дипломатиясының ірі табысы болды. Орталық Азияда қалыптасқан жағдайды (шекараны айтады – ред.) біржола бекітті. Алтай мен Күршімнің бай өлкесі, балығы сыймай жатқан Зайсан көлі, Тарбағатай, Алатау, Тянь-Шаньның тамаша жерлері Ресейге өтті» деп жазған [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр – 1914 жыл). Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т. – Алматы: Атамұра, 2008. – 352 б.

2 Қазақстан тарихы: Ә. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, т.б. – Алматы баспасы, 2006.

3 Аполлова Н.Г. Казахское ханство и Циньская империя в 30-х годах 19 века. – Алма-Ата.

4 Шоинбаев Т.Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. Казахо – Циньские отношения – Алма-Ата, 1982.

ҒТАМР 03.20

ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ БИЛІК КОНЦЕПЦИЯЛАРЫ

С.Б. Өзенбек
Магистрант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Автор бұл мақалада Қазақстан территориясындағы мекен еткен тайпалық білестіктер мен ортағасырлық мекен еткен елді мекендерге шолу жасап, билеушілердің жоғарғы билікке отыру құқықтарын, ондағы жоғарғы биліктің концепцияларын қарастырады. Қазақстан территориясында мекен еткен тайпалық бірлестіктердің, қағандықтардың, Ордалардың кейбір билеушілерінде билік басына тағайындалу барысында өзіндік артықшылықтары болды. Әулиелік, Киелілік принциптері назарда ұсталынды. Сонымен қатар, ханның қадір-қасиетінің генезисі стихиялы түрде қалыптасқан харизма ұғымы түрінде идеалистік тұрғыдан түсіндірілген.

Мақалада саяси топтар өскен сайын көшпелі қауымдастықтардың сыртқы және ішкі табиғаты да өзгеретіндігі сипатталып, тарихи рөлін анықтауға көңіл бөліне отырып, бұл прото-мемлекеттік құрылымдарды (қағанаттар, хандықтар және т.б.) құруда көрініс тапқандығы, дереккөздердегі мәліметтерді салыстырмалы талдау жасау және тарихи-текстологиялық көзқарас арқылы жүргізілді.

Түйін сөздер: жоғарғы билік, концепция, Қаған, Аспан.

Түркі тілдес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының тарихы тереңде жатыр. Ешбір халық қысқа тарихи мерзімде қалыптасып, тарих сахнасында бір мезетте пайда болмайды. Бұл ұзаққа созылатын тарихи-этникалық үдерістерден тұрады, сондықтан да түркітілдес халықтардың тарихын олардың алғашқы бабалары, біздің заманымыздың бастауларында тұрған сақтардан, үйсіндерден, қаңлылардан және ғұндардан бастауымыз керек. Қазақстан территориясында мекен еткен тайпалық бірлестіктердің, қағандықтардың, Ордалардың кейбір билеушілерінде билік басына тағайындалу барысында өзіндік артықшылықтары болды. Әулиелік, Киелілік принциптері назарда ұсталынды.

– Ғұн, үйсін;

– Қаған атауы (Қаған Аспаннан туылған, яғни Аспан оған патшалық берді, өйткені «аспан оны белгілеген»);

– Шыңғыс хан;

– Едіге би (Ноғай Ордасы).

Бұл халықтар Орталық Азияны қаһарлармен қалтыратқан ұлы мемлекеттер құрып, қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүріп, халық ретінде қалыптасты [1, 9 б.].

Биліктің халықтың үстінде пайда болуының материалдық себептері адамдардың санасынан әлдеқашан жасырын болған. Олар кейінгі зерттеушілерде ғана пайда болды, ал сол заманның замандастарына олар мүлдем белгісіз болып қалды. Ханның қадір-қасиетінің генезисі стихиялы түрде қалыптасқан харизма ұғымы түрінде идеалистік тұрғыдан түсіндірілді. Орта ғасырдағы адам үшін биліктің заңдылықтары оны құдайлық күштермен санкциялауды білдірді. Ең алдымен, қағанның артықшылықтарын тағайындау оның толық атағының формуласында болды. Сонымен, б.з дейін IIғасырда «Ұлы шаньюйды аспан орнатқан» деген атаққа ие болды. Кейінірек, қытайлық деректерде толығырақ келтірілген: «Аспан мен Жерден туылған, Күн мен Ай орнатқан ғұндардың ұлы шаньюйі». Біздің дәуірімізге дейінгі Iғасырға қатысты құжаттарда мұндай ұзақ атау туралы ештеңе айтылмаған, бірақ бірінші сөз аспан, екінші ұл деген мағынаны білдіретін «чэнгли гуту» сөз тіркесі берілген. В.В.Трепавловтың «Государственный строй Монголской империи XIIIв» атты еңбегінде билік концепциялары, әулиелік, киелілік түрлеріне тоқтала отырып, мемлекеттік кезеңдерге анықтама береді. Кез келген күштің идеологиялық негіздемесі болуы керек. Моңғол империясының билеушілері өздерінің билігін заңдастыру мәселесін қоймады деп сену дұрыс болмас еді. Өйткені, Шыңғыс әулетінің билігін тек жаулап алудың көптеген құрбандарының ғана емес, сонымен қатар өздерінің табиғи хандарына бағынуға әдеттенген Орта Азияның көшпелі тұрғындарының көз алдында және солардың алдында ақтау және заңдастыру қажет болды [1, 62 б.]. Ежелгі түркілер билеушілерінің толық дәрежесі 584. қағанның Суй императорына хабар-жолдауында берілген. Каған өзін «Аспаннан туған Ұлы Тукюе, ең дана және қасиетті Көктің Ұлы» немесе гюули Шэ Мохэ Шиболо қаған деп атады [1, 63 б.].

Жоғары билік туралы Сиунну тұжырымдамасы туралы мәліметтерді Қытай жылнамашыларының жазбаларынан аламыз, олар үшін Аспанмен байланыс тек оның императорының тұлғасы арқылы ойластырылған, ал көшпенділердің атақтары оларға «варварлық» тәкаппарлықтың көрінісі болып көрінген. Бірақ ежелгі түркі доктриналары туралы Орхон мәтіндерінен алынған мәліметтер: «Аспанда туылған» деген автоматты түрде қайталанатын клише емес, руникалық жазбаларда ол бірнеше рет ашылған: «по милости Неба и потому что у меня самого было счастье я сел[на царство]. каганом», «Небо даруюещее [ханом]. государство, посадила меня самого.. каганом, чтобы не пропало имя и слава тюркского народа» Титулдық өрнектердің сәйкес келуі және бірдей космогоникалық тұлғалардың болуы, синну және тюцзюэдегі легитимизм саласындағы идеологиялық құрылыстардың жақын ұқсастығы мынадай тұжырымдамаға сәйкес:

1) Қаған Аспаннан туылған, яғни Аспан оған патшалық берді (өйткені «аспан оны белгілеген» деген синонимдік өрнек болғандықтан, физикалық туылуы емес таққа отыруы айтылады);

2) Жер Аспанмен ынтымақтасады (Хуннуде –Күн мен Ай, Түріктерде – Су бар);

3) басқа әлем күштерінің бұл әрекеттерінің мақсаты – халықты өркендету, бұл Орхон эпитафияларында бірнеше рет айтылған.

Көшпелі қоғамда өмір сүрсе де, үйсіндер мықты мемлекет құра алды. Үйсін елінің бас билеушісі күнби деп аталды. Ол шын мәнінде елдегі барлық қарулы әскери жасақтың ең жоғарғы қолбасшысы болып есептелінді.

Сонымен қатар, оған ру-тайпаларды басқаратын бектер тікелей бағынды. Күнби елді үш бөлікке бөліп басқарды. Оң қанат пен сол қанатты екі қолбасы басқарса, ал елдің орталық бөлігін күнбидің өзі басқарды. Үйсін елін басқарудың мемлекеттік жүйесі «ондық жүйе» деген атпен белгілі. Күнби жалпы ел-жұрттың билеушісі ретінде қоластындағы ру-тайпаларды балаларына бөліп беріп отырды. Сонымен бірге ол мыңжылдықтардан әскерлер құрастыруға, елдің көшіп-қонатын жерлерін белгілеуге тікелей араласты. Үйсін елі мықты ел қатарына үкіметтік ұйымның арқасында қол жеткізді. Бұл негізінен бірнеше лауазымнан тұрды. Бірінші билеуші күнбидің өзі шын мәнінде елді дара басқарды. Бірақ кейіннен үйсін елінің екіге бөлінуіне байланысты біздің заманымызға дейінгі 53 жылдан бастап елді ұлы күнби және кіші күнби екіге бөліп басқаратын болды. Үйсін мемлекетін бірнеше лауазымнан тұратын және күнбиге тікелей бағынатын өкіметтік жауапты қызметкерлер басқарды. Қытайлық қазақ тарихшысы Н.Мыңжан қаңлылардың дербес мемлекет құрғандығын олардың қол астындағы иеліктері туралы мәліметтерді былай келтіреді. «Жазба деректердің айтуына қарағанды, қаңлы елі өз ішінен 5 иелікке бөлінген. Әр иеліктің кіші хандары болған. Олар Ұлы ханға бағынған.

Бұл иеліктер өздерінің орталық қалаларының атымен аталған». Осы деректерді қытай мәліметтерінен «Қаңлыдаа бес кіші хан бар. Оның бірі – Сағай хан. Ордасы Сағай қаласында. Бұл Басқақтықтан 5776 ли, Янгуаннан 8025 ли шалғай. Екіншісі – Бомық хан (Кашания). Ордасы Бомық қаласында. Үшіншісі – Раунақ хан (Ташкент ханы) т.б». Қазақ халқын қалыптастыруда қаңлылардың өзіндік орны бар, Кейінгі қазақ қаңлылары бұрынғы қаңлылардың атамекенінде отыр. Күні бүгінге дейін қазақ халқында «Келелі елде қаңлы бар, қаңлыны хан көтер», «қаңлыдан өзге хан болмас» деген мақалдар сақталып қалған. Зерттеушілердің пікірінше, қазақ құрамындағы қаңлылардың тайпалық таңбасының көсеу таңба болуы олардың ерте замандағы бабаларының зороастризм дініне сеніп, Ай мен Күнге және Отқа табынуына байланысты болса керек. Бұл тегінде отқа табынған ерте замандағы діни-нанымнан туған түсінікті байқататындай. Қазақ шежірелік деректері қаңлыны үйсіндердің атасы болып табылатын Төбей бидің немересі Байтерек деген адамнан таратады. Мұның өзі бұл екі халықтың ежелден көрші-қоңсы болып, бірге көшіп жүргендерінен, бауырластықтарынан хабар береді.

Бұл ұлыстар қазақтың халық болып қалыптасуына негіз қалаған ежелгі халықтардың жұрнағы болып табылады. Көптеген жаугершілікке қарамастан ежелгі қаңлылардың ұрпақтары сандаған ғасырлар бойы «Қаңлы» атауын жоғалтпай бүгінгі күнге дейін жеткізді. Жер бетінен көптеген халықтар өздерінің атауларымен қоса жоғалып кетсе де, қаңлылардың дамуындағы тарихи сабақтастық сақталып қалды. Кейінгі қағанаттар мен хандықтар қаңлылардан көп нәрсе үйреніп, олардың мемлекет құру дәстүрлерін жалғастырды. Халықтың жекелеген топтарының мемлекеттік өмірге қатысу әдістерін сақтауға немесе қайта тірілтуге болады: бір қауымдастыққа (әулеттерге, корпорацияларға, сыныптарға және т.б.) бекітілген дәстүр, материалдық игіліктер өндіру, міндеттемелерді орындау, басқалары үшін – ішкі тәртіпті және тұрақты әскери қызметті қорғау, зияткерлік қызмет және қоғамның провинциялық топтарының мүдделерін рухани қорғау. Ежелгі моңғолдардың билік концепциясы бойынша мемлекеттегі жоғарғы билік хан тұлғасында шоғырланып, патшалыққа айрықша құқық Шыңғыс ханның үлкен әйелі Бөртеден – Жошы, Шағатай, Үгедей Төлелерден – алғашқы төрт ұлына – олардың шын мәнінде Алтан уруг (алтын ру) – билеуші моңғол әулетін құрайтын алғашқы ұрпақтарына ғана танылады [4]. Жоғарғы билік құқығының бірден-бір қайнар көзі – алтын әулеттің еркі, алтын әулет билігінің ең жоғары тікелей көрінісі – ханзадалар мен тектілердің құрылтай-мәжілісі [3]. Алтын ұрықтың кез келген өкілі өзінің сапасы жағынан лайықты деп танылып, ханзадалар мен жоғары ақсүйектер құрылтайында бекітілсе, алтын рудың көпшілігі билеуші бола алады. Қарапайым халықтар даңқты атақтарды қолданбауы керек еді. Мысалы, мұсылмандар арасында Яса Шыңғыс ханның заңы бойынша Әбу-л-Фарадж пен Жувайни түсіндіргендей, «патша тағына отырған адамға тек титул ғана олардың әр қайсысының өзінің жеке атымен аталсын». Ясаның бұл ұстанымы өте қатаң сақталды және таққа отырғанға дейін және одан кейінгі барлық моңғол хандары бір атауды алды. Кейбір жағдайларда билік құрған Шыңғыстардың екінші мұсылман атауын алғандары да болды. Ұлы жаулап алулар қарсаңында моңғолдардың әлі де жалпы жетекшісі болған жоқ (Джувейни, 2004, 171 б.). «Олар Шыңғысханның сәттілік Туы көтерілгенге дейін кедейлікте, қиыншылықтарда және бақытсыздықтарда болды». Рулар арасында үнемі күрес болды, ол туралы белгісіз автор Юань-чао би-ши былай деп жазды: «Жұлдызды аспан бұрылды – бүкілхалықтық қырғын болды. Бүкіл жер беті шайқалды-бүкіл әлемде ұрыс болды. Алайда, сонымен бірге моңғолдар арасында жоғарғы билік туралы идеялар өте айқын болды. Олар отырықшы халықтардың идеяларынан айтарлықтай ерекшеленді [2, 74 б.]. Моңғолдарда билік пен мемлекеттілік туралы пікірталас әлі де жалғасуда. Кейбір зерттеушілер, мысалы, Е.И.Кычанов [Кычанов, 1997, с. 182], Ш.Сандаг сол кездегі моңғол қоғамында мемлекеттің қалыптасу белгілерін көруге бейім болды. Н.Крадин моңғолдардың әлеуметтік-саяси ұйымын «классқа дейінгі құрылым» деп анықтау керек деп жазды. Оған «жеке тұлға» терминін қолдана отырып, бұл «қауымдастық топтары тобынан тұратын әлеуметтік мүше; иерархиялық тұрғыдан олар орталыққа бағынады, әдетте, билеуші (көшбасшы)

тұратын ең үлкен мүшеге бағынады; қарапайым билік органдарына сүйене отырып, көшбасшы қоғамның экономикалық, редистрибутивті, құқықтық қызметтер және діни-мәдени қызметін ұйымдастырады».

Моңғолдардың арасында басшылар болды. Темучжиннің әкесі Есугей бірнеше руларды басқарды, «багатур» – «богатырь» деген лақап атқа ие болды, Рашид ад-Дин оны «алдыңғы ұрпақтарға бағынатын барлық тайпалардың билеушісі және басшысы» деп атады [7].

Шыңғысханның ұлылығының таңында бірнеше тайпалар оған өз еріктерімен қосылуды ойлады, өйткені Темучжин өзіне киген киімін шешіп, оны береді, отырған жылқысынан түсіп, оны береді. Ол ордаға қамқорлық жасай алатын, ұлысты жақсы ұстайтын адам. Бұл эпизод туралы тек Рашид ад-Дин ғана емес, «Шыңғысхан туралы көне моңғол аңызында» ұқсас персонаждарды кездестіруге болады. Жомарттық билеушінің басты қасиеттерінің бірі болып көрінді. Жомарттықтың арқасында ол өзіне бағынышты адамдарды ұстай алды. Ноғай Ордасының негізін қалаушылардың бірі Едіге болып табылады. Ол жайында шығыс авторларының еңбектеріндегі мәліметтерді атап өтуге болады. Олардың қатарына Натанзидің, Абд ар-Раззак Самаркандидің, Әбілғазыдан, Қадырғали Жалайридің енбектерінен кездестіре аламыз. Едіге он бес жыл бой Алтын орданың белгілі бір уақыт аралығында билеушілік билікті өз қолына алды. Маңғыт жұрты Алтын Ордадан бөлектенген феодалдық иелік ретінде саналды. Едіге сол тұста өз Ордасында 200 мың шамасында атты әскер ұстаған. Өзі билік басына отырғызған хандар арқылы Орданы басқара отырып, көрші мемлекеттерге өз ықпалын тигізді. Ноғай Ордасындағы бүкіл саяси-экономикалық билік түгелімен дерлік Едіге ұрпағы маңғыт әмірлерінің қолдарында болды. Сонымен қатар, Алтын Ордадан бөлектеніп кеткен иеліктерде Шыңғыс ұрпағынан хан көтеру Едіге ұрпағының келісімінсіз жарамыз ретінде саналды [9]. Тіпті XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ атын жер жүзіне жеткізген Қасым хан есімі қазақ халқының тарихи санасында мәңгі орын алып, жарты мың жылдан аса сақталып келе жатыр. Қасым ханның қазақ билеушілерінің болашақ өкілдеріне қалдырған өнеге жолы – елдің саяси бірлігін сақтауымен мемлекеттіліктің ең басты көрсеткіші хандық билікті нығайтуы, оны мойындатуы.

Қорытынды. Әр түрлі күштердің дәстүрлері бір-бірімен қабаттасып, қажет болған жағдайда әлемге шығарылады немесе тарихи жадтың тереңіне көміледі. Өткеннен бүгінге дейін белгілі бір уақытта пайда болатын мемлекет құру принциптері (аумақтық бөліну, әкімшілік және салық жүйесінің элементтері, кейде тіпті астананы таңдау және т.б.) өзіндік ерекшеліктерімен жүргізілді. Қазақстан территориясында мекен еткен ғұн, үйсін, түркі халықтары (қағандықтар), Шыңғыс хан билігі тұсында, Ноғай Ордасының билеушілері тұсындағы жоғарғы билік концепцияларының өзіндік ерекшеліктерінің болғанын атап өтуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Трепавлов В.В. Государственный строй Монголской империи XIIIв.: Проблема исторической преемственности. – М.: Наука. Издательская фирма «Восточная литература», 1993. – 168 с.

2 Нестерова Е. Представления о роли хана и характере верховной власти у монголов в начале XIIIвека. Восток. Афро-азиатские общества: история и современность. Восток (Oriens). 2016. №3, – 74 с.

3 Султанов Т.И. Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть. – М.: АСТ, 2006. – 445 с.

4 Алтан Тобчи (Золотое сказание) Перевод, введение, комментарий и приложение Н.П. Шастиной // Памятники письменности Востока. Вып. 10. – М.: Наука, 1973.

5 Государство и общество в странах постсоветского Востока: история, современность, перспективы: материалы Международной конференции/Отв. ред. М.Х. Абусеитова. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 276 с.

6 Бартольд В.В. Образование империи Чингисхана // Бартольд В.В. Сочинения. Т. 5. – М.: Наука, 1968.

7 Васютин С.А. Монгольская империя как особая форма ранней государственности? (к дискуссии о политических системах кочевых империй) // Монгольская империя и кочевой мир. Улан-Удэ: Издательство Бурятского научного центра СО РАН, 2004.

8 Скрынникова Т.Д Структура власти монгольских кочевников эпохи Чингиз хана// Кочевая альтернатива социальной эволюции/Отв ред. И.В.Следзевский. – М., 2002.

9 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінгі дейін. Байпаков К.М., Козыбаев М.К., Көмеков Б.Е., Пищулина К.А. (ред. алқасы). – Алматы: Атамұра, Т 2. 1998. – 323 б.

ҒТАМР 17.71.91

АБЫЛАЙ ХАН БЕЙНЕСІНІҢ ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ КӨРІНІСІ

Н.Т. Зиаділда
Магистрант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Мақалада қазақ тарихи жырларындағы Абылай хан образының қарастырылған. Қазақ ханы Абылайдың тарихи тұлғасы, адами болмысы әр қырынан талданады. Оның саясаткерлік, қолбасшылық, күйшілік, шешендік өнер иесі екендігі дәріптеледі.

Түйін сөздер: тарихи шындық, көркем бейне, ұлт бостандығы, халық фольклоры.

Ұлтымыздың өткен өмірін, тарихи белестерін әйгілейтін халық әдебиетінің күрделі жанрлық салаларының бірі – тарихи жырлар. Эпикалық кең тынысты шығармаларды туғыза білген халық жырға тарихи оқиға жүйесін көркемдік тін етіп, азаттық аңсаған рухын сыйғыза білді. Халықтың ауыз әдебиетінің көркем үлгісінде өмір тапқан тарихи жырлар тұтас ұлттың көркемдік таным мәдениетінің биік көрсеткіштер қатарынан орын алады. Әсіресе, халықтық сипаты терең Абылай хан турасындағы тарихи деректер ғылыми айналымнан біржолата шеттетілді. Жариялықтың арқасында тарихи жырларды матап ұстаған идеологиялық бұғаулар үзіліп, оларды жаңа көзқарастар биігінен таныту міндеттелді.

Байырғы әдебиет нұсқаларының бай түріне саналаған тарихи жырлдардың басты өзгешелігі нақтылығымен, әрі ел басына күн туған сәттерді шынайы кестедей білуімен сипатталады. Халық өмірін басты тақырыптық нысан еткен тарихи жырлар тұңғиық ұлт әдебиетінің дариясына келіп құйылған тың екпінді, асқақ серпінді көркемдік арна болды. Тарихи жырларға тамыр болып байланған нәрлі өзек – ұлт басынан өткен тағдыр тауқыметі, әрі сол қиын-қыстауда көрсеткен тұтас бір күрескер халықтың зұлымдыққа қайтарған тойтарысы. Тарихи жырлардағы замана зары тарих бедеріне ғасыр мен ғасырларды, дәуір мен дәуірлкрді жалғастырар ұлттың еркіндік жолындағы күресіне ерік-жігер берді. XYIII ғасырда тарих сахнасынан мәңгіге жойылу қаупінің құрбаны болғалы тұрған қазақ елін тәуелсіз болашаққа бастаушы Абылай бейнесі, тарихи жырлардың поэтикалық негізі болды.

Тарихи жырлар және ондағы тарихи бейнелердің ашылу ерекшеліктеріне ғылыми түрде тұңғыш пікр айтқандардың бірі – М.Әуезов. «Тарих өлеңдері ең алдымен ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады. Пәлен жыл мен пәлен жылдың арасында болған тарихи дәуірдің жыры. Сол дәуірде арнаулы оқиғаның қақ ортасында болған атақты адамдардың басынан кешкен өмір, қолымен істелген істің жыры болады. Тарихи өлеңдердің ішіндегі адамдар – жалпақ елге ат белгілі, жалпақ елге қадірлі, сүйікті адамдар. Сол неше алуан әңгіме болып қалады. Бұл әңгімелердің көбі сол оқиғалардың ішінде болған, көзі көргеннің әңгімесі» [1, 133 б.]. Тарих жырларындағы тарихи образ қашанда тарихи деректерден нәр алатынын аңғартады. Дәлірек айтсақ, тарихи образдардың қайраткерлігі мен дарынды қолбасылығы тарихи деректерде, сонымен қатар тарихи жырларда нақтыланып, тұтас қазақ елінің рухын көтерген ерліктері қабағат дәріптеліп отырады. Тарихи дерек пен тарихи шоқтығы биік болуы – ерлікке құштар рухы мен жалпы халықтың көсемі ретінде дәріптелуінде. «Өзге ел өкілдеріне қазақ хандары ішінен неғұрлым әйгілісі де, халық әдебиетінде көркем бейнесі жарқын мадақталғаны да Абылай екені кәміл. Қазақ қауымының сан буыны қысылғанда медет көріп, намыс кегі қайралғанда ұран етіп шақыратыны да Абылай есімі болуы тегін емес. Ол жөніндегі көне сөздердің көптігі соншалық – Абылайнама деп атарлық мол туындылар шоғыры жасалған» [2, 18 б.].

Абылай ханның ақтабан шұбырынды жылдарындағы үш жүзді алаш туының астына жинап, азаттыққа бастаған өмір жолы мен тарихи жырларға арқау болған ерліктері туралы тұңғыш толайым пікір білдірген Шокан Уәлиханов болды. Ғалым өзінің «Абылай» атты мақаласында хан және сол тұстағы Ресей империясының саясаты, казақ еліне нәубет болған жоңғар шапкынышылығы туралы мол деректер келтіреді. Осындай аласапыран шақта хан Абылай қазақ ұлысын азаттыққа бастап, әрі оған дербес билік жүргізген саяси кайраткерлігіне әділ де жоғары баға берген. «Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет құдірет иесі болып саналады. Абылай дәуірі – қазақтардың ерлігі, серілігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаhармандығы жыр-дастандардың арқауына айналған» [3, 9 б.].

Абылай тұлғасының биік кемеңгерлігі мен тарихи қайраткерлігін оның өмір сүрген замана шындығын танытып, тарихи деректігін жоймай келген жырлардың бір саласы Бұкар жыраудың есімімен тікелей байланысты. Заман болмысын тарих айнасына гүлі мен нұрын жоймай түсірген Бұқар жырларындағы Абылай бейнесі шығарманың көркемдік және тарихи құндылығын еселей түседі. Абылай хан туралы тарихи жырлардың жиналу, зерттелу ісі хан тұлғасын асқақтатқан Бұқардың жыр -толғауларынан тыныс алады. Бұқар Абылайдың тарихи бейнесін сомдаушы ғана емес, сонымен катар ханның арка сүйер идеологы да болғаны ақиқат. «Абылай хан -Бұқар жырау заманы» орыс патшалығына карамай, бөлек хандық құрып, жеке өмір сүргіземіз деген талаптың мезгілі еді. Бұкар сонда үлкен қырағы саясаттың толғаушысы боп, әрбір сөзін ірі окиғалардың, ірі мәселелердің тұсында ғана айтады» [4, 142

б.]. Бұқар жыраудың Абылай хан турасындағы тарихи жырларын зерттеу – ондағы тарихи деректерді тарихи хронологиялық әдіспен нақтылаудан бастау алады.

Бұқардың әдеби мұраларын жинақтап, қордалы әдебиетіміздің асыл казынасы еткен М.Ж. Көпеев жыраудың толғауларындағы дәуір шындығын ашып, Абылай хан ерліктерін дәріптейді, әрі Бұқардың да идеологиялық кеңесшілік қасиетіне терең, ойлы баға береді [5, 137-162 б.].

Күні кешеге дейін қазақ халқының төл тарихы, әсіресе, XYIII-XX ғасырлар аралығындағы, 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі тарихы жасанды жүйеде, өлшемі, танымы өзгермейтін пішін-қалыпта сипатталатын. Отаршылдық саясатты, сонымен қатар қазақ жерін Ресейдің өз меншігі ретінде қарап, казак – орыс шаруаларына таратып беруін ашып айта алмадық. Ал халқымыздың шыбын жаны қалғанша қорғаған, қазақ мемелекетінің дербестігін сақтап қалу жолында аянбай күрескен Абылайдың, оның немересі Кенесарының өмірін, олардың елдің бірлігі үшін күрестерін шынайы айту мүмкін болмады. Коммунистік партияның күштемелі, орталықтан бағындырылған идеологиясының қыспағымен ұлттық тарихымыз туралы ақиқат сөз жазылмады. Есесіне «ұлы» деп танытқан өзгенің тарихын өзімдікі деп жатқа соғатын болдық. Бұл ретте тарихи шындық бұрмаланып қана қойған жоқ, өзіміздің елдігімізді танытатын ұлттық мүдде, мақсаттарымыз да аяққа тапталды. Халқымыздың ыстық ықыласына бөленген хан-батырларымыз, ақын-жыршыларымыз, елді алға бастар ерлеріміз туралы, оларға арналған өлең-жырлар, қисса-дастандар жөнінде айтуға тосқауыл қойылып, әдебиетіміз жалқұйрығын күзеп тастаған ат құсап, социалистік реализм бағытымен ғана көш түзейтін еді. Өзге көрші елдердің хандары мен батырлары жөнінде мағлұматымыз жетерлік болса, өзіміздің хандарымыз бен айбынды батырларымызды айтуға қорықтық. Бородино сияқты шайқастарды жатқа соқсақ, төл даламызда өткен небір қилы ұрыстарды жас буынға жеткізуге құштарлығымыз азайды. Тарихымыз бен әдебиетіміздің көлеңкеде қалған жерлері қазіргі таңда қарасақ жетерлік екен.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздікке қол жеткеннен бері ақтаңдаққа ұшыраған төл тарихымыз, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің жабулы қалған қатпарлы беттерін ашар кез келді. Халқымыздың өткендегі аяулы қыздарының, арыс ұлдарының ерлік істерін айқындалып, елім деп өткен ерлердің, хан-батырларымыздың, атақты ақын-жазушыларымыздың тұншықтырылған есімдері мен істері халқымен қайта қауыштырып, санамыздан мүлдем өшірмек болған құнды шығырмаларды халқымен қайыра табыстыру – ұлт рухының талабы.

Өзге хан-батырларымызбен қатар елдігіміздің іргесі берік сақталуына бар күш-жігерін сарқа жұмсаған Абылай туралы шындықтардың беті ашылып ол туралы тарихи деректер қайта жазылып, көркем шығармалар қайта жарық көруі тиіс. Егемендіктің еңсесін биіктетер осындай игілікті істер тарихи тұлғаның шынайы болмысын асқақтата түсері анық.

Тарихи ақиқат қайнары, зерделі зерттеу жұмыстары, жиһангерлер жазбалары барынша мол жиналып, жүйеленіп, бір арнаға тоғысқанда ғана бір-біріне іліктесіп, құйылып келіп Абылайдай ардақ тұлғаны әспеттеуде, ұлт үшін атой салған алдаспандай әрекетін ұлықтайды. Әдебеиттегі хан тұлғасын бейнелеуде өнерлі ұрпақтың ата аруағы алдында әлі де өтелмеген парызы көп. Соның бірі – қазыналы халық фольклорында шешендік сөзге кесте, тарихи жырға тұлға болған хан Абылай бейнесінің тарихи, көркем, ғылыми тұлғасын жете таныту болмақ.

Тарихи жырларда, өлең-толғауларда тарихи әділет пен көркем шындықты арналас етіп тоғыстырған бейнелердің бірі – алаш айбыны Абылай хан бейнесі. Қазақ қоғамын Абылай бейнесі ұлттық тәуелсіздік идеяларына жұмылдырды, әрі сол жолда бар қажырымен аянбай қимыл етті. Қазақ елінің маңдайына біткен тұңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов ақын-жырауларымыздың поэзиясында Абылай бейнесінің ерекше леппен жырлануын былай деп түсіндіреді: «Қазақ хандарының арасында Абылайдай шексіз билікке ие болған бірде-бірі жоқ».

Тарихи жырлардың көшін бастаған Абылай туралы өлең – жырларды зерттеп, танудағы ескеретін жайт, сол замандағы халық басынан өткерген тарихи жағдай мен көркемдік жүйені үндестіре, бірлікте қарастыру болмақ.

Абылайтану ғылымының іргелі саласы қатарына саналған бұл тарихи жырлардың көркемдік дәстүр ортақтығын, ондағы тарихи шындық мәселесін терең зерттеу тарихи жырлар құндылығын өзгеше сапаға, жаңа белеске көтермек. Абылай хан туралы жырларда қазақ халқының XYIII ғасырынан бастап қалыптасқан көркем бейнелер көрініс тапқан. Бұл тақырыптағы жырлардың тарихи тамыры, көркемдік жүйесі шынайы әрі ұлттық сипатта берілуі оларды зерттеу ісіне зор ықыласты қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – А., 1992. – 248 б.

2 Абылай хан. (Құр: С.Дәуіт). – А, 1993. – 413 б.

3 Тарихи жырлар. (Құр. А.Сейдімбек). – А., 1995. – 288 б.

4 Мұхамедханов Қ. Шығармаларының толық жинағы. III том. – А., 2006, – 483 б.

5 Көпеев М.Ж. Шығармаларының толық жинағы.YI том, – А., 2005. – 483 б.

SRSTI 17.71.91

THE TRANSLATION FEATURES OF ENGLISH CHILDREN'S FOLKLORE INTO RUSSIAN

И.С. Иноятова
Магистрант, ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, г. Нур-Султан

The article is devoted to the comparative analysis as well as the identification of the features of translation of the original English text and target Russian languages. The subject of this article is the English folk fairy tale «Goldilocks and the Three Bears» and its translation «The Three Bears» made by translator Leo Nikolayevich Tolstoy into Russian. During the analysis, such concepts as «folklore», and «language» were revealed. The most characteristic features of fairy tales, the origin of «The Three Bears» tale as well as the main motives of English and Russian fairy tales have been studied, and the methods of translation have been analyzed.

Қорыта айтқанда, жаңа білімді жеңіл түсінуге тірек боларлықтай балаға бар материал пысықталады жәна тапсырма белгілі нысанды бақылап, талдау, салыстыру әдістерін колдану жолымен түсіндіріледі. Талдау-жинақтау оқытудың жалпы әдісі. Ал, оның жеке бөліктері салыстыру, топтау, саралау, абстракциялау, тұжырымдау, нақтылау, жүйелеу осы бағыттардың ара жігі талдауға негіз болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Культурно-образовательная среда школы: открытие новых смыслов. Разработка и реализация инновационного проекта, экспертиза инновационной деятельности. Мет. инструм. в электр.прилож. – Волгоград: Учитель, 2015. – 88 с.

2 Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007.

3 Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2014. – 271 б.

4 Құнанбаева Д.Ә. Ұйымдастырушылық мінез-құлық: Оқу құралы. – Алматы:Қазақ университеті, 2012. – 256 б.

5 ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 15 тамыздағы № 484 қаулысымен бекітілген. Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты. – Нұр-Сұлтан, 2017. – 64 б.

6 Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2014. – 271 б.

ҒТАМР 16.21.45

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ НЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУ НЕГІЗДЕРІ

К. Токтарбек
Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.
Д. Акбарқан
Ғылыми жетекші, кафедра меңгеруші, PhD-доктор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.

Қытай тіліндегі неологизмдер 3 негізде пайда болады. Біріншіден, жаңа реформалардың жасалуы және экономиканың дамуы; екіншіден, қоғамның көпқырлы дамуы және адамдардың жан-жақтылы ойлау өресінің кеңеюі; үшіншіден, қоғамның дамуына сәйкескен жаңа көзқарастардың көптеп пайда болуы.

Түйін сөздер: неологизмдер, сөзжасам, қытай тілі, жаңа сөздер.

Тіл ерекшеліктері түрлі тұғырдан, әсіресе тілдің түрлі бірліктері тұрғысынан зерттелініп, тексеріледі. Тілдегі түрлі бірліктер ұғымына кіретіндер: тілдің дыбыстық және мағыналық жақтары, сөздер мен морфемалар, сөз тіркестері мен сөйлемдер болып табылады [1, 87 б.].

Тілдің лексикалық ерекшеліктері жан-жақты және өзара байланысты түрде қарастырылады. Сөз тағдыры да адам тағдыры сияқты, әртүрлі жағдайларды бастан кешіріп, өзгерістерге ұшырап отырады. Белгілі бір сөз қазіргі қалыптасқан мағынасына бірталай асулардан асып келіп жетуі ықтимал. Мысалы: устав – жарғы, программа– бағдарлама, документ – құжат, пенсия – зейнетақы т.б. [2, 165 б.].

Қоғамның әлеуметтік, саяси өмірінің, экономикасының, мәдениетінің дамуына қарай тілде жаңа сөздер яғни неологизмдер кеңінен қолданыла бастады. Қытай тілінде де тура осылай. Қытайлықтардың идеологиясы, көзқарастары, көңіл-күйі, мінез-құлықтары, әдеп ғұрыптары бәрі бәрі осы сөз арқылы бейнеленіп отыр. Неологизмдердің пайда болу негіздерін зерттеу арқылы біз белгілі бір тарихи кезеңдегі қытай халқының тыныс-тіршілігін, тілін, мәдениетін және саяси өмірінің даму бағытын айқындай аламыз. Сонымен бірге, неологизмдердің жасалу жолдарын, оның ішінде жасалу ерекшеліктерін, неологизмдердің келу қайнарын айқындай аламыз, сол арқылы

тілдегі сөздердің дамау тенденциясы мен бағытын ашуға өз үлесімізді қосатынымыз анық.

Қытай тіліндегі неологизмдер 3 негізде тілге енген екен.

Біріншіден: жаңа реформалардың жасалуы және экономиканың дамуы. 1979 жылы қытай экономикалық реформасы (кей әдебиеттерде «Реформа және ашу» (改革开放 – Gǎigé kāifàng) қытай қоғамыныа үлкен өзгерістер алып келді. Экономиканың тез қарқынмен дамуы қатып қалған жүйе мен, қатал саяси идеологияны өзгертті. Соның әсерінен 超前意识 – Chāoqián yìshí – жетекшілік түсінігі, 竞争意识 – Jìngzhēng yìshí – бәсекелестік түсінігі, 创新意识 – Chuàngxīn yìshí– жаңалық ашу түсінігі, 危机意识 – Wéijī yìshí – дағдарыс түсінігі, 风险意识– Fēngxiǎn yìshí– тәуекелшілік түсінігі деген бірқатар түсініктер қытай тіліне енді. Халықаралық қарым-қатынастардың кеңеюі, инвестициялардың тартылуы 搞合资 – Gǎo hézī – бірлескен кәсіп орындар құру, 投资 – Tóuzī – инвестициялау қатарлы сөз тіркестері пайда болды. Адамдар экономикалық жағдайдың өзгеруін жіті қадағалауға көшті, осы сәтте 货币贬值 – Huòbì biǎnzhí– валютаның құнсыздануы, 金融风暴 – Jīnróng fēngbào – қаржылық дағдарыс (风暴 – fēngbào – сөзінің негізгі мағынасы дауыл), экономиканың құлдырауын 滑坡 – Huápō – төмен құлдырау (негізгі мағынасы биіктен төмен қарай құлау) сияқты сөз тіркестері жаңа мағынада қолдана бастады. Экономикалық ұғым адамдар өмірінің негізгі бөлігіне айналды. Осы кезеңде байлыққа ұмтылыс адамдардың жаңа құндылығына айнала бастады. Соның ықпалымен экономика саласында бірқатар неологизмдер пайда болды. Мысалы: 下海 – xiàhǎi – бизнеспен, саудамен айналысу, 推销 – Tuīxiāo – жалғап сату, 国债 – Guózhài – мемлекеттік қарыз, 贷款 – Dàikuǎn – қазыр алу, кредит алу сияқты жаңа сөздер қолданысқа келді. Алдымен ауқаттанып кеткен бай адамдарды 大款 – Dà kuǎn, 款爷 – Kuǎn yé, 款姐 – Kuǎn jiě, 富姐 – Fù jiě, 富婆 – Fùpó қатарлы неологизмдер қалталы, ақшалы адам мағынасында қолданыла бастады [3, 54 б.].

Екіншіден, қоғамның көпқырлы дамуы және адамдардың жан-жақты ойлау өресінің кеңеюі. Ол адамдардың дәстүрлі ойлау өресінің өзгеруіне ықпал етіп, адамдар арасындағы, ел ішіндегі және халықаралық деңгейдегі қарым-қатынастарда кездескен мәселелерді шешуде, күнделікті тұрмыс пен жұмыс барысындағы қиындықтармен күресудегі әдіс-тәсілдердің көпқырлы болуын және қарама-қайлышықты шешудің оңтайлы жолдарының көбеюіне оң әсерін тигізді. Гонконг және Макао мәселесіндегі 一国两制 – Yīguóliǎngzhì – бір ел екі жүйе саясатының қолданылуы көпқырлы ойлаудың жаңа бір мысалы ретінде жұртқа танымал болды. Міне осының нәтижесінде, 伙伴关系 – Huǒbàn guānxì– серіктестік қатынас, 平等对话 – Píngděng duìhuà – теңдік диалогы, 弹性外交 – Tánxìng wàijiāo – икемді дипломатия сияқты саяси саладағы неологизмдер өмірге келді.

Осындай жаңа идеологиялардың пайда болуы, адамдардың өмірге деген көзқарасын өзгертті, 知识经济 – Zhīshì jīngjì – білімділер экономикасының

дамуы, жоғары ғылым техниканың қарқындап дамуы, бәрі-бәрі адамдардың өзін тәрбиелеп, өзін дамытуға деген талпынысын жоғарылатты. Соның нәтижесінде 科教兴国 – Kējiào xīngguó – ғылым-білім арқылы мемлекетті қуаттандырыу ұғымы дүниеге келді. Ғылым мен білімге баса мән беру мемлекеттің басты міндетіне айналды. Осыған орай, 素质教育– Sùzhì jiàoyù– сапалы білім беру, 网络化教育 – Wǎngluò huà jiàoyù – онлай білім беру, 弹性教育– Tánxìng jiàoyù – икемді білім беру, 数字教育 – Shùzìjiàoyù – цифрлық білім беру сияқты жаңа сөздер білім саласында кеңінен қолданыла бастады.

Үшіншіден, жаңа идеологияның пайда болуы адамдардың психологиялық төзімділігін нығайтып, қоғам толерантты бола бастады. Адамдардың қоғамға, өмірге деген көзқарасы өзгере бастады. Сәнге ілесу, өмір ағынымен жүру, трендке бейімделу адамдар өмірінде кем болса болмайтын салаға айнала бастады. Нәтижесінде手机 – Shǒujī – ұялы телефон, 上网 – shàngwǎng – интернетке қосылу, 快餐 – kuàicān – фастфуд, 打的 – dǎ di – таксиге міну, 时装 – shízhuāng – сән, 健美 – jiànměi – бодибилдинг, 打折– dǎzhé – жеңілдік және т.б. сөздер тілімізде жаңадан пайда болды [4, 68 б.].

Экономиканың дамуы, халықаралық қарым-қатынастардың кеңеюі, қытай тілінде кірме сөздердің пайда болуына, қытай диалектілерінің аралас қолданылуына, жаңа терминдердің, атаулардың пайда болуына ықпал етті. Қытай тілінде жаңадан шыққан сөздер, яғни неологизмдер көптеп пайда бола бастады. 运作 – Yùnzuò– айналым жасау, жұмыс жүргізу, 人气 – rénqì – танымалдылық, 业绩 – yèjī – жұмыс өнімділігі, 反弹 – fǎntán – қайта өршу, 关照 – guānzhào – күтім жасау сияқты неологизмдер міне осының айқын көрінісі. Интернеттің тез қарқынмен дамуы қытай тіліне шетел тілдерінен біршама кірме сөздер алып келді. Соның ықпалымен қытай тілімен шет тілінің сөздері бірігіп қолданылатын «Қостілділік» жағдайы белең алды. м.: coal (拷)我 – Kǎo wǒ – азапқа салды, 好cool (酷) – сондай сымбатты, 奔腾 II – bēnténgèr, пентиум II, ok了– ok le – жарайды, bye – bye 了 – bye – bye le – сау бол сияқты қос тілді неологизмдер ауызекі тілде қолданысқа енді. Әдеби тілде 为….张目作秀– Wèi…. Zhāng mù zuòxiù – белгілі бір затқа шоу жасау, 超级模仿秀 – Chāojí mófǎng xiù – сюпер пародия шоуы сияқыт қос тілді неологизмдер қолданылды. осы тіркестегі秀– xiù– шоу деген мағынаны білдіретін ағылшын тілінен енген сөз. Адамдар осындай қос тілділікті оң бағалап, жаңа сөздерді тұрмыста қолдана бастады.

Қытайдың реформа және ашу саясатынан кейін, тілде неологизмдер кеңінен қолданылды. Неологизмдер тарихи теория, өйткені олар тек белгілі кезеңге дейін ғана неологизм болып, жаңа сөз ретінде қолданылады да, уақыт өте келе қалыптасып, тілдегі актив сөздердің құрамына еніп, неологизм болудан қалады [5, 149 б.].

Бүгінгі таңда неологизмдердің күн санап көбеюі, қоғамымыздың дамуы мен әлеуметтік өмірдің сан түрлілігін ашып көрсетеді. Бұл шын мәнінде тілдің

өміршеңдік қуаты бар екендігін білдіреді. Жаңа сөздер тілдің лексикалық байлығын көбейтіп қана қоймай, адамдар ара қарым-қатынасқа да оң ықпалын тигізіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Әмеди Хасенов. Тіл білімі. – Алматы, «Санат», 1996.

2 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 2004.

3 Вэн хуэйпинь. Қытай тіліндегі кірме сөздерге түсініктеме. // Қытай тілін үйрену журналы. – 2002. – Т 1. (文慧平.汉语外来词素初探.// 汉语学习杂志 01.2002).

4 Джан юнь янь. – Лексикологияға кіріспе. – Хуа чжон техникалық институты баспасы, 1982.

5 Оралбаева Н., Абылақов Ә. Қазақ тілі. – Алматы. 1992.

ҒТАМР 16.21.47

ӘРБІР ҰЛТҚА ТӘН ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н.Б. Мансұров
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.

Мақалада түр-түс атауларының ұлттық сипатын танытатын тілдік деректер сөз етіледі. Онда негізінен кез келген ұлттың рухани дүниетанымы, оның мәдени өмірімен, болмысымен, танымымен бірге дамып келетін түр-түс атауларының тілдік қолданыстағы рөлі қарастырылады. Зерттеуді талдау барысында кез келген ұлттың қоршаған ортада өздері танып, тұжырым жасаған түр-түске байланысты танымы сараланады. Түр-түстердің символдық мәні, әр ұлтқа тән түр-түстің танымы, мемлкеттік рәміздерінің басты белгісі саналатын тулардың түсі, әр алуан нышандар, рәміздер, геральдикалық белгілер, таңбалар, т.б. жайлы зерттеулер мен тұжырымдар басшылыққа алынады. Міне осыған орай кез келген ұлттың қоршаған ортада өздері таныған түр-түс атауларының ұлттық-мәдени сипаты айқындалып, тілдік қолданыстағы бірліктерінің мағынасы талданады.

Түйін сөздер: түр-түс атаулары, түр-түстердің символдық мәні, геральдикалық белгілер, ұлттық таным, түр-түстің қасиеті.

Бүгінде заман талабы артқан сайын тілдік зерттеулердің де ауаны барынша кеңейіп келеді. Соның бірі халықтың лингвомәдени танымдық сипатында орын алатын тілдік қолданыстағы түр-түс атаулары. Бұл әр халықтың қоршаған ортадағы ұғымы, өзіндік танымдық тұжырымдарын алға тартады. Сол себепті кез келген ұлттың қоршаған ортада өздері танып, тұжырым жасаған түр-түске байланысты танымы қалыптасқан. Сондықтан болса керек бүгінде түр-түс атаулы әр ұлттың мәдени символы ретінде көрініс табады.

Расында, түр-түс атауларының ұлттық ерекшеліктерін анықтау аса маңызды. Себебі түр-түс ұлттық мәдениетті танып білуде негізгі құралдың бірі. Міне осы мәселелерді қарауды негізгі алып, зерттеушілер басты нысан ретінде әрбір ұлтқа тән маңызды болған түр-түс атауларын ажыратып көрсетуді қолға алып келеді. Әрине, мұны анықтау бірнеше бағытта қарастыруды талап етеді. Олар: әрбір ұлтқа тән маңызды (когнитивті және прагматикалық тұрғыдан) түр-түс атауларын ажырату; түр-түс атауларына лингвистикалық парадигма ретінде қарап, зерттеу; түр-түсті қабылдау мен оны атаудың универсалиялары; түр-түс

атауларын метатіл ретінде зерттеу; әрбір халықтың түр-түс атауларының лингвомәдени ерекшеліктерін салыстырып, кешенді түрде сипаттау, т.б.

Түр-түс атауларының ұлттық сипатын ашуда аса маңызды саналатын кез келген ұлттың рухани дүниетанымы, оның мәдени өмірімен, болмысымен, танымымен бірге дамуы қарастырылады. Өйткені ол ұлт санасы арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп бүгінгі күнге дейін келіп жетті. Алайда лингвистикада, оның ішінде, әсіресе, когнитивтік лингвистика саласында түр-түс атауларын сол тілді иеленушілердің әлем бейнесі тұрғысында жинақтаған өмірлік тәжірибесін, рухани болмысындағы ерекшеліктерін танытатын тілдік дереккөздер нақтыланды. Оның сонау ерте кезден қарастырыла бастағандығын атау да керек болар. Кезінде американдық ғалымдар Б. Уорф, Э. Сепир еңбектерінде түр-түс атаулары тікелей зерттеу нысанына айналмаса да көптеген жекелеген тіл білімдерінде олардың концептуалдық, символикалық, т.б. сипаттары туралы зерттеулерде сөз етіледі.

Жалпы алғанда, ұлттық таным сипатындағы түр-түс атауларының санада қалыптасуы жайлы тілдік белгілер мен бір ұлттың рухани һәм мәдени коды ретінде тануға бағытталған еңбектердің қатарында В.фон Гумбольдт концепцияларымен сабақтасып келетіні де бар.

Түр-түс атаулары жайлы арғысы түркі тілінде, бергісі қазақ тілінде де мұндай арнаулы зерттеулер жетерлік. Түр-түс атауларының қалыптасып, этномәдени өмірдің әр саласында дәстүрлік дүниетаным негізінде қалыптасқандығын жоққа шығаруға болмас. Тілімізде мұндай танымдық сипаттағы Ә.Қайдаровтың «Түр-түстердің тілдегі көрінісі» еңбегі [1], Н.Н.Айтованың «Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы» оқу құралы [2], Ш.Қ. Жарқынбекованың «Концепты цвета в казахской и русской культурах» атты зерттеулері осы сөз етілген ізденістердің мысалы [3].

Түр-түс семантикасы мен символикасын әр ұлттың тарихы, мәдениеті, діні мен дүниетанымы қалыптастырады, сондықтан оны зерттеу адамтану парадигмасы тұрғысынан шектелмей, мәдениаралық қатысым орнату мақсатында да, ұлттық-мәдени ерекшеліктерді байқап, салыстырып, ұлтаралық коммуникация барысында ескеруді, мәдени түсініктер арасындағы жанжалдың (конфликт) алдын алуын қажет етеді дейді соңғы зерттеулер [4].

Бүгінде әр халықтың түр-түске орай танымын нақты сипаттайтын символдың бірі ретінде мемлкеттік рәміздің басты белгісі саналатын тулардың түсінен көре аламыз. Ежелден қолданылып келе жатқан алуан түрлі нышандар мен рәміздер, геральдикалық белгілер, таңбалар XI-XII ғасырларда Батыс Еуропа елдерінде гербтерге айналды, яғни белгілі бір мемлкеттік символға айналды дейді А. Рысбекұлы [5].

Мұндай танымдық сипаттағы белгілер бүтін бір халықтың символын көрсетуде ерекше орынға ие. Сол арқылы кез келген халықтың гербін, туын, елтаңбасын тануда басты көрсеткіш саналады. Сондықтан алғаш мемлекеттік рәміздердің символына айналған тудың түр-түсін сипаттайтын геральдикалық белгілермен айналысатын мекемелерді қалыптастырды. Әрі олар сол белгілерді

тіркеп, жүйелеп, нақтылауды басшылыққа алды. Кейіннен мұнымен арнайы айналысатын мамандар дайындалды.

Бүгінде кез келген мемлекеттік рәміздерді анықтап, нақтылайтын арнайы мекемелер бар. Оларға қажетті мамандарды дайындау да қарастырылған. Айталық, Ресейдің «Геральдикалық кеңсесі» Ресей Федерациясы Президентінің жанынан құрылған. Онда арнайы лауазым да тағайындалған. Ол – бас мемлекеттік герольдмейстер. Ал Қазақстан Республикасында Мәдениет және спорт министрлігінің Архив істері және құжаттандыру комитетінің Геральдика басқармасынан басқа, геральдика мәселелерімен айналысатын Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссия, сараптама кеңесі, геральдикалық зерттеу орталығы және ұлттық орталық бар [5].

Геральдика саласында әрбір түс белгілі бір ұғымды белдіреді. Сондықтан кез келген ұлттың ұлттық символын танытатын тудың түсі де сол ұлттың басты белгісі ретінде сипатталады. Айталық, Қазақстан Республикасының туы көк түс. Аспандай көк түс адам бойындағы адалдық, тазалық, сенімділік, мінсіздік сияқты қасиеттерді білдіреді. Сонымен қатар, көк түс түркі мәдениетінде терең символдық мәнге ие. Ежелгі түркілер аспанды тәңір-атаға балаған, ал олардың көк туы арғы ата-бабаларға деген адалдықты бейнелейді. Қазақстанның Мемлекеттік туында ол ашық аспанды, бейбітшілікті, игілікті білдірсе, түстің біркелкілігі еліміздің тұтастығын меңзейді [6].

Сондай-ақ туда бейнеленген көк түс аспан – кеншіліктің, тыныштық пен биіктіктің белгісін де аңғартады, ондағы ашық аспанға таралған күн сәулелері сәулетті өмір санатын көрсетіп тұрғандығын айшықтайды. Ал биіктегі жарық жұлдыз Отанымыздың жұлдызы биіктеп, бақыт жұлдызынан нұр шашып тұрғанының белгісі.

Франция мемлкетінің туы үш түрлі түспен бейнеленген көк-ақ-қызыл. Мұндағы көк түс – патшаның түсі. Ал оған қоса бұл Бурбондардың атадан келе жатқан түсі. Өйткені олар Францияны революцияға дейін билеген. Қызыл мен көк Парижді білдіретін түстер. Ол көтерілісшілердің түсі. Көтерісшілер 1789 жылы Бастилияны жаулап алған.

Екі ел Қазақстан мен Францияның туында бейнеленген көк түстің айырмашылығы бірінде ашық болса, екіншісінде қою түспен берілген. Ашық түс еркіндікті білдірсе, қою түс танымдық сипатты аңғартады.

Алмандардың мемлекеттік туы қара-қызыл-сары. Ол 1848 жылы Франкфурт-на-Майнеде қара, қызыл, сары түсті елдің ресми байрағы деп қабылдаған. Алмандықтар бұл түстер арқылы демократияның келбетін көрсетеді.

Қытай мемлекетінің туы қызыл-сары. Қытайлар үшін қызыл түс коммунизмнің белгісі. Сондықтан ол олар үшін қастерлі. Ал сары жұлдыздар коммунистер партиясының біріккендігін көрсетеді. Сондықтан үлкен жұлдызды жағалай қоршаған жұлдыздар (төрт жұлдыз) қолдауға ие болғандығын сипаттайды.

Сөз жоқ, адамзат баласы өзін қоршаған ортаны тануда түрлі түстерден құралған табиғатты көргенде олардан бөлектене алмайды. Тіпті ол түстер белгілі бір символды, идеяны, ұғымды, т.т. қалыптастырып, сан алуан мәдени ақпараттарды алуға да септігін тигізеді. Кез келген халықтың дүниетанудағы бейнесін жасауда басты құралы тіл болса, оның сол тілде жинақтап, бойына сіңдіріп, сан түрлі ақпаратты қалыптастыруда түр-түстер арқылы жасалған символдар көрінеді. Бұл да сол халықтың санасына орныққан тарихи кезеңдерде жетілген әрі дамып, бүгінге дейін жеткен ұлттың жемісі.

Әр түстің өзіндік ерекшелігі сияқты әр ұлттың да түр-түске орай қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан тілде әр түске байланысты тілдік қолданыста сөздер мен сөз тіркестері пайдаланылады. Олар осылай түрлі тілдік бірліктер құрамынан орын алып, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарда да көрініс табады.

Негізінен, түр-түс атаулары тілімізде сөздік қорды қалыптастырушы маңызды бір тармақ. Тіпті ұлттық мәдениетті танытуда басты нышанның бірі деуге болады. Айталық, тарихтағы Көк түрік, Ақ Орда, Көк Орда, т.б.

Кейде салт-дәстүрімізді де осы түр-түске орай қалыптасқан түрлі ғұрыптарымыздың қалыптасқанын көреміз. Баланың дүниеге келгенінен, ақыретке кеткенге дейінгі амал-әрекеттеріміз түр-түспен байланысты болып келетіні осыны аңғартады. Бала алғаш жүре бастағанда аяғына ала жіп байлау, қыз бала тұрмысқа шыққанда ата-анасына тартатын орамалдың түсі қызыл болса қуанышты хабардың болғаны, сары болса уайым, т.т.

Төрт түлік малға қатысты да қолданылатын түр-түс атауларының танымдық сипаты малды түстеп тануға негіз болғандығын сипаттайды. Жалпы алғанда, қазақ халқының түр-түс атауларына деген танымы өмір сүру дағдысында тілдік қолданыста жан-жақты орын алады.

Ақ түс. Ақ түс – тазалық нышаны. Бұл түстің бірнеше мағыналары келтіріледі. Соның ішінде әлеуметтік мағына, психологиялық мағына, геральдикалық мағына, сиқырлы мағына, соғыстағы мағына, сәндегі мағына.

Сөз жоқ, бейбітшілік нышаны ретіндегі ақ түс бейбітшіліктің нышаны, бақыт әрі татуласудың басты белгісі. Айталық, жаугершілік заманда ақ түсті жалау алып, оны татуласуға шақыруы екі жақты келісімнің белгісі. Сондай-ақ ақ түс көптеген аңыз әңгімелердегі, оның ішінде ертегілердегі қаһармандардың әділдікті паш етіп, кедергілерді жеңіп шығуы, кейіпкер арқылы қандай да болмасын қиындықтарды жеңуде ақ, пәк, таза болудың белгісі көрінеді.

Расында, кез келген түр-түстің қасиеті барлығы анық. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымында, наным-сенімінде де бұл түстер қасиетті әрі қадірлі саналады. Бұл ретте, діни сенім танымы да түр-түске ерекше мән беретінін айтуға болады. Айталық, Ислам діні де сүйікті түстерді келтіреді. Оның әсері ислам мәдениетінен орын алады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Ақ түсті киім киіңдер. Өйткені ол әдемі әрі таза. Қайтыс болғандарды онымен кебіндеңдер», «Киімдердің ақ түсті болғанын киіңдер. Өйткені олар ең қайырлы (кебінмен) киімдеріңнен. Қайтыс болғандарыңды да ақ түстімен кебіндеңдер», – деген.

Көріп тұрғанымыздай, Ислам діні де ақ түсті мақұл көрген, құптаған. Себебі оның астарында тазалық, әділдік һәм шынайылық пен тақуалықтың сипаты көрінеді. Қалай дегенде де ақ түстің қашанда жағымды әрі тартымды келетіні осы айтылғандарды алға тартса керек.

Қара түс. Қара – түннің ассоциациясы. Бір сөзбен айтқанда, қараңғылық. Сондықтан оны жарықтың барлық түрін жұтып алатын түс деп, кейде «ахроматты түс» деп таниды. Десе де, бұл түске ерекше мән беріп, өз символдарына айналдырған елдер де жетерлік. Айталық, Жапон халқында қара (kuro) тәжірибесі толысқан, егде жасқа келгендіктің белгісі ретінде сипатталады. Шығыс жекпе-жегінде өнер көрсетіп, жетістікке жеткендерге қара түсті белбеу табысталады. Бұл да белгілі дәрежеде жетістікке жеткендікті сипаттайды. Заманында араб мемлекеті тарихындағы Аббасидтердің түсі қара болған. Соның салдарынан бүгінде араб елдерінде тудың бейнесінде қара түс орын алған. Айталық, Араб әмірлігінің туында қара түс бейнеленген.

Қазақ халқының символикасында ассоциациялық өрісі кең тараған екі түс болса оның бірі – ақ, екіншісі – қара түс. Қара көшпенділер заманындағы қиын кезең, табиғаттың қолайсыз құбылыс, тіпті қара эпитеті түр-түсті белгілемейтін жағдайларда жағымды мәнді иеленіп, мағыналы ассоциацияларды ұсынады. Айталық, қара шаңырақ, қара сөз, қара күш, т.т.

Еліміздің рәміздерінің бірі Елтаңбадағы «алтын шаңырақ» Қазақстанның «қара шаңырақ» деген тіркесінде беріліп, бір шаңырақ астында халықтар бірлігін танытады. Сондай-ақ отбасына күннің жарығын шашып, бақыттың нұрын төгіп тұрғандай сипатталады. Бұл ретте тіліміздегі «қара шаңырақ» ұғымы қазақ отбасындағы киелі мекен – әкенің, атаның, бабаның дәстүр бойынша киелі шаңырағы ұғымында саналады.

Қара түс жалпыхалықтың ауыз әдебиетінде және жазба әдебиетінде де жиі кездеседі. Мұндағы бейнелеу сипатындағы тіркестер түрлі мазмұнда орын алады. Айталық, қара бірде халыққа тиесілі айтылса, қарақұрым деп жиналған қауымды атаса, кейде қара сөзі ірі қара – сиыр, жылқы, түйе малына тиісті айтылады. Сондай-ақ қара сөзі адамның есімімен де байланысты орын алатыны бар. Айталық, Қарабай, Қаратай, т.б.

Қара суық – қыс айларында болатын суық аяз, қара жер – адамның мекені, көзімнің қарасы – ғашықтық, жақындық, сезімдік таным. Міне осындай мазмұндағы қара сөзінің тілдік қолданыстағы аясы қаншалықты кең екендігін көрсетеді. Сондықтан қара біз сөз еткендей тек қана қара түсті ғана білдірмей, оның ауаны әлдеқайда ауқымды сипатта танылады. Бұл әлемдік деңгейде де мазмұндық сипатының мөлшері жан-жақты қолданылатынын көрсетеді.

Қоңыр түс. Қоңыр түс – топырақтың, ағаш діңінің түсі. Бұл түсті картографтар карталарда көбірек қолданылады. Онда физикалық карталарда жоғары биіктікті көрсету үшін пайдаланады. Жалпы, қоңыр түс сирек қолданылады. Көп ретте табиғатта жемістердің, өсімдіктердің, жануарлардың түсі болып табылады. Ал адам баласы қоңыр түс дегенде сол ағаш діңі іспетті көреді. Сондықтан бұл құнарлылық, өнімділік бейнесінде қабылданады.

Қоңыр түс ұғымындағы сөз тілдік қолданыста түрлі сөзбен тіркеске түсіп, түстік реңінен өзге мағыналарды аңғартады. Айталық, қоңыр дауыс – бір ырғақпен айтылатын әуен. Бұл тіркес тыңдаушыға жағымды әрі құлақ құрышын қандыра алатын үн ұғымында сипатталады. Ал қоңыр күй – сүйкімді, ұнамды деген мазмұнда. Мұнда қазақ музыкасының өмір шындығын келтіріп, дыбыстық көркем бейнесі арқылы ұлттық сипатты танытады. Бұл жөнінде І.Кеңесбаев қоңыр сөзі – қоңыр дауыс, қоңыр ән, қоңыр үн синонимдері бір қалыпты ырғақпен айтылып, құлаққа жағымды келетін жұмсақ үн мағынасында қолданылады деп келтіреді.

Қоңыр күз – қыркүйек, қазан айлары, құрғақ мезгіл, қоңыр жел – жайлы соққан жел, майда жел, т.б. Жалпы, адам баласының өмір тіршілігінде жайбарақат күйін сипаттауда қоңыр сөзі осындай тіркестер арқылы семантикалық аясын кеңейтіп, тек қана түр-түс емес, одан өзгеде мағыналарда қолданылып, қазақ дүниетанымында жағымды көріністерді бейнелеуде орынды қоладыналады. Кейде бұл түске өзге ұлттардың танымында да ерекше мән берілгенін көреміз. Ежелге мысырлықтар бұл түске ерекше мән беріп, қастерлегені жайлы мәліметтер бар. Олар өздерінің келбетінің осылай болуына орай әрі топырақтың түсіне қарай байлықтың түсі ретінде қабылдаған.

Бір сөзбен айтқанда, қоңыр түс – табиғат құбылыстарының кей тұстарын бейнелеуде, саз әлемін сипаттауда әрі халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде қарапайымдылығын тану үшін кең қолданыс таптқан. Мұны кезінде белгілі ақын Ж.Нәжімеденов «Қоңыр түс» өлеңінде жақсы ашып келтірген: Қоңырайып жатыр алда жол әлі – Кеудем кейде қоңыр күйге толады. Қоңыр әнмен қазақ бесік тербетіп, Өргізіпті-ау қоңыр-қоңыр баланы.

Сары түс. Сары түс – ежелгі түркілер мен көшпенділердің дүниетанымдық түсінігінде қалыптасқан. Ол даналық пен ақылдылықты, байлықты, әлемге жарық беруші күннің нұрын бейнелеген деген ұғым. Сол себепті бұл түстің мағыналық танымы уайым-қайғыны, сағынышты, т.б. бейнелейді. Тіліміздегі сары уайымға салыну, сары алтындай сақтау, сары алтындай сарғайып күту, т.б. тіл бірліктері уайымдау, сағыну, сағынышпен күту сияқты өмірлік мәні бар әрі адам баласының бойында орын алатын эмоциялық сезімдерді білдіреді.

Мұндай әсерлі сезімді поэзия жолдарынан көреміз. Белгілі ақын Н.Оразалинның «Сары күз» өлеңіндегі сары уайым мәні бұған дәлел:

Саралап, сарғаяды жарық Айым,
Сағынып, сілкінеді сары қайың
Сары күз..
Сары дала...
Сары тоғай...
Санамда сақыр-сұқыр сары уайым..

Түйіндей келгенде, түр-түс атауларының ұлттық сипатын танытатын тілдік деректер барша ұлтқа тән деуге болады. Өйткені кез келген ұлттың рухани дүниетанымы, оның өмірі, болмысы, түр-түс атауларын тануымен

тікелей байланысты. Ал олардың тілдік қолданыстағы рөлі сол ұлтқа тән символдық мәнге ие екендігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қайдаров Ә. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: «Ана тілі», баспасы, 1992. – 160 б.

2 Айтова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ, 2006. – 161 б.

3 Жарқынбекова Ш.К. Концепты цвета в казахской и русской культурах. –Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 226 с.

4 Керимова С.М. Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері. Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2019. – 156 б.

5 Рысбекұлы А. Геральдика – мемлекеттік деңгейде мән беретін маңызды сала. Егемен Қазақстан газеті. 25 шілде, 2021.

6 https://www.akorda.kz/kz/state_symbols/kazakhstan_flag.

7 Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.

8 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том: К-Қ. – Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012. – 736 б.

ҒТАМР 16.21.33

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ШЕШЕНДІК ӨНЕРГЕ БАУЛУДЫҢ МӘНІ

А.Н. Тұрарова
Ф.ғ.к., профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
Н. Юлдашева, С. Давлетова
Студенттер, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Бұл мақалада бастауыш мектеп оқушысында сөйлеу дамуы оның оқу дағдысы, яғни әріптер мен олардың тіркестерін тез және дұрыс тану және көрген белгілерді дыбысталатын дыбыстарға, дыбыс тіркестеріне айналдыру, яғни сөздер құрылым жасай білу, шешендік өнердің білім беру саласындағы жаңаша қыры қарастырылады. Ұлттық санада қалыптасқан шешендік өнер ұғымының қазіргі таңда қандай мәнде қолданылатыны талданады.

Түйін сөздер: шешендік өнер, әдебиет, білім беру, коммуникация, тіл мәдениеті.

Бала ең алдымен ересектердің сөз сөйлеуінде тілдік заңдылықтардың жүйелі көріністерін меңгереді. Үлкен тілдік сыныптарға қатысты бірінші ережелерді меңгере отырып, бала біртіндеп ішкі сыныптарға қатысты ережелерді түсінеді және ең лдымен бала өзіне ең коммуникативтік маңызы бар санаттар мен тілдік бірліктерді меңгереді. Тілдік даму мен тілдік қарым-қатынастың негізгі құрылымы ауызша сөйлеуді түсінудің негізгі заңдылықтары онтогенездің бастапқы кезеңдерінде қалыптасады – бала алғашқы сөздерді айтуды бастағанда, оның сөздеріне шартты рефлекстер жасалады. Екінші жыл ішінде бала дыбысты еліктеу арқылы сөздерді екі-үш сөзден тұратын қарапайым сөздік жүйелерге қосуға үйренеді. Олардың лексиконында дерексіз, түсінікті белгілер пайда болады. Оқу және жазу үшін мүмкіндіктер жасалуда. Тіл жүйесі одан әрі жетілдіруді жалғастырады, сөздік қоры байытылады, сөздер дәлірек болады.Адамның сөзі-адамдардың материалдық қайта құрушы іс-әрекеті процесінде тарихи қалыптасқан тілмен жанама қарым-қатынас түрі болып келеді.

Р.С. Немов атап өткендей баланың мектепке келуіне байланысты қарым-қатынас пен ойынмен қатар оқу іс-әрекеті алға жылжуда, бала ретінде әрекет етеді, еліктеуге үлгі қалыптастыруы және әртүрлі білімнің негізгі көзі болып табылады.Бұл дегеніміз үлкен жастағы балалар сөздердің мағынасын абстрактылы түсіндіре алады, өз сезімдері мен тәжірибесіне негізделген

мәндерден басқа адамдардың ақпаратынан алынған, жалпылама мәліметтерге ауыса алады [1].

Балалар сөздік қорында қалыптасатын сөздер екі топқа бөлінеді: белсенді және пассивті. Белсенді сөз қорына бала түсініп қана қоймай, белсенді,саналы түрде, кез келген жағдайда өз сөздеріне кірістіретін сөздер жатады. Екінші, пассивті қорларға адам түсінетін, белгілі бір ұсыныспен байланыстыратын, бірақ оның сөзіне кірмейтін сөздер жатады. Жаңа сөздер балалардың белсенді сөздік қорын тек қана бекітілген жағдайда толықтырады.

Е.И. Тихееваның пікірінше, бала үйренген әр сөз оған маңызды болып көрінеді. Жиі жаңа сөзде таныс сөзбен ортақ түбірі бар, сондықтан бала оны есте сақтауы оңай болып келеді. Егер мектеп жасындағы бала бір сөздің басқалармен байланысты екенін түсінуге көмектессе, олардың сөздігі тез өседі [2].

Балаға айтылу мен жазылуын ажыратуды үйрету керек. Бастауыш оқытудың соңында балалар жазылатын уақытты еркін өзгерте алады, оның атынан баяндау жүргізілетін адамды жазбаша жоспар немесе аталған атау бойынша берілген тақырыпқа әңгіме жасай біледі, негізгі грамматикалық құрылымдарды табысты пайдалана алады. Сөз құрамын талдауға үйрету кезінде бір түбірлік, туыстық сөздерді таңдай отырып, суффикстерді қосу жолымен сөздің мағынасын өзгерте отырып, балалар ана тілінің лексикасын меңгереді,өз ойларын білдіру және заттардың сапасын дәл анықтау үшін қажетті сөздерді таңдайды. Сөйлем құруда, мазмұнда және шығармаларда оқушылар орфография ережелерін түсінеді және синтаксисті меңгереді.

Литвалық психолог А. Гучастың зерттеулеріне сүйене отырып, кіші оқушының жазбаша сөзі ауызша қарағанда кедей деп айтуға болады. Алайда, баланың сөйлеу дұрыс дамығанда, бұл айырмашылық тез жоғалады.

Бастауыш мектеп оқушысында сөйлеу дамуы оның оқу дағдысы, яғни әріптер мен олардың тіркестерін тез және дұрыс тану және көрген белгілерді дыбысталатын дыбыстарға, дыбыс тіркестеріне айналдыру, яғни сөздер құрылым жасай білу. Балалар тілінің ерекшелігі көбінесе баланың ересектердің сөйлеуін талдау қабілетіне негізделген, атап айтқанда, оның грамматикалық, лексикалық,фонетикалық және басқа да ұйымдар тұрғысынан өзі қабылдайтын сөйлеуден нақты қарастыруға қабілетті. Ерте балалық шақта баланың ересектермен және басқа балалармен қарым-қатынысқа түсу құралы ретінде тіл әрекет ете отырып, баланың сөзі жүзеге асыратын тәжірибелік қызметпен тікелей байланысты немесе қарым-қатынас болатын көрнекі жағдайлармен тікелей байланысты болып келеді.

Бастауыш сыныптарда шешендік сөздерді оқытудың ерекшелігі. Ежелден ой ұшқырлығын, зеректігін бағалаған халқымыздың ғасырлар бойы жиып, көздің қарашығындай сақтап келген асыл мұрасы – сөз өнері ұлтымыздың өрісі, мәртебесі, тұрмыс-салты мен мінез-құлқының көрінісі іспеттес. Жас ұрпақты ұлттық сана-сезім рухында тәрбиелеуде ана әлдиімен даритын ана тілін дамытуда, ауызекі шешен сөйлеуге үйретуде, сөз өнеріне баулуда – сөздің алар орны зор.

«Сөз қадірім, өз қадірім» – деп, кеңдігін де, елдігін де бір сөзге сыйғыза білген халқымыздың асыл қазынасының бірі, қадірлі – інжу маржаны – шешендік сөздер. Ана тілін ардақтау, тілді құрмет тұту, оны талғампаздықпен жұмсау, үздіксіз үйреніп отыру, тілдік амал – тәсілдерді қарым-қатынас мақсатына сай қолдана білу – жалпы мәдениетке қойылатын аса қажетті шаралар. Осы шарттарға жауап беретін сөз-шешендікке ұласады. Тегінде сөз өнерінің шеберлері қоғамдық өмірде болып жататын әр тарапты өзгерістерді, құбылыстарды, адамдардың мінез әрекетіндегі жағымды-жағымсыз көріністерді, елдің тұрмысында ұшырасатын жағдайларды кезінде көрегендікпен байқап шешендік сөзбен жақсылық пен татулыққа меңзеуге, қайырымдылыққа, адамгершілікке еңбекқорлыққа тәрбиелеуге ықпал жасаған. Шешен билер сөз өнері арқылы дарынды, талантты жастарды сөз өнеріне ынталандырып баулып отырған. Шешендік сөздер адамзат өркениеті тудырған рухани – мәдени құндылықтардың бірегейі. Шешендік өнерді меңгертудің басты бір әдісі – оқушылар алдында түрлі проблемалық жағдайлар қойып, соның шешімін тапқызу, тіл арқылы білдіру, онда да тілін әсерлі де дұрыс, дәл, орынды болуын қажет ету. Сондықтан да әдістер жүйесін іріктеуде проблемалық әдістер жүйесін танымдық, ізденімпаздық тұрғыдан қалыптастырып, дамытатын әдістер ретінде қарастырудың маңызы ерекше. Проблемалық жағдайды шешу кезінде оқушылар өзіне сенімді болады, қызығушылығы артады, білімге деген көзқарасы өзгеше сипат алады. Сабақта шешендік сөздердің астарын талдау, дауды шешу, шешендік сөздерді ары қарай жалғастыру, образға ену, мәнерлеп айту, шешендік сөздерді толықтыру, топта талқылау, пікір айту, ой қорыту тағы басқа әдіс-тәсілдерді проблема қоя отырып тиімді қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Оқушыларды шешендік өнерге бейімдеуде монолог әдісі, пайымдау әдісі, эвристикалық әдіс, репродуктивті әдіс, диалог әдістері кеңінен қолданылады. Осындай әдіс-тәсілдердің арқасында оқушының бойында белсенді оқу әрекеттері қалыптасады, оқушының жеке ізденіс қабілеті дамиды, оқушының өзінің шешендік тәжірибесін жүргізу мүмкіндігі қалыптасады, нәтижесінде сөздік қоры молаяды, яғни дәстүрлі сабақпен салыстырғанда меңгерілетін жаңа сөздер екі есеге артады. Оқушының жеке дара қабілеті дамиды.

Бүгінгі шәкірттеріміз – ертеңгі маман, ел билейтін, халыққа қызмет ететін, әр алуан-алуан маман иелері. Ол өз тілінде еркін сөйлей алатын, өз ой-пікірін жұртшылыққа ауызша және жазбаша түрде сауатты жеткізе білуі керек. Міне, оқушының ана тілінде сөйлеу мәдениетін, тіл шеберлігін арттыру үшін шешендік сөздерді сабақта қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тұлғалық сезім мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Сондықтан олардың алдында сөйлеген сөздері шебер де көркем болуға тиіс. Тарихтан белгілі билер мен шешендер, ақын – жыраулар шығармашылығы тіл игерудің үлкен мектебі екені сөйлеу тілінің шеберлігіне қарай бағалау, соған байланысты халықтың немесе елдің тағдырын шешу сықты үрдістің маңыздылығы да бабалар дәстүрінің негізі.

Әрине шешендікке қойылатын талап қоғамның дамуына байланысты жаңаша сипат алады. Бұл ұлттық озық дәстүрімізді әлемдік өркениеттілікпен ұштастыра отырып, шәкірт бойына қалыптастыру – біздің парызымыз болмақ. Ол мақсатты орындауда оқушының бойында танымдық және практикалық бағыттағы бірнеше міндеттер қойылады. Танымдық бағыт бойынша:

– қарым-қатынас жасауда сөйлеу әдебін үйрену;
– шешен сөйлеудің талаптары мен шарттарын ұғындыру;
– ауызекі сөйлеуде шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Практикалық бағыт бойынша:

– ауызекі сөйлеу, жазу, тыңдау;
– тіл мәдениетін жетілдіру;
– сөздікпен жұмыс, мәтінді талдау;
– тірек сөздер арқылы мәтін құрастыру;
– сөйлеу талаптарына сай дағдыларды жетілдіру.

Соңғы жылдары еліміз егемендік алғаннан кейін шешендік өнердің қажеттілігі күн санап артып келеді.

Қорыта келгенде бұл күнде шешендік сөздің рөлін көтеру – тіл мәдениетін көтерудің бір шарты. «Білім негізі – бастауышта» деген қанатты сөзде үлкен шындық пен жауапкершілік жатыр. Болашақ ұрпақтың жағдайын бүгіннен ойлап, олардың тұлғалық қасиеттерінің жастайынан дұрыс дамуын қарастыруымыз керек. Ол үшін тұлғаға бағытталған оқытудың тәрбиелік мәнін аша түсуіміз керек. Бастауыш мектеп баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу, оның тұлға ретінде өзін-өзі ашуға, жалпы дамуының қалыптасуына жағдай жасайтыны негізгі саты. Бастауыш мектептегі тың өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін зерделей отырып, жеке тұлғаға бағдарлай оқыту, тұлғаның өзіндік ерекшеліктерін ескеру арқылы оның жан – жақты дамуын қамтамасыз ететін жаңа педагогикалық технологияларды оқу, жүзеге асырудың нәтижесінде көрініп отыр. Бастауыш сыныпта оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, халықтық педагогика арқылы баланың бойында ұлттық мінез-құлық, кішіпейілділік, сыпайылық, рухани – адамгершілік сияқты ізгі қасиеттерді дарыту қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Аннушкин В.И. Культура речи и риторика в составе речеведческих дисциплин и современной речевой практике. Экология языка и коммуникативная практика. 2014, № 1 (1). – С. 14-24.

2 Қазақстан Республикасы «Тіл туралы» Заңы мен Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».

3 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы, 1997.

4 Адамбаев Б. Алтын сандық. – Алматы, 1989.

5 Байтұрсынов А. Шығармалары (III бөлім, «Әдебиет танытқыш», 137-298-б.). – Алматы: Жазушы, 1989.

ГРНТИ 19.01.11

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ АНГЛИЦИЗМОВ В РЕКЛАМНОМ ТЕКСТЕ

Ж. Жарқымбаева
Магистрант, Университет имени Шакарима города Семей, г. Семей
А.Ф. Аккалиева
Научный руководитель, PhD-доктор, Университет имени Шакарима города Семей, г. Семей

Статья посвящена вопросам использования англицизмов в рекламе. Обозначены актуальность темы и причины возникновения тенденции к использованию англицизмов в современной рекламе на уровне государственных реформ. Также, рассмотрены цели, которые можно достичь, используя англицизмы. Описан ряд отличительных черт англицизмов в рекламных текстах. Указаны обязательные условия для эффективного использования англицизмов в рекламном тексте.

Ключевые слова: англицизм, реклама, слоган, треязычие, иностранный язык.

Актуальность применения иностранных слов и терминов в рекламном тексте на современном этапе развития общества очевидна, так как параллельно с развитием общества развивается язык, являющийся некой системой, которая носит открытый, динамичный и мобильный характер. На данный момент более значимым направлением для изучения влияния языка на общественное развитие можно считать внедрение англицизмов в культуру языка в целом.

За последний период в Казахстане были проведены реформы сферы образования, которые знание английского языка обозначили одной из приоритетных задач. Так появилось стремление к треязычию на занятиях, бесконечные курсы по английскому языку для педагогов, которые должны были за три месяца обучения освоить методы использования англицизмов, терминов на английском языке на своих предметах, также всего за три месяца эти терминыне обходимо было выучить. Начиная с 2016 года 1151 педагогов Акмолинской области в рамках реализации «Государственной программы развития образования и науки РК на 2016-2019 годы» и обновления содержания системы среднего образования, а также развития трехъязычного образования согласно плана, утвержденного МОН РК, обучились на

языковых курсах предметов «Физика», «Информатика», «Химия» и «Биология» [1].

Опустим вопрос оценки такого новшества и степень эффективности затраченных средств на данную образовательную реформу. Отметим лишь, что и эта работа лишь закрепила статус английского языка в целом, как значимого для нашего государства. Естественно, подобные действия приводят к появлению новых, все более частых фактов использования англицизмов, делает их не только привычными, но и предпочитаемыми в обществе в целом, в том числе в рекламных текстах.

Помимо этого, есть и другие факторы, которые способствуют применению англицизмов в рекламе: стремительное развитие информационных технологий (появление слов: байт, сайт, Интернет, компьютер и др.), отсутствие альтернативного обозначения новых слов в русском и казахском языках (инвестор, спонсор, инвестиция, спрей). Даже если в языке уже существует схожее наименование, по семантическому значению английский термин может быть более конкретным (образ-имидж). Также, к причинам использования англицизмов можно отнести его престижность, которая формируется и за счет проводимых вышеописанных государством реформ, и за счет стремления страны в целом приблизится к благоприятным с экономической точки зрения странам, завязать с ними партнерские отношения, повысив благосостояние страны. Иногда, вопрос состоит только в престижности (вахтер и рисепсионист). К тому же, само знание языка считается важным навыком для современного специалиста.

Сегодня англицизмы можно заметить в каждой сфере человека (реклама, образование, экономика, политика, предпринимательство и т.д.). Остановимся на рекламной сфере. Анализ работ по данной теме позволяет обозначить несколько основных целей, которые можно достичь при использовании англицизмов в рекламе:

1. Создание ощущения уникальности продукта (или услуги), его важности и неповторимости;
2. Привлечение внимания за счет нестандартного для речи в целом звучания;
3. Упрощение процесса создания рекламы: копирование англоязычного текста с сохранением англицизмов при переводе на родной язык;
4. Повышение статуса рекламного текста и товара в целом, и это работает т.к. сам язык ассоциируется с престижем;
5. Подчеркивание иностранного происхождения компании отражается в рекламных слоганах (Пример: «С «МЕХХ» всегда МЕХХмалъный успех!») [2].

Многие компании, которые пришли на рынок нашей страны изначально являются иностранными, поэтому использование англицизмов в их рекламе более чем оправдано. Но существует и целый ряд отечественных компаний, которым важно международное сотрудничество, а значит и важно быть понятными на международном уровне. Поэтому и для этих компаний,

несмотря на не иностранное происхождение, использование англицизмов можно считать оправданным шагом.

Существует ряд отличительных черт англицизмов в рекламных текстах. Так, можно отметить, что употребление английских слов в рекламе имеет тенденцию к общему упрощению текста, уменьшению количества слов до 4-6, при этом такие фразы на английском языке в рекламе обычно употребляют в повелительном наклонении. Существуют свои особенности и в употреблении глаголов. Чаще всего можно встретить около 20-25 простых глаголов: is, do, get, come, make, take и др. Они однозначны и структурно просты и понятны. Чаще же глаголы отсутствуют вовсе («Volvo – for life»), при создании рекламных слоганов их часто опускают [3].

Говоря об условиях применения англицизмов стоит указать на работу О.А. Ксензенко «Прагматические особенности рекламного текста». В ней автор отмечает следующие условия:

1. Рекламодатель должен иметь основания для того, чтобы считать потребителя знающим английский язык;
2. Английский язык должен восприниматься как иностранный, чтобы служить фактором современности и связи между разными культурами и странами [2]. В некоторых исследованиях отмечают, что среди реципиентов показано понимание лишь 38 % англицизмов в рекламе, что позволяет выполнять данное условие. Психика человека так устроена, что то, что непонятно, чаще будет воспринято как более привлекательное, вызывающее интерес. Это и есть основная причина использования англицизмов в рекламных текстах.

Таким образом, использование англицизмов в рекламе, а также других иностранных слов, является естественным процессом, непрерывно сопровождающим развитие общества и торговых отношений. Это связано с глобализацией экономики, а также с особенностями восприятия иностранной речи простым обывателем. Предполагаем и дальнейшее увеличение количества англицизмов в рекламе и других сферах, несмотря на текущую политическую ситуацию в мире. Возможно, в более далеком будущем эта тенденция будет иметь направление к снижению, в случае экономического упадка западноевропейских стран.

Конечно, употребление англицизмов ведет к постепенному снижению уникальности родных для нашей страны языков, но их использование приводит к повышению гибкости, открытости и легкости восприятия рекламного текста [4]. Напомним, что в рекламе главное привлечь внимание потребителя, с чем англицизмы справляются наилучшим образом на текущий момент.

Литература

1 Трехъязычие как один из приоритетов современного образования/ https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-du/press/news/details/144657lang=ru.

2 Ксензенко О.А. Прагматические особенности рекламных текстов [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://evartist.narod.ru.

3 Англо-русский и русско-английский словарь для школьников грамматическое приложение. Изд. «Славянский дом книги», 1998. – С. 223.

4 Брейтер М.А. Англицизмы в русском языке: история и перспективы. Пособие для иностранных студентов-руссистов. – Владивосток. Издательство «Диалог», 1995. – С. 143.

ҒТАМР 16.21.39

КӨРКЕМ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Н. Тұрарова
Ф.ғ.к., профессор, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
Н. Кеңесқұлова, Б. Нарметов
Студенттер, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Жазба тілді дамыту маңызды, әрі күрделі мәселе. Жазба сөз ауыз сөзге қарағанда өзгеше психологиялық негізі бар, айырықша тіл функциясы. Ол өте қиын, саналы, әдейі бір мақсатпен жұмсалатын тіл формасы. Осы уақытқа шейін жазбаша тілді меңгерудің, яғни оқушының жазу дағдысын қалыптастырудың бастауышта үш кезеңі (элементтік кезең, әріптік кезең, әріптерді жалғастырып жазу кезеңі) бары, сол кезеңдерге қойылатын талаптарды орындауға төселдіру қажеттілігі және мұның бәрі өте күрделі процес болып табылады.

Түйін сөздер: Коммуникативтілік, жазу дағдысы, қабілет, таным, ізгілендіру.

«Мектептің реформасымен анықталған мектептегі білім беру жүйесіндегі шынайы өзгеріс оқу процесінің тиімділігінің негізгі критерийлерінің бірі ретінде оқушылардың даралығын қалыптастыруды, дарынды, қабілетті, ынталы, дамыған коммуникативті дағдылары бар, ашық педагогикалық процеске қатысатын, ашық қоғамда өмір сүруге дайындалған, мектептің алғашқыжылдарынан бастап қарастыруды талап етеді» [1].

Педагогикалық процесті ізгілендіру мәселесі бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау оны шешудің бір жолын анықтауға мүмкіндік берді, атап айтқанда бастауыш мектеп оқушыларының қарым-қатынасын ұйымдастыру бұл өмірдің күшті талабы. Демек, оқытудың маңызды міндеттерінің бірі – оқушылардың оқуға деген белсенді көзқарасын дамыту. Оқу процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру міндетін шешудегі басты мәселе оқушылардың оқу-жаттығуын жандандыру болып табылады. Оның ерекше маңыздылығы мынада, оқыту рефлексивті-трансформациялық қызмет бола отырып, оқу материалын қабылдауға ғана емес, сонымен бірге оқушының танымдық іс-әрекетке деген көзқарасын қалыптастыруға бағытталған. Қызметтің трансформациялық сипаты әрқашан субъектінің белсенділігімен байланысты. Бастауыш мектеп оқушыларына қатысты мәселенің зерттелу

жағдайын сипаттай отырып, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті іс-әрекетін педагогика арқылы жандандыру аспектісі әлі де дамымағанын атап өтеміз. Әрбір жас кезеңінде адамның өмірлік белсенділігі (жеке адамның өз белсенділігін жүзеге асыру тәсілі) көптеген салалардан тұрады, олардың арасында доминанттарды, яғни белгілі бір жастағы адамның өз қызметін жүзеге асыру қажеттілігі мен мүмкіндігіне ие екендігін атап өтуге болады. Бастауыш мектеп оқушысы үшін таным, пәндік-практикалық қызмет, ойын, қарым-қатынас, спорт өмірдің осындай салалары болып табылады. Қарым-қатынасты оқыту кезінде барлық мүмкін болатын іс-әрекеттерді қосу керек және осы негізде қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру қажет.

Жазба тілді дамыту маңызды, әрі күрделі мәселе. Жазба сөз ауыз сөзге қарағанда өзгеше психологиялық негізі бар, айырықша тіл функциясы. Ол өте қиын, саналы, әдейі бір мақсатпен жұмсалатын тіл формасы. Осы уақытқа шейін жазбаша тілді меңгерудің, яғни оқушының жазу дағдысын қалыптастырудың бастауышта үш кезеңі (элементтік кезең, әріптік кезең, әріптерді жалғастырып жазу кезеңі) бары, сол кезеңдерге қойылатын талаптарды орындауға төселдіру қажеттілігі және мұның бәрі өте күрделі процес болып табылады.

Л.С. Выготский: «әріп жазуға үйрету деп ойламау», – дей келіп, әрі қарай осы күнгі қолданылып жүрген дыбыстық талдаудың да жазуға үйрету жатпайтындығы туралы: «.. тәжірибе көрсеткендей, сөз ішіндегі дыбыстарды талдай алатын бала сөз жазып кетеді деп айтуға болмайды, оған жазу механизмін үйрену қажет» дейді. Біз баланың мектепке дейінгі ішкі ойын сыртқа шығаруының табиғи тәсілін мектепке келген бірінші жылы «Әліппеден оқыған, жазғанымен, яғни оқу, жазумен оны бейнелеу өнерімен интеграциялауымыз, тәжірибе көрсеткендей, жазба тілді дамытудың көзі болады» [1].

Ауызекі сөйлеу тілінің патологиясынан басқа жазу тілдің бұзылуы болады. Қандай бала болмасын еш уақытта бірден дұрыс жазып және оқып кете алмайды. Балалардың барлығы оқу мен жазуды үйренудің алғашқы сатысында азды – көпті қателерді жібереді. Сөйлеу тілі дұрыс жетілмеген балалар мектепке дейінгі жастарында қажетті сөздік қорларын игереді, сөйлеу тілінің грамматикалық түрлерін меңгереді, сөздерге дыбыстық талдау жасай алады.

Ал, сөйлеу тілдерінің түрлі патологиялары бар балаларда бұлардың даму барысы кешеуілдеп артта қалып қояды. Жазуының кемістігі бар балалардың айтылған сөздердің мағыналарын дұрыс түсінбеулерінің салдарынан жазған жазуларын түсіну өте қиын. Оқу мен жазу бір-бірімен тығыз байланыста болғандықтан, жазуындағы кемістіктер оқуында да қатар жүреді. Жазудың патологиялары аграфия, дисграфия деген термин сөздермен аталады. Аграфия – жазуды толық меңгеруге қабілеті жетпейді, ал дисграфия– жазу процесінің жартылай бұзылуын білдіреді. Сол сияқты оқудың кемістіктері де алексия, дислексия деген термин сөздермен аталады.

Қазіргі уақытта балалардың оқуы мен жазуындағы кемістіктер сөйлеу тілінің фонетико-фонематикалық және лексико-грамматикасының барлық сыңарларының жалпы толық дамымауы салдарынан жиі болатындығы анықталады. Дисграфия мен дислексия жалпы сөйлеу кемістігінің 3–деңгейінде балаларда пайда болады, ал жалпы сөйлеу кемістігінің ауыр түрлерінде (1-2 деңгей) оқуы мен жазуды меңгеру мүлде мүмкін емес [2].

Магистрант, Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, г. Нур-Султан

В статье рассмотрен процесс государственного регулирования и формирования тарифов в сфере тепловой энергии. Изложены применяемые государством методы утверждения тарифов и действующие виды дифференциаций. Изучены действующие меры социальной поддержки, льготы для населения в части оплаты коммунальных услуг, в том числе и за пользование тепловой энергии. Представлены рекомендации по разработке льготной методики тарифообразования в сфере тепловой энергии.

Ключевые слова: тарифы, дифференциация тарифов, тепловая энергия, методы утверждения, льготы.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О естественных монополиях» (далее – Закон) рынок тепловой энергии является монопольным, за исключением тепловой энергии, выработанной с использованием тепла грунта, грунтовых вод, рек, водоемов, сбросной воды промышленных предприятий и электростанций, канализационно-очистных сооружений. Что означает, что цены на услуги в сфере тепловой энергии устанавливаются и регулируются государством. Главной из основных причин монополизации данной сферы является сдерживание цен на услуги и товары социально значимого рынка и развитие жилищно-коммунальной сферы. Регулирующим органом исполнительной власти, утверждающим тарифы, является Комитет по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан и его территориальные департаменты.

Государственное регулирование цен представляет собой совокупность мер по формированию, установлению и утверждению тарифов, а также определению методов тарифного регулирования. Согласно Закону, тариф – денежное выражение стоимости регулируемой услуги. Тарифное регулирование распространяется на такие услуги рынка тепловой энергии как производство, передача, распределение и снабжение тепловой энергией [1].

Основным нормативным правовым актом, определяющим порядок установления тарифов, являются Правила формирования тарифов, утвержденные приказом Министра национальной экономики Республики

В соответствии с данными Правилами, в процессе формирования тарифа существует понятие дифференцированные тарифы. Дифференциация тарифов применяется только на услуги теплоснабжения, оказываемые для конечного потребителя.

На сегодняшний день тариф на регулируемые услуги по снабжению тепловой энергией дифференцируется по группам потребителей, в том числе в зависимости от наличия или отсутствия общедомовых приборов учета потребления тепловой энергии. В целях дифференциации потребители подразделяются на группы:

1) физические лица, относящиеся к категории населения – первая группа;

2) прочие потребители, не относящиеся к первой и третьей группе – вторая группа;

3) бюджетные организации, содержащиеся за счет бюджетных средств – третья группа [2].

Данная дифференциация направлена на размеренное распределение нагрузки между простым населением и крупными предприятиями, а также государственными учреждениями [5].

Так, например, на практике утверждаемый тариф для первой группы потребителей в два раза меньше, чем тариф для второй группы, и в пять раз меньше тарифа для третьей группы потребителей.

Далее тариф для населения по дифференциации по группам потребителей внутри дифференцируется еще на три группы в зависимости от наличия или отсутствия прибора учета в жилых помещениях:

1. с приборами учета тепловой энергии;
2. без приборов учета тепловой энергии;
3. для потребителей, проживающих и расположенных в ветхих, аварийных помещениях, домах барачного типа, где отсутствует техническая возможность установки общедомовых приборов учета тепловой энергии.

Однако, данное положение тарифов никак не влияет с позитивной точки зрения на благосостояние социально-уязвимых слоев населения. Ведь под первую группу потребителей – население, подпадает всё население без исключения. То есть, дифференциации по социально уязвимости населения отсутствуют.

В свою очередь, потребители, проживающие в ветхих и аварийных домах, составляют основную массу социально-уязвимого населения. При этом, тарифы утвержденные для данной категории лиц выше, чем тарифы для потребителей, проживающих в помещениях с приборами учета

В данном случае политику регулирующего органа можно понять. Ведь целью такой положительной дифференциации для домов с приборами учета является учетное, бережливое потребление энергоресурсов. Для разумного разделения затрат между потребителями со счетчиками и без них, для

появления свободных мощностей на ТЭЦ необходимо ввести в тариф высокую фиксированную часть, отражающую все постоянные затраты, в том числе затраты на нормируемые тепловые потери [4].

Кроме этого, государством предусмотрена определенная жилищная помощь в сфере коммунальных услуг. В соответствии с Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2009 года № 2314 «Об утверждении Правил предоставления жилищной помощи» жилищная помощь определяется как разница между суммой оплаты расходов на потребление коммунальных услуг и предельно допустимым уровнем расходов малообеспеченных семей (граждан) на эти цели, установленным местными представительными органами [3].

Однако, действующая система оказания социальной помощи в сфере коммунальных услуг требует модернизации и усовершенствования. Так как, вышеуказанная модель помощи на практике чаще всего оказывается недостаточно эффективной и ощутимой для нуждающейся части населения.

Учитывая вышеизложенное, можно сделать вывод, что кроме указанного постановления и дифференциации по группам потребителей, отсутствуют какие-либо еще механизмы льготирования тарифов тепловой энергии для населения.

Таким образом, считается целесообразным внести изменения в систему тарифообразования в сфере тепловой энергии с рассмотрением вопроса введения льготной группы потребителей или льготирования имеющегося тарифа.

Литература

1 Закон Республики Казахстан «О естественных монополиях».

2 Приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан от 19 ноября 2019 года №90 «Об утверждении Правил формирования тарифов».

3 Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2009 года № 2314 «Об утверждении Правил предоставления жилищной помощи».

4 Совершенствование тарифной политики в теплоснабжении, Полисан О.А., 2007, Вестник Университета Российской академии образования (https://cyberleninka.ru/article/n/sovershenstvovanie-tarifnoy-politiki-v-teplosnabzhenii).

5 Выравнивание региональной дифференциации тарифов в сфере тепловой и электрической энергии в Российской Федерации, Цветова Г.В., Кондакова Ю.Д., 2017, (https://cyberleninka.ru/article/n/vyravnivanie-regionalnoy-differentsiatsii-tarifov-v-sfere-teplovoy-i-elektricheskoy-energii-v-rossiyskoy-federatsii/viewer).

ҒТАМР 06.39.41

ПОСТДАҒДАРЫСТЫҚ КЕЗЕҢДЕ БИЗНЕС ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

Р. Мұратжанұлы, Н.Б. Кабдолданов
Магистрант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.

Мақалада «кәсіпкерлік» және «бизнес» терминдерінің айырмашылығын анықтауға әрекет жасалды. Осы мақсатта аталған мәселе бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарына теориялық зерттеу жүргізілді. Бизнес пайда табуға бағытталған қызмет, кәсіпкерлік – шығармашылық, жаңашылдық (экономикалық, іскерлік және т.б.) қызмет ретінде түсіндіріледі.

Пандемияның салдарымен күресте бірқатар елдердің (Түркия, Корея Республикасы, ГФР, АҚШ) мемлекеттік саясатын іске асыру тәжірибесі зерделенді.

Түйін сөздер: бизнес, кәсіпкерлік, короновирус, пандемия, мемлекеттік қолдау.

Классикалық әлеуметтік-экономикалық ғылымның өкілдері Ж.Б. Сэй ғылыми айналымға енгізген «кәсіпкерлік» ұғымын егжей-тегжейлі зерттеді. Алайда, қазіргі зерттеулерде кәсіпкерлікпен қатар «бизнес» термині жиі синоним ретінде қолданылады. «Кәсіпкерлік» және «бизнес» терминдерін айырмашылығын анықтауда экономист ғалымдар теориялық зерттеулер жүргізді. П.Друкер кәсіпкерлікті бизнестен ерекшелендіреді, «әрбір жаңа шағын бизнестің барлығы кәсіпкерлікті білдірмейді», мысалы, тағы бір пиццерия, кафе және т.б., бұл жағдайда өзгеруге бағытталған инновациялық нәрсе жоқ, сондықтан кәсіпкерлікке жатпайды [1]. Оның пікірінше, кәсіпкер өзгерістерді анықтап, оларға жедел бейімделіп, оларды мүмкіндік ретінде пайдаланады. Зерттеу нәтижелері бизнестің пайда табуға және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған тұрақты экономикалық қызмет ретінде түсінілетіндігін көрсетті. Кәсіпкерліктің өзіне тән белгілері – бастамашылдық, пайда табуға ұмтылу, тәуекел және жеке жауапкершілік, қызметтен қанағаттану, ұтқырлық, белгісіздік жағдайында кәсіби шешімдер таба білу, жаңа идеялар мен оларды жүзеге асыру жолдарын іздеу. Кәсіпкерлік процесі идеяны іске асырудан алғашқы пайда табумен аяқталады. Пайдаланылған схема екінші рет басталған кезде бизнес кезеңі басталады. Кәсіпкерліктің мақсаты – инновацияларға, озық идеяларға негізделген

қоғамның өсуі (экономикалық, әлеуметтік және т.б.) және дамуы. Бизнес қоғамды қажетті тауарлармен, қызметтермен қанықтыруға бағытталған.

Сонымен, кәсіпкерлік (кәсіпкерлік қызмет) өндірістің үш негізгі факторларын (жер, капитал және еңбек) біріктірудің ең жақсы әдісін іздеу процесі ретінде [2]. және өндіріс факторлары арасындағы тиімді қатынастарды орнату мен қолдау бойынша үйлестіру жұмысы ретінде қарастырылады. Бизнес деп біз негізгі мақсаты «жылдам» пайда алу және оның басшыларын жеке байыту болып табылатын кез келген қызмет түрін айтамыз.

Кәсіпкерлік – нарықтық экономиканың басты элементтерінің бірі, онсыз халық шаруашылығы қарқынды дами алмайды. Кәсіпкерлік мемлекеттің экономикалық даму қарқынына, жалпы ұлттық өнімнің құрылымына, көлемі мен сапасына әсер етеді [3].

Коронавирустың тез таралуы және көптеген елдерде төтенше жағдайдың енгізілуі мемлекеттік басқарудың тиімділігі сұрақтарын алдыңғы қатарға шығарды және мәселелерін атап өтті. Пандемия мемлекеттік аппарат жұмысын трансформациялаудың катализаторына айналды, мемлекеттік басқарудағы реформалардың жылдам іске асырылуына, ауқымды цифрландыруға және мемлекеттік қызметтің адами ресурстарын басқару жүйесін қайта қарауға ықпал етті. Бүкіл әлемдегі үкіметтер қабылдаған жалпы шараларға қашықтықтан жұмыс істеуге көшу, қозғалысқа шектеулер, қоғамдық жиналыстарға тыйым салу, медициналық мекемелерді қаржыландыру, әлеуметтік қамсыздандырудың жаңа түрлері, вирустың таралуын болдырмауға арналған басқа да шаралар кіреді.

Үкіметтер қабылдаған жалпы тенденцияларға қарамастан, шаралар формасы жағынан да, жылдамдығы жағынан да айтарлықтай ерекшеленеді.

Осыған байланысты пандемия кезінде біраз елдердің үкіметтері қабылдаған шараларға салыстырмалы талдау жүргізілді.



Сурет 1. Пандемия жағдайында кәсіпкерлік пен бизнесті қолдауда елдермен қабылданған мемлекеттік шаралар.
Дереккөз: [4]. әдебиеті негізінде құрастырылды.

Түркия – салықтарды азайту және төтенше жағдайға тап болған компаниялар үшін кредиттерді, табыс салығын және корпоративтік салықтарды

өтеуді кейінге қалдыру арқылы бизнесті мемлекеттік қолдаудың қажеттілігін уақтылы түсінген елдердің бірі. Барлық осы шаралар компаниялар қызметкермен еңбек келісімшарттарын 3 айға бұзбаған жағдайда ғана жүзеге асырылды. Сонымен қатар, мұндай жағдайларда бұл компанияларға 10-нан 100 миллион лираға дейін қосымша мемлекеттік қолдау көрсетілді. «Экономикалық тұрақтылық қалқаны» деп аталатын түрік бизнесіне көмек пакеті 600 миллиард түрік лирасын бөлуді қарастырды [4, 22 б.].

Оңтүстік Кореяда экономиканы мемлекеттік қолдаудың негізгі шараларына жұмыспен қамтуды қолдау және кеңейту; цифрлық және жасыл өнеркәсіпті дамыту; кәсіпорындарды қаржылық қолдау; шағын және орта кәсіпорындарға, ірі және орта фирмаларға кеңейтілген кредит беру жатқызылды. Жалпы алғанда, 6,3 трлн вон шығындары 2020 жылдың қосымша бюджетіне енгізілді. 2022 жылға қарай жалпы алғанда 67,7 трлн вон инвестицияланады, ал 2025 жылға қарай жалпы күрделілікте 160 трлн вон инвестицияланады және жалпы 1,9 млн жұмыс орны ашылады деп күтілуде [4, 23 б.].

«Kurzarbeit» бағдарламасы Бундестагпен 2020 жылдың 25 наурызында бекітілді және экономиканың әл-ауқатын сақтаудың маңызды құралына айналды [4, 25 б.]. Бұл модельдің негізгі мазмұны мемлекет дағдарыстың салдарынан жаппай жұмыстан шығаруды болдырмау үшін мұны уақытша жасай алмайтын кезеңде компания қызметкерлеріне жалақы төлеуді өз мойнына алады. Мемлекеттік көмектің бұл моделі экономика үшін маңызды екі міндетті шешуге ықпал етеді. Біріншіден, кәсіпорындарға ішінара немесе тіпті толық жұмыс істемеу кезінде білікті кадрларды сақтауға және жаппай жұмыстан шығаруға жол бермеуге көмектеседі. Бұл, мысалы, Германияға тән жоғары мамандандырылған орта және шағын машина жасау компаниялары үшін өте маңызды. Екіншіден, кәсіпорын қызметкерлеріне тұрақты кірісті қолайлы деңгейде сақтауға көмектеседі. Өйткені, егер олар жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға жүгінуі керек болса, бұл мемлекет үшін одан да қымбатқа түсуі мүмкін.

2020 жылғы 27 наурызда АҚШ –та бизнес пен кәсіпкерлікті қолдау бойынша үшінші шаралар пакеті қабылданды да сомасы 2,3 трлн АҚШ долларын құрады, ол:

– жұмыссыздық бойынша төлемдер (төлемдер мөлшерін ұлғайту, азаматтардың қосымша санаттарын қосу, төлемдер ұзақтығын ұлғайту);

– табысы 75 мың АҚШ долларына дейінгі адамдарға тікелей төлемдер. АҚШ доллары;

– шағын бизнеске, ірі корпорацияларға және мемлекеттік басқару органдарына несиелер мен гранттар беру;

– бизнес үшін салықты кейінге қалдыру және азайту;

– денсаулық сақтау, білім беру жүйелерін, төтенше жағдайларды басқару Федералды агенттігін қаржыландыруды ұлғайту.

Қазақстанда бизнесті мемлекеттік қолдау мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік даму институттарының, бизнес пен бизнес-қауымдастықтар

мен капиталды бөлетін жеке қаржы ұйымдары өкілдерінің өзара іс-қимылы арқылы құрылады. Мемлекеттік қолдау кәсіпкерлік қызметті ынталандыруға бағытталған тікелей және жанама шаралар кешенін қамтиды. Ол бизнесті қолдау жөніндегі фискалдық және ақша-кредит саясатының мынадай элементтерін қамтиды:

1) кредит беруге байланысты шаралар;
2) Салық және кеден тетіктері;
3) субсидиялау, шығындарды өтеу және қаржылық гранттар;
4) әкімшілендіру, мемлекеттік сатып алу және өзге де шаралар.

Осыған байланысты, 2021-2022 жылдары «Бизнестің жол картасы 2025», «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары, «Еңбек» және «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламалары, сондай-ақ айналым капиталын толықтыруға Ұлттық банкті жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы шеңберінде ШОБ-ты жеңілдікпен кредиттеу бойынша жұмыс жалғасуда. Несиелер бойынша соңғы мөлшерлеме жылдық 6% құрайды. Айналым капиталын толықтыруды қаржыландыру едәуір кеңейтілді, кредиттер сомасы ұлғайтылды, салалық шектеулер алынып тасталды, микро және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қолжетімді микрокредит беру іске қосылды. 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 1 трлн теңгеден астам сомаға 31 мыңнан астам жоба жеңілдікті қаржыландыру алды. Экономикалық қызмет түрлерінің тізбесі кеңейтілді. Субсидиялау мерзімі 3 айға ұзартылды. Бұл мақсатқа бюджеттен 18,4 млрд теңге бөлінді. «Бизнестің жол картасы 2025», «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары шеңберінде бизнестің жаңа жобаларын субсидиялау үшін шілде айында бюджеттен қосымша 13,2 млрд теңге бөлінді. Екі бағдарламаны қаржыландырудың жалпы көлемі 186,3 млрд теңгені құрады

«Бизнестің жол картасы-2025», «Еңбек» бағдарламасы және «Жұмыспен қамту 2021-2022 жол картасы» бойынша 2021 шамамен 24 млрд теңге қарастырылған, бұл өткен 2020 жылмен салыстырғанда 2,5 есе көп [5].

ҚР-дағы мемлекеттік шаралардың тиімділігін бағалау негізінде Қазақстанға өзінің тиімділігін күшейту, дағдарыстан кейінгі кезеңде экономиканы қалпына келтіру және өндірісті жандандыру, әлеуетті арттыру және ықтимал ұқсас сын-тегеуріндерге дайындықты арттыру үшін Қазақстанға шетелдік өткізу нарықтарына шығу мақсатында бизнес пен кәсіпкерлікті қолдай отырып барлық халықаралық алаңдарда көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелерін ілгерілетудің маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Игнатова И.В. Предпринимательство и бизнес: терминологическая дифференциация // https://cyberleninka.ru/article/n/predprinimatelstvo-i-biznes-terminologicheskaya-differentsiatsiya.

2 Макконнел К.Р., Брю С.Л. Экономикс: принципы, проблемы и политика: в 2 т. – М.: Республика, 1993. Т. 1. – 399 с.

3 Предпринимательство: учебное пособие / Н.Ю. Никитина, С.М.Корунов, А.А. Яшин, И.Д. Опарин; под общ. ред. Н.Ю. Никитиной; Министерство науки и высшего образования Российской Федерации, Уральский федеральный университет. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2020. – 256 с.

4 https://www.astanacivilservicehub.org/uploads/research_pdf/research%20project/1_Rus.pdf.

5 https://primeminister.kz/ru/news/v-kazahstane-podgotovlen-novyy-paket-mer-po-podderzhke-msb-a-irgaliev-37543.

ҒТАМР 06.71.07

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Д.С. Махметова
PhD-докторант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр Сұлтан қ.

Қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан облысы еліміздің өнеркәсіптік-аграрлық аймағы болып табылады. Облыстың агроөнеркәсіп кешенін облыс экономикасының драйвері деп атауға негіз бар, себебі облыс сүт, күнбағыс майлы дақылдар, бал және мүйізді өндіру бойынша республикада бірінші орында, ет өндіруден екінші орында тұр.

Бұл мақалада Шығыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылық секторанның ерекшеліктері мен негізгі басым бағыттары қарастырылған. Облыстың агроөнеркәсіп кешенінің соңғы жылдардағы өндірістік-экономикалық дамуының тұрақты даму тенденциясы зерттелген. Ет, сүт өндірісі, өсімдік шаруашылығы бойынша көрсеткіштері талданған. Соңғы жылдардағы өңірдегі ауылшаруашылығына бөлінген қаржылар мен инвестия көлемі талданған.

Қорытындысында Шығыс Қазақстан облысының жеткілікті өндірістік әлеуетке ие және өзін-өзі негізгі азық-түлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар екендігі дәлелденген.

Түйін сөздер: ауыл шаруашылығы, агроөнеркәсіп кешені, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, субсидия, инвестиция, цифрлық экономика, инновациялық технологиялар, мемлекеттік қолдау.

Аграрлық-өнеркәсіптік кешен (АӨК) – мемлекеттің экономикалық тұрғыдан дамуына үлес қосатын еліміздегі маңызды саланың бірі. Агроөнеркәсіп кешені ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге және сол өнімді тұтынушыға жеткізуге қатысатын барлық шаруашылық салаларын біріктіреді.

Агроөнеркәсіп кешенінің дамуы мемлекет пен саланың экономикалық формациялары арасындағы қарым-қатынастардың қаншалықты негізделген болатынына байланысты. Мемлекет бұл мәселені сапалы шешетін болса, агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындары мен ұйымдарының кем дегенде 80 пайызы тиімді жұмыс істейді. Осылайша, мемлекеттің алдында

агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кәсіпорындарды дамыту және олардың жұмыс істеу тиімділігін арттыру үшін жағдай жасау міндеті тұр.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау мен реттеудің әртүрлі нысандарын, әдістерін және принциптерін зерттеу ерекше өзектілікке ие. Қазіргі таңда агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыру айтарлықтай бюджеттік қаржыландыруға сүйенеді: мемлекеттік және аймақтық. Агроөнеркәсіп кешеніндегі кәсіпорындарды мемлекеттік қолдаудың отандық тәжірибесі көрсеткендей, шығындардың басым бөлігі аймақтық деңгейде жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан облысы еліміздің өнеркәсіптік-аграрлық аймағы болып табылады. Шығыс Қазақстан облысын агроөнеркәсіп кешенін облыстың экономикасының драйвері деп атауға негіз бар, себебі облыс сүт, күнбағыс майлы дақылдар, бал және мүйізді өндіру бойынша республикада бірінші орында, ет өндіруден екінші орында тұр.

Облыстың агроөнеркәсіп кешені ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, оларды өңдеуді және азық-түлік өнімдерін өндіруді, сондай-ақ оларды тұтынушыларға сатуды қамтамасыз ететін экономика секторларының жиынтығымен ұсынылған. Агроөнеркәсіп кешені облыстағы материалдық өндіріс салаларының арасында жетекші орындардың бірін алады.

Шығыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешенін дамытуда соңғы жылдары ауыл шаруашылығы саласының өндірістік-экономикалық дамуының тұрақты тенденциясы байқалды, оған ұзақ мерзімді мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыру ықпал етті. Бағдарламалардың іс-шараларын іске асыру шеңберінде өндірісті жақсарту, оның экономикалық тиімділігін арттыру, ауылды көркейту және дамыту шаралары қабылданды. Агроөнеркәсіп кешені тұрақты дамып келеді. Облыста 11723 шаруа және фермер қожалықтары бар. Мал шаруашылығы жетекші рөл атқарады. Бұл саланың дамуына кең дала және жартылай таулы жайылымдар қолайлы. Облыс ет және сүт өндіруге маманданған. Облыста жүн өндірісі артып, асыл тұқымды мал шаруашылығы дамып келеді. Етті және жүнді қой шаруашылығы Ертістің сол жағалауында, Зайсан ойпатында, Оңтүстік Алтайдың етегінде, Сауыр мен Тарбағатайда жақсы дамыған. Облыста табындық жылқы шаруашылығы да дамыған. Марал шаруашылығы облыстың биік таулы бөлігіндегі мал шаруашылығының ерекше бір саласы. Шығыс Қазақстанның ауыл шаруашылығы негізінен астық шаруашылығына негізделген. Негізгі ауыл шаруашылығы кәсіпорындары Ертіс даласында, Рудный Алтайдың тау етегі мен аңғарларында, Қалбі жотасында және Тарбағатайда орналасқан. Күнбағыс – негізгі техникалық дақыл. Міне, осы дақылдың Қазақстан Республикасындағы негізгі дақылдары.

2021 жылы ауыл шаруашылығын қолдау мен дамытуға 33 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінгенін. Нәтижесінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 116 пайызға өсіп, 686 миллиард теңгені құрады. 5 сүт қабылдау пункті құрылып, 1050 басқа арналған 4 тауарлы-сүт фермасы салынып, 150 басқа арналған 3 ферма қайта жаңғыртылды.

Соңғы 5 жылда инвестиция халықтан сүт сатып алуды ақшалай түрде 18 есеге, ал физикалық түрде 8 есеге арттыруға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, 7,5 мың тоннадан 57,2 мың тоннаға дейін. Сондай-ақ, 2015 жылдан бері сүт өңдеу кәсіпорындарының қуаттылығын пайдалану 29 пайыздан 87 пайызға өскен. Мал шаруашылығы өнімдерінің көлемінің өсуі, өз кезегінде, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының қуаттарын арттыруға ынталандырады. Сондықтан қуаттылығы жылына 19 мың тонна ет өңдейтін екі кәсіпорынның құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ, 7 мың басқа арналған 3 мал бордақылау алаңы іске қосылды. «Еміл ЖШС компаниясы өндіріс көлемін жылына 45 мың тоннадан 90 мың тоннаға дейін кеңейту жобасын жүзеге асыруды бастады. Өскемен құс фабрикасы жылына дайын өнім шығаруды 22 мыңнан 55 мың тоннаға дейін ұлғайтып отыр.

Өсімдік шаруашылығына келсек, өткен жылы 774 мың тонна дәнді дақыл, 616 мың тонна майлы дақылдар жиналды. Қазір ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, өсімдік шаруашылығын дамытудың әзірленген бағдарламасына сәйкес, рентабельділігі жоғары ауыл шаруашылығы дақылдарының алқаптарын ұлғайта отырып, ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, 2020 жылы соя егіс көлемі 1,3 мың гектарға, жүгері 2,2 мың гектарға артты. Майлы дақылдар бағыты дәйекті түрде дамып келеді. Өсімдік майын өңдеу бойынша үш ірі жоба жүзеге асырылуда. Олар өңдеу көлемін жылына 1,1 миллион тоннаға дейін ұлғайтады. «Бүгінде облыста республикада өсірілетін күнбағыстың жалпы көлемінің 66 пайызы облыс үлесінде. Майлы дақылдарды 23 пайыздан 40 пайызға дейін ұлғайтып, өсімдік майының алуан түрлерін өндіруде көшбасшы болу біздің қолымызда. Жаңа өндіріс орындарының іске қосылуы майлы дақылдарды өңдеу көлемін жылына 700 мың тоннаға арттырады. Осы 2022 жылы Шығыс Қазақстанда өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын 4 есеге арттыру күтілуде, бұл елге қосымша валюталық кіріс әкеледі.

Өсімдік шаруашылығында субсидия мөлшерлемелері екі көрсеткіш бойынша есептеледі – топырақ құнарлылық коэффициенті және егіс алқаптарын пайдалану тиімділігі. Топырақ құнарлылық коэффициенті неғұрлым төмен болса, субсидия мөлшері де жоғары болады. Тиімділік коэффициенті астық бірліктері бойынша өткен жылғы барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы түсіміне қарай есептеледі. Егін неғұрлым көп болса, соғұрлым жоғары болады. Осылайша, мемлекет ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жаңа технологияларды, сорттар мен будандарды енгізуге, дәнді дақылдардың түсімі мен жалпы өнімін арттыру мақсатында пайдаланылмай жатқан егістік жерлерді айналымға енгізуге ынталандырады.

Бүгінгі таңда өсімдік шаруашылығында жаңа буын тракторлары мен ауылшаруашылық машиналарына, минералды тыңайтқыштарды енгізуді арттыруға, өнімділігі жоғары сорттар мен будандарды егіске көшіруге негізделген қарқынды технологиялар игерілуде.

Өңір басшысы биыл ауыл шаруашылығы басқармасы, қала және аудан әкімдері алдына қуаттылықтарды пайдалануды қамтамасыз шараларын қабылдау, жобаларды жүзеге асыруға ықпал ету міндетін қойды.

2020 жылы Шығыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешенінде 600-ден астам жоба жүзеге асырылды. Өсімдік өсірушілерге 6 млрд теңгеге жуық қаражат жіберілсе, 14 млрд теңгеге жуық қаражатты малшылар алды.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер астық және майлы дақылдар өнімділігінің 112 % және 9 %-ға өскен.

Аягөз, Абай, Бесқарағай, Жарма, Күршім, Тарбағатай аудандарының, Алтай мен Өскеменнің шаруалары 2 млрд теңгеге етті бағыттағы ірі қара малын сатып алды.

Катонқарағай ауданында жобалық құны 300 миллион теңгені құрайтын асыл тұқымды репродуктор іске қосылды. Ұлан ауданындағы ет өңдеу цехында іске қосу-баптау жұмыстары жүріп жатыр. Жобаға салынған инвестиция көлемі 1 млрд теңгені құрады. Сондай-ақ екі мал бордақылау алаңы бар.

Алтай өңірінде акваөсіру нысаны іске қосылды. Бағалы балық түрлерінің шабақтарын өсіру жобасы «Грандфиш» ЖШС-не 95 млн.

Семейде қуаттылығы 300 мың тонна мұнай өндіруші «Qazaq-Astyq Group» ЖШС кәсіпорны іске қосылды.

Глубоковский ауданындағы осындай қуаттылықтағы тағы бір кешен биыл пайдалануға берілмек. Нысанның құрылысын «Алтын шығыс» ЖШС жүргізуде.

Облыста мал шаруашылығы кешендері мен фермаларын салу, реконструкциялау және жаңғырту бойынша инвестициялық жобалар белсенді түрде жүзеге асырылуда.

Шығыс Қазақстан облысы жеткілікті өндірістік әлеуетке ие және өзін-өзі негізгі азық-түлікпен қамтамасыз етуге бар мүмкіндігі бар. Облыста өндірілетін барлық ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге және тауарларды облыстан тыс жерлерге жеткізуге қабілетті көп салалы тамақ және өңдеу өнеркәсібі дамуда.

Осылайша, дамыған ауыл шаруашылығы мен прогрессивті агроөнеркәсіп кешенінсіз Шығыс Қазақстан облысының экономикасының оңды дамуы және қоғамның әл-ауқатын арттыру мүмкін емес. Сонымен қатар, барлық деңгейде кешенді жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 ҚР ауыл шаруашылығы Министрлігінің ресми сайтынан АӨК дамуы туралы ағымдағы жағдайын талдауы: http:\\ www.mingri.kz.

2 Шығыс Қазақстан облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы https://www.gov.kz.

3 Бұқара, Шығыс Қазақстан Облысының жаңалықтары. http://buqara.kz.

4 https://altaynews.kz.

5 Ауыл шаруашылығы | Шығыс Қазақстан облысының Инвестициялық порталы https://invest.e-vko.kz/kz.

6 Дәуренбекова Ә.Н. Қазақстанда инновациялық дамудың жаңа бағыттары / ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы, Том 138 № 4, (2021).

7 «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы https://oskemen.atameken.kz/kk.

8 Статистический сборник «Развитие агропромышленного комплекса в РК». – Алматы 2021. – 115 б.

ҒТАМР 06.71.01

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІН ЭКОНОМЕТРИКА ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ

Б.Б. Жантасова
Магистр, аға оқытушы, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.
М. Жаксылык
Студент, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Кез келген қоғамдағы экономикалық даму барысында тұтыну тауарларының сұранымы құрылымында және өндіріс технологиясында маңызды өзгерістер болады. Бұл өзгерістер өз кезегінде жұмыс күшіне жалпы сұранымның құрылымын да өзгертеді. Осындай өзгерістерге байланысты кәсіптердің кейбір түрлері азаяды не қысқарады, ал басқа бір түрлері көбейеді. Қоғамдағы жұмыссыздықтың пайда болу себебі жұмыс күшінің осы өзгерістерге баяу ыңғайланатындығына және оның құрылымының нақты жұмыс орнына сай келмейтіндігіне байланысты болады.

Түйін сөздер: жұмыс, жұмыссыздық, жолдау, еңбек, халық, табыс, статистика.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты ұсындаған Жолдауында «Экономиканы дамытуда жаңа сыртқы тәуекелдерді есепке ала отырып, бізге іскерлік белсенділік пен жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін жаңа бастамалар қажет» делінген [1].

Казіргі жағдайда халықтың жұмысбастылығы, жұмыссыздық, халықтың және еңбек ресурстарының ұдайы өсу процессі, демографиялық жағдай, еңбек ресурстарын басқару мәселелері елдің экономикасы үшін ең басты мәселелердің бірі болып саналады.

Жұмысынан айрылу олардың табысының азаюына, өмір сүру деңгейінің төмендеуіне, сонымен қатар, психологиялық стреске алып келеді. Осы себепті көптеген саясат адамдары өзінің сайлау алды компанияларында жұмыс орындарын жасауға көп көңіл бөледі [2].

Қазақстан үшін жастар арасындағы жұмыссыздық ең бір бас ауыртар мәселе, елде оқымайтын және жұмыс жасамайтын жастар саны жалпы активті бөліктің сегізден бір бөлігін құрайды.

ҚР Статистика агенттігінің хабарлауынша, 2020 жылдың қаңтарында жұмыссыздық деңгейі 5,4% құрады.

2021 жылғы ақпанда халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары бағалау бойынша 56618 теңгені құрады, бұл 2020 жылғы ақпанға қарағанда 8,9% жоғары, ал нақты ақшалай табыс көрсетілген кезеңде 3,3% өсті.

2019-2021 жылдардағы жұмыссыздық деңгейі

пайызбен

2021 жылғы 1 тоқсандағы жұмыссыз ерлердің үлесі 44,2 %-ды, әйелдердің үлесі 55,8 %-ды құрады. Жұмыссыз әйелдердің саны 9,4 мың адам болып қалыптасты, ол жұмыссыз ерлер санынан 1,9 мың адамға артық.

2021 жылғы 1 тоқсанда жалпы жұмыссыздар санындағы жастардың үлесі (15-24 жастағы) 9,6 % құрады немесе 1,6 мың адам. Жастардың жұмыссыздық деңгейі 4,4% болып қалыптасты (2020 жылғы 1 тоқсанда – 4,3 %) [4].

Ал енді 2021 жылғы ақпанда қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 104949 теңгені құрады, 2020 жылғы ақпанға қарағанда 6,3 % өсті. Нақты жалақы индексі 2020 жылғы ақпанға 100,8 % құрады, деп статистика агенттігінде хабарлады. 2021 жылғы наурызда жұмыссыздар саны бағалау бойынша 463,5 мың адамды құрады. Айта кетейік, жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді халық санына 5,1% құрады. Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелгендер саны 2021 жылғы наурыздың соңына 52,3 мың адамды құрады немесе экономикалық белсенді халық санына 0,6 % [3].

Қазақстан Республикасының Статистика Агенттігінің мәліметтері бойынша 2020-2021 жылдардағы әрбір тоқсандағы жұмыссыздардың саны келтірілген.

Жыл, тоқсан	**Мың, адам**
2020 ж., 2 тоқсан	469,2
2020 ж.,3 тоқсан	468,3
2020 ж.,4 тоқсан	466,4
2021 ж.,1 тоқсан	475,9
2021 ж.,2 тоқсан	467,0

2021 ж.,3 тоқсан	458,1
2021 ж.,4 тоқсан	458,6

Сызықтық модель $\widehat{y_t} = a_0 + a_1 t$ арқылы; (1)

№	y_t	t	$y_t \cdot t$	t^2
2020 ж., 2 тоқсан	469,2	-3	-1407.6	9
2020 ж., 3 тоқсан	468,3	-2	-936,6	4
2020 ж., 4 тоқсан	466,4	-1	-466,4	1
2021 ж., 1 тоқсан	475,9	0	0	0
2021 ж., 2 тоқсан	467,0	1	467,0	1
2021 ж., 3 тоқсан	458,1	2	916,2	4
2021 ж., 4 тоқсан	458,6	3	1375,8	9
∑	**3263,5**		**-51,6**	**28**

$$\begin{cases} na_0 = \sum_{i=1}^{n} y_i; \\ a_1 \sum_{i=1}^{n} t_i^2 = \sum_{i=1}^{n} t_i y_i \end{cases}. \qquad a_0 = \frac{\sum_{i=1}^{n} y_i}{n} = \frac{3263,5}{7} = 466,214$$

$$a_1 = \frac{\sum_{i=1}^{n} y_i t}{\sum_{i=1}^{n} t_i^2} = \frac{-51,6}{28} = -1,84 \quad (2)$$

Сызықтық тренд теңдеуі келесі түрде болады:

$y_t = 466,214 - 1,84t$ t=4 $y_t = 466,214 - 1,84t = 466,214 - 7.36 = 458,854$ (мың адам). (3)

Қорыта келгенде, біздің елде халықты жұмыспен қамту мекемелері халықты жұмыспен қамтамасыз етуге ат салысып отыр. Мәселен, Үкімет осыдан екі жыл бұрын республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылатын әлеуметтік нысандар салу арқылы халықты жұмыспен қамту, несиелендіру тәжірибесін кеңейту, жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту тәрізді толып жатқан жұмыссыздыққа жүген салатын бағдарламаларды қабылдады. Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметінің негізгі әлеуметтік басымдықтарының бірі болып табылады. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету – халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адам ресурстары әлеуетін дамыту және іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы.

2 Зарыққанқызы Қ. «Алаш» газеті, 4 тамыз, 2012.

3 Қазақстан Республикасының статистика агенттігі. Астана, 2022.

ҒТАМР 82.33.19

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ЫНТАЛАНДЫРАТЫН ӘДІСТЕР

Д.Д. Сагиналина
Магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.
Г.Р. Момбекова
Phd, доцент м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.

Мақалада ынталандыру құралдарын пайдалана отырып, қызметкерлердің тиімділігін арттырудағы материалдық емес әдістер қарастырылады. Жалпы кез келген ұйым басшысының негізгі міндеті, өз қызметкерлерінің өндірістік қызметін орындата отырып кәсіпорынның негізгі міндеттерін орындауға ынталандыру. Жалпы кәсіпорын мен ұйымды басқарудың тиімділігі қызметкерлердің ынталандыру жүйесінің сапалығына байланысты болып табылады. Ұйымдағы ынталандыру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы ұжым арасындағы жанжал деңгейін төмендетеді, ұжымның өз-өзін басқаруын және өзін-өзі ұйымдастыру деңгейін арттырады.

Түйін сөздер: қызметкерлерлерді ынталандыру, қызметкерлерді тарту, персоналды басқару, материалдық емес ынталандыру, еңбек өтімділігін арттыру.

Бүгінгі таңда қызметкерлерді ынталандырудың негізгі әдістерінің бірі сыйақылар мен лауазымын көтермелеу ынталандырудың қалыптасқан нормасы болып отыр. Көтермелеу мен сыйақылардан басқа қызметкерлерді материалдық емес ынталандырудың түрлері қолданыста жоқ екенін ескереміз. Ұйымдағы ынталандыру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы ұжым арасындағы жанжал деңгейін төмендетеді, ұжымның өз-өзін басқаруын және өзін-өзі ұйымдастыру деңгейін арттырады. Бұл өз кезегінде ұйымның жалпы тиімділігі мен кірісін арттыратыны анық.

Жалпы қызметкерлердің жұмыс өмірін жоғарғы сапа мен қамтамасыз ету әрбір ұйым басшысының алға қоятын мақсаттарының бірі болу тиіс. Себебі қызметкерлердің жұмыс өмірін жоғары сапамен қамтамасыз ету мақсатында бағытталған кәсіпорында қызметкерлерінің ынталандыру жүйесін қалыптастырады және оны үнемі жетілдіру жұмыстары жүргізіледі. Кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес және жұмыс ерекшеліктерін ескере

отырып қызметкерлердің ынталандыру жүйесін қалыптастыру кәсіпорынның басқару және өндірістік қызметтің артуына кепіл болады.

Еңбек тиімділігін арттыру мәселесі бүгінгі таңда күн сайын өзектілігін арттыра түсуде. Көптеген кәсіпорындар мен ұйымдарда жұмыс берушілер материалдық емес әдісті қолданбай материалдық ынталандыру әдісін қолданады. Әлемдік компаниялардың тәжірибесі материалдық емес ынталандыру әлдеқайда тиімді және маңыздырақ екенін көрсетеді. Бұл өз кезегінде ұжым ішінде өзіндік атмосфераның қалыптасуына, басшымен достық қарым-қатынас орнатуға ықпал ете отырып материалдық ынталандыру түріне қосымша әрекет ететіне дәлел.

Қызметкерлерді ынталандыру дегеніміз – қызметкерлерді іс-әрекетке ауызша моральдық итермелеу арқылы кәсіпорынның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу. Қызметкерлерді сауатты ынталандыру жеке қызметкер мен кәсіпорынның тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Осы уақытқа дейін мотивация жайлы көптеген зерттеулер жүргізіліп, түрлі теориялар қалыптасты. Жалпы теориялардың бірі – А. Маслоу теориясы, онда ол иерархиялық тәртіпте қажеттіліктердің пирамидасын ұсынды: төменгі қажеттіліктерден (физиологиялық) жоғары деңгейге дейін (жеке тұлғаның дамуы) [1].

Д. Макгрегордың «Х» және «У» теориясы адамды екі жақты қарастыруды қамтиды. Бірінші адамды табиғатынан жалқау,басқаруды қалайтын деп қарастыратын «Х» теориясы жасалды. Кейін Д. Макгрегор зерттеу барысында ынталандыруды қиын, көп факторларға тәуелді күрделі құбылыс екенін қарастыра отырып, жаңа теория, «У» теориясын ұсынды. «У» теориясында адамды белсенді және өзіне жауапкершілікті алуға дайын тұлға ретінде қарастырды. Басқарушы менеджерлердің негізгі мақсат міндеті адамдардағы осы қасиеттерді көрсетуге және ашуға көмектесу. Американдық психолог Ф. Герцбергтің зерттеулерінің мақсаты-адамның іс-әрекетке қанағаттануы мен қанағаттанбауының негізін іздеу, өсу мен еңбек өнімділігінің төмендеу себептерін анықтау. Осы мақсатта жабындар саласында жұмыс істейтін ірі ұйымның екі жүз инженер мен ірі кәсіпорын қызметкерлеріне зерттеу жүргізілді [2].

Герцберг өз зерттеулерінде жұмысқа қанағаттанудың оның ішкі және негізгі сипаттамаларына тәуелділігін және жұмысқа қанағаттанбаудың жұмыстың сыртқы сипаттамаларына және оның компоненттеріне тәуелділігін көрсетті. Өндірістік жағдайларда адамның іс-әрекетіне әсер ететін барлық факторлар гигиеналық (қанағаттанбау факторлары) бойынша бөлінді және ынталандырылды (қанағаттандырылды).

Қазіргі персоналды басқаруда материалдық және материалдық емес ынталандыру танымал. Материалдық ынталандыру деп – жалақы, сыйақақылар, бонустар төлеуді жатқызамыз. Көптеген ұйым басшылары қызметкер үшін ең жақсы мотивация материалдық ынталандыру деп санайды. Бірақ белгілі бір уақытта жалақыны көтеру түріндегі еңбекті материалдық ынталандыру тиімсіз болып, қайтарымды беруді тоқтатады. Сарапшылардың пікірінше, жалақы үш

айдан кейін мотивациялық құрал болмайды. Егер жалақы жасанды түрде жоғары болса, онда оның қызметкерге әсері мотивацияның кері сипатына ие болады – бұны демотиватитвті әсер деп атайды.

Әрбір басшы материалдық мотивациядан басқа, кәсіпорындағы персоналды басқаруда материалдық емес ынталандыру әдістерін қолданып көру қажет. Оның түрлері саналуан және көбіне олар материалдық сыйақыға қарағанда әлдеқайда тиімді болып келеді. Материалдық емес мотивация деген «тегін» деген мағынаны білдірмейді. Материалдық емес ынталандыру дегеніміз – материалдық емес нысандағы ынталандырулармен басқарудың белгілі бір стилі. Материалдық емес ынталандырудың нәтижесі белгілі бір мақсаттарға қол жеткізілетін әлеуметтік шаралар жиынтығынан тұрады (1-сурет) [3].



Сурет 1. Материалдық емес ынталандыру.

Әлеуметтік жеңілдіктерді негізге ала отырып, көп жағдайда олар материалдық емес ынталандыру құралы ретінде қарастырылатындығын байқауға болады. Бұл қызметкерлерге қолма-қол ақша алмаумен түсіндіріледі, кәсіпорын өз қаражатын әлеуметтік төлемдерге (қосымша зейнетақыға, медициналық сақтандыруға, жол жүру ақысына, түскі асқа, ұялы байланыс төлемдеріне және т.б.) жұмсайды. Кәсіпорынға бұл материалдық емес ынталандыру болса да, кәсіпорын үшін белгілі бір мөлшерде материалдық шығындарға алып келеді.

Қызметкерлерге материалдық емес ынталандыру оң әсер етеді, мысалға: әріптестердің жанында қызметкерді ауызша мадақтау түріндегі көтермелеу, «айдың/тоқсанның/жылдың және т.б. үздік қызметкері» байқаулары арқылы, Құрмет тақтасына фотосуреттерді ілу, грамоталармен марапаттау секілді форматтағы ынталандыру. Кейде мотивацияның дұрыс құралын анықтау өте қиын. Сонымен, «мақтау» орындалған жұмыстың құндылығын және қызметкердің өзіндік құнын растайды. Әйтпесе, қызметкер өз жұмысының пайдасыздығы туралы пікір қалыптастыру мүмкін. Жұмыстағы бәсекеге қабілетті компонент іс-әрекетте де тиімді ынталандырушы мәнге ие, кейде Құрмет тақтасы жеткіліксіз болуы мүмкін, ол кезде басқа ынталандыру әдісін пайдалану қажет – ол мүмкін қандай да бір сыйлық/сыйақы болу мүмкін.

Мансаптық өсуге тоқталатын болсақ – бұл қызметкердің жұмыс сатысында өсетін мотивациялық құрал. Бұл жағдайда ынталандыру жеке кеңсе, жоғары жалақы, бағынышты қызметкерлер тобы, бедел және т.б. қызметкерлерді оқыту осы бағыттағы ынталандыру құралдарына жатады.

Қызметкерлерді ынталандыруға осындай тәсілді дұрыс қолдана отырып, сіз қызметкерлердің өнімділігін арттыруға, ұжымды көбейтуге, қызметкерлердің сауаттылығы мен кәсібилігін арттыруға ие болуға болады.

Мақсатты компонент бойынша оқыту жеке, топтық және ұжымдық оқыту сипатында болуы мүмкін. Кәсіпорынның материалдық мүмкіндіктеріне байланысты оқытуды қызметкердің жеке өзі немесе кәсіпорын төлей алады, оқытуды кәсіпорынның маманы немесе сырттан шақырылған адам жүргізеді. Батыс басшылары қызметкерлерді оқытуды компанияны басқаруда бірінші орынға қояды. Қызметкерлерді туған күнімен мерекесімен құттықтау, үйлену күніне, мерейтойға, кәсіпорындағы жұмыс мерейтойына арналған символдық сыйлықтарды тапсыру арқылы басты мақсат ол өздеріне тарту. Басшылықтың қызметкерлерге деген достық, қарым-қатынасы қызметкерлердің өздері жұмыс істейтін кәсіпорынға деген адалдығын арттыра алады. Жұмыс үшін қолайлы жағдай жасау ұжым ішіндегі атмосфераны жақсартуға мүмкіндік береді, бірақ материалдық инвестицияны қажет етеді. Сіз оған ең аз инвестициялармен қол жеткізе аласыз, мысалға: демалуға арналған жайлы диван, компания қызметкерлері үшін печенье ,бар, кофе, түскі үзіліс кезінде шахмат, үстел теннисі және т.б. Бүгінгі таңда көптеген компаниялар қолданатын мотивацияның дәстүрлі түрлері: корпоративті іс-шаралар, бірлескен экскурсиялық сапарлар, спорттық іс-шаралар бұрын жанжалдары болған қызметкерлерді біріктіруге мүмкіндік береді.

Әлемдік пандемияға алып келген Covid-19-дан кейін кейбір кәсіпорындарда кеңсе бөлмесінен тыс жерде жұмыс жасау, икемді жұмыс кестесін пайдалану жұмыс көлемін тезірек және жақсырақ орындауға мүмкіндік берді және күшті ынталандырушы жаңа фактор болып табылды. Сондай-ақ, кәсіпорын үшін маңызды тапсырманы сапалы орындау арқылы қосымша демалыс күндері арқылы қызметкерге алғыс білдіруге болады. Тағы бір ынталандырушы құрал – қызметкердің тапсырманы орындаудағы бостандығы, мұнда менеджер қауіпсіздік ережелеріне сәйкес тапсырманы таңдау құқығын береді. Әрбір қызметкердің жұмыс өнімділігі жағдайға байланысты әр түрлі болуы мүмкін: біреуі жалғыздық пен тыныштықты қажет етуі мүмкін, ал екіншісі-дүрбелеңді. Басшылықтың басым міндеті қызметкерлердің қолайлы жұмыс жағдайларын, күшті ынталандыру факторларын құру болу керек.

Материалдық емес ынталандыру әдістерінің ішінде материалдық емес әдістер жүйесіне біріктіруге болатын әдістер танылды. Осы әдістерге жеке-жеке тоқталатын болсақ (2-сурет).

Қызметкердің кәсіби дамуы жұмысты сапалы орындауға, кәсіби өндірістік салада заманауи ақпаратты жүйелі түрде жаңартуға және алуға ықпал етеді. Бұл кәсіпорынның тәжірибелі мамандарының қатысуымен дәрістер мен семинарлар болуы мүмкін. Мұндай сабақтар барысында жұмысшылар жаңа шеберлік қасиет алуға мүмкіндік алады.

Орындалатын жұмыстың сипаттамасы. Жұмыстың монотонды түрлері қызметкердің өз тапсырмаларын адал орындауға құлықсыздығын тудырады. Қызметкердің жұмыс орнында «іш пыстырарлық» уақыты болмауы үшін

жұмыс процесін осылай ұйымдастыру керек. Қызметкерлер бір тапсырманы орындау объектілері өзгеруі мүмкін. Әр түрлі функцияларды орындау қызметкерлерді күні бойы монотонды жұмысты орындаудан гөрі ынталандырады.

Кері байланыс. Әрбір қызметкер қажет мүмкіндігін талқылауға және пікір жазу енгізілетін өзгерістер әсер етеді қызметінің нәтижелері мен әлеуметтік жағдайы ұжым. Қызметкер үшін оның жұмысына қанағаттану дәрежесін білу маңызды. Жұмыстағы проблемаларды және ықтимал өзгерістерді талқылай отырып, жиналыстар өткізу қажет. Көшбасшылық стилі. Қызметкер үшін негізгі ынталандырушы фактор – бұл оның тікелей жетекшісі, ол сөзбен, нақты әрекеттермен өз қызметкерін жоғары жұмыс қабілеттілігіне жағып, керісінше оның уәжін азайта алады. Қолдау қиын жағдайда кеңес беру, назар аудару, байқалмаған қателік – бұл қызметкерлерді басқару өнері. Кері байланыс жоғалған немесе басталмаған кезеңде тіпті ең адал және тиімді қызметкерлер арасында еңбек мотивациясы жоғалады.

Қызметкер мен көшбасшының өзара әсер ету деңгейінен жұмыстың одан әрі әсерін бағалауға болады: қызметкердің іс-әрекетінің тәуелсіздігі, оның бастамасы, тапсырмаларды орындаудағы шығармашылық. Нақты мақсаттар қою. Нақты емес талаптар қызметкерді әлсіретуі мүмкін. Қызметкер талап етілетін жұмыс көлемін, мерзімдерін, орындалу нысанын нақты түсінуі керек.

Басшының мақұлдауы. Көптеген адамдар назар аударуды және басқалардың жеке мойындауын қажет етеді қызметкерлер мен басшылық. Көптеген адамдар адал орындалған жұмыс үшін мақұлдау сөздерін естуге қуанышты. Көтермелеудің құндылығы адамдардың мақсатқа жету кезіндегі эмоционалды қанағаттану сезімімен байланысты болуы мүмкін [4].



Сурет 2.

Қызметкерлер үшін еңбек өтімділігін арттыруда материалдық емес ынталандырудың бірқатар тиімді әдістерін бөліп көрсетуге болады,бұл кәсіпорындарда, ұйымдарда, шағын және ірі компанияларда қолданылады (3-сурет). 3-суретте қызметкерлерді материалдық емес ынталандыру әдістерінің шамамен тізімі көрсетілген, осылардың ішінен ұйым басшысы ақшалай сыйлықақыларды тікелей төлемей немесе жалақыны көтерместен ынталандырудың кем дегенде бір әдісін осы тізімнен таңдауға болады [3]. Жалпы материалдық емес ынталандырудың кәсіпорын үшін біршама шығын алып келетіні рас, бірақ осы шағын шығындар арқылы бағалы кадрларды ұстап қалуға тиісінше басқа бағалы кадрларды тартуға ықпал етеді. Төменде ұсынылатын әдістердің артықшылығы жалпыланған нәтиже болып табылады, әдістердің әсері кәсіпорын қызметкерлерінің көпшілігіне әрқалай таралады, осылайша ең сәтті әдіс қызметкерлердің материалдық мотивациясынан айырмашылығы кәсіпорынның өзі үшін үлкен тиімділік беретін болады. Қызметкерлерді ынталандыруды жүйелік әрекеттермен орындай отыра максималды нәтижеге қол жеткізуге болады.

Қызметкерлердің еңбек мотивациясының мәні мен негізгі ұғымдарын қарастыра отырып, ұйым персоналының еңбек мотивациясын талдаудың әдістемелік негіздерін тұжырымдап, нақтылай отырып, ұйымдарда еңбек өтімділігі мен тиімділігін арттыру үшін ұйымдар мен кәсіпорындарда персоналды ынталандырудың түрлі әдістерін қолдану туралы қорытынды жасауға болады. Материалдық емес мотивация негізі арнайы қызметкерге бағытталған, персоналды ынталандыру болып табылады. Материалдық ынталандырудың түп негізі адами құндылықтарға келіп бағытталады. Адами құндылықтарды қанағаттандыру арқылы әрбір қызметкердің қажеттіліктерін қамтамасыз ете білу кәсіпорынның сапалы ұйымдастырылған басшылық қызметінің сипатын көрсетеді. Жалпы қызметкерлерді материалдық емес ынталандыру – бұл ұйымшыл командасыз өмір сүре алмайтын кәсіпорынның өркендеуінің кепілі.



Сурет 3. Қызметкерлерді материалдық емес ынталандыру әдістерінің шамамен тізімі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Maslow AH. A theory of human motivation. Psychol Rev. июль 1943 г.; 50(4): 370.

2 Тимофеевич З.А. Теория менеджмента. Учебник для бакалавров. Издательский дом «Питер». 2020. – 673 с.

3 Кушнарева И.В., Бугаева М.В. Повышение эффективности управления персоналом с применением современных методов мотивации. Вестник Алтайской Академии Экономики И Права. 2019. (2). – С. 100.

4 Гордовский Д. Нематериальная мотивация персонала: примеры, виды, методы и способы | Calltouch.Блог [Интернет]. [цитируется по 12 апрель 2022 г.]. Доступно на: https://blog.calltouch.ru/nematerialnaya-motivatsiya-personala-primery-stimulyatsii-sotrudnikov.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ, ӘСКЕРИ ІС ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ, ВОЕННОЕ ДЕЛО И БЕЗОПАСНОСТЬ

LAW ENFORCEMENT, MILITARY AND SECURITY

ГРНТИ 86.19

НОРМАТИВНО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ЗАТРАТ РАБОТОДАТЕЛЯ В ПРЕДОСТАВЛЕНИИ ГАРАНТИЙ РАБОТНИКАМ ЗА УСЛОВИЯ ТРУДА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Г.Т. Айткенова

Магистр, руководитель Центра стандартизации и нормирования труда РГП на ПХВ «Республиканский научно-исследовательский институт по охране труда Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан», г. Нур-Султан

В настоящей статье представлен обзор нормативно-правового регулирования в предоставления гарантии работникам, занятым во вредных и (или) опасных условиях труда, в частности их установление и методы расчета. В настоящее время существуют затраты предприятия по следующим видам гарантий: предоставление дополнительного трудового отпуска, установление сокращенной продолжительности рабочего времени и повышенного размера оплаты труда. Приведены преимущества и недостатки действующего механизма их предоставления в Республике Казахстан. Исследования по затратам работодателя на охрану труда проведены в рамках научно-исследовательской работы на тему «Риск-ориентированные организационно-экономические механизмы обеспечения безопасного труда в условиях современного Казахстана».

Ключевые слова: безопасность и охрана труда, затраты на предоставление гарантии работникам, занятым во-вредных и (или) опасных условиях труда труда.

Основные направления государственной политики по вопросам безопасности и охраны труда Республики Казахстан предусматривают обеспечение безопасных условий труда на производстве, предупреждение и профилактику производственного травматизма, сохранение жизни и здоровья человека в трудовой деятельности. На первом месте, задачей реформирования в сфере охраны труда является переход от компенсаторной модели управления охраной труда к системе, позволяющей реализовать превентивные подходы к сохранению здоровья и жизни работников на производстве, сократить издержки, связанные с неблагоприятными условиями труда.

Согласно трудовому законодательству Республики Казахстан к затратам по гарантии за условия труда относятся повышенный размер оплаты труда, дополнительный ежегодный оплачиваемый отпуск продолжительностью не менее шести календарных дней и не более 36 календарных дней, сокращенная продолжительность рабочего времени не более 36 часов в неделю и т.д.

Согласно трудовому законодательству ежегодные оплачиваемые отпуска делятся на две группы: основные и дополнительные.

Оплачиваемый ежегодный трудовой отпуск предназначен для отдыха работника, восстановления работоспособности, укрепления здоровья и иных личных потребностей работника и предоставляется на определенное количество календарных дней с сохранением места работы (должности) и средней заработной платы [1].

Основной отпуск гарантирован работнику независимо от того, где он работает и какую работу выполняет. Основной оплачиваемый ежегодный трудовой отпуск работникам предоставляется продолжительностью двадцать четыре календарных дня, если большее количество дней не предусмотрено настоящим Кодексом, иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, трудовым, коллективным договорами и актами работодателя.

Табиғаттың төрт мезгілінде де осы түстердің, яғни жылы және суық түстердің барлығын көруге болады. Мысалы: алтын күз мезгілін алсақ, жылы түстерді табуға болады. Бұл кезде айнала қоршаған өсімдік әлемі сары түске, қызыл түске еніп, сұлулық мекеніне айналады.

Интерьердегі түстер де – дизайнердің ең маңызды «құралы». Қатаң ережелер мен «үйлесімсіз» түстер бүгінгі күні жоқ, бірақ кәсіпқойлар қалай, қайда және қандай реңктерді қолдану жақсы болатыны туралы көптеген құпияларды біледі.

Қонақ бөлмеде көптеген функциялар бар: онда адамдар демалады, көңіл көтереді және бірге уақыт өткізеді. Жатын бөлмедегі жиһаз да бүкіл өмір жолында бірге жүретін бөлшек. Қабырға түсін таңдау бірқатар элементтерді ескере отырып, орындалуы керек. Жалпы қонақ бөлмесі үшін арнайы түстер жоқ, ол үй иесінің таңдауына байланысты безендіруге болады.

Ас үй үшін жылы түстерді таңдаған дұрыс. Мысалы, қызғылт сары, сары және қызыл – олар көңіл-күйді және тәбетті жақсартады. Оларды қабырғалардың біріне, алжапқышқа, сондай-ақ тұрмыстық техникаға, жиһазға және аксессуарларға екпін ретінде пайдалануға болады. Мұндай жарқын, көңілді реңктердің серіктері ретінде бейтарап ақ, ақшыл сары, сұр және қара түстер қолайлы.

Жатын бөлменің түс схемасы ауыр күннен кейін демалуға және тәтті ұйықтауға көмектесуі керек. Жатын бөлмесі үшін пастелді түстер жақсы. Бір-бірімен үйлесетін ақшыл, сұр, құм, шоколад түсі, алтын, күлгін, көк, қызғылт және көгілдір түстерге назар аударыңыз.

Жуынатын бөлме – біздің күнімізді бастайтын және аяқтайтын жер. Жуынатын бөлме үшін ең ыңғайлы шешімдер: ақшыл көк немесе көк, ақшыл

және сұр, ақ шоколад түстері. Жуынатын бөлмеде жасылдан аулақ болған жақсы – ваннада ол көгеру мен ылғалмен байланысты болады [3].

Жалпы, түстердің қоршаған ортамен үйлесім тауып орналасуы ол жайлылық пен әсемдіктің кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Иттен И. Искусство цвета. – М: Д.Аронов, 2001.

2 Никитина Н. Цветоведение. Колористика в композиции: Учебное пособие / под ред. Истратова А.Ю., – 2-е изд., М.:Флинта, Изд-во Урал. ун-та, 2017.

3 https://legko.com/blog/p/idealnoe-sochetanie.

ГРНТИ 81.95.33

ЧТО УМЕЕТ ADOBE PHOTOSHOP: ПРЕИМУЩЕСТВА, ПОДРОБНО О ВОЗМОЖНОСТЯХ ПРОГРАММЫ

А.Д. Дуйсенбеков
Студент, Международный университет Астана, г. Нур-Султан
Г.А. Имангалиева
Научный руководитель, ст.преп., магистр, Международный университет Астана, г. Нур-Султан

Adobe Photoshop – это актуальный графический редактор, который владеет очень большим числом разнообразных функций. «Фотошоп» гораздо просто убрать эффект красноватых глаз, довольно просто отметить участок глаз на фотографии и нажать кнопочку плагина. Уже с помощью несложных операций возможно придать хороший варианты фотографии. Фотошоп ловок создавать эффект движения: идущий человек, едущий автомобиль, полёт птицы и многое другое.

Ключевые слова: Adobe Photoshop, Adobe Photoshop Extended, Adobe Acrobat 3D, U3D, 3DS, OBJ, KML, DAE, Adobe Premiere Pro, Adobe After Effects, QuickTime, DICOM, MATLAB.

Photoshop – звезда в обществе софта. Данный графический редактор применяют обильно в креативных областях: в фотографии, иллюстрации, дизайне, моде, кино и, конечно, в архитектурных визуализациях.

Adobe Photoshop – это современный графический редактор, который обладает очень большим количеством всевозможных функций.

Потенциалов для отделки графики настолько много, что можно смело утверждать, что даже сами разработчики скорее всего не умеют пользоваться всем запасом программы, и это связано с тем, что в утилите имеется огромное количество разделов, подразделов и другого. Поэтому чтобы выучить всё придётся израсходовать довольно много времени. Следовательно, если вы хотите учить данную программу, вернее будет сходу взять некое определённое направление, не устремляйтесь «взять всего по чуть-чуть».

Стоит отметить, что вовсе не обязательно пользоваться самой лучшой версией фотошопа, дабы уметь делать нечто досконально. Большинство юзеров пользуются исключительно одну десятую, если не сотую, с всех функций Photoshop, и данного уже хватает для создания незначительных художественных шедевров. Все же стоит непрерывно восстановлять

приложение на новые версии, потому что бодрые сборки повеселят больше автоматизированным процессом, как-никак механизм утилиты совершенствуется не один год. Взять к примеру заключительную версию, официальный вебсайт програмки вместе с обновлением призывает закачать уроки для фотошоп бесплатно либо просмотреть их онлайн с сайта adobe. Видео-уроки помогут скорее понимать в редакторе и привьют ключевые навыки работы с Photoshop.

Кроме того, программа имеет своим личным руководством, в нём содержится 90% процентов важной информации, следовательно будут появляться любые вопросы, можно обращаться и к нему, вроде придётся достаточно продолжительно искать ответы, вопреки на то, что все данные систематизирована по разделам.

Предлагается крупное число способностей новичкам, поскольку Photoshop всегда хранит историю всех операций и если в какой-то причине что-то не вышло всегда можно делать откат и вернуться в исходное состояние. Функционал попросту колоссален, позволено выбрать бесконечно многое. Если вы поставили цель совершить неизвестный сложноватый рисунок и не знаете есть ли в редакторе нужные инструменты, то можете не сомневаться, в программе есть всё, что нужно.

«Фотошоп» способен просто стереть эффект красноватых глаз, довольно просто отметить область глаз на фотографии и нажать клавишу плагина. Уже с помощью простых усилий позволено создать адекватный вид фотографии. Фотошоп способен создавать эффект движения: идущий человек, едущий автомобиль, полёт птицы и многое другое.

Наперекор заблуждениям софт работает и с векторной графикой, в нём имеется множество подходящей приборов для рисования векторных фигур. Для добавления эффектов и произведения в целом используют так именуемый распорядок слоёв, подобное позволяет выводить изменения не воздействуя на уникальное изображение. Кроме этого для расширения функционала утилиты дозволено пользоваться плагинами, внушительное из этого могут добавить крупное изобилие эффектов либо функций. впрочем иногда вы только незадолго приступили учить растровую графику не спешите устанавливать плагины, некоторые из них преимущественно изучать уже обладая солидным грузом знаний [1].

Наращенная издание программы Adobe Photoshop Extended предназначена для более высококлассного использования, а особенно – при создании фильмов, видео, мультимедийных проектов, многомерного графического дизайна и веб-дизайна, ради произведения в площадях производства, медицины, архитектуры, при проведении академических исследований.

В программе Adobe Photoshop Extended современных версий (начиная с CS4) можно открывать и работать с 3D-файлами, создаваемыми такими программами, как Adobe Acrobat 3D, Autodesk 3ds Max, Maya и Google Планета

Земля. Photoshop поддерживает следующие форматы файлов 3D: U3D, 3DS, OBJ, KML и DAE.

Вероятно, пользоваться многомерные файлы для внедрения в двумерное фотоприемлемы отдельные операции ради обрабатывания 3D-модели, такие, как занятия с каркасами, подбор материалов из текстурных карт, наладка света. вдобавок позволено созидать надписи на 3D-объекте, крутить модели, изменять их габарит и состояние в пространстве. Программа содержит в себе еще команды по преобразованию тонких фоток в трехмерные предметы определённой формы, такие, как, например, банка, пирамида, цилиндр, сфера, конус и другие.

Ради имитации действий в Photoshop разрешается креативеть кадры мультипликации, используя слои изображения. Дозволяется создавать видеоизображения, главное на одиной из большинства данных пиксельных порций. Позже редактирования можно оставить свою работу в формате GIF-анимации либо PSD, который после можно воспроизвести в большинстве видеопрограммах, как Adobe Premiere Pro или Adobe After Effects. Доступно открытие или импортирование видеофайлов и последовательности картинок ради редактирования, а также ретуширования, созидания видеоряда мультипликации и экспорт работ в файл формата QuickTime, GIF-анимацию либо очередей изображений. Видеокадры разрешаются отдельно редактировать, трансформировать, клонировать, использовать к ним маски, фильтры, другие методы наложения пикселей, на них разрешается рисовать, используя разные инструменты.

Начиная с версии CS в Photoshop доступна работа со скриптами.

Photoshop поддерживает файлы DICOM (Digital Imaging and Communications in Medicine) – вид медицинских картинок и других файлов обследованных пациентов. Для доступного в Photoshop DICOM-файла разрешается использовать разные функций Photoshop для коррекции и ретуширования файлов.

С помощью программы Photoshop Extended позволено анализировать MATLAB-изображения, разделывать их в программе Photoshop, соединять команды MATLAB с технологиями обрабатывания изображений Photoshop. Будто исключительно ставится слияние с программой Photoshop из программы MATLAB и исполняется ввод установок в инструктивную строчку MATLAB, данные заворачивающие действия неукоснительно производятся в Photoshop. Файлы, приготовленные в программе MATLAB, располагают продолжение m, fig, rpt, mat, mdl. Общение среди Photoshop и MATLAB применяет сокет Photoshop JavaScript и библиотечный сокет MATLAB [2].

Главные возможности Adobe Photoshop

В настоящей Adobe Photoshop есть большие возможности и функций для создания четких изображений:

– улучшение качества отсканированных, отпечатанных снимков, устранение дефектов цветопередачи во время съемки;

– возможность создания многослойных изображений с исправлением любой в отдельности для показа глубины цвета, работы со сложной графикой;

– монтирование фотографий и картинок, разных элементов в коллажи;

– исправление старых снимков, ретушь фотографий;

– работа с эскизами и чертежами;

– огромный выбор функций для обработки текстовых элементов (шрифты, эффекты, фильтры);

– отделывание 2D и 3D работ, добавление к ним текстур, работа с формами;

– креативность любопытных графических кусков для полиграфии, дизайна, типографии выделования сайтов и так далее;

– готовность к печати на принтере или в интернете и мгновенная публикация файлов;

– работа с обычными форматами для растровых и векторных фотографий;

– придать ахрамотично черно-белых файлов.

Adobe Photoshop – главные функций компьютерной графики, которыми пользуются для всех видов коммерческой обработки медиа файлов. Главная фишка Photoshop в том, чтобы скорректировать изображение, улучшить его восприятие, дать фото и видео качество и гармоничности. Эта программа дает улучшить эффект от картинки, скреативить сложные и красивые конструкции из простых элементов.

Почему стоит использовать Adobe Photoshop:

– Разрешает все главные медиа-файлы и функций для их корректировок.

– Дает большой функционал для коррекции и создания картинок.

– Поддерживает полноценную работу графических планшетов.

– Умеет увеличивать за счет плагинов.

– Есть бесплатная версия, но для профессионального использования рекомендуем купить лицензированный ключ Adobe Photoshop.

Adobe Photoshop: какие есть версии?

Графический редактор Adobe Photoshop поддерживается на рынке уже много лет и выпустил достаточное количество продуктов для популярных ОС, систем обработки изображений и так далее.

Версии программы:

Photoshop 1.0 – начальная версия (1990 год) имела функционал практически идентичный Paint.NET.

Photoshop 7.0 200 – версия для Windows и Mac с расширенными инструментами для редактирования и создания картинок, персонализированным рабочим окном, появилась «Кисть восстановления».

Photoshop CS (версия 8.0) – внедрили поддержку скриптов и работу в нескольких слоях.

Photoshop CS2 – появились изменения в панели управления слоями и возможность убрать эффект «красных глаз».

Photoshop CS3 – разработчики оптимизировали работу на портативных ПК и смартфонах, программа стала работать быстрее.

Photoshop CS4 – внедрили интуитивно понятный интерфейс, улучшили цветокоррекцию и упростили режим «Макси».

Photoshop CC 2014 – комплексное обновление программы (ускорили работу, обеспечили пользователям комфортное юзабилити), изменили настройки рабочих окон, добавили возможность отслеживать расстояние между разными объектами и границами одного предмета, размытие, отделение сфокусированного, поиск по шрифтам и так далее.

Photoshop CC 2015 – улучшенная оптимизация, простая печать 3D-изображений, быстрый экспорт файлов, измененный дизайн Artboards, стили, доступ к СУБД Adobe Stock и другие функциональные новшества.

Adobe Photoshop CS6 описание – измененный интерфейс, векторные контуры, простой поиск слоев, автосохранение, функции «Заливка» и «Перемещение», обновленные фильтры, кадрирование, адаптированная коррекция и так далее [3].

Adobe Photoshop – графический редактор с продвинутым функционалом. Считается самым популярным решением для работы с изображениями. Активно используется дизайнерами, фотографами, художниками. Также с ним работают простые пользователи, которые хотят обработать свои фото. В целом же программа широко распространена в самых разных сферах: web-дизайне, кинематографе, телевидении, полиграфии.

Литература

1 https://aveweb.ru/article.-photoshop-dlya-kogo-eta-programma.html.
2 https://ru.wikipedia.org/wiki/Adobe_Photoshop#Альтернативы.
3 https://www.softmagazin.ru/blog/vozmozhnosti_obzor_versiy_i_dostoinstv.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

NATURAL SCIENCE

ҒТАМР 34.33.33

ШІЛІКТІ ӨЗЕНІНДЕГІ (БАЛҚАШ БАССЕЙНІ) ӨЗЕН АББОТТИНАСЫНЫҢ ABBOTTINA RIVULARIS (BASILEWSKY, 1855) ПЛАСТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

А.Ә. Тұрсынғазыева
Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.

Өзен абботтинасы *Abbottina rivularis* – Қазақстан ихтиофаунасының жеткіліксіз зерттелген жергілікті емес өкілі, оның таралуы анықтауды талап етеді және морфологиялық өзгергіштігі туралы жаңа мәліметтер жоқ. Бұл мақалада Балқаш бассейніндегі ірі өзендердің бірі Шілікті өзеніндегі өзен абботтинасының пластикалық белгілерінің өзгергіштігі қарастырылады. Зерттелетін өзен абботтинасының пластикалық белгілерінің сипатын анықтау қазақстандық популяциялардың морфологиялық өзгергіштігін анықтауға мүмкіндік береді. Осы зерттеу жұмысының нәтижесінде өзен абботтинасының морфологиялық өзгергіштігі туралы мәліметтер толықтырылатын болады.

Түйін сөздер: Өзен абботтинасы, Abbottina rivularis, жергілікті емес түр, пластикалық белгілер, ихтиофауна, Шілікті өзені.

Қазақстанның тұщы су балықтарының алуан түрлілігінің қазіргі жай-күйін бағалау үшін оның жекелеген өкілдерін егжей-тегжейлі зерттеу қажет. Соңғы онжылдықтарда ихтиофаунаның түрлік құрамы жаңа түрлердің енгізілуіне байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Солардың ішіне Қазақстанның су қоймаларында кездейсоқ бейімделген Арал, Балқаш-Алакөл, Талас, Шу және т.б. бассейндеріне енген өзен абботтинасы жатады.

Қазақстан ихтиофаунасының соңғы жарияланған тізіміне балықтардың 156 түр тіркелген. Осылайша, қазіргі уақытта Қазақстанның ихтиофаунасында әдебиетте атап өтілген 156 түр бар. Олардың ішінде жалпы республика су айдындарына 27 түрі (18 %) жергілікті емес балықтар тобына жатқызылады, оның 12 түрі ғана әдейі енгізілген. Қалған 15 түрі (10 %) көп жағдайда кездейсоқ немесе өзге балықтарды жаппай тасымалдау кезінде байқаусызда келген түрлер болып табылады [1].

Өзен абботтинасы – Қытай фауналық кешеніне кіретін теңгебалықтар (*Gobioninae*) тұқымдас тармағына жататын үлкен емес тұқылар (*Cyprinidae*) тұқымдас балық және Шығыс, Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азияда сәтті таралған танымал инвазивті түр [2-6].

1956-1958 жылдары Қытайдан өсімдікпен қоректенуші балықтарды акклиматизациялау кезінде өзен абботтинасы Орта Азия мен Қазақстанның тоған шаруашылықтарына кездейсоқ енген, ол жерден Балқаш және Арал бассейндерінің табиғи су қоймаларына таралған [7, 8].

Қазіргі уақытта бұл түр Арал, Балқаш-Алакөл бассейндерінде, Сарысу, Талас және Шу өзендерінде кездеседі. Митрофановтың айтуынша [9]. Шу бассейнінде өзен абботтинасы түркістандық теңгебалықпен (*Gobio lepidolaemus*) будандар түзеді. Қазақстанның су қоймаларында өзен абботтинасы басқа жергілікті емес формалармен бірге аборигендік түрлерді ығыстырады [10].

Амур бассейнінің бастапқы су қоймаларымен салыстырғанда басқа экологиялық жағдайларға ие қазақстандық су қоймаларда өзен абботинасының таралуы мен акклиматизациялануына байланысты морфологиялық белгілері де өзгерістерге ұшырауы мүмкін және ихтиологиялық және экологиялық зерттеулер үшін қызығушылық тудырады.

Осы мақаланың мақсаты Шілікті өзеніндегі (Балқаш бассейні) өзен абботтинасының пластикалық белгілерін зерттеу болып табылады. Алынған мәліметтер Қазақстанның су қоймаларындағы осы түр бойынша қолда бар деректерді толықтырады.

Зерттеу материалы ретінде Алматы облысы, Балқаш бассейнінің құрамына кіретін Шілікті өзенінен жиналған өзен абботтинасының дарақтары пайдаланылды. Балықтар аулағыш-торлардың көмегімен ұсталды.

Ауланған балықтар формалиннің 4% ерітіндісінде горизонтальды орналасқан пластикалық контейнерлерде салынып фиксацияланды, сонын нәтижесінде денелері түзу және жүзбеқанаттары жазылған болып келді. Талдау үшін абсолютті дене ұзындығы *(TL)* – 7.60-8.40 мм болатын 10 дарақ таңдалды. Өлшеу үшін 0,1 мм дәлдікпен электронды штангенциркуль қолданылды. Барлық өлшеулер тікелей екі нүктенің арасындағы түзу сызық бойымен жүргізілді.

Стандартты ұзындық (*SL*) тұмсығының біткен жерінен құйрық жүзбеқанатының *hypuralia* ортаңғы сәулелерінің бекітілген жеріне дейін өлшенді. Сонымен қатар, төмендегідей пластикалық белгілеріне талдау жасалды: абсолютті дене ұзындығы (*TL*), стандартты дене ұзындығы (*SL*), антедорсальды қашықтық *(aD),* постдорсальды қашықтық *(pD),* антевентральды қашықтық (*aV),* антеанальды қашықтық (aA), пектовентральды қашықтық (*P–V*), вентроанальды қашықтық *(V–A),* дененің ең үлкен биіктігі *(H),* дененің ең төмен биіктігі (*h*), дененің ең үлкен жуандығы (*B),* құйрық бөлімінің ұзындығы (*lpc*), құйрық бөлімінің биіктігі *(hpc),* құйрық бөлімінің жуандығы (*wpc*), кеуде жүзбеқанатының ұзындығы (*lP*), құрсақ жүзбеқанатының ұзындығы *(lV),* арқа жүзбеқанатының биіктігі *(hD),* арқа жүзбеқанатының негізінің ұзындығы *(lD),* аналь жүзбеқанатының биіктігі *(hA),* аналь жүзбеқанатының негізінің ұзындығы (*lA)*, құйрық жүзбеқанатының жоғарғы қалақшасының ұзындығы *(lC1),* құйрық жүзбеқанатының төменгі қалақшасының ұзындығы *(lC2),* құйрық жүзбеқанатының орташа сәулелерінің ұзындығы *(lC3),* басының ұзындығы *(lc),*

желке бөліміндегі басының биіктігі *(hc1),* көз аралығындағы басының биіктігі *(hc2),* көздің арақашықтығы (*io*), *preoperculum* аймағындағы басының ені (*cl*), тұмсықтың ұзындығы (*ao*), көзден кейінгі қашықтық (*po*), көздің диаметрі *(o),* ауыз қуысының ұзындығы (*oolong*), ауыз қуысының ені *(oolat),* мұртының ұзындығы (*lb).*

Деректерді статистикалық өңдеу *Microsoft Excel 2013* көмегімен жүргізілді. Орташа арифметикалық *(M),* орташа арифметикалықтың қателігі *(m),* орташа квадраттық ауытқу *(σ),* вариация коэффициенті *(CV),* белгінің минималды және максималды мәні *(lim)* есептелді.

1 кестеде Шілікті өзенінен (Балқаш бассейні) алынған өзен абботтинасының пластикалық белгілерін талдау нәтижелері келтірілген.

Кесте 1. Шілікті өзеніндегі өзен абботтинасының пластикалық белгілері (n=10).

Белгілері	***lim***	***M ± m***	σ	***CV (%)***
TL, см	7.60–8.40	8.00±0.10	0.32	4.00
SL, см	6.10–6.85	6.49±0.09	0.29	4.45
% дене ұзындығынан (*SL*)				
aD	46.72–49.26	47.73±0.27	0.85	1.78
pD	37.70–40.91	38.77±0.32	1.02	2.63
aV	51.52–55.74	54.15±0.40	1.28	2.36
aA	72.73–80.33	77.89±0.65	2.06	2.65
P–V	25.00–31.15	28.38 ±0.60	1.91	6.74
V–A	22.73–26.28	24.05±0.31	0.99	4.12
H	19.34–21.88	20.37±0.25	0.79	3.89
h	9.49–10.16	9.83±0.07	0.22	2.22
B	15.08–16.41	15.71±0.14	0.44	2.79
lpc	14.84–18.18	16.48±0.32	1.00	6.08
hpc	9.39–10.94	10.17±0.14	0.43	4.25
wpc	6.36–7.35	6.89±0.10	0.32	4.61
lP	21.47–25.78	23.53±0.39	1.22	5.20
lV	15.44–18.75	16.87±0.28	0.89	5.29
hD	19.67-25.00	21.98±0.47	1.48	6.73
lD	14.06–17.19	15.15±0.26	0.81	5.37
hA	15.33–17.21	16.28±0.20	0.62	3.80
lA	6.62–9.09	7.68±0.24	0.77	10.03
lC1	20.97–24.59	22.92±0.33	1.06	4.60
lC2	15.91–24.59	21.79±0.72	2.28	10.45
lC3	14.60–18.03	16.67±0.33	1.05	6.27
lc	25.55–27.42	26.46±0.22	0.69	2.60

% басының ұзындығынан (*lc*)				
*hc*1	62.50–68.57	64.71±0.60	1.89	2.91
*hc*2	52.78–60.57	56.18±0.89	2.81	5.00
io	26.86–30.29	28.64±0.33	1.04	3.62
cl	61.11–68.57	64.73±0.85	2.68	4.14
ao	44.44–50.00	46.77±0.49	1.55	3.31
po	40.00–43.75	41.30±0.33	1.04	2.52
o	19.44–23.75	22.12±0.38	1.20	5.42
oolong	20.63–26.11	23.46±0.56	1.78	7.59
oolat	25.00–32.22	28.74±0.69	2.17	7.55
lb	13.75–17.14	14.91±0.29	0.92	6.15

Талданған пластикалық белгілердің басым көпшілігі үшін вариация коэффициенті жоғары емес және 10%-дан аспайды, бұл деректердің біркелкілігін көрсетеді. Тек екі белгі – аналь жүзбеқанатының негізінің ұзындығы және құйрық жүзбеқанатының төменгі қалақшасының ұзындығы – *CV* бойынша 10.5 %-дан аспайды.

Антедорсальды қашықтық постдорсальды қашықтықтан үлкен. Дененің ең үлкен биіктігі оның осы жердегі қалыңдығынан едәуір асады, сонымен қатар, құйрық жүзбеқанатының ұзындығынан айтарлықтай үлкен.

Құйрық жүзбеқанатының ұзындығы оның биіктігі мен қалыңдығынан айтарлықтай асып түседі, оның биіктігі қалыңдығынан едәуір үлкен. Дененің ең төменгі биіктігі құйрық жүзбеқанатының қалыңдығынан үлкен.

Арқа жүзбеқанаты және аналь жүзбеқанаттарының биіктігі олардың негіздерінің ұзындығынан айтарлықтай асып түседі. Кеуде жүзбеқанаттары пектовентральды қашықтықтың 73-97% (орташа 83.3%) құрайды. Құрсақ жүзбеқанаттары аналь тесігіне дейін жетеді және вентроанальды қашықтықтың 64-75% (орташа 70.2%) құрайды. Құйрық жүзбеқанатының жоғарғы қалақшасының ұзындығы орташа есеппен алғанда төменгі қалақшасының ұзындығынан сәл асып түседі.

Бастың ұзындығы дененің ең үлкен биіктігінен және құйрық жүзбеқанатының ұзындығынан өте көп мөлшерде асып түседі. Желке бөліміндегі басының биіктігі оның ұзындығының жартысынан әлдеқайда көп және орта есеппен *preoperculum* аймағындағы басының еніне тең. Мұртшалары өте қысқа, Шілікті өзеніндегі популяциялардың көздерінің диаметрінің 60.5-79% (орташа 67,6%) құрайды.

Бұл зерттеу жұмысында Шілікті өзеніндегі өзен абботтинасының 34 пластикалық белгілері бойынша талдау жүргізілді. Өзен абботтинасының пластикалық белгілерінің өзгергіштігін зерттеу оның өзіне тән ерекшеліктерін анықтауға және Қазақстанның су айдындарындағы осы түр популяциясының қазіргі жай-күйін бағалау бойынша одан әрі зерттеу үшін материал алуға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысын жүргізу нәтижесінде өзен абботтинасының морфологиялық өзгергіштігі туралы мәліметтер толықтырылатын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Дукравец Г.М., Мамилов Н.Ш., Митрофанов И.В. Рыбы Казахстана: аннотированный список, исправленный и дополненный //Selevinia. – 2016. – Т. 24. – С. 47-71.

2 Coad B.W. Fresh water fishes of Iran //Acta Sc. Nat. Brno. – 1995. Т. 29. – №. 1. – С. 1-64.

3 Vidthayanon C., Kottelat M. First record of Abbottina rivularis (Cyprinidae: Gobioninae) from the Mekong basin //Japanese Journal of Ichthyology. – 1995. – Т. 41. – №. 4. – С. 463-465.

4 Savvaitova K.A., Petr T. Fish and fisheries in lake Issyk-Kul (Tien Shan), river Chu and Pamir lakes // FAO Fisheries Technical Paper. 1999. – Т. 385.

5 Kottelat M. Fishes of Laos WHT Publications Ltd. – 2001.

6 Tang W., He D. Investigation on alien fishes in Qinghai Province, China (2001–2014) // Journal of Lake Sciences. – 2015. Т. 27. – С. 502-510.

7 Сальников В.Б., Решетников Ю.С. Формирование рыбного населения искусственных водоемов Туркменистана // Вопросы ихтиологии, 1991. Т. 31, вып. 4, С. 565-575.

8 Мельников В.А. Род Pseudogobio Bleeker, 1860 – лжепескарь // Рыбы Казахстана. Т. 5 / Под ред. Митрофанова В.П., Дукравец Г.М., Сидоровой А.Ф. и др. Алма-Ата: Наука. – 1992. – С. 169-177.

9 Митрофанов В.П. Род Gobio Cuvier, 1817 – пескарь // Рыбы Казахстана. Т. 3 / Под ред. Митрофанова В.П., Дукравец Г.М., Сидоровой А.Ф. и др. Алма-Ата: Наука. – 1988. – С. 5-23.

10 Мамилов Н.Ш., Балабиева Г.К., Митрофанов И.В. Проблемы сохранения аборигенной ихтиофауны Или-Балхашского бассейна //Вестн. Казах. нац. ун-та им. аль-Фараби. Сер. экологическая. – 2012. – №. 1. – С. 37-42

ГРНТИ 34.33.33

ҮСЕК ӨЗЕНІНДЕГІ (ІЛЕ БАССЕЙНІ) ҚАБЫРШАҚСЫЗ КӨКБАСТЫҢ (GYMNODIPTYCHUS DYBOWSKII) ПЛАСТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Ф.Е. Амангалиева
Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстанның су алқабында қабыршақсыз көкбастың (*Gymnodiptychus dybowskii*) пластикалық белгілерінің өзгергіштігі нашар зерттелген, ал бұрынғы деректер осы түрді толыққанды сипаттау үшін жеткіліксіз. Бұл мақалада Үсек өзеніндегі (Іле бассейні) қабыршақсыз көкбастың 35 пластикалық белгілерін өлшеу нәтижелері келтірілген. Нәтижелері бойынша статистикалық талдау жүргізілген. Мақала осы жергілікті аборигенді түрдің пластикалық белгілерінің өзгергіштігі туралы мәліметтермен толықтырылады.

Түйін сөздер: *Cyprinidae*, *Gymnodiptychus*, аборигенді ихтиофауна, морфология, пластикалық белгілері.

Қабыршақсыз көкбас Сырдариядан Тарымға дейінгі Орта Азияның таулы аймақтарының көлдері мен өзендерінде, Ыстыққөл, Зайсан, Балқаш–Алакөл бассейні су қоймаларында кездеседі. Ол өзендерде, олардың бастауларында, суық (+6..+8 °С) және жылы жерлерде таралған. Түрдің ғылыми атауы поляк зоологы Б. И. Дыбовскийдің құрметіне берілген [1, 2].

Қабыршақсыз көкбастың Зайсан, Іле, Балқаш-Алакөл бассейні су қоймаларында мекендейтін дарақтарының кеуде және жамбас жүзбеқанаттарының арасында қабыршақтары бөлек орналасқан. Мұндай дарақтарды *var. primitiva* тобына жатқызады. Олардың саңылауы, әдетте, құрсақ жүзбеқанатының түбінен басталып құйрық жүзбеқанатына дейін созылады. Шу өзенінде *var. primitiva* дарақтары кездеспейді. Шыршық өзенінде мекендейтін көкбас тілімшесінің үстінде қабыршақтың екінші қатары бар. Осындай ерекше дарақтар сирек кездеседі [3].

Қабыршақсыз көкбастың денесі ұзарған, ұршық тәрізді– қабыршақ тек бүйір сызығының бойында (82–110 қабыршақ), кеуде жүзбеқанаттары үстінде (20 қабыршақ) орналасқан. Денесінің жалпы ұзындығы 45-50 см-ге дейін, бірақ әдетте 23 см-ден аспайды, салмағы 3 кг-ға дейін [4].

Ауызы төменгі жақта, оның бұрыштарында екі кішкентай мұртшалары бар. Түсі тіршілік ету ортасына байланысты өзгеріп отырады: лайлы өзендерде

балықтардың түсі күңгірт болады, артқы жағы көгілдір және бүйір жағы күміс түсті, көлдерде олар қоңыр-алтын түсті. Беткейлерінде және желбезек қақпақтарында көптеген ұсақ қара дақтар бар. Көз жоғарыдан сарғыш немесе қызыл жолақпен шектелген. Мұртшалары орта бөлігінде орналасқан, сарғыш жолағы бар. Жүзбеқанаттары ақшыл күміс түсті, сарғыш реңктері бар. Оларда дақ жоқ. Аузы төменгі жақта орналасқан, еріндері етті. Төменгі ерні ортасынан бөлінген. Қабыршақсыз көкбастың ішіндегі ерні дамыған дарақтары *morpha przewalskii* деген атқа ие болды [5].

Қазақстанның су қоймаларында қабыршақсыз көкбастың морфологиялық белгілері туралы келтірілген мағұлматтар жеткіліксіз, ал оның популяциясы егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді. Бұл жұмыстың мақсаты Үсек өзенінен (Іле басссейні) қабыршақсыз көкбастың пластикалық белгілерін зерттеу болды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Балықтар аулағыш-торлардың көмегімен Үсек өзенінен (Іле бассейні) ауланған. Ауланған балықтар формалиннің 4% ерітіндісінде горизонтальды орналасқан пластикалық контейнерлерде салынып фиксацияланды, соның нәтижесінде денелері түзу және жүзбеқанаттары жазылған болып келді.

Морфологиялық талдау үшін абсолютты ұзындығы (*TL*) 90–119 мм (орта есепте 84,2 мм) 9 аналык дарақтар тандалып алынды. Өлшеу үшін 0,1 мм дәлдікпен электронды штангенциркуль қолданылды. Барлық өлшеулер тікелей екі нүктенің арасындағы түзу сызық бойымен жүргізілді.

Пластикалық талдау жүргізу үшін мына өлшем-бірліктер қолданылды: Абсолютті дене ұзындығы (*TL*), стандартты дене ұзындығы (*SL*), антедорсальды қашықтық (*aD*), постдорсальды қашықтық (*pD*), антевентральды қашықтық (*aV*), антеанальды қашықтық (*aA*), пектовентральды қашықтық (*P–V*), вентроанальды қашықтық (*V–A*), тілікше (*lsplit*) ұзындығы, дененің ең үлкен биіктігі (*H*), дененің ең төмен биіктігі (*h*), дененінің ең үлкен жуандығы (*B*), құйрық бөлімінің ұзындығы (*lpc*), құйрық бөлімінің биіктігі (*hpc*), құйрық бөлімінің жуандығы (*wpc*), кеуде жүзбеқанатының ұзындығы (*lP*), құрсақ жүзбеқанатының ұзындығы (*lV*), арқа жүзбеқанатының биіктігі (*hD*), арқа жүзбеқанаттарының негізінің ұзындығы (*lD*), аналь жүзбеқанатының биіктігі (*hA*), аналь жүзбеқанаттарының негізінің ұзындығы (*lA*), құйрық жүзбеқанатының жоғарғы қалақшасының ұзындығы (*lC*1), құйрық жүзбеқанатының төменгі қалақшасының ұзындығы(*lC*2), құйрық жүзбеқанатының орташа сәулелерінің ұзындығы (*lC*3), бастың ұзындығы (*lc*), желке бөліміндегі басының биіктігі (*hc*1), көз аралығындағы басының биіктігі (*hc*2), көздің арақашықтығы (*io*), *preoperculum* аймағындағы басының ені (*cl*), тұмсықтың ұзындығы (*ao*), көзден кейінгі қашықтық (*po*), көздің диаметрі (*o*), ауыз қуысының ұзындығы (*oolong*), ауыз қуысының ені (*oolat*), мұртшаларының ұзындығы (*lb*).

Деректерді статистикалық өңдеу *Microsoft Excel 2010* көмегімен жүргізілді. Орташа арифметикалық *(M),* орташа арифметикалықтың қателігі *(m),* орташа квадраттық ауытқу *(σ),* вариация коэффициенті *(CV),* белгінің минималды және максималды мәні *(lim)* есептелді.

1 кестеде Үсек өзенінен (Іле өзенінің бассейні) қабыршақсыз көкбастың (*Gymnodiptychus dybowskii*) пластикалық белгілерін талдау нәтижелері келтірілген.

Белгілері	***Lim***	***M ± m***	σ	***CV (%)***
TL, см	9,00–11,90	10.38±0.29	0.87	8.42
SL, см	7.30–9.60	8.42±0.24	0.71	8.43
% дене ұзындығынан (*SL)*				
aD	47.13–48.78	47.96±0.16	0.48	1.00
pD	41.10–44.83	42.68±0.47	1.42	3.32
aV	51.81–54.02	53.25±0.26	0.77	1.44
aA	71.23–75.00	72.77±0.34	1.01	1.39
P–V	28.05–29.89	29.08±0.21	0.63	2.17
V–A	19.23–21.88	20.07±0.28	0.84	4.16
lsplit	17.81–27.50	21.78±1.29	3.88	17.83
H	18.75–21.95	20.65±0.42	1.25	6.03
h	7.07–8.43	7.65±0.14	0.42	5.50
B	14.38–18.75	16.37±0.44	1.32	8.08
lpc	18.07–20.11	19.15±0.23	0.68	3.53
hpc	8.33–9.64	8.99±0.15	0.44	4.91
wpc	7.32–9.04	8.23±0.20	0.59	7.15
lP	16.67–19.28	17.66±0.29	0.86	4.87
lV	14.37–17.47	15.66±0.30	0.91	5.84
hD	18.74-21.08	19.66±0.27	0.82	4.19
lD	11.49–15.06	13.18±0.37	1.12	8.54
hA	19.79–22.41	21.24±0.35	1.05	4.92
lA	8.75–10.26	9.46±0.15	0.45	4.72
lC1	20.83–27.71	23.41±0.61	1.84	7.87
lC2	23.56–28.31	25.30±0.50	1.51	5.96
lC3	9.77–15.06	12.24±0.48	1.45	11.83
lc	25.00–28.05	26.13±0.29	0.88	3.36
% басының ұзындығынан (*lc*)				
hc1	60.87–65.00	62.71±0.51	1.54	2.46
hc2	43.48–50.00	46.71±0.77	2.30	4.93
io	30.43–36.36	33.55±0.61	1.83	5.45
cl	52.17–56.82	54.76±0.56	1.68	3.07
ao	34.00–37.84	35.01±0.39	1.16	3.32
po	37.84–47.06	42.56±4.21	1.23	2.43
o	20.00–22.78	21.83±2.15	1.02	4.72

oolong	22.22–27.65	25.18±2.52	1.70	5.42
oolat	28.11–32.68	31.29±3.11	1.14	3.67
lb	19.57–30.00	25.22±1.08	3.24	12.87

Талданған пластикалық белгілердің басым көпшілігі үшін вариация коэффициенті 10%-дан аспайды, бұл деректердің біркелкілігін көрсетеді. Тек үш белгі – тілікше ұзындығы, құйрық жүзбеқанатының сәулелерінің орташа ұзындығы *(lC3)* және мұртшаларының ұзындығы *(lb)* – орташа *CV* 10%-дан асады.

Антедорсальды қашықтық постдорсальды қашықтықтан үлкен. Дененің ең үлкен биіктігі *(H)* оның енінен едәуір асады, сонымен қатар құйрық жүзбеқанаты қалақшасының *(lC)* ұзындығынан сәл артық немесе оған тең.

Құйрық жүзбеқанаты қалақшасының *(lC)* ұзындығы оның биіктігі мен енінен едәуір асады, құйрық жүзбеқанаты қалақшасының *(lC)* биіктігі оның енінен сәл үлкен немесе оған тең. Дененің ең төмен биіктігі құйрық жүзбеқанаты қалақшасының *(lC)* еніне тең.

Арқа жүзбеқанаттарымен анальды жүзбеқанаттардың биіктігі олардың негіздерінің ұзындығынан едәуір асады. Кеуде жүзбеқанаттары пектовентральды қашықтықтың 56-67% (орташа 60.8%) құрайды. Құрсақ жүзбеқанаттары анусқа жетпейді және вентральды қашықтықтың 71-85% (орташа 78.1%) құрайды. Құйрық жүзбеқанаты жоғарғы қалақшасының ұзындығы құйрық жүзбеқанаты төменгі қалақшасының ұзындығынан сәл асады.

Бастың ұзындығы дененің ең үлкен биіктігінен және құйрық жүзбеқанаты қалақшасының ұзындығынан едәуір асады. Желке бөліміндегі басының биіктігі *(hc1)* оның ұзындығының жартысынан едәуір көп және *preoperculum* аймағындағы басының енінен үлкен. Мұртшалардың ұзындығы көздің артқы жиегінің вертикалына жетеді, олардың ұзындығы көздің диаметрінен үлкен.

Пластикалық белгілері бойынша алынған деректер Қазақстанның су қоймаларынан қабыршақсыз көкбас балығының (*Gymnodiptychus dybowskii*) морфологиялық өзгергіштігін зерттеу үшін салыстырмалы материал ретінде қолданылады.

Жүргізілген зерттеу тәжірибе нәтижесінде Үсек өзеніндегі (Іле бассейні) қабыршақсыз көкбас балығының пластикалық белгілері анықталды. Алынған нәтижелерді Үсек өзеніндегі (Іле бассейні) қабыршақсыз көкбастың (*Gymnodiptychus dybowskii*) пластикалық белгілері туралы қолда бар деректермен салыстыру елеулі айырмашылықтарды көрсетпеді. Көптеген салыстырмалы деректердің жоқтығына байланысты, Қазақстанның су айдындарында қабыршақсыз көкбастың басқа популяцияларында оны тереңірек зерттеу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Рыбы Казахстана: В 5-ти томах. – Алма-Ата: Наука, 1988. – Т. 3. – С. 93-105.

2 Турдаков Ф.А. Очерк ихтиофауны Таласского бассей-на // Уч. зап. биол.-почв. фак-та КирГУ (зоология). 1955. – Вып. 5. – С. 128-163.

3 Тимирханов С.Р. Морфоэкологическая характеристика голого османа (Diptychus dybowskii Kessler) из водоемов бассейна р. Чу // Вестник КазГУ. Сер. Биологиче-ская, 1999, вып. 8. – С.85-91.

4 Тимирханов С.Р., Карабекова Д.У. Морфологическая дифференциация голых османов (Gymnodyptychus dybowskii, Kessler,1874) в водоемах Центральной Азии // Наука и новые технологии. 2015, № 2. – С.102-105.

5 Тимирханов С.Р. Экологическая изменчивость голого османа (Gymnodiptychus dybowskii (Kessler, 1874)) в водоемах Средней Азии и Казахстана // Вестник Каз. Сер.экологическая, 2010, №2 (28). – С. 83-87.

ҒТАМР 86.21.00

АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНЕН ТАЗАРТУ

Ж.А. Досмағанбет, Ж.М. Қабыл, Д.Ш. Ибатаев
Магистранттар, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.
Ж.С. Сарқұлова
PhD-доктор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Ағынды сулардың мұнаймен ластануы тек су қоймаларына ғана әсер етпейді. Ағынды сулардың тікелей инфильтрациясы кезінде мұнай өнімдері жер асты суларының сулы қабатына түсіп, олардың құрамы мен физикалық қасиеттерін нашарлатуы мүмкін. Мұнайы бар ағынды сулар минералды және органикалық ластануды қамтитын күрделі гетерогенді полидисперсті жүйе болып табылады. Минералды ластаушы заттардан құм, саз бөлшектері, коррозия өнімдері, минералды тұздардың, қышқылдар мен сілтілердің ерітінділерінен тұрады. Мақалада ағынды суларды мұнай өнімдерінен тазарту жолдары ұсынылған.

Түйін сөздер: қондырғы, мұнай, резервуар, тұндырғыштар, сұйықтық.

Бүгінгі таңда мұнай ұстаушылар көбірек маңызға ие оларды мұнай бөлгіштер деп те атайды. Бұл арнайы қондырғылар ағынды суларды мұнай өнімдерінен тазарту үшін қажет. Көбінесе олар нөсер тазарту қондырғылары болып табылады. Олардың көмегімен суды физика-химиялық тазарту жүргізіледі. Мұнай тазалағыштар міндетті түрде ТЖО, автожуу, ЖҚС, автотұрақтар, мұнай сақтау орындарын орнатуы тиіс. Мұндай кәсіпорындар үшін ағынды суларды тазарту жүйелері жасалды, өйткені олар қоршаған ортаны мұнай қалдықтарымен ластауы мүмкін. Мұндай тазартқыштар мұнай өнімдерін жоюға арналған, оларда сарқынды суларды эмульсияланған түрде, шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды қатыратын немесе қамтитын заттарды өңдеуге жол берілмейді. Сонымен қатар, мұндай тазарту жүйелері ГОСТ пен стандарттарға сәйкес жасалады.

Дауыл тазарту жүйесін жобалаудың екі нұсқасы бар. Біріншісі-коалесцентті бөліктің өзін-өзі көтеретін корпусы. Онда темір-бетон сақиналардан тұратын тұндырғыш орнатылады. Тағы бір нұсқа – тірек корпусы жоқ коалесцентті бөлік. Бұл цилиндрлік корпус, сол сақиналардың тұндырғышымен темірбетон сақиналарына орнатуға арналған

Сондай-ақ, резервуарлық типтегі тұндырғыштар мен мұнай ұстағыштар туралы ақпаратты жиі таба аласыз. олар ағынды суларды тазартудың алдын-ала кезеңдерінде қолданылады. Бірақ олар үлкен аумақтарды алып жатыр, бірақ олар өте тиімді емес. Мұндай тазартқыштарда сұйықтық бірнеше сағатқа созылады, ал егер өндіріс көлемі жеткілікті үлкен болса, тазарту қондырғыларының өлшемдері негізсіз үлкен болады. Сонымен қатар, тазарту деңгейі 50 пайыздан аз. Мұндай төмен тиімділік тазартқыш дизайнының жетілмегендігінен туындайды [1].

Көлденең сыйымдылықты тұндырғыштар айтарлықтай тереңдікке ие, бірақ тазарту қондырғыларында оларды жеткілікті түрде азайтуға болады. Тұндырылған сұйықтық қабатының мұндай төмендеуі ағынды сулардан артық заттардың бөлінуіне кететін уақытты азайтады. Бұл өз кезегінде конвекция тогынан туындаған су ағынының араласуын азайтады.

Көбінесе көп деңгейлі сөрелік мұнай ұстағыштар қағидасы қолданылады. Ол сұйықтықтың жұқа қабатын қорғауға негізделген. Тұндыруға арналған камераның жұмыс көлемі пластиналармен бөлінген. Олар үлкен бөлікті бірнеше аймаққа бөледі. Жалпы камераны бөлетін пластиналар 60 градусқа дейін бұрышта орнатылады, бұл жауын-шашынның арнайы бөлікке-тұндырғышқа толық түсуін қамтамасыз етеді, ал мұнай өнімдері жоғарғы қабатта біркелкі жиналады.

Судың жұқа қабатында ластану өте тез орналасады, өйткені мұнай бөлшектерінің қозғалыс жолы сыйымдылық тұндырғышына қарағанда шамамен 50 есе қысқа болады. Тұндыру кезеңі осындай камералардың саны мен мөлшеріне байланысты. Жұқа қабатты тазартқыш әлдеқайда аз орынды қажет етеді. Су ағыны тұндыру бөлігіне біркелкі таралуы мүмкін. Мұның бәрі осындай тұндыру камерасының көлемін пайдалану коэффициентін көптеген басқа мұнай тазарту қондырғыларының ұқсас мәндерінен әлдеқайда жоғары етеді [2].

Жұқа қабатты тұндырғыштар өз кезегінде олардың дизайнына және ондағы су ағынының жүйесіне байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Олар тікелей ағынды. Мұндай тазартқышта ағынды сулардан бөлінетін сұйықтық пен заттар бір бағытта қозғалады. Бөлінетін бөлшектер сұйықтыққа қарама-қарсы бағытта бағытталған жүйелер анти-нүкте деп аталады.

Бұл тұндырғыштардың барлық түрлері дизайнда орталық бөліктегі көрші блоктар арасындағы, бүйірлер мен олардың бүйір қабырғалары арасындағы кеңістік алынбалы қалқандармен қоршалатындығымен біріктірілген. Жеңіл қалқандар жұмыс ағынының осы кеңістіктерге енуіне жол бермейді, бұл ағынның тек жеке деңгейлерде қозғалуына кепілдік береді. Сонымен қатар, кросс-схема орнату қиынырақ ғана емес, сонымен қатар сөрелер арасындағы кеңістікте жақсы гидравликалық режимге ие. Екінші жағынан, пластиналардың қаттылығын арттыру үшін олардың қалыңдығын арттыру қажет, бұл тұндырудың пайдалы биіктігінің төмендеуіне және осындай мұнай тазартқыштың құнын арттыруға әкеледі.

Жақында шетелде құбырлы тұндырғыштар пайда болды. Олар ерекшеленеді, өйткені бастапқы ағын жеке ағындарға бөлінеді, олар өздігінен жүреді. Бөлудің тиімділігі едәуір артады, өйткені бірдей гидравликалық жүктеме кезінде ағынның қозғалысы ламинарлы болады.

Мұнай тазартқыштардың көпшілігінде ағынды сулар бірнеше тазарту кезеңдерінен өтеді. Мұндай тазартқыштар, әрине, ең тиімді, бірақ сонымен бірге күтімді және үлкен кеңістікті қажет етеді. Тұндырғышта құм, топырақ сияқты заттардан тазартылғаннан кейін сұйықтық коалесцентті сүзгі орнатылған басқа бөлікке түседі. Бұл тазартудың екінші кезеңі. Бұл кезеңде ағынды сулар сүзгі арқылы өтеді, бұл мөлшері 0,2 мм болатын мұнай өнімдерінің бөлшектерін сақтайтын кеуекті материал,бұл бөлім көп орын алмайды, сұйықтық ол арқылы тез өтеді [3].

Кез келген тұндырғыш техникалық қызмет көрсетуді қажет етеді. Тұндырғышта сарқынды сулардың сапасына, жауын-шашын мөлшеріне және бөлінген мұнай өнімдеріне көзбен шолып бақылау жүргізу қажет. Ал коалесцентті сүзгіні мезгіл-мезгіл таза сумен жуып отыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Гуреев А.А., Абызгильдин А.Ю., Капустин В.М., Зацепин В.В. Бөлу су-мұнай эмульсиялары: оқу құралы. – М.: «Мұнай және газ»баспасы ЖБТ. – 77 б.

2 Баннов П.Г. Мұнай өңдеу процестері.– М.: ЦНИИТ Энефтехим, 2003. – 504 б.

3 Қоршаған әлемді оқыту әдістемесі: оқу-әдістемелік құралы / Алипбаева Г.А., Нурова А.К. – Қостанай: ҚМПУ баспасы, 2019. – 108 б.

ҒТАМР 31.25.15

ПОЛИМЕР МАТРИЦАСЫНА ТОЛЫҚТЫРҒЫШТАРДЫ ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ КОМПОЗИТТІ МАТЕРИАЛДАРДЫ АЛУ

Ж.А. Омарова, Г.С. Басбаева, Л.К. Тастанова
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Композициялық материалдарды қолдану беріктік сипаттамаларын нашарлатпай, өнімнің салмағын едәуір азайтуға мүмкіндік береді, бұл әсіресе авиация және аэроғарыш өнеркәсібі үшін өте маңызды. Бұл жұмыстың мақсаты эпоксидті композициялық материалдарды алу. Полимерлі материалдар көбінесе конструкцияларға қойылатын талаптарды қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаттылық пен беріктікке ие емес. Әр түрлі күшейткіш толтырғыштарды енгізу бұл қасиеттерді жақсартудың дәстүрлі әдісі болып табылады, бұл толтырылған полимерлерді құрылымдық материалдар ретінде пайдалануға жеткілікті. Жұмыстың мақсаты композитті материалдарды жасау кезінде эпоксидті композицияларды рецепт бойынша жасау.

Түйін сөздер: Эпоксидті шайыр, нанобөлшектер, толықтырғыш, модификация, композиция.

Композициялық материалдар – құрамы жағынан ерекшеленетін және айқын шекарамен бөлінген және алдын ала жобаланған жаңа қасиеттері бар екі немесе одан да көп компоненттерден тұратын жасанды түрде жасалған материалдар [1].

Құрылымы бойынша композиттер бірнеше негізгі кластарға бөлінеді: талшықты, қабатты, дисперсті қатайтылған, бөлшектермен және нанокомпозиттермен қатайтылған. Талшықты немесе жіп тәрізді кристалдармен күшейтілген талшықты композиттер.

Эпоксидті шайырлар – молекулада кемінде екі эпоксидті немесе глицидил тобы бар және қатайтқыштардың әсерінен үш өлшемді өзара байланысқан полимерлерге айналуға қабілетті олигомерлі қосылыстар [2].

Микросфералар композиттік материалдарға беретін бірқатар қасиеттерге ие. Бұл жеңілдік, химиялық инерттілік, отқа төзімділік және төмен жылу өткізгіштік. Әр түрлі материалдарға, соның ішінде эпоксидке қосылған кезде, олар оларды жеңілдетеді және жылу және дыбыс оқшаулау қасиеттерін арттырады. Микросфераны қолдана отырып, материалдың массасын 50-60 % төмендетуге болады, бұл көбінесе әуе модельдеуінде және Кеме жасауда қолданылады.

Зерттеу үшін микросфера толықтырғышы таңдалды. Барлық эксперименттерде ЭД–20 эпоксидті шайыр матрица ретінде қолданылды. Сондай – ақ ПЭПА қатайтқышы қосылды. Техникалық ПЭПА орташа молекулалық салмағы ~220-250 және өте кең полидисперсті тармақталған этилен және пиперазині бар этилен полиаминдері. Олардың құрамына диэтилентриаминнен және n-ß аминоэтилпиперазиннен тізбектегі 6-7 азот атомы бар қосылыстарға дейінгі өнімдер кіреді. ПЭПА-ның көптеген кемшіліктеріне қарамастан, қатайтқыш ретінде ол ұзақ уақыт бойы өзінің маңыздылығын сақтап келді және қазір ол ең алдымен қол жетімділіктің арзандығына байланысты кеңінен қолданылады.

Мақала суық қатайтылған эпоксидті өткізгіш желімдерге жатады. Композициялар радиоэлектрондық жабдықтар мен интегралды схемалардың элементтерін, әсіресе икемді интегралды схемаларды орнату кезінде өткізгіш байланыспен сезімтал элементтерді берік байланыстыруға арналған. Радиоэлектрондық аппаратура мен интегралды схемаларды монтаждау кезінде ток өткізетін контактіні қамтамасыз ете отырып, жылу сезгіш элементтерді берік қосуға арналған суық қатайтылған эпоксидті ток өткізгіш желім композицияларына да жатады.

Өткізгіштік және механикалық беріктік көрсеткіштері жоғары ток өткізгіш желімдер радиоэлектрондық аппаратураның схемаларын монтаждау кезінде микрожинақтардағы күрделі нысандағы конструкцияларда, экрандық арақабырғалар мен корпустың түйісу нүктелерінде дәнекерлеудің орнына сенімді электр байланыстарын қамтамасыз ету үшін қажет. Дәнекерлеушілерді қолдану жоғары температураны (260 °С дейін) қолдануды қажет ететіндіктен, кейбір жағдайларда қолдануға болмайды, суық қатайтатын өткізгіш желімдер қажет.

Техникалық нәтиже-ток өткізетін желім құрамының жоғары технологиялық сипаттамалары: өміршеңдік-кемінде 2 сағат; шағын элементтерді сапалы желімдеуді жүргізуге мүмкіндік беретін төмен тұтқырлық, жұмыс температурасының аралығы -196-дан +150°С-қа дейін, жоғары когезиондық (созылу беріктігінің шегі) және адгезиондық (Желімді қосылыстардың ығысуға беріктігі) беріктік, жоғары конструкциялық (25±10)°С температурада қатаятын материал алу [3].

Техникалық нәтижеге сай, эпоксидті диан шайыры негізіндегі отқа төзімді композицияда қол жеткізіледі, оның құрамында қатайтқыш-полиэтиленполиамин және толтырғыш бар, толтырғыш ретінде микросфера қолданылды. Композиция компоненттерінің қатынасы, мас.с.: эпоксидті диан шайыры – 100,0; полиэтиленполиамин-15,0; толықтырғыш -0 – 20,0 болып алынды.

Алынған композициялық материалдардың қасиеттері стандартты әдістерді қолдана отырып жасалды.

Іске асыру мысалдары.

Мысал 1.

Алынған материалдар:

– эпоксидті Диан шайыры (ЭД-20) – 100 мас.Ш.;
– ПЭПА (полиэтиленполиамин);
– толықтырғыш.

Компоненттер 10 минут ішінде механикалық араластырғышпен араластырылады.

Алынған қоспаларды жақсылап араластырып, кейін бұл қоспаны алдын ала жасалған форма қалыптарға құйылып, кебуге қоямыз: 24 сағатқа 60°.

Салыстырмалы сынақтар жүргізу үшін композицияның 4 нұсқасы (мысалда сипатталған әдіс бойынша) және бақылау үлгісі бойынша композиция дайындалды, олардың рецептілері 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1.

Құрамы	**Соңғы бақылау**	**Компоненттер құрамы, масс.**		
		1	**2**	**3**
Эпоксидті Диан шайыры	100,0	100,0	100,0	100,0
Полиэтанполиамин (ПЭПА)	15,0	15,0	15,0	15,0
Толықтырғыш	-	5,0	10,0	20,0

Сурет 1. Полимер матрицасына толықтырғыштарды еңгізу арқылы алынған композит.
Үлгілер: А – ЭД-20+ПЭПА, Б – ЭД-20+ПЭПА+5% микросфера, С – ЭД-20+ПЭПА+10% микросфера, Д – ЭД-20+ПЭПА+20% микросфера.

Ұсынылған әдіске сәйкес жасалған ұсынылған эпоксидті композиция әйгілі композициямен салыстырғанда айтарлықтай жоғары өнімділікке ие.

Ұсынылған наномодифицирленген эпоксидті байланыстырғыштың қол жеткізілген көрсеткіштерінің жиынтығы жылу желілерінде, желілік сумен ыстық сумен жабдықтау жүйелерінде, жұмыс температурасы 150°С дейін сумен жабдықтау жүйелерінде қолданылатын шыны пластик құбырлар мен басқа да

бұйымдарды дайындаудың тиімді және технологиялық процестерін ұйымдастыру үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Тегіс дөңгелек микросфералар бір-біріне қатысты оңай қозғалады, сондықтан қуыстарды жақсы толтырады. Сондықтан, микросфералар көбінесе бұрыштық буындарды толтыру үшін шұңқырларға немесе қоспаларға қосылады. Микросфералармен толтыру аяқталмаған композицияның қасиеттеріне ғана емес, сонымен қатар дайын жабынның, өнімнің немесе тігістің ерекшеліктеріне де әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Кадыкова Ю.А. Наполненные базальтом эпоксидные композиционные материалы / Ю.А. Кадыкова [и др.]. // Пластические массы. – 2013, № 2. – С. 31-33.

2 Строганов В.Ф. Жоғары технологиялық құрылыс технологияларын жүзеге асыруда эпоксидті полимер-полимерлі модификацияланған желімдер мен қосылыстардың адгезия беріктігі мәселелері. Құрылыстағы полимерлер: ғылыми интернет-журнал. 2014. №1. – 108-123 б.

3 Каблов В.Ф., RU 2590 553 C1 Патент: Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего профессионального образования «Волгоградский государственный технический университет» (ВолгГТУ) (RU) (RU) 2014.12.17.

4 Ненашев М.И. Эпоксидті шайыр негізіндегі нанокомпозиттердің қасиеттері // Ресей ғылым академиясының Самара ғылыми орталығының жаңалықтары. 2011. Т.13. №4 (3). – Б. 839-841.

ҒТАМР 61.51.01

ТОПЫРАҚТЫҢ МҰНАЙМЕН ЛАСТАНУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНДА ПАЙДАЛАНУЫ

А.Д. Бақтығали
Магистрант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік униыерситеті, Ақтөбе қ.
А.Т. Сагинаев
Х.ғ.д., профессор, R & D орталығының жетекшісі, С. Өтебаев атындағы Атырау Мұнай және газ университеті, Ақтөбе қ.

Шолуда мұнай өңдеу және мұнай өндіру өндірістерінде пайда болатын қалдықтардың жалпылама жіктемесі берілген. Мұнай шламдарын кәдеге жарату және залалсыздандыру әдістерінің салыстырмалы сипаттамасы келтірілген. Сонымен қатар жүргізілген зерттеулердің нәтижесіне қарай мұнай – газ өндіру қалдықтарын кәдеге жаратудың жаңа тәсілін ластанған топырақты оларды топырақты жолдар құрылысында топырақты нығайту үшін органикалық байланыстырғыш ретінде пайдалану арқылы әзірленуі болып табылады. «Жылойнефть» МГӨБ «Қаратон» шлам жинағышынан іріктелген майланған топырақтан дайындалған құрам физикалық-механикалық қасиеттері бойынша Қазақстан Республикасының ҚНжЕ талаптарына сәйкес келгендігі келтірілген. Бұл әдістің маңызды артықшылығы – материалдардың қол жетімділігі және оларды арнайы дайындау қажеттілігін жою, бұл топырақты нығайту процесін айтарлықтай жеңілдетеді.

Түйін сөздер: мұнай шламдары, шикі мұнаймен ластанған топырақ, залалсыздандыру, утилизациялау, жол құрылысы.

Мұнай өнеркәсібі қоршаған ортаға қарқынды әсер етумен сипатталады, бұл оның өзгеруіне әкеледі. Өндіріс процесінде өнеркәсіптік объектілердің аумақтарындағы қолданыстағы экологиялық жағдай толығымен немесе ішінара бұзылады. Бұл өзгерістер әр түрлі жағымсыз құбылыстардан көрінеді, олардың ішіндегі ең маңыздылары: жайылымдық жерлерді алып тастау; жер асты және жер үсті суларының сарқылуы және ластануы; өңделген жерлердің су басуы және батпақтануы; топырақтың сусыздануы және тұзданулы; атмосфералық ауаның зиянды заттармен және химиялық элементтермен ластануы; жергілікті экологиялық жүйелер үшін қолайсыз гидрогеологиялық және геохимиялық өзгерістер.

Мұнай ұңғымаларын бұрғылау процесінде тау жыныстарының, негізінен бұрғылау құралдарының дәйекті бұзылуы орын алады, содан кейін өнімдерді

бұрғылау ерітіндісімен бір рет алып тастайды. Алайда, бұрғыланған тау жынысын (бұрғылау шламын) алып тастау бұрғылау ерітіндісінің жалғыз мақсаты емес. Осыған байланысты әртүрлі шешімдер, әртүрлі құрам, қасиеттер және қолдану аясы қолданылады [1].

Қазіргі уақытта су ортасында тұрақсыз, ісінетін немесе кеңейетін жыныстарды тұрақтандыруды, сондай-ақ бұрғылау кезінде авариянның төмен болуын қамтамасыз ететін күрделі бейіндегі Ұңғымаларды бұрғылау кезінде қолданылатын көмірсутек негізіндегі ерітінділермен бұрғылау тәжірибесі кеңеюде. Қалдықтардың осы түрлерін жинақтаудың негізгі техникалық құрылымы-шламға арналған қойма.

Шлам қоймасы қоршаған ортаға зиянды заттардың түсуін болдырмау мақсатында мұнай ұңғымаларын бұрғылау қалдықтарын орталықтандырылған жинауға арналған сыйымдылық түріндегі құрылым болып табылады. Шлам қоймалары бір бұрғылау қондырғысы бар 2500 м^2 дейінгі аумақты алып жатыр және бұтадағы ұңғымалардың санына, бұрғылау тереңдігі мен ұзақтығына байланысты әртүрлі көлемге ие [2].

Мұнай шламын кәдеге жарату қажеттілігі бірқатар себептерге байланысты:

1) Олар литосфераның, ауа және су бассейндерінің ластануына әкеліп соғады және халықтың денсаулығына қауіп төндіреді;

2) шлам жинағыштар өртке қатысты да қауіпті;

3) сарайлар едәуір аумақты алып жатыр және олардың жетіспеушілігіне байланысты мұнай қалдықтары көбінесе шығатын газдарды тазартпай жағылады;

4) қалдықтардың құрамында бағалы көмірсутек шикізаты болады [3].

Қалдықтарды жіктеу.

Ғылым мен техниканың дамуының осы кезеңінде халық шаруашылығында қолдануға болатын өндіріс пен тұтыну қалдықтарының барлық жиынтығын белгілеу үшін «қайталама материалдық ресурстар» деген жалпы ұғым енгізілді. Мұнай қалдықтары ерекше топқа бөлінеді, олар минералды қоспалары бар органикалық шыққан улы өнімдерге жатады. Олар жанғыш (сұйық жанғыш қалдықтар), жанбайтын немесе шектеулі жанғыш (мұнай шламдары, тазарту құрылыстарындағы шөгінділер, мазут жері және т.б.) болуы мүмкін [4].

Кесте-1. Қалдықтардың жіктелуі.

Қалдықтар категориясы	**Қалдықтардың шыңу тегі және олардың топтарға бөлінуі**
І-мұнай беретін ағынды суларды реагентсіз өңдеу қалдықтары	Тазарту құрылыстарынан мұнайы бар шөгінділер
	Тазарту құрылыстарынан сұйық мұнай қалдықтары
	МӨЗ шлам жинағыштарының тоғанынан алынған шламдар
	МӨЗ шлам жинағыш тоғандарының жоғарғы қабаты
	Ірі кәсіпорындардың тазарту құрылыстары мен

	тазарту құрылыстарынан мұнайы бар шөгінділер [5].
II-мұнай беретін ағынды сулардың реагенттік өңдеу қалдықтары	Ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың тазарту құрылыстары мен тазарту құрылыстарынан сұйық мұнай қалдықтары
III-ТЖС және олардың негізіндегі өнімдер қалдықтары	Еріткіштер және жуу сұйықтықтары (бензин-калоша, толуол және т.б.)
	Қалдықтары, лактар, нитробояулар, эмальдар және т.б [6].
IV-құрамында мұнайы бар және басқа да органикалық сұйықтықтар мен пасталардың бөлінуі қиын қалдықтар	Эмульсиялар, СП3 типті станоктық эмульсиялардың концентраттары, олардың-45Э, ЭТ-1 және т.б.
	Жоғары концентрацияланған ерітінділерді өңдеу өнімдері «Лабомид» және басқа СПАВ негізінде
	Флотоконцентраттар, оның ішінде тазарту құрылыстарының шоғырлары
V-өзге де сұйық және құрамында мұнайы бар қалайыланған қалдықтар және т.б.	Регенерацияға қабылданбайтын майлар, Мұнай және мазут резервуарларын тазарту өнімдері
	Май қалдықтары, текше қалдықтары және т.б.
	Қышқыл гудрондар және басқалар

Қоршаған ортаның кең ауқымды мұнаймен ластануы, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мұнай өндіру көлемінің артуы ластануды оқшаулау және жою проблемасын бірінші орынға қояды. Әсіресе Атырау және Маңғыстау облыстарында топырақты қалпына келтіру проблемасы өткір тұр, бұл бірқатар себептермен түсіндіріледі:

– көмірсутек шикізатын барлау және өндіру аудандарындағы мұнаймен ластанған жерлердің үлкен алаңдарымен және олардың ауыл шаруашылығы айналымынан шығуымен, мұны ұтымды табиғат пайдалану тұрғысынан жол беруге болмайды;

– мұнай қызметі аудандарының бірегей биоалуан түрлілікке және жоғары өнімді су айдынына – Каспий теңізіне қауіпті жақындығы;

– металл мұнай құбырларын ескі мұнай кен орындарындағы коррозияға төзімді полимерлі құбырларға тез ауыстыру мүмкін болмағандықтан, шлам жинақтағыштардың ластанған топырақтармен толып кетуі.

Майланған топырақты кәдеге жаратудың қазіргі кездегі барлық әдістері оларды жеке компоненттерге бөлуге негізделген принциптерге сәйкес жіктелетіні белгілі.

Осы критерий бойынша мұнай қалдықтарын жоюдың келесі түрлері бөлінеді:

– кәдеге жаратудың механикалық әдістері;
– биохимиялық ыдырау;
– физика-химиялық әдістер;
– жылу әдістері;
– бірнеше әдістердің тіркесіміне негізделген аралас әдістер.

Мұнаймен ластанған топырақты өңдеудің заманауи технологияларының проблемасы өңдеу процесінің өзі қоршаған ортаға тікелей немесе ішінара зиян

келтіретіндігінде. Мұнай қалдықтарын жоюдың белгілі бір әдістерін қолдана отырып, зиянды заттардың бір бөлігі қоршаған ортаға түседі, осылайша атмосфераға келтірілген зиян өте маңызды болады.

Биохимиялық әдістердің бірқатар кемшіліктері бар:

– оларды қолдану нәтижесінде осы процесс барысында табиғи биоценозға әсері қазіргі уақытта белгісіз органикалық сипаттағы басқа қосылыстарға айналатын органикалық мұнай компоненттерінің бір бөлігін ғана минералдандыруға болады;

– биохимиялық өңдеу өте ұзақ процесс болып табылады, ол өте тар температура диапазонында өтеді, бұл оны орташа жылдық температура көрсеткіштері төмен аймақтарда қолдануға мүмкіндік бермейді [7].

Зерттеу үшін «Жанажол» МГӨБ және «Жылойнефть»МГӨБ аумақтарынан ластанған топырақ пайдаланылды [8]. «Жанажол» МГӨБ өндірістік аймағынан ластанған топырақтың ластану деңгейін анықтау кезінде біз ПНДФ 16.1:2.21-98 «Флюорат-02 сұйық анализаторын қолдана отырып, флюориметриялық әдіспен топырақ пен топырақ сынамаларындағы мұнай өнімдерінің массалық үлесін өлшеуді орындау әдістемесі» әдісін қолдандық. Бекітілген топырақтың физика-механикалық қасиеттері әдістеме [9]. бойынша анықталды.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы Атырау облысының әлсіз (шаңды және ауыр шаңды) топырақтарының көтергіш қабілетін арттыру және нығайту мақсатында Мұнай – газ өндіру қалдықтарының тұтқыр қасиеттері-майланған топырақтарды зерттелді [10-14]. Әдебиеттерден жер асты жолдарын салу кезінде сұйық битумдар, битум эмульсиялары, жоғары шайырлы майлар және синтетикалық шайырлар қолданылатыны белгілі. Зерттеудің басында топырақты нығайтуға байланыстырғыш ретінде жарамдылығын анықтау үшін «Жанажол» МГӨБ ұңғымаларынан ластанған топырақтардың қасиеттерін алдын-ала зерттеу жүргізілді.

Тұтқырлардың құрамын әзірлеу үшін келесі объект «Жылойнефть» МГӨБ «Қаратон» шламжинағышынан майланған топырақтың сынамасы таңдалды. «Қаратон» шламжинағышынан жағылған топырақ құрамында 18,8-ден 23,5%-ға дейін мұнай көмірсутектері бар екендігі анықталды.

Рецептураның құрамын таңдауда келесі материалдар пайдаланылды:

– иілгіштік саны 5-тен 9-ға дейін Атыраудағы құмды-сазды топырақ;

– цемент М-400 (белсенділігі 412 кг/см портландцемент, Өскемен);

– 5-20 мм фракцияның қиыршық тастары, Ақтөбе облысының Мұғалжар (атқылау кешені), Көктас карьері, М1200 ұсақтау маркасы бар.

«Жылойнефть» МГӨБ «Қаратон» шлам жинағышынан майланған топырағы бар нығайтылған топырақтың құрамы [15]. диаграмма түрінде 1-суретте көрсетілген.



Сурет-1. «Қаратон» шламжинағышынан жағылған топырақ құрамы бар нығайтылған топырақ құрамдарының диаграммасы.

2-кестеде сыланған топырақпен, цементпен және қиыршық таспен бекітілген құрамдарды рецептура бойынша сынау нәтижелері келтірілген.

Кесте-2. «Қаратон» шламжинағышынан сыланған топырағы бар топырақ құрамының физикалық-механикалық қасиеттері.

Физикалық-механикалық қасиеттері	**Жолдардың жоғарғы қабатына арналған құрылыс нормалары**	**Мұнаймен ластанған топырақ**	**Дайындалған қоспалардың сынамалары**					
			1	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**
Мұнай көмірсутектерінің құрамы, %	6-8	4,8	6,7	4,9	4,8	5,6	7,0	6,7
20 ^{o}C кезінде суға қаныққан үлгілерді сығу кезіндегі беріктік шегі, кгс/см^2	40-25	49,0	60,0	58,0	63,0	54,0	58,0	63,0
20 ^{o}C, кезінде суға қаныққан үлгілердің иілісі кезіндегі созылу беріктігінің шегі, кгс/см^2	10	9,0	11,0	10,1	12,0	10,0	11,0	14,0

кем емес								
Аязға төзімділік коэффициенті, кем емес	0,85	0,89	0,92	1,05	1,16	1,01	1,0	1,2
Судың қанығуы, көлемі. %, артық емес	3	0,6	2,4	1,0	0,6	1,8	2,9	2,4

2-кестенің деректерінен көріп отырғанымыздай, «Жылойнефть» МГӨБ «Қаратон» шлам жинағышынан алынған, майланған топырақтан дайындалған құрамдарды қолдану физика-механикалық қасиеттері бойынша СНиП РК 3.03-09-2003 [16]. талаптарына сәйкес келеді және тіпті негіздердің жоғарғы қабаттарын және III-V техникалық санаттағы жол жабындарын орнату үшін органикалық байланыстырғыштармен нығайтылған топырақтарға қойылатын талаптардан асып түседі. Олар топыраққа жоғары беріктік, аязға төзімділік береді және белгілі тұтқырларға қарағанда топырақтың суға төзімділігін жақсартады.

Топырақты жолдардың төменгі және жоғарғы қабаттарын нығайтуда сыланған топырақтың тұтқыр қасиеттері бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижесінде біз пайдалы модельге Қазақстан Республикасының патентін алдық [14].

Топырақтың мұнай-химиялық ластануы барлық қолданыстағы мұнай-газ кен орындарының аумағында байқалатыны және олардың ұтымсыз игерілуіне байланысты екені белгілі. «Ембімұнайгаз» АҚ-да [17-18]. 1688 пайдалану және 355 айдау ұңғымалары жұмыс істейді. Сұрақтар ластанған топырақты қалпына келтіру біздің болашақ ғылыми зерттеулеріміздің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Қорытынды. Мұнай-газ қалдықтары – ластанған топырақ қалдықтарын кәдеге жарату әдісін әзірлеу мақсатында «Жанажол» МГӨБ және «Жылойнефть» МГӨБ аумақтарынан ластанған топырақтың қасиеттері зерттелді. Оларды топырақты нығайту үшін органикалық байланыстырғыш ретінде пайдалану мүмкіндігі көрсетілген.

Ластанған топырақты жоюдың дамыған әдісі келесі артықшылықтарға ие:

а) кәсіпшілік ішіндегі лас жолдар құрылысында сыланған топырақты білікті түрде пайдалануға мүмкіндік береді;

б) жол құрылысы кезінде құрылыс материалдарын алу үшін шикізат базасын кеңейтуге мүмкіндік береді;

в) топырақ пен атмосфераны қорғау саласындағы экологияның маңызды міндеттерінің бірін шешеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Хуснутдинов И.Ш., Сафиулина А.Г., Заббаров Р.Р., Хуснутдинов С.И. Методы утилизации нефтяных шламов.

2 Журавлев В.М., Чернявская Е.Н., Кулагина Т.А., Клименков С.И., Писарева Е.Н. Современные возможности обеспечения экологической безопасности при обращении с промышленными отходами. / Тез докл. Междунар. науч. –технич. конгресс «Энергетика в глобальном мире». – Красноярск. 2010. – С. 27.

3 Гилажов Е.Г., Сагинаев А.Т., Уразгалиева М.Д., Аронова А.А., Изгалиев С.А. Новый подход к утилизации нефтезагрязненной почвы // Теоретическая и прикладная экология. 2020. № 4. – С. 185.

4 Вязовцева В.В., Сагинаев А.Т. Утилизация отходов бурения. Молодой Ученый, 2021, № 19 (361). – С. 65-71.

5 Гилажов Е.Г., Сериков Т.П., Букейханов Н.Р. Новый способ утилизации замазученных почв // Monografia «Bezpieczenstwo Ekologiczne i Technniczne». Poznan: Redakcja naukowa, 2014. – С. 85-88.

6 Гилажов Е.Г., Сагинаев А.Т., Сорокина Т.В., Идрисова Э.К. Состав для укрепления грунтовых дорог // Патент РК № 2334 на полезную модель. Заявка № 2017/0091.2, 08.06.2015.

7 Gilazhov Ye.G., Saginayev A.T., Serikov T.P., Bukeikhanov N.R. Effect of industrial waste on the soil of the Kazakhstan part of the Caspian Sea // Pragmatism in Corporate Social Responsibility. Poznan: Redakcja naukowa, 2016. – P. 288-290.

8 Грушко И.М., Золотарев В.А., Глушенко Н.Ф. Испытания дорожно-строительных материалов. – М.: Транспорт, 1985. – 200 с.

9 ПНДФ 16.1:2.21-98 Методика выполнения измерений массовой доли нефтепродуктов в пробах почв и грунтов флуориметрическим методом с использованием анализатора жидкости «ФЛЮОР АТ-02».

10 Гилажов Е.Г. Новые методы переработки и обезвреживания отходов нефтегазовых и нефтехимических производств. Астана: изд-во ЕНУ, 2013. 338 с.

11 Гилажов Е.Г., Сериков Т.П., Букейханов Н.Р. Новый способ утилизации замазученных почв // Monografia «Bezpieczenstwo Ekologiczne i Technniczne». Poznan, Redakcja naukowa, 2014. – С. 85-88.

12 Гилажов Е.Г., Сагинаев А.Т., Сериков Т.П. Образование производственных отходов в прикаспийском регионе и их проблемы // Материалы XV Международной конференции в рамках симпозиума «Восстановление национальной экономики Сирии». – Москва-Хомус, 12-17 сентябрь, 2016. – С. 34-35.

13 Гилажов Е.Г. Сагинаев А.Т., Сериков Т.П., Букейханов Н.Р. Влияние техногенных отходов на почву казахстанской части Прикаспия // Монография «Pragmatyzm w społecznej odpowiedzialności Przedsiębiorstw». – Poznan, 2016. –С. 288-290.

14 Гилажов Е.Г., Сагинаев А.Т., Сорокина Т.В., Идрисова Э.К. Состав для укрепление грунтовых дорог // Патент РК на полезную модель N2334. 2017. Бюл. №16.

15 СН 25-74 – Инструкция по применению грунтов, укрепленных вяжущими материалами, для устройства оснований и покрытий автомобильных дорог и аэродромов. – М., Стройиздат, 1975. – 128 с.

16 СНиП РК 3.03-09-2003 Автомобильные дороги.

17 Gilazhov Ye.G., Diarov M.D., Mulikov R.R. The Environment of and Oil and Gas Sector // State of the environment of the North Caspian Sea and the Northern Part of Atyrau Oblast and Enhancement Measusres. – Almaty: Nur-Print, 2006. vol. 5. – 548 p.

18 Диаров М.Д. Прогрессирующее влияние добычи подсолевых нефтей Тенгизского и Кашаганского месторождений на здоровье населения Атырауской области // Вестник Атырауского университета нефти и газа. 2016. N3. – С. 38-48.

ҒТАМР 27.01.45

ЗАМАНАУИ АЛГЕБРА КАБИНЕТІН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

М.Қ. Майлық
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Білім саласы цифрлық технологияның дамуы негізінде толықтыруларды, әсіресе кабинет жүйесінде өзгерістерді қажет етеді. Оның ішінде заманауи алгебра кабинетіне қойылатын талап жоғары. Кабинеттің ең негізі болып табылатын интербелсенді панель. Ал сол оқыту құралын тиімді қолдану мұғалімдерге тікелей байланысты. Алгебра пәні бойынша бағдарламалармен жұмыс жасай білу және оны ұтымды пайдалану да өзекті мәселе.

Түйін сөздер: кабинет, интербелсенді панель, алгебра, mozabook, geogebra.

Білім беру процесінде кабинеттің алатын орны ерекше. Білім алушыға кабинеттің жағдайы, безендірілуі, қажетті оқу құралдарының болуы, көрсетілім және басып шығару құрылғыларының болуы да әсер етеді. Мұғалімдер үшін оқу пәндік кабинетті жасақтау бірінші мәселе болса, оны тиімді пайдалану екінші мәселе болып отыр.

Заман талабына сай пәндік оқу кабинеттеріндегі интербелсенді тақта мен проекторларды көпфункциялы интербелсенді панельдермен алмастыру жүргізілуде. Себебе, бірнеше артықшылығы бар:

– Уақытты үнемдеу(қосылу, өшіру және жұмыс жасау лезде орындалады);
– Графиканың анықтығы;
– Сенсорлы экран;
– «Мультитач» технологиясын қолдану және т.б.

Интербелсенді панельді қолдану сабақты тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Панельде заманауи тақтаны алмастыруға болатын тақта орналастырылған. Оны алгебра сабақтарында пайдалануда тиімділігі:

– Тақта түстерін таңдау;
– Қалам түстерін және оның қалыңдықтарын таңдау;
– Дайын арнайы фигуралар формасын таңдау;
– Бірнеше адамның бір мезетте пайдалану;

– Тақта беттерін сақтау және бірнеше тақта беттерін жасау және т.б. көптеген функцияларды орындау мүмкіндігі қарастырылғын.

Интербелсенді панельді моноблокқа байланыстыру арқылы онымен жұмыс жасау мүмкіндігін арттыруға болады. Әсіресе алгебра пәнін оқытуды жеңілдетуде арнайы оқыту бағдарламаларының алатын орны ерекше. Себебі, мұндай бағдарламалар оқушылардың тақырыпты тез қабылдауына көмектеседі. Алгебра сабағында мынадай оқыту бағдарламаларын пайдалануға болады:

1. MozaBook;
2. Geogebra.

MozaBook бағдарламасы заманауи оқыту мүмкіндіктерін ескере отырып құрылған. Бұл бағдарламада тек қана алгебра пәні ғана емес, барлық негізгі пәндер қамтылған. Бағдарламаға кіріп ең алдымен тіркелуді жүзеге асыру керек, сондан соң барлық мүмкіндіктерін толық пайдалануға болады.

Бағдарламаның жетістігі ретінде электронды оқулықтарды бағдарламада сақтап қоюға және кез келген уақытта ашып жұмыс жасай беруге болады. Және де жаңа тақта ашпай электронды оқулықта қаламмен қажетті белгілер қалдыруға немесе жазып оны өшіруге мүмкіндік бар. Авторлары Г.Н.Солтан, А.Е.Солтан, А.Ж.Жумадилова болып табылатын жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығындағы №171 есепті қарастырып көрейік. «Бір координаталар жүйесінде $y = \sqrt{-x}$ және $y = x^2$, мұндағы $x \leq 0$, функцияларының графиктерін салып, олар $y = -x$ түзуіне қарағанда симметриялы бола ма, соны анықтаңдар». Есептің берілгенін оқулықтан қиып, жұмыс дәптеріне орналастырып, құралдардың ішінен қажетті қаламды таңдап берілген функциялардың анықталу облысын табамыз. Координаталық жазықтықты таңдап берілген функцияларды орналастырамыз.

Графиктеріне қарап координаталық жазықтықта $y = \sqrt{-x}$ және $y = x^2$ функциялары $y = -x$ түзуіне қарағанда симметриялы екенін көреміз. Бағдарлама тақтасында шығарылған есепті сызбасымен басып шығару қарастырылған.

Сонымен қатар, MozaBook бағдарламасында алгебра пәнінде 3D бейнесіндегі ойын сүйектері қарастырылған. Оларды «Ықтималдықтар теориясы» тарауы бойынша қолдануға болады.

MozaBook бағдарламасы өте тиімді. Бұл бағдарламаның артықшылығы:

– Арнайы тақтасы бар;
– Көпфункциялы құралдары бар;
– Электронды оқулықтар сақтауға және пайдалануға болады;
– Дайын видеотүсіндірмелері бар;
– 3D бейнелер;
– Басып шығару;
– Сызғыштар және фигуралар үлгісі;
– Математикалық символдар және т.б.

Ал, кемшілігіне ақылы бағдарлама екенін ғана жатқызуға болады.

GeoGebra бағдарламасы – математикалық бағдарлама. Бұл бағдарлама алгебра пәнінде қолдануға өте ыңғайлы. Себебі, құрастырушылар бағдарламаны жазып алуды қажет етпейтіндей жағдайлар үшін онлайн нұсқасын жасақтаған. Балалардың графиктермен және сызбалармен еркін жұмыс жасауына, өзбетінше салып үйренше көмекші құрал болады. Сонымен қатар уақытты үнемдейді.

Жаратылған білім мазмұны бойынша құрастырылған «Алгебра және анализ бастамалары» оқулықтарда GeoGebra бағдарламасын қолдануға есептер қарастырылған. «Мектеп» баспасының жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған «Алгебра және анализ бастамалары» оқулығының 1 бөлімінің «Тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері және графиктері» тарауындағы «$y = sinx$ функциясының графигі және қасиеттері» тақырыбындағы №11.10 есепті қарастырайық.

11.10. «Жанды геометрия» немесе Geogebra бағдарламасын қолданып, функцияның графигін салыңдар. График бойынша функцияның өсу және кему аралықтарын жазыңдар:

1) $y = 1 + 2\sin\left(x - \frac{\pi}{3}\right)$; 2) $y = 2 - sin\left(x + \frac{\pi}{3}\right)$

1) $y = 1 + 2\sin\left(x - \frac{\pi}{3}\right)$ функциясын Geogebra бағдарламасына саламыз(1-сурет), графигі бойынша мәндер жиынының $[-1; 3]$ екенін көреміз. Оқушылар туындыны қолдануды және тригонометриялық теңдеулерді шешуді толық қолдана алмайды. Тек қана өткен 9-сыныпта тригонометриялық теңдеулердің дербес жағдайын қарастырғанын ескереміз. Олай болса, төмендегідей шығарамыз.

$$1 + 2\sin\left(x - \frac{\pi}{3}\right) = -1 \; 1 + 2\sin\left(x - \frac{\pi}{3}\right) = 3$$

$$2\sin\left(x - \frac{\pi}{3}\right) = -2 \; 2\sin\left(x - \frac{\pi}{3}\right) = 2$$

$$\sin\left(x - \frac{\pi}{3}\right) = -1 \; \sin\left(x - \frac{\pi}{3}\right) = 1$$

$$x - \frac{\pi}{3} = -\frac{\pi}{2} + 2\pi n, n \in Z \; x - \frac{\pi}{3} = \frac{\pi}{2} + 2\pi n, n \in Z$$

$$x = -\frac{\pi}{2} + \frac{\pi}{3} + 2\pi n, n \in Z \; x = \frac{\pi}{2} + \frac{\pi}{3} + 2\pi n, n \in Z$$

$$x = -\frac{\pi}{6} + 2\pi n, n \in Z \; x = \frac{5\pi}{6} + 2\pi n, n \in Z$$

Берілген функцияның өсі аралығы: $\left(-\frac{\pi}{6} + 2\pi n; \frac{5\pi}{6} + 2\pi n\right), n \in Z.$

Берілген функцияның кему аралығын табу үшін:

$x = \frac{5\pi}{6} - 2\pi + 2\pi n = -\frac{7\pi}{6} + 2\pi n, n \in Z.$ Осыдан, кему аралығы:

$$\left(-\frac{7\pi}{6}+2\pi n;\ -\frac{\pi}{6}+2\pi n\right), n \in Z.$$



Сурет 1.

2) $y = 2 - sin\left(x + \frac{\pi}{3}\right)$ функциясының графигін Geogebra бағдарламасын қолдану арқылы аламыз (2-сурет). Графигін пайдаланып мәндер жиыны $[1;3]$ аралығында екенін көреміз.

$$2 - sin\left(x + \frac{\pi}{3}\right) = 1\ 2 - sin\left(x + \frac{\pi}{3}\right) = 3$$

$$-sin\left(x + \frac{\pi}{3}\right) = -1\ \ - sin\left(x + \frac{\pi}{3}\right) = 1$$

$$sin\left(x + \frac{\pi}{3}\right) = 1\ sin\left(x + \frac{\pi}{3}\right) = -1$$

$$x + \frac{\pi}{3} = \frac{\pi}{2} + 2\pi n, n \in Z\ x + \frac{\pi}{3} = -\frac{\pi}{2} + 2\pi n, n \in Z$$

$$x = \frac{\pi}{2} - \frac{\pi}{3} + 2\pi n, n \in Z\ x = -\frac{\pi}{2} - \frac{\pi}{3} + 2\pi n, n \in Z$$

$$x = \frac{\pi}{6} + 2\pi n, n \in Z\ x = -\frac{5\pi}{6} + 2\pi n, n \in Z$$

Кему аралығы: $\left(-\frac{5\pi}{6} + 2\pi n; \frac{\pi}{6} + 2\pi n\right), n \in Z$

Функцияның өсу аралығын табу үшін:

$x = -\frac{5\pi}{6} + 2\pi + 2\pi n = \frac{7\pi}{6} + 2\pi n, n \in Z$. Осыдан, өсу аралығы:

$$\left(\frac{\pi}{6} + 2\pi n;\ \frac{7\pi}{6} + 2\pi n\right), n \in Z.$$



Сурет 2.

Сонымен, Geogebra бағдарламасының тиімділігі:

– Ақысыз бағдарлама;
– Математикалық бағдарлама;
– Онлайн және смортфон арқылы қолдану қарастырылған;
– Графиктерді сызуды лезде көрсетуге ыңғайлы;
– Уақытты үнемдейді.

Оқу процесінде алгебра кабинетін тиімді қолдану білім алушылардың материалды толыққанды игеруіне мүмкіндік береді. Тек қана интербелсенді панель ғана емес, кабинеттегі қабырға газеттері де, оқу-әдістемелік кешендер де тікелей әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Солтан Г.Н., Солтан А.Е., Жумадилова А.Ж. Алгебра 8. – Көкшетау: Келешек–2030, 2018.

2 Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Алгебра және анализ бастамалары 10. 1 бөлім. – Алматы: Мектеп, 2019.

ҒТАМР 43.01.05

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАСЫ

Г.С. Абдильдина
Мұғалім, №68 М. Дулатов атындағы мектеп-гимназия, Нұр-Сұлтан қ.

Жаратылыстану пәні 4-сыныпта өте күрделі тақырыптарды қамтығандықтан, қосымша курсты қажет етеді. Сондықтан, автор өзінің оқу бағдарламасын зерделей отырып, соның аясында тереңдетіп оқытуды ұсынып отыр. Мақалада, бағдарламаны сипаттай отырып, білім беруші мен білім алушының алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер анықталған. Осыған байланысты, әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан бейнесі туралы білім негізін қалыптастыру және білім алушылардың зерттеу біліктері мен дағдыларын дамыту қарастырылды. Курсты оқытуда көрнекі құралдарға, әсіресе оқушы құралдарына, тәжірибелік үй тапсырмасын жүйелі, ықтиятты орындауына ерекше көңіл бөлу өте маңызды екендігі көрсетілген.

Түйін сөздер: жаратылыстану, жас зерттеуші, қоршаған орта, табиғат туралы білім, табиғат.

Жаратылыстану пәнін бастауыш сыныптарда өткізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Жас білім алушы жасының ерекшелігіне сай, айналадағы қоршаған ортаны өзінше қабылдай алады. Сондықтан, мұғалімнің мақсаты, оқушының қызығушылығын қалыптастыра отырып, оның бойында табиғат сүюді, қоршаған ортаға қатысты жауапкершілік сезімін және алғашқы ғылымға баспалдақты құра білуі қажет. Сол себепті, жаратылыстану пәнінен жаңа авторлық оқу бағдарламасы зерделеніп отыр. Бағдарлама мақсаты – әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан бейнесі туралы білім негізін қалыптастыру және білім алушылардың зерттеу біліктері мен дағдыларын дамыту. Бағдарлама мынандай міндеттерді жүзеге асырады: а) зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылары мен біліктерінің негізін қалыптастыру; ә) жаратылыстанудың маңызды идеяларымен, жетістіктерімен танысу; б) табиғат заңдарын тану; в) күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану. Бағдарлама өмірлік маңызы бар мазмұнды ақпаратты қабылдау үшін алынған білімді дұрыс қолданатын тұлға қалыптастыруды көздейді. Оқушы өзі таңдаған тақырыпты зерттеуде өз пайымдауымен анықталған бағытын, зерттеу әдісін таңдау, бақылау, нәтижені шығару мұғалім көмегімен жүргізіледі. Зерттеу біліктері мен

дағдылары қалыптасады. Оқу мақсатына қарай талдаулар жасайды, ой қорытындысын жасап үйренеді. Бағдарлама өсімдіктер, жануарлар, адам, заттар және олардың қасиеттері, табиғат физикасы, пайдалы қазбалар, ғарыш тақырыптарынан кеңінен білім алуға негізделген.

Жаратылыстану пәнінен бұл курсты оқыту ерекшелігі 4–сыныпта жаратылыстану пәні тақырыптары аптасына екі сағатқа жазылып, бірақ өте күрделі болғандықтан оқулықта берілген күрделі, ауқымды тақырыптарды бағдарлама аясында тереңдетіп оқыту жолға қойылды. Қосымша көмекші құралда бағдарлама аясында қамтылған тақырыптардың екі сағатқа негізделіп, бір сағат қана өткізіліп отырғандықтан тереңдетіп, жеңіл жолмен түсіндіру, орындау мүмкіндігі берілді. Оқушы үшін күрделі фотосинтез, сембиоз, т.б. біраз материалдары қамтылды.

Бұл оқу бағдарламасы, білім алушыдан келесі талаптарды қадағалайды:

– ұсынылған бағдарламадан күрделі тақырыптарды қайта талдау, терең қарастыру жолына мұқият қарау;

– білім арқылы саналы көзқараспен сапалы оқуға талпыну;

– танымдық қызметін тиімді ұйымдастыра және басқара білуіне ұмтылу;

– әр тапсырманы жүйелі орындай отырып, өзіне сенім артуға ынталы болу.

Мұғалім оқушыларға дайын нәрсені көшіріп алуға мүмкіндік беруден сақтануы керек. Мұнда мұғалім танымдық үдерістің логикасын терең сақтап, оқытуды дамытушылық сипатта ұйымдастыруға көңіл бөліп отыруы маңызды. Қажет болғанда оқушылар алдында жиі проблемалық ситуациялар туғызып, оны оқушылардың өз беттерімен шешуіне қолайлы жағдайлар туғызуы қажет.

Табиғат физикасы, Жер мен ғарыш, Жанды табиғат тақырыптарын модульдік технологиямен жоспарлап өткізген дұрыс. Себебі тақырып мазмұны күрделі болғандықтан талдау, салыстыруда қиындық болады. Белгілері әр түрлі, атаулары әр түрлі, тәжірибеде қолдануда салыстыра отырып, өмірлік жағдаяттар мысалымен түсіндіру көзделеді. Сондықтан бір модульге сыйғызып, жеңіл жолмен салыстыра отырып шығару керек. Топтық, жұптық, жеке жұмыс күнделікті сабақта жүйелі қолдану маңызды. Өмірлік жағдаяттарды шешу арқылы тақырыптарды терең жол ашуға болады. Үй тапсырмасы отбасы мүшелерімен бірігіп, әсіресе ата-ана көмегіне жүгіну деген сияқты кеңес беріп, өздігінен шығармашылықта дамуға жетелеп отыру есте ұсталады.

Сонымен, бұл бағдарламада келесі тақырыптар көрсетілген, қысқаша тоқтала кетсек, жанды табиғат – өсімдіктер, қоректік тізбек, фотосинтез үдерісі, жабайы және мәдени өсімдіктер; жоғарғы және төменгі сатыдағы өсімдіктер, даму кезеңдері, жануарлар, симбиоздық байланыстар; жабайы жануарлар, бунақденелердің тіршілік; жанды табиғат – адам, адамның дене мүшелері, дұрыс дене сымбаты; заттар және олардың қасиеттері, ауа қалай қозғалады? Желдің пайдасы мен зияны; табиғаттағы су айналымы; судың ластану көздері (тұрмыстық, өндірістік, ауылшаруашылық); «табиғат физикасы»: дыбыс және оның таралу ерекшеліктері, түрлі материалдардың жылуөткізгіштігі, түрлі материалдардың электрөткізгіштігі; жарық пен қараңғы, жарықтың жұтылуы;

дыбыстың табиғи және жасанды көздері, жылу шығаратын құрылғылар; дыбыстың шағылуы; пайдалы қазбалар қалай пайда болады? кенді пайдалы қазбалар, кенсіз пайдалы қазбалар; өлшем бірліктері: тонна, килограмм, баррель, текше; Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындары; пайдалы қазбаларды немен алмастыруға болады? «Жер және ғарыш»: астрономия туралы алғашқы түсініктер; ғарыш кемелері, зымырандар, Жердегі тіршілікке ғарыштың әсері, күш және қозғалыс, Архимед заңы.

Жоғарыда көрсетілген тақырыптарға сай, білім алушы жас зерттеуші ретінде келесі міндеттерді орындауға тырысады: өсімдіктің тіршілік циклі, түріне қарай ерекшеліктері мен ұқсастықтарын ажырату; тозаңдану негізінде тұқым түзілу, тұқым таралу жолдарын білу; бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар мен сүтқоректілер туралы мәліметтер алу; жануарлардың жыл мезгілдерінің ауысуына бейімделуі: жылы жаққа ұшу, қысқа азық жинау, ұйқыға кетуді бақылау; үй жануарларын күту, үй жануарларының келтіретін пайдасын, тіршілік ортасына байланысты қоректік тізбек модельдерін анықтау. Зерттеушінің жеке тұлғалық қасиеттері, бақылау – ғылыми таным әдісі, эксперимент жүргізу және нәтижесін кестеге тіркеу, ақпарат көздерін пайдалану сынды әдістерді қолдана алуы әбден мүмкін.

Адамның өмірінің кезеңдерін, қаңқа мен бұлшықет қызметі, бұлшықеттің жиырылуының қозғалудағы рөлі мен адам ағзасындағы зиянды заттар, артық су мен тұздар дер кезінде шығарылмауы денсаулыққа зиян екендігін білу; ауаның ластануының табиғи және жасанды көздері, ауа тазалығын сақтау, ауаны тазарту жолдары, ауаның орын ауыстыруы жайлы түсіну; электр энергиясының көздері туралы мәліметтерді, көлеңкенің кедергі өлшеміне және жарық көзінен кедергіге дейінгі қашықтыққа тәуелділігін анықтай алу; электроскоп, күнделікті өмірдегі электр, магниттің қасиеттері, магниттік қасиеті бар заттар туралы ақпараттар жинау; бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ және тау жынысы, магмалық тау жынысы, шөгінді тау жынысын ұғыну және т.б. Сондай-ақ, күн жүйесінің ғаламшарлары, олардың орналасу ретін біле алады.

Бұл міндеттерге қол жеткізу үшін, білім алушымен шығармашылық жұмыстар жасауға болады. Атап айтсақ, төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктерді ажырату; өсімдіктің тіршілік циклін зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау арқылы оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу; адам тіршілігінің түрлі салаларында ауаны қолдану жолдарын анықтау; желдің пайдасы мен зияны туралы мысал келтіру; табиғаттағы су айналымын сипаттау; түрлі материалдардың электрөткізгіштігін зерттеу; көлеңкенің кедергі өлшеміне және жарық көзінен кедергіге дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу және түсіндіру; жарықтың шағылуы, жұтылуы сияқты қасиеттерін зерттеу және түсіндіру; кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласын анықтау; Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін орындарын картадан көрсету; пайдалы қазбаларды сақтау және үнемді қолданудың жолдарын ұсыну; жекелеген ғарыш денелерін сипаттау; Архимед күшін бақылау және болжау.

Мысал ретінде, жасалатын тәжірибелердің бір-екеуіне тоқтала кетуге болады: «Эврика! Ақылды қарға ісіне қарап тәжірибе жасау», ермексаздан, жұмыртқадан тәжірибе жасап көру, мұхит бетіндегі мұзтауларға қандай күш әсер етеді? Астероидтар сарқылатын пайдалы қазбаларды үнемдеуге қалай көмектеседі? деген сынды сұрақтар төңірегінде талдаулар жасауға болады. Бұл жерде зерттеу жүргізуді бастап, нәтижесін тіркеу түрлерімен танысады, зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізінде анықтайды, қоршаған орта құбылыстарын бақылау, эксперименттер жүргіуге болады.

Жаратылыстану курсы бойынша оқушылардың алған білімін тексеру жұмыстарының түрлері: тақырыптық бақылау: топтық, жұптық, жеке; сабақ басында қалыптастырушылық, дамытушылық, ынталандырушылық тапсырманы толықтыру тесттерін алу – мұғалім жаңа тақырыптың кейбір басты мәселелерін өткен сабақтардағы оқу материалдарымен толықтырады, кейбір ұғымдарды, анықтамаларды, ғылыми ережелерді оқушылардың есіне салады; ағымдағы бақылау: белгілі бір тақырыптар тобынан кейінгі тоқсандық, жарты жылдық бақылау жұмысын алу-оқушылардың алған білімінің көлемі және сапасы, іскерлігі, дағдысы анықталынады;

Осы бағдарламаны меңгере отырып, келесі нәтижеге қол жеткізуге болады:

– оқушылардың білім, білік және дағдылары қалыптасады;

– өзіне деген сенімі, жаратылыстану пәніне деген қызығушылығы артады;

– оқушының бойында саналы көзқарасын қалыптастыру сияқты сапалық қасиеттер қалыптасады;

– оқушылардың өз іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруына жол ашады;

– әр тапсырманы орындауда ережені, формуланы қолдану барысында нәтижелі де сапалы болады;

– оқушылардың өздігінен жұмыс орындауының ұйымдастырылуы өзін өзі басқара білу қабілетін дамытады;

– логикалық, шығармашылық, танымдық қабілеттері дамиды.

Компьютер, ұялы телефон, электронды тақта қолдана отырып, оқушы мәтіндік тәжірибелік мәліметтер жинақтайды. Жаратылыстану кабинетінде «Адам», «Жер және ғарыш» макеттері, «Жанды табиғат» бұрышы, кітаптар мен суреттер, т.б. тілдік құралдармен жабдықталуы қажет.

Жалпы курсты оқытуда көрнекі құралдарға, әсіресе оқушы құралдарына, тәжірибелік үй тапсырмасын жүйелі, ықтиятты орындауына ерекше көңіл бөлу өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 4-сыныпқа арналған жаратылыстану оқулығы. Бигазина П.К., Жаманкулова А.Ж., Кажекенова Е.А., Тураканова Г.А., Хонтай М. «Назарбаев зияткерлік мектептері». – 2019.

2 Карыбаева Ш.Ф. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша жаратылыстану пәнін оқытудың мағыздылығы. https://balabaksha.kz/79688/.

3 Аймағамбетова Қ.А., Жүнісова К.Ж. «Дүниетану» оқулығына әдістемелік нұсқау. Алматы, 1998.

4 Сорокумова Е.А. Уроки экологии в начальной школе. Пособие для учителя, – М., 1994.

ҒТАМР 61.51.01

«ҚҰМКӨЛ» КЕН ОРНЫНДАҒЫ ПАРАФИНДІ ШӨГІНДІЛЕРМЕН КҮРЕСУ ӘДІСІН ТАҢДАУ ЖӘНЕ НЕГІЗДЕУ

А.М. Мұратова, Е.Б. Арстанов
Магистранттар, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.
Ж.С. Сарқұлова
PhD-доктор, Қ .Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Мақалада Құмкөл кен орнының геологиялық құрылымы, игеру жағдайы, жинау жүйесінің сипаттамасы және ұңғымалық өнімді дайындаудың технологиялық процесінің сипаттамасы ұсынылған. Мұнай өндіру өнеркәсібінде еңбек өнімділігін төмендететін факторлардың бірі көтергіш құбырларды парафиндеу, шығару желілерін, трап қондырғыларын, кәсіптік сыйымдылықтарды, сондай-ақ түп маңы ұңғымадан парафинді мұнай өндіру болып табылады. Қазіргі уақытта ұңғымадан және мұнай кәсіпшілік жабдықтарында парафиндермен күресу үшін механикалық,химиялық, жылу, сондай-ақ жаңа әдістер кеңінен қолданылады.

Түйін сөздер: парафиндеу, кристалдану, депарафинизациялау, механикалық әдіс, химиялық әдіс.

Мұнай температурасы парафиннің алғашқы кристалдарының түсу нүктесіне дейін төмендеген кезде лифт құбырларын парафинизациялау процесі басталады. Алайда, кейіннен қайтымсыз процесс сызықтық заңдарға сәйкес жүзеге асырылмайды. Парафинді еріту үшін парафиннен жылуды сіңіру қажет болғандықтан, кері процесс-парафиннің кристалдануы жылу шығарумен бірге жүреді. Парафинді кристалдану процесінде үнемі шығарылатын бұл жылу мұнайдың жылу сыйымдылығының коэффициентінде ескеріледі. Ол парафині 12%-ға дейінгі мұнай үшін 2,5 Вт*с/кг*К-ге тең болады.



Сурет 1. Мұнайдағы парафиндердің кристалдану температурасы анықтау әдісі.

Парафин шөгінділерімен күресудің тиімді тәсілдерін қарастырайық. Мұнай өндіру өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін төмендететін факторлардың бірі көтергіш құбырларды парафиндеу, шығару желілерін, трап қондырғыларын, кәсіптік сыйымдылықтарды, сондай-ақ түп маңы ұңғымадан парафинді мұнай өндіру болып табылады.

Бұл жағдайларда ұңғымаларды қалыпты пайдалану мүмкін болмайды.

Кәсіпшілікті толық депарафинизациялау проблемасын шешу жабдықтар өнімділігінің күрт өсуін, еңбек және шикізаттың қосымша өсуін қамтамасыз етеді

Қазіргі уақытта ұңғымадағы және мұнай жабдықтарындағы парафиндермен күресу үшін механикалық, химиялық, жылу әдістері қолданылады. Сондай-ақ жаңа әдістер, соның ішінде магнитті өрістерді қолдану, құбырды лак-бояу жабындарымен бояу әдістері,акустика, діріл әсері кеңінен қолданылады [1].

Механикалық әдіс. Парафинмен күресудің механикалық әдістерінің мәні оны мезгілімен СКҚ бетінен қырып тастаудан тұрады. Осы мақсатта арнайы жүкшығыр(лебедка) арқылы сымға түтікке түсірілген тұрақты және айнымалы қиманың әртүрлі конфигурациясындағы қырғыштардың тұтас жиынтығы жасалды.

Химиялық әдіс – бұл химиялық реагенттерді (әртүрлі еріткіштер) СКҚ-ға жеткізу және парафин түзілу ингибиторларына әсер ететін парафиндермен жауап беру.

Олардың арасында бірнеше түрлерді бөліп көрсетуге болады:

1) суландырғыштар жабдықта парафин кристалдарының жабысуын болдырмайтын гидрофильді пленка жасайды;

2) диспергаторлар кристалдардың тоқтатылған күйін ынталандырады;

3) модификаторлар парафин кристалдарымен өзара әрекеттеседі және оларды таратады.

Жылу әдісі. Жылу әдістеріне қыздырылған сұйық жылу тасығыш (мұнай, газолин, керосин, дизель отыны, су), электрожылулық, электромагниттік және

термоакустикалық әсерлерді қабатқа айдау жатады. Бұл әдіс негізінен жоғары тұтқыр парафинді және шайырлы мұнайларды өндеу кезінде қолданылады. Қыздыру мұнайдың сұйылтылуына, көтергіш құбырлардағы және кенжар маңы аймағындағы шайырлы заттардың, парафиннің балқуына әкеледі. Жаңарту кезінде бұл заттар мұнаймен бірге бетіне шығарылады. Жылу өңдеу екі жолмен жүзеге асырылады: пайдалануды тоқтатпай немесе ұңғыманың жұмысын тоқтату. Терең сорғының үздіксіз жұмысы кезінде ыстық сұйықтық құбыр сыртындағы кеңістік арқылы сорылады. Тоқтап тұрған ұңғымада айдау алдында сорғы шығарылады, өнімді қабаттың төбесіне пакер орнатылады, содан кейін салқындатқыш құбырлар арқылы сорылады және төменгі шұңқыр аймағына итеріледі. Содан кейін пакет алынып, сорғы түсіріледі ұңғыманы пайдалану қайта басталады [3].

Құмкөл кенорнындағы парафинді шөгінділермен күресуге анализ жүргіздік. Қазіргі уақыттағы парафинді шөгінділермен күресудің кейбір тәсілдері Құмкөл кен орнында әртүрлі дәрежеде қолданылады. Парафин шөгінділерімен күресудің механикалық әдісі бұл кен орнында қолданыс таппады. СКҚ-ды механикалық қырғыштардың көмегімен парафиннен тазалау кәсіпшілік әлі жабдықталмаған және кәсіпшілік жабдықты депарафинизациялаудың басқа әдістерін жүргізу үшін техникалық құралдар жетіспеген кезде өте шектеулі әдіспен ұңғыманы сынамалық пайдалану кезеңінде ғана жүргізілді.

Қазіргі уақытта төменгі шұңқыр аймағын өңдеу және жер асты жабдықтарын асфальтты парафинді шөгінділерден тазарту үшін жылу әдістері, атап айтқанда, ұңғымаларды ыстық су және мұнаймен өңдеу технологиясы қолданылады.

Ыстық суды айдау сорғы-компрессорлық құбырлар арқылы 60-65°С температурада, АН-500 агрегатының көмегімен жүзеге асырылады. Бұл әдістің тиімділігі 60-65% құрайды. Мысалы, 5 ұңғымада 4 сорғы-компрессорлық құбырларды өңдеу жүргізілді. Ұңғымалар дебиті әр өңдеуден кейін орташа есеппен 25-35 тонна /күнге артады. Алайда, жоғары дебитпен ұңғыманың ұзақтығы тек 2-5 күн. Бұл техниканың төмен сапасына байланысты нәтижесінде парафин шөгінділері толық ерімейді. Әдетте, сағадағы айдалатын судың орташа температурасы 60-70°С, яғни сәйкесінше парафинді толығымен еріту үшін ол ұңғыма жағдайында кем дегенде 80°С болуы керек [2].

Құмкөл кен орнының 10 өндіру ұңғымасында француздық шикі мұнайды өңдеуге арналған «СЕКА « фирмасының «Прошинор АП 07» парафин диспергаторының сынақтары өткізілді. «Процинор АП 07» реагенті парафин кристалдарының өсуін төмендетеді, эмульсияны бұзады, мұнайдың қату температурасын төмендетеді. Жерасты жабдықтарын тексеру нәтижелері бойынша, бұл 5 ұңғымада орташа тазарту кезеңі 95,6 тәулікті құрады. Парафиннің тұндыру жылдамдығы тәулігіне 0,08 мм болды. Бір ұңғымада жабдықтың парафинациясы 30 күнде болды. Екі ұңғыма реагент қабылдамады.

Кенжар маңындағы аймақты шөгінділерден тазарту үшін эмульсияларды айдау жұмыстарының нәтижесі Кешенді айдау эмульсиясы мен сулы-көмірсутекті эмульсия айдау нәтижелері.

КӘЭ (кешенді әсер эмульсиясы) – бір ұңғыма операциясында мұнайдың өсімі орташа есеппен тәулігіне – 1,9 т/к құрады, әсер ету ұзақтығы 1,5 есе өсті.

Жинақталған қосымша өндіру 4,7 мың тоннаға өсті және 22,9 мың тоннаны құрады.

СКЭ (Сулы-көмірсутекті эмульсия) – бір ұңғыма-операция сында мұнайдың өсімі орташа есеппен тәулігіне-2,3 т/к құрады, әсер ету ұзақтығы 1,2 есе өсті.

Жинақталған қосымша өндіру 3,5 мың тоннаға өсті және 30,6 мың тоннаны құрады. Құмкөл кен орнындағы ұңғымалар санын ескере отырып және химиялық реагенттердің жоғары құнын ескеріп, химиялық реагенттерді қолдану тиімсіз болып келеді. Осылайша, Құмкөл кен орнында қолданылатын ең тиімді әдіс жылу әдісі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Уточненный проект разработки месторождения Кумколь по состоянию на 01.07.2008 г. Договор № 397/0811022 АО «НИПИнефтегаз». – Актау 2008. – 117 б.

2 Желтов Ю.П. Разработка нефтяных месторождений. – М.: Недра, 1986. – 56-57 б.

3 Борьба с отложениями парафина. Под редакцией доктора техн.наук, проф. Бабаляна Г.А. – М.: Недра, 2005. – 89-92 б.

ГРНТИ 62.99

КАРТОН С УЛУЧШЕННЫМИ СВОЙСТВАМИ НА ОСНОВЕ ОРГАНИЧЕСКИХ ПОЛИМЕРОВ

А.С. Балтабай
КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы

Все современные разновидности картона, в зависимости от целевого назначения, обладают комплексом показателей для оценки различных, присущих конкретному виду, свойств. Учитывая, что подавляющее большинство видов картона должны обладать определенный степень водостойкости. Поверхностная проклейка картона является одним из основных процессов современной технологии, предназначенным для гидрофобизации картона с одновременным повышением физико-механических свойств. Экологические последствия практики привели к поиску биоматериалов для покрытий упаковочных изделий повседневного применения. Благодаря наличию идеальных натуральных материалов и простым производственным процедурам недорогой и экологически чистый метод нанесения покрытий всегда пользуется большим спросом.

Ключевые слова: покрытия, биополимеры, гидрофобное свойство, гидрофобность.

На сегодняшний день агенты водонепроницаемыми свойствами пользуются большим спросом и используются в широком диапазоне, начиная от каждодневных продуктов до более значимых случаев. Способность гидрофобных поверхностей полностью отталкивать воду и тем самым очень эффективно смывать загрязнения получила название «Эффект лотоса». Эффект лотоса описывается двумя совершенно разными факторами, влияющих на высокую гидрофобность, низкая поверхностная энергия и высокая шероховатость поверхности. На самом деле низкая поверхностная энергия является основным фактором, а шероховатость только усиливает ее.

Картон, широко используемый в изготовлении бумажной упаковки, легко впитывает воду и влагу из окружающей среды. Он может служить базовым материалом замены пластмасса на основе нефти. Гидрофильный состав целлюлозы способен поглощать влагу и водяной пар при контакте с продуктами с высоким содержанием влаги.

Возможности покрытия картона с водостойким биополимерным агентом улучшают характеристики данного упаковочного материала. Производители

для выполнения картона с водонепроницаемостью используют соответствующие рецептуры, содержащие смолы и специальные крахмалсодержащие вещества, поставляемые исключительно для этой цели, что приводит к увеличению количества видов крахмалсодержащего сырья.

Основная и приоритетная проблема, связанная с охраной здоровья при производстве водонепроницаемого картона, возникает довольно остро, так как данное свойство картона достигается за счет использования формальдегидных смол. Но тем не менее, в настоящее время это обеспечивается за счет использования формальдегидных смол, содержащих все меньшее количество свободного формальдегида, что значительно ограничивает выделение летучих веществ. В этой связи следует отметить, что на рынке появляется все больше и больше смол с низким содержанием формальдегида. Их выбор может зависеть от характера сырья, однако трудно надеяться на устранение всех недостатков.

В более общем плане эксперты еще не разработали способы без использования данных смол, поскольку предлагаемых ими решений все еще не много. Одно из таких решений указано в уже упомянутых европейских патентах EP 0627477, EP 0627478 и EP 0849342, которые предлагают клеевые композиции, не содержащие производных формальдегида. Однако, несмотря на их достоинства с точки зрения защиты здоровья производителей и потребителей, реализация этих предложений связана со следующими основными недостатками:

– стоимость: действительно, в Европейском патенте EP 0627477 предлагается использовать крахмал с высоким содержанием амилозы (по крайней мере, равным 40 %), модификация которого, являющаяся обязательным этапом, является очень дорогостоящей. Патенты EP 0627478 и EP 0849342 описывают использование крахмалов, содержащих амилозу, более 60 % получают из специальных растений с генотипом, способствующим образованию амилозы. Эти растения, такие как кукуруза, горох, ячмень или рис, требуют особых сложных, трудоемких и дорогостоящих методов ведения сельского хозяйства;

– поставка сырья: европейские патенты, о которых идет речь, не направлены на унификацию сырья. Действительно, основные пункты формулы изобретения относятся к тому или иному компоненту первой части или второй части, вызывающему или приводящему к неоднородности сырья;

– технические характеристики: Этот критерий, характеризующий клеевой состав согласно требованию влагостойкости.В традиционном способе получения гидрофобности используются в расплавленном виде парафин и полиэтилен. Отрицательные качества обоих упаковочных материалов делают продукта трудным для переработки и компостирования.

Гидрофобные свойства картона, покрытого полимолочной кислоты.

Полимолочная кислота обладает хорошими эксплуатационными характеристиками в качестве упаковочного материала и считается одним из наиболее перспективных полимеров, поскольку она компостируема и коммерчески доступна. Пленки полимолочной кислоты в достаточной степени

устойчивы к воздействию воды. Характеристики как низкая токсичность и экологичности полимолочной кислоты сделают ее подходящим материалом для упоковки пищевых продуктов.

В исследовании Мишкин С.Е. водобарьерное свойство картона был изменен за счет изменения смачиваемости поверхности картона и нанесением гидрофобного покрытия из полимолочной кислоты, отдельно или в сочетании с другими веществами. Результаты исследований показали, что водонепроницаемость картона была улучшена покрытием. Наилучшие результаты данных свойств были получены из 2% полимолочной кислоты. Кроме того, использование полимолочной кислоты обеспечивает высокую однородность и гладкость поверхности картона, за счет лучшего заполнения пор и промежутков между волокнами целлюлозы. Экологически чистый характер полимолочной кислоты усиливают преимущества использования этих видов покрытий на картонных лотках для упаковки, хранения и транспортировки продуктов. В исследовании помимо полимолочной кислоты использовались цеолит, сепиолит и перманганат сепиолита.

Целлюлоза является одним из важных органических материалов, она является недорогим и почти неисчерпаемым биополимером. Универсальная морфология целлюлозных волокон, связанная с их биосовместимостью, биоразлагаемостью, долговечностью, высокой прочностью и термостойкостью, объясняет широкое применение материала в повседневной жизни. Тем не менее немодифицированная целлюлоза имееи присущие ей недостатки, такие как плохая складчатость и высокая гидрофильность, который нежелателен в определенных композициях. Поэтому различные модификации первозданная целлюлозы для изменения физико-химических свойств без ущерба для ее желаемых внутренних преимуществ всегда является сложной задачей, требующей широкий спектр инструментов.

От простейшей модификации до наиболее сложной, большинство изменений целлюлозных цепей зависит от реакционной способности гидроксильных групп. Высокая нерастворимость целлюлозы в воде и в большинстве органических растворителей из-за ее супрамолекулярной архитектуры ,включающей плотные сети водородных связей.

Азид целлюлозной бумаги: применение для подготовки гидрофобной поверхности бумаги.

В работах M.C. Nongbe, G.Bretel лист целлюлозной бумаги, химически модифицированными азидными функциями, описывается как универсальная молекулярная платформа для катализируемого медью 1,3-диполярного циклоприсоединения с концевыми алкинами. Данная трехэтапная методология была тщательно оптимизирована на каждом этапе процесса при поддержке экспериментальных и физических доказательств. Их подход позволяет покрывать поверхность структурно разнообразных молекулярных структур посредством ковалентной пересадки негидролизуемыми химическими линкерами. Описанная прочная связь подчеркивается поверхностной гидрофобизацией целлюлозной бумаги посредством щелчкового лигирования

холестериновых единиц в качестве возобновляемых и недорогих гидрофобных агентов. Авторы показывают, как такая эффективная стратегия может быть использована для изготовления гидрофобной, олеофильной целлюлозной бумаги. В ходе исследовании авторы с целью получения высокогидрофобной бумаги, нечувствительной к воде, применили разработанную ими методику для лигирования холестеринового скелета, функциализированного концевой алкильной цепью. Выбор холестерина в качестве покрывающего агента был обусловлен его высокой липофильной природой, возобновляемостью и низкой стоимостью.

Бумагу обычно защищают от воды, обрабатывая ее внутренними гидрофобными агентами перед формированием листа. Наиболее распространенными из них являются канифоль (смола сосновых деревьев), димер алкенкетена воск и алкенил янтарный ангидрид. В последние годы появились новые гидрофобные продукты, такие как синтетические катионные или анионные полимеры, фторированные полиуретаны, жирные кислоты с различной длиной цепи, соли четвертичного аммония, ангидриды жирных кислот, амины, сополимеры этилена и модифицированный поверхностью амфифильный тальк были введены непосредственно на листы целлюлозы.

В обычных случаях слой ламинированного пластика или алюминия обеспечивает влагозащитные свойства картона и бумаги, необходимые для предотвращения гидратации целлюлозы и разрушения упаковки. Поскольку как пластиковые пленки, так и алюминий являются проблематичными для сортировки, переработки и восстановления, замена одного или нескольких барьерных слоев полимерами на биологической основе является интересным подходом к устойчивой упаковке. Еще более интересной является замена всех слоистых слоев одним компостируемым композитом из биополимера/целлюлозы, что делает весь упаковочный материал более простым в производстве, компостируемым и экологически чистым [16]. Биополимеры, такие как полисахариды (крахмал, целлюлоза, хитозан и альгинат), белки (казеин, сыворотка, коллаген,соя и глютен), жиры (пчелиный и карнаубский воск и свободные жирные кислоты) и полиэфиров,поли-3-гидроксибутират (ПГБ), поли (3-гидроксибутират-co-3-hydroxyvalerate) (PHBV) и PLA полимолочная кислота) уже использовались в качестве покрытий для бумаги и картона с умеренным успехом [21].

Улучшение барьерных свойств бумаги и картона путем пропитки в растворах этилцианакрилата.

Фторированные органические полимеры были всесторонне изучены в прошлом для обработки целлюлозы из-за их комбинированных водо– и маслоотталкивающих свойств. Фторполимеры, особенно с фторированными боковыми цепями ≥C-8 проявляют очень низкую поверхностную свободную энергию (≤18 дин/см). Однако Агентство по охране окружающей среды США ограничило использование фторполимеров, имеющих лоринированные боковые цепи C-8 или более, из-за их различных экологических проблем, поскольку они разлагаются на перфтороктановую кислоту (PFOA) или перфтороктановый

сульфонат (PFOS), которые являются стойкими и биоаккумулирующими и, вероятно, канцерогенными. Следовательно, они были запрещены, и было разработано новое поколение фторполимеров с С-6 или более низкими фторированными боковыми цепями, которые могут разлагаться в экологически безопасную перфторгексановую кислоту (PFHXA) с быстрой скоростью биовыделения. С точки зрения водо– и маслоотталкивающей способности фторированные боковые цепи С-6 работают хуже, чем аналоги С-8, хотя надлежащее нанесение, химическая модификация и термическая обработка могут быть успешно использованы для создания эффективных водо– и маслоотталкивающих покрытий для многих применений. С другой стороны, биосовместимые мономеры цианоакрилата широко используются в функционализации бумаги и целлюлозы, а также в качестве тканевых клеев для закрытия кожных ран. При влажности окружающей среды и из-за присутствия гидроксильных групп целлюлозы этилцианакрилат полимеризуется вокруг каждого целлюлозного волокна, образуя тонкую поли(этилцианоакрилатную) (PECA) оболочку. PECA взаимодействует с поверхностью целлюлозы посредством водородной связи, о чем свидетельствуют данные инфракрасной спектроскопии с преобразованием Фурье и измерения термогравиметрического анализа.

Заключение. Таким образом, результаты, представленные в этой статье, показывают, что бумага и картон могут быть модифицированы, чтобы стать гидрофобными, олеофобными и жиростойкими, путем нанесения экологически чистых полимерных покрытий путем пропитки или нанесения стержневых покрытий из соответствующих полимерных растворов. Для упаковки необходимы устойчивые, экономичные и экологически совместимые материалы. Потому что пластиковая упаковка представляет собой значительную часть отходов окружающей среды. Новые процессы модификации бумаги и картона на основе биосовместимых и экологически чистых материалов открывают новые возможности для разработки упаковочных материалов на биологической основе, которые могут бросить вызов производительности и стоимости синтетических упаковочных материалов. Обзор различных работ ясно показывает, что для того, чтобы сделать целлюлозные волокна пригодными для применения в упаковке, необходим определенный гидрофобный агент.

Использование нетоксичных, биосовместимых и экологически чистых гидрофобных полимеров и эластомеров наряду с целлюлозой может стать одним из интересных будущих направлений, поскольку такие полимеры не вызывают тревожных экологических проблем по сравнению с более традиционными вредными полимерами, используемыми до сих пор.

Литература

1 Абросимова Д.Д., Ходжибекова А.Т. Казанский национальный исследовательский технический университет им. А.Н. Туполева. КАИ, 2019. – С. 196-200.

2 Samyn P. (2013). Wetting and hydrophobic modification of cellulose surfaces for paper applications. Journal of Materials Science 48. – P. 6455-6498.

3 Rasal R.M., Janorkar A.V., Hirt D.E. // Prog. Polym. Sci., 2010.– Vol.35. – P. 338-356.

4 Anderson J.M. // Annu. Rev. Mater. Res., 2001.– Vol.31. – P. 81-110.

5 Stankevich K.S., Gudima A., Filimonov V.D., Klüter H., Mamontova E.M., Tverdokhlebov S.I., Kzhyshkowska J. Mat. Sci. Eng. C., 2015. Vol.51. – P.117-126.

6 Ivanova N.M. Polylactic Acid Thin Films Properties after Steam Sterilization //Inorganic Materials: Applied Research. 2020. – Т. 11. – С. 377-384.

7 Shen J., Fatehi P., Ni Y. (2014). Biopolymers for surface engineering of paper-based products. Cellulose 21. – P. 3145-3160.

8 Chu P.K. Plasma-surface modification of biomaterials // Materials Science and Engineering: R: Reports. 2002. – Т. 36. №. 5. – С. 143-206.

9 Wu S. Polymer interface and adhesion. – New York: Dekker, 1982. – 621 p.

10 Khorasani M.T., Mirzadeh H., Irani S. Plasma surface modification of poly (L-lactic acid) and poly (lactic-co-glycolic acid) films for improvement of nerve cells adhesion //Radiation Physics and Chemistry. 2008. – Т.77, №.3. – С.280-287.

11 Tian H. Prog. Polym. Sci., 2012, №37. – P. 237.

12 Uhrich K.E. Biosynthetic Polymers for Medical Applications. Vol.: Elsevier Science, 2016. – P. 63.

13 Shankar S., Rhim J.W. (2018). Antimicrobial wrapping paper coated with a ternary blend of carbohydrates (alginate, carboxymethyl cellulose, carrageenan) and grapefruit seed extract. Carbohydrate Polymers 196. – P. 92-101.

14 Alouia H., Khwaldia K., Ben Slama M., Hamdi M. (2011). Effect of glycerol and coating weight on functional properties of biopolymer-coated paper. Carbohydrate Polymers 86. – P. 1063-1072.

15 Cataldi P., Profaizer M., Bayer I.S. (2019). Preventing water-induced mechanical deterioration of cardboard by a sequential polymer treatment. Industrial and Engineering Chemistry Research 58. – P. 6456-6465.

16 Basu S., Plucinski A., Catchmark J.M. (2017). Sustainable barrier materials based on polysaccharide polyelectrolyte complexes. Green Chemistry 19: 4080-4092.

17 Ibrahim M.M., Mobarak F., El-Din, E.I.S. (2009). Modified Egyptian talc as internal sizing agent for papermaking. Carbohydrate Polymers 75. – P. 130-134.

18 Rastogi V.K., Samyn P. (2015). Bio-based coatings for paper applications.Coatings 5. – P. 887-930.

19 Davis A., Liakos I., Genovese M.E. (2016). Water collection by sticky microislands on superomniphobic electrospun surfaces. Advanced Materials Interfaces 3: 1600606.

20 Bayer I.S., Fragouli D., Attanasio A. (2011). Water-repellent cellulose fiber networks with multifunctional properties. ACS Applied Materials &Interfaces 3 (10). – P. 4024-4031.

21 Fragouli D., Bayer I.S., Di Corato, R. (2012). Superparamagnetic cellulose fiber networks via nanocomposite functionalization. Journal of Materials Chemistry 22 (4). – P. 1662-1666.

22 Ayadi F., Bayer I.S., Fragouli D. (2013). Mechanical reinforcementand water repellency induced to cellulose sheets by a polymer treatment. Cellulose 20. – P. 1501–1509.

ҒТАМР 86.21.00

КЕҢҚИЯҚ КЕН ОРНЫНДА ТОПЫРАҚТЫҢ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІМЕН ЛАСТАНУЫ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

А.А. Ыбраш, Ж.А. Досмағанбет
Магистранттар, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.
Ж.С. Сарқұлова
PhD-доктор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Мұнай мен газ өндірудегі экологиялық проблемалардың пайда болуы бір мезгілде бірнеше аспектілерден тұрады, олардың бір бөлігі бір-біріне өзара әсер етеді, ал екінші бөлігі жанама түрде олардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі болады. Мұнай мен мұнай өнімдерін құрайтын барлық заттар улы, көбінесе канцерогенді.

Түйін сөздер: Топырақ, қарашірік, сфера, мұнай, қабат.

Кеңқияқ мұнай кен орны – Қазақстан Республикасының солтүстік-батысындағы ірі кен орындарының бірі. Ластанудың негізгі көздері мұнай ұңғымалары болып табылады. 2021 жылы топырақ экологиясы бөлімінің экспедициялық жасағы барлық 4 аумақтың Кеңқияқ кен орнында топырақтың экологиялық жағдайына далалық зерттеулер жүргізді. Кен орнының топырақ жамылғысы зерттелді.

Топырақтың мұнай-химиялық ластануы кезінде топырақ жамылғысының тозуы топырақ бейінінің толық немесе ішінара жойылуынан, генетикалық көкжиектер қуатының бұзылуынан; топырақтың физикалық (тығыздығы, құрылымы, біркелкілігі, байланыстылығы, агрегатталуы) және химиялық (қарашіріктің болуы, күл қоректену элементтері, жоғары молекулалық қосылыстар, топырақ суспензиясының реакциясы, бейіні бойынша тұздардың бөлінуі) қасиеттерінің өзгеруінен көрінеді.

Негізгі ластаушы заттар шикі мұнай, бұрғылау ерітінділері, минералданған ағынды сулар болды. Топырақ шикі мұнайдан, газдан, мұнай суларынан, ағынды сулардан, жер асты суларынан және бұрғылау ерітінділерінен тұратын резервуар сұйықтығының төгілуі немесе шығарындылары арқылы ластанған. Бұл заттар технологияның бұзылуына немесе әртүрлі төтенше жағдайларға байланысты топыраққа түсті.

Кеңқияқ кен орнындағы мұнайы ауыр, тұтқыр және тотыққан сфералар жоғары қабат қысымымен және асфальт-шайырлы заттардың құрамымен, бұл олардың өзін-өзі тазарту қабілетіне теріс әсер етеді. Метанонафтенді негіз кен орны мұнайының топтық құрамы бойынша метан көмірсутектерінің құрамы 34,8.67,8 %-ды, нафтенді-26,0..51,0 %-ды, құрамында шайырлы-асфальтенді компоненттер көп аз күкіртті. Олардың құрамында 2,6..10,9 % парафин, 0, 3.. 1,1% күкірт бар.

Топырақтағы мұнай өнімдерінің құрамы «Флюорат-02 «сұйықтық анализаторында флюориметриялық әдіспен топырақ сынамаларындағы мұнай өнімдерінің массалық үлесін өлшеуді орындау әдістемесі» бойынша анықталды.

Бұл әдіс мұнай өнімдерін көміртек тетрахлоридімен өндіруге негізделген, спектрдің инфрақызыл аймағында одан әрі спектрофотометриялық анықтау жүргізілді [1].

Кеңқияқ кен орнының жер үсті және жер асты суларының мұнай-химиялық ластануы. Мұнай кәсіпшілігі аумағының гидрографиялық желісі Темір өзені және оның Арантысай және Саздығайсай салалары болып табылады. Ағынның негізгі бөлігі көктемде, қар еру кезеңінде өтеді. Көктемгі су тасқыны әдетте наурыз айының соңында – сәуір айының басында басталады және 20 күнге созылады. Темир өзенінің арналары жаздың ортасында толығымен кебеді және олардағы қалыптарды тек жеке аудандарда табуға болады. 10 м. және одан да терең тереңдікте жатқан жер асты сулары тұщы немесе әлсіз минералданған. Өзен аңғарларында жер асты сулары 2..4 м. тереңдікте, темір өзені аңғарының төменгі жағында 0,8..2 м. тереңдікте жатыр [2].

Темір өзені табиғи дренаж ретінде қызмет етеді, онда жер асты сулары ішінара түсіріледі, оның негізгі қозғалысы оңтүстік-шығысқа қарай түсіру базисіне бағытталған.

Жер асты суы ластанудың жоғары деңгейіне ие, мұнда концентрациясы 128,6 ШЖК құрайды. Осылайша, зерттелетін аймақта су мен топырақтың мұнай өнімдерімен ластануының күрделі көрінісі пайда болады. 2021 жылы жүргізілген зерттеулерді қорытындылай келе, келесі қорытынды жасауға болады:

– кен орны табиғи ортаны ластаудың ірі көзі болып табылады;

– жер асты сулары ластанған, олар темір өзенінде 38,6 мг/дм дейінгі концентрацияда еріген түрде түсіріледі.

Қоршаған ортаның неғұрлым кең таралған ластаушысы мұнай көмірсутектері болып табылады және негізінен топырақтың ластануы өндіру (шикі мұнайдың, газдың, қаттық сулардың, мұнай шоғырларының газ қақпақтарынан газдың, бұрғылау ерітінділерінің төгілуі мен шығарындылары), тасымалдау (мұнай құбырларындағы авариялар),мұнай өнімдерін сақтау мен қолданудың әртүрлі бұзылулары кезіндегі адам қызметімен байланысты.

Ең күшті сұйық мұнай өнімдері адамның терісіне әсер етеді. Қалыпты жағдайда майлар бу шығармайды, олардың адам ағзасына теріс әсері ашық

теріге тиген кезде немесе оларға малынған киіммен жұмыс жасағанда, сондай-ақ май буларымен немесе тұманмен дем алған кезде ғана көрінеді. Егер майда көптеген жеңіл көмірсутекті компоненттер болса, онда майлау майларымен ингаляциялық улану ықтималдығы бар. Хош иісті көмірсутектер буларының жоғары концентрациясы есірткі әсерін тудыруы мүмкін.

Ең қауіпті қосылыстары көмірсутектер мен күкіртсутек. Олардың бірлескен әсері – орталық жүйке жүйесінің зақымдануына әкеледі. Күкірттің құрамына байланысты мұнай аз күкіртті (Баку – күкірті 0,03-0,4 %) және көп күкіртті (орта азиялық – күкірті 5,1%) болып бөлінеді. Қосылыстардағы күкірттің әртүрлі мөлшері ағзаға әртүрлі зиян келтіреді [3].

Жедел интоксикацияның клиникалық белгілері – тыныс алудың қиындауы, іштің артындағы ауырсыну, жөтел, ентігу, әлсіздік, акроцианоз, тахикардия, тахипноэ, ЭКГ-да Коронарлық қан айналымының бұзылу белгілері, эритроцитоз, лейкоцитоз, өкпе ісінуі мүмкін тез дамып, 2 күн бойы сақталады. Қалпына келтіру 1 аптадан кейін пайда болады (асқынусыз орташа улану кезінде). Асқынулармен ауыр улану кезінде бұл белгілер 4 аптаға дейін сақталады. Созылмалы жолдар. Ауадағы концентрациясы 25% дейін табиғи газ ағзаға күшті уытты әсер етпейді, сондықтан ол зиянсыз деп саналады. Мұндағы басты зақымдайтын фактор-оттегінің жетіспеушілігімен тұншығу, көмірсутектердің жоғары концентрациясына байланысты оның нақты мөлшері төмендейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Методика выполнения измерения массовой доли нефтепродуктов в пробах почв флуориметрическим методом на анализаторе жидкости» Флюорат-02». Мет. № 03-03-97. – СПб. – 1997. – 16 с.

2 Солнцева Н.П., Садов А.П. Влияние сточных минерализованных вод на почвы в районе Уренгойского нефтегазоконденсатного месторождения (Западная Сибирь). // Почвоведение. – 1997, № 3. – С. 322-329.

3 Губайдуллин Н.М., Ишмаков Р.М. Экономия, экология и безопасность при работе с нефтепродуктами. – М.: 2006. – 272 с.

ҒТАМР 61.51.13

МҰНАЙ-СУ ДИСПЕРСТІ ЖҮЙЕЛЕРІН БӨЛУ ӘДІСТЕРІ

А.К. Азбергенова
Оқытушы, магистрант, М. Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ.

Бұл мақалада дисперсті жүйелерді бөлудің негізгі қондырғыларының бірі сепаратордың жіктелуі және жұмыс принципі қарастырылды. Оқу процесінде қолданылып жүрген екі фазалы сепаратордың құрылысы, негізгі бөлшектері, жұмыс барысы және құрылғымен жұмыс жасау барысындағы операторға қойылатын талаптармен таныстырылды.

Түйін сөздер: дистерсті жүйелер, дисперсті фаза, дисперсті орта, эмульсия, суспензия, сепаратор.

Технологияда дисперсті жүйелер өте кең тараған. Атап айтқанда: құрылыс саласында, металлургияда, мұнай өндірісінде, фармацевтикада, тамақ өндірісінде және т.б сала технологияларында кең қолданылады. Соның ішінде мұнай өндірісін қарастыратын болсақ, жер астынан мұнайды бұрғылап өндірген кезде құрамында ілеспе газ, су, минералды тұздар және механикалық қоспалар бірге шығарылады. Бұл қоспалар мен мұнай күрделі дисперсті жүйені құрайды. Мысалы: мұнай-су жүйесі эмульсияны, мұнай-механикалық қоспа жүйесі суспензияны құрайды. Мұнайды өңдеуге жібермес бұрын механикалық қоспалардан, су-тұз ерітінділерінен тазарту қажет болады, яғни дисперсті жүйелерді бөлу тәсілдері қолданылады. Дәлірек айтқанда: сепарация, тұрақтандыру, тұзсыздандыру-сусыздандыру процестері. Бұрғылап алынған мұнайды, ең бірінші, сепараторларға бағыттайды. Сепараторда мұнайдың құрамындағы газ бен судың негізгі массасы бөліп алынады.

Мұнай-газ сепараторлары ұңғыманың оқпанымен, шығару желісі мен жинағыш коллектор арқылы қозғалғанда мұнайдан бөлінген және бағалы химиялық шикізат ретінде немесе отын ретінде пайдаланылатын мұнай газын алу үшін қызмет етеді; газ сұйықтықты қоспаның араластырылуын азайту және құбырлардағы гидравликалық кедергіні төмендету; пайда болған көбік мұнайдан ыдырау және бөлу; құбырда тұрақсыз немесе қираған мұнай эмульсияларын өндіру кезінде мұнайдан алдын ала су бөлу үшін қызмет етеді.; мұнайды бірінші сатылы сепараторлардан мұнай дайындау қондырғысына дейін тасымалдау кезінде пульсацияның айтарлықтай төмендеуі. Мұнай кен орындарының алаңдарында қолданылатын сепараторлар шартты түрде мынадай санаттарға бөлінеді:

1) мақсаты бойынша – өлшеу-сепарациялайтын және сепарациялайтын;

2) геометриялық нысаны және кеңістіктегі орналасуы бойынша – цилиндрлік, сфералық, тік, көлденең және көлбеу;

3) Қызмет көрсетілетін ұңғымалардың типі бойынша-фонтандық, компрессорлық және сорғы;

4) негізгі күштердің пайда болу сипаты бойынша – гравитациялық, инерциялық (жалюзиялық) және ортадан тепкіш (гидроциклонды));

5) жұмыс қысымы бойынша – жоғары (6,4 МПа), орташа (2,5 МПа), төмен (0,6 МПа) қысым және вакуумды;

6) Қызмет көрсетілетін ұңғымалар саны бойынша-жеке және топтық;

7) сепарация сатыларының саны бойынша – бірінші, екінші, үшінші және т.б.;

8) фазаларды бөлу бойынша – екі фазалы (мұнай + газ), үш фазалы (мұнай + газ + су).

Сепаратор 1 технологиялық сыйымдылықтан тұрады, оның ішінде 2 көлбеу сөрелер, 3 көбікті сөндіргіш, 5 ылғал бөлгіш және 7 мұнай дренажында құйғыштың түзілуін болдырмау үшін құрылғы орналасқан. Технологиялық сыйымдылық газ-мұнай қоспасын енгізу үшін 10 келте құбырмен, 4 газ және 6 мұнай шығуының штуцерлерімен және 8 люкпен жабдықталған. Көлбеу сөрелер 150 мм кем емес жиектелген науалар түрінде орындалған.



Сурет 1. Көлденең газ мұнай сепараторы.

1 – технологиялық сыйымдылық; 2 – көлбеу науалар; 3 – көбік сөндіргіш; 4 – газдың шығуы; 5 – ылғал бөлгіш; 6 – мұнайдың шығуы; 7 – құйғыштың түзілуін болдырмау құрылғысы; 8 – люк; 9 – тарату құрылғысы; 10 – өнімді енгізу.

Сепаратор келесідей жұмыс істейді. Газ-мұнай қоспасы 10 келтеқұбыр және 9 тарату құрылғысы арқылы 2-сөреге түседі және олар бойынша технологиялық сыйымдылықтың төменгі бөлігіне қиылады. Көлбеу сөрелердегі әйнек, мұнай газ көпіршіктерінен босатылады. Мұнайдан бөлініп шыққан газ 3 көбік бөлгіштен өтеді, онда көбік бұзылады, және 5 ылғал бөлгіш, онда мұнай тамшыларынан тазартылады және 4 газ шығысының штуцері арқылы аппараттан шығарылады. Газсыздандырылған мұнай технологиялық

сыйымдылықтың төменгі бөлігінде жиналады және аппараттан 6 штуцер арқылы шығарылады.

Сепараторды мұнай эмульсияларын бөлуде ғана қолданып қоймай, мұнай өнімдерінің құрамынан да суды бөліп алуға болатынын атап өтуге болады. Бұл жағдайда дисперсті орта мұнай өнімі болса, дисперсті фаза су болып табылады немесе керсінше жағдайды қарастыратын болсақ, суға төгілген мұнай өнімдерінде, дисперсті орта – су, дисперсті фаза – мұнай өнімі болып табылады.

Оқу процесінде осы судың құрамындағы мұнай өнімін сепараторда бөлу қолданылады. Бұл қондырғы фазаларды бөлуге арналған сепаратордан, су және мұнай немесе мұнай өніміне арналған сыйымдылықтан, өнімдерді соруға арналған сораптардан, атмосфералық ауаны сорып және сығуға арналған компрессордан (қондырғы пневматикалық болғандықтан қысым тудыру қажет), электропневматикалық позициялаушы, жиілікті реттегіш, температураны реттегіш (ПИД-реттегіш), реттегіш клапан, әмбебап индикаор және басқару модулі мен индикациясынан тұрады.

Сепаратор қысыммен жұмыс істейтін ыдыстан тұрады. Сондықтан сепаратор орналасқан объектіні күн сайын аралау кезінде операторға сепаратордың күйіне назар аудару керек, атап айтқанда:

– Ағады ма, барлық қосылыстар бітеу ма;

– Сепараторда орналасқан манометрлердің күйін тексеру;

– Ақаудың болуы туралы айтатын бөтен шу мен діріл жоқ па;

– Егер сепараторда мұндай аспаптар бар болса, деңгей көрсеткіштері мен датчик жағдайын тексеру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қоқанбаев Ә.Қ. Коллоидтық химия курсы: Беттік құбылыстар, Дисперстік жүйелер. – Алматы, 2013.

2 Қартабай А.Т. Мұнай кен орындарын игеру. – Алматы, 2013.

3 Нариков К.А., Беркалиева Г.Г., Тулемисова С.С., Нургазинов М.С. Мұнай, газ және газконденсатын өндіру технологиялық процесін жүргізу. Оқу құралы. – Астана: «Кәсіпқор» Холдингі КеАҚ, 2018.

4 Омарәлиев Т.О. Мұнай мен газды өңдеудің химиясы және технологиясы. I бөлім. – Астана: Фолиант, 2011.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ НАУКИ

AGRICULTURAL SCIENCE

ҒТАМР 68.37.33

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ОРМАНДЫ ДАЛА АЙМАҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАСЫМЫҚ (Lens culinaris) ЕГІСТІГІНДЕ ГЕРБИЦИДТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Б.Н. Маханбет
Магистрант, С. Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.
Е.А. Утельбаев
PhD-доктор, А.И. Бараев атындағы АШҒӨО ЖШС, Қазақстан

Мақалада жасымық (Lens culinaris) егістігінде гербицидтердің тиімділігін зерттеу бойынша нәтижелер көрсетілді. Танаптық тәжірибелер 2021 жылы Ақмола облысы Сандықтау ауданы «Каменка и Д» ЖШС-гі жағдайында жүргізілді. Аталмыш дақыл құрғақшылыққа төзімді, алайда, вегетациясының алғашқы кезеңінде өсіп дамуына арамшөптер кедергі келтіреді. Шаруашылық жағдайында жасымық егістігінде кең тараған біржылдық дара жарнақты, қос жарнақты және көпжылдық қосжарнақты арамшөптер тобына жататын түрлер болып табылды. Сондықтан да зерттеу жұмыстары аталмыш арамшөптерге қарсы тиімді гербицидті анықтауға бақытталды. Танаптық тәжірибелер нәтижелері бойынша зерттелген гербицидтердің жоғары тиімділігі анықталды, алайда, ең жоғары биологиялық, шаруашылық тиімділікті Клиафилт, в.р.к. (имазопир, 15 г/л + имазамокс, 33 г/л) гербициді 0,6 л/га шығын мөлшерінде көрсетті.

Түйін сөздер: жасымық, гербицидтер, биологиялық, шаруашылық тиімділік, өнімділік.

Дәнді бұршақ дақылдарының арасында айтарлықтай құнды тауарлық дақылдардың бірі жасымық болып табылады. Ол өзінің қайталанбас дәмдік қасиеттерінің, адам ағзасына жоғары сіңімді ақуызының және алмаспайтын аминқышқылдарының, дәрумендерінің, микроэлементтерінің болуының арқасында әлем нарығында үлкен орынды алып отыр [1].

Соңғы жылдары жасымықтың егістік көлемі әлем бойынша артуда. FAOSTAT мәліметтеріне сүйенсек соңғы жылдары ол 52 мемлекетте өсіріледі екен. Жасымықты өндіретін ірі елдер қатарына – Канаданы, Үндістанды, Турцияны, Оңтүстік және Батыс Азияны, АҚШ, ҚХР, Солтүстік Африканы және т.б. елдерді жатқызуға болады. Жетекші елдер қатарына Канаданы (егіс алқабы – 1,34 млн га, ал жалпы өнім 1,9 млн т.), Индияны (егіс алқабы – 1,3 млн

га, ал жалпы өнім 1,1 млн т) жатқызуға болады [2]. Қазақстанда 2018 жылғы мәлімет бойынша жалпы егіс көлемі – 294 мың гектарды құрайды, ал жалпы түсімі 253 мың тонна. Орташа және ұзақ мерзімді перспективада жасымықтың өнімділігі орташа 15 ц/га деңгейінде болатындығы болжанады [3]. Ақмола облысының құрғақшылықты аймағында жүргізілген Отандық ғалымдардың зерттеу нәтижелерінде минималды өсіру технологиясында жасымықтың жоғары өнімділігі – 16,6-18,9 ц/га құраған [4].

Жасымық өсіруді жүргізгенде, оның биологиялық ерекшеліктерін және одан неғұрлым мол өнім алуға бағытталған технологиялық әдістер кешенін жақсы білу керек [5]. Өсіп дамуының алғашқы кезеңдерінде жасымық арамшөптермен бәсекелестігі төмендеу болып келеді, оған дақылдың әлсіз өскіндері мен биіктігінің аласа болуы ықпал етеді. Қазіргі таңда вегетация кезеңінде жасымық егістігінде дара жарнақты арамшөптерге қарсы клетодим, хизалофоп-п-этил, флуазифоп-п-бутил, феноксапроп-п-этил әсер етуші зат негізіндегі гербицидтер қолданылады, алайда шаруашылықтар үшін негізгі мәселелердің бірі қосжарнақты арамшөптермен күресу болып табылады. Себебі, аталмыш арамшөптер үшін вегетация барысында қолдануға рұқсат етілген гербицидтер тіркелмеген [6].

Осыған орай зерттеу жұмыстары 2021 жылы Ақмола облысы Сандықтау ауданы «Каменка и Д» ЖШС-нің тәжірибе танабында жүргізілді. Зерттеу мақсаты жасымық өсіруші Канада, Индия, Турция секілді ірі мемлекеттерде қолданылатын және біздің елде басқа дәнді бұршақ дақылдарында қолдануға рұқсат етілген әсер етуші заттар негізіндегі гербицидтерді жасымықтың вегетациясы барысында қолданып, егістіктердің ластану деңгейі мен дақыл өнімділігіне әсерін зерттеу болып табылды. Зерттеу міндеттеріне жасымық егістігіндегі арамшөптердің түрлік құрамын, олардың өсіп дамуы мен таралуын анықтау, қолданылатын гербицидтердің биологиялық және шаруашылық тиімділігін есептеу кірді.

Зерттеу жұмыстары 2021 жылы Ақмола облысы Сандықтау ауданында орналасқан «Каменка и Д» ЖШС-нің егістіктерінде 1320 м^2 алаңда салынды. Зертханалық тәжірибелер мен барлық қосымша талдаулар С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Өсімдік қорғау және карантин» кафедрасының зертханасында жүзеге асырылды. Зерттеу бағдарламасында ауыл шаруашылығы дақылдарын мемлекеттік сортсынау әдістемесі бойынша танаптық тәжірибені салу көзделді. Себу мерзімі – 25 мамыр. Тұқымның себу мөлшері – 100 кг/га. себу СЗС – 2,1 сепкішімен жүргізілді, қатараралық ені – 23 см. Тәжірибенің барлық нұсқалары 3 рет қайталанған. Бір мөлдектің көлемі – 2,2 м×50 м =110 м^2. Тәжірибелік алаңның жалпы ауданы 1320 м^2, мөлдектің есептік ауданы 50 м^2 (1 кесте).

Кесте 1. Тәжірибе кескіні, 2021 ж.

Нұсқа	Шығын мөлшері, л/га	Қайталым		
		I	II	III
Бақылау	-	1	5	9
Клиафилт, в.р.к. (әсер етуші зат: имазопир, 15 г/л + имазамокс, 33 г/л)	0,6	2	6	10
Сафари, м.д. (әсер етуші зат: хизалофоп-п-этил, 50 г/л + имазамокс, 38 г/л)	0,5	3	7	11
Пульсар, 4% в.р. (әсер етуші зат: имазамокс, 40 г/л)	0,5	4	8	12

Танаптық тәжірибеде қолданылған агротехника: алғы дақыл сүр танаптан кейінгі 1 бидай, көктемде топырақтың физикалық пісіп жетілуі кезеңінде 4 см топырақ тереңдігіне БИГ-3 тырмасымен ылғал жабу жүргізілді. Себу алдында тұқым аурулар кешеніне қарсы Олимп К.С. препаратымен 0,5-0,6 л/т шығын мөлшерімен өңделді.

Зерттеуде қолданылған препараттардың сипаттамалары:

1. Клиафилт, в.р.к. Әсер етуші зат: имазопир, 15 г/л + имазамокс, 33 г/л, шығын мөлшері – 0,6 л/га, бүрку жұмыстары арамшөптердің ерте фазаларында, ал жасымықтың 4-6 жапырақ кезеңінде жүргізіледі;

2. Сафари м.д. Әсер етуші зат: хизалофоп-п-этил, 50 г/л + имазамокс, 38 г/л, шығын мөлшері – 0,5 л/га, бүрку жұмыстары арамшөптердің ерте фазаларында, ал жасымықтың 4-6 жапырақ кезеңінде жүргізіледі;

3. Пульсар, 4% в.р. Әсер етуші зат: имазамокс, 40 г/л, шығын мөлшері – 0,5 л/га, бүрку жұмыстары арамшөптердің ерте фазаларында, ал жасымықтың 4-6 жапырақ кезеңінде жүргізіледі.

Зерттеуде қолданылған Канадская красная сортының сипаттамасы: өсімдіктің биіктігі 32-40 см. Жапырақтары сопақ, шеттері бүтін, гүлдері ақ, көк жолақтарымен көмкерілген, 1-4 гүлдері болады. Өздігінен тозаңданады. Бұршаққапта 1-2 тұқым орналасқан. Тұқымы ұсақ, домалақ, сәл дөңестеу. Тұқымның сырты қоңыр, іші қып-қызыл болып келеді. Ерте мерзімде пісетін сорт, вегетациялық кезеңі 62-74 тәулік. Тұқымның шашылуы мен жатып қалуға төзімді. 1000 тұқымның массасы 28-38 г. Бұл сортты Канадада және АҚШ-та өсіреді. Бұршаққаптың ұзындығы 12-19 мм. Құрғақшылыққа төзімділігі жоғары. Ақуыз мөлшері 21-28%. Тағамдық құндылығымен, тез езілгіштігімен ерекшеленеді.

Гербицидтердің биологиялық тиімділігін анықтау үшін арамшөптерді есепке алудың сандық әдісі пайдаланылды. Есепке алуды гербицид қолданар алдында, 21 тәуліктен кейін, және жинау алдында жүргізеді. Гербицидтердің биологиялық тиімділігін анықтау үшін Абботтың жетілдірілген формуласы қолданылды [6]. Жасымықтың өнімділігі бойынша мәліметтер SNEDECOR бағдарламасы бойынша математикалық өңдеуден өтті [7].

Зерттеу жылындағы ауа райы жағдайлары.

Аймақтың климаты күрт континентті болып келеді. 2021 жылдың ауа райы жағдайлары, әсіресе, өсірілетін дақылдар мен зиянды ағзалардың өсіп-дамуына айтарлықтай әсер етті. Күндізгі ауа температурасының жоғары болуы, жауын-шашынның аз түсуі дәнді дақылдардың алғашқы фазаларының қысқаруына, жапырақтардың төменгі және ортаңғы қабаттарының мерзімінен бұрын сарғаюына әкелді. Арамшөптердің сандық мөлшері химиялық өңдеуден кейін төмендеді және ауа райының ыстық болуына және жауын-шашынның аз түсуіне байланысты арамшөптердің өсіп дамуының фазааралық кезеңдері де қысқарды.

Ауаның тәуліктік орташа температурасының жоғары деңгейлері шілде айының I онкүндігінде тіркелді +35,1+36,1 ^{0}С. Жалпы жасымықтың вегетациялық кезеңіндегі ауаның айлық орташа температурасы 18,3 ^{0}С құрады, ол көпжылдық орташа көрсеткіштермен салыстырғанда 1,3 ^{0}С жоғары болды. Маусым айының алғашқы онкүндігінде бозқыраудың түскендігі тіркелді ол 0 – 1,7 ^{0}С шамасында болды (1 сурет).



Сурет 1. Вегетациялық кезеңдегі айлық орташа температураның көпжылдық орташа көрсеткіштермен салыстырмалы динамикасы.

Жасымықтың вегетациялық кезеңінде, яғни, мамыр айының III онкүндігі мен тамыз айының III онкүндігі арасында жалпы 83,9 мм жауын-шашын мөлшері түсті. Ол көрсеткіш көпжылдық орташа көрсеткіштерден 64,9 мм аз болып табылды. Осыған байланысты жасымықтың вегетациясының алғашқы кезеңдерінде ылғал тапшылығы байқалды. Жауын-шашынның негізгі мөлшері шілде айының II онкүндігінде түсіп 29,2 мм құрады. Ол жасымықтың вегетативті бөлігінің және тұқымының қалыптасуына оң әсерін тигізді, ал тамыз айының II онкүндігінде жауын-шашын мөлшерінің аз түсуі мен (2,1 мм) орташа тәуліктік температураның жоғары болуы тұқымының толық пісуіне септігін тигізді (2 сурет).



Сурет 2. Вегетациялық кезеңде түскен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық орташа көрсеткіштермен салыстырмалы динамикасы.

Зерттеу жұмыстарында біз арамшөптердің түрлік құрамы мен егістіктердің ластану дәрежесін анықтап, ескердік. Зерттеу жылдарында арамшөптердің келесідей түрлік құрамы анықталды: дара жарнақты арамшөп түрлерінен – кәдімгі қара сұлы, тауық тарысы, ал қосжарнақты арамшөп түрлерінен – далалық шырмауық, ақ алабота, жұмыршақ, кәдімгі гүлтәжі. Шаруашылықтың негізгі өсіретін дақылдары бидай мен арпа болып табылғандықтан, арамшөптердің басым түрі дара жарнақтылар болып келді (2 кесте).

Кесте 2. Зерттеу жылында жасымық егістігінде кездескен арамшөптердің түрлік құрамы, 2021 ж.

№	Арамшөптің атауы			Агробиологиялық топ	Ботаникалық тұқымдас
	қазақша	**орысша**	**латынша**		
1	Тауық тарысы	Куриное просо	Echinochloa crus galli (L.)	Жаздық кеш	Қоңырбастылар
2	Кәдімгі қарасұлы	Овсюг Обыкновенный	Avena fatua	Жаздық ерте	Қоңырбастылар
3	Далалық шырмауық	Вьюнок полевой	Convolvulus arvensis	Атпатамырлылар	Қарақұмық
4	Ақалабота	Марь белая	Chenopódiumálbum	Жаздық ерте	Аморантты лар
5	Жұмыршақ	Пастушья сумка	Capséllabúrsa-pastóris	Жаздық ерте	Қырыққабат
6	Кәдімгі гүлтәжі	Щирица (обыкновенная)	Amaranthus retroflexus	Жаздық кеш	Гүлтәжілер

Зерттеу жылында жасымық егістігінде кездескен арамшөптердің дамуы мен таралуы ағымдағы 2021 жылы қалыптасқан ауа райы жағдайына байланысты болды. Ерте көктемгі кезеңде топырақтағы ылғал қорының

жеткілікті мөлшері мен жоғары орташа тәуліктік температура арамшөптердің қарқынды дамып, таралуына әсер етті. Осыған сәйкес олардың өсім дамып, таралуын нұсқаларға сәйкес гербицидтермен өңдегенге дейін, яғни 19 маусымға дейін бақылаулар жүргізіліп, тіркеліп отырылды. Егістікте арамшөптердің түрлік құрамы әртүрлі агробиологиялық топпен, тұқымдасқа жататын түрлерден құралды, яғни арамшөптер кешені қалыптасты. Оның ішінде аса қауіпті түрлерге кәдімгі қара сұлы мен көпжылдықтардың ішінен далалық шырмауықты атап өтуге болады.

Жасымық егістіктерін гербицидтермен өңдеу алдында арамшөптердің жалпы саны 34 дананы құрады, ал зерттеу нұсқаларында ол 32 – 33 дана аралығында болды. Өңдеу алдында барлық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, ауа райы жағдайларын ескердік және гербицидтерді қолдану регламенті қатаң түрде сақталды. Гербицидтермен өңдеп болғаннан кейін 21 тәуліктен соң екінші санау жұмыстарын жүргіздік, ол бойынша Клиафилт, в.р.к. гербициді қолданылған нұсқада орташа тірі қалған арамшөптер саны 5 дананы құрады, ал Сафари, м.д. және Пульсар, 4% в.р. гербицидтері қолданылған нұсқаларда ол көрсеткіш орташа 6 дананы құрады. Жасымық өнімін жинау алдында жүргізген үшінші санау жұмыстары нәтижесі бойынша Клиафилт, в.р.к. гербициді қолданылған нұсқада орташа тірі қалған арамшөптер саны 9 дананы құрады, ал Сафари, м.д. және Пульсар, 4% в.р. гербицидтері қолданылған нұсқаларда ол көрсеткіш орташа 10 дананы құрады. Алынған нәтижелер бойынша бақылау нұсқасымен салыстыра отырып, гербицидтердің биологиялық тиімділігі есептелінді. Ол бойынша Клиафилт, в.р.к. гербицидінің биологиялық тиімділігі 21 тәуліктен кейін 87,4%, ал өнімді жинау алдында 82,8 % құрап Сафари, м.д. және Пульсар, 4% гербицидтерімен салыстырғанда 1,9-2,5% жоғары тиімділік көрсетті (3 кесте).

Кесте 3. Гербицидтердің биологиялық тиімділігі, 2021 ж.

Нұсқа	**Шығын мөлшері, л/га**	**Арамшөптер саны, дана/м^2**			**Биологиялық тиімділік %**	
		Гербицидпен өңдеу алдында	**Өңдеуден 21 тәуліктен кейін**	**Жинау алдында**	**Өңдеуден 21 тәуліктен кейін**	**Жинау алдында**
Бақылау	-	34	42	56	-	-
Клиафилт, в.р.к.	0,6	32	5	9	87,4	82,8
Сафари, м.д.	0,5	33	6	10	85,3	81,5
Пульсар, 4% в.р.	0,5	32	6	10	84,9	80,9

Шаруашылық тиімділік гербицидтерді қолдану нәтижесінде қосымша өнімнің қалыптасуын бағалайды. Зерттелген гербицидтердің ішінде жоғары шаруашылық тиімділікті Клиафилт, в.р.к. гербициді қолданылған нұсқалар

көрсетті. Бақылау нұсқасымен салыстырғанда 4,1 ц/га қосымша өнім алынып, 49,4 % құрады. Сафари, м.д. және Пульсар, 4% гербицидтері де бақылау нұсқасымен салыстырғанда 3,5-3,7 ц/га қосымша өнімді қамтамасыз етіп, 45,4-46,8 % шаруашылық тиімділікті көрсетті (4 кесте).

Кесте 4. Қолданылған гербицидтердің шаруашылық тиімділігі, 2021 ж.

Нұсқа	**Шығын мөлшері, л/га**	**Өнімділік ц/га**	**Қосымша өнім**	
			ц/га	**%**
Бақылау	-	4,2	-	-
Клиафилт, в.р.к.	0,6	8,3	4,1	49,4
Сафари, м.д.	0,5	7,9	3,7	46,8
Пульсар, 4% в.р.	0,5	7,7	3,5	45,4

Жасымық өнімінің құрылымдық элементтеріне жүргізілген талдау нәтижелері бойынша зерттеу жылдары тәжірибе нұсқалары арасында 1 бұршаққаптағы тұқымдар саны арасында айтарлықтай айырмашылықтар болмады. Зерттеу нұсқаларында жинау алдында 1 м^2 өсімдіктер саны бақылау нұсқасымен салыстырғанда 14-24 данаға, ал 1 өсімдіктегі бұршаққаптар саны 4 данаға артық қалыптасты, ал 1000 тұқымның салмағы 2,2-2,3 г жоғары болды. Болашақ жасымық өнімділігіне әсер еткен осы көрсеткіштер болып табылды.

Зерттеу жылдарында жасымықтың биологиялық өнімділігі ауа райы жағдайлары мен зерттелген нұсқаларға байланысты қалыптасты. Бақылау нұсқасымен салыстырғанда зерттеу нұсқаларында 3,5-4,1 ц/га қосымша өнім алынды. Зерттелген гербицидтердің арасында жоғары биологиялық өнімділікті Клиафилт, в.р.к. гербициді қолданылған нұсқалар берді – 8,3 ц/га. Ол көрсеткіш бақылау нұсқасынан 4,1 ц/га, ал басқа зерттеу нұсқаларынан 0,4 ц/га және 0,6 ц/га сәйкесінше артық түзілді. Сафари, м.д. және Пульсар, 4% гербицидтері қолданылған нұсқалар арасында айтарлықтай айырмашылықтар анықталмады (кесте 5).

Кесте 5. Гербицидтермен өңдеудің жасымықтың өнімділік құрылым элементтерінің қалыптасуына әсері, 2021 ж.

Нұсқа	**Жинау алдында 1 м^2 өсімдіктер саны, дана**	**1 өсімдіктегі бұршаққаптар саны, дана**	**1 бұршаққаптағы тұқымдар саны, дана**	**1000 тұқымның салмағы, г**	**Биологиялық өнімділік, ц/га**
Бақылау	120	8	1,5	29,7	4,2
Клиафилт, в.р.к.	144	12	1,5	32,0	8,3
Сафари, м.д.	137	12	1,5	32,1	7,9
Пульсар, 4% в.р.	134	12	1,5	32,0	7,7
ЕТАА$_{05}$					*0,2824*

Жасымықтың бұршаққаптары бірқалыпты піспеуіне байланысты олардың 80% бұршаққаптары қоңырланып піскенде дестеге шабылып, 5 тәуліктен кейін жиналды. Бөлектеп жинау барысында 0,9-1,0 ц/га өнім шығындалды. Ол жасымық дақылының биіктігінің аласа болуына және бұршаққаптарының біркелкі піспеуіне байланысты болды. Яғни кейбір аласа өсімдіктердің төменгі бөлігіндегі бұршаққаптар шабу биіктігіне жетпей аңыз сабанымен қалып қойды және кейбір ерте піскен бұршаққаптар жарылып, ішіндегі тұқымдар шашылып түсті (кесте 6).

Кесте 6. Гербицидтермен өңдеу нұсқаларына сәйкес егістіктен жиналған жасымықтың нақты өнімділігі, 2021 ж.

Нұсқа	**Шығын мөлшері, л/га**	**Нақты өнімділік**			
		Қайталанымдар			**Орташа**
		I	**II**	**III**	
Бақылау	-	3,2	3,4	3,3	3,3
Клиафилт, в.р.к.	0,6	7,4	7,3	7,5	7,4
Сафари, м.д.	0,5	7,0	6,7	7,1	6,9
Пульсар, 4% в.р.	0,5	6,8	6,6	6,7	6,7
$ЕТАА_{05}$					*0,2549*

Қорытынды. Жүргізілген зерттеулер нәтижелері бойынша жасымық егістігінде арамшөптердің түрлік құрамы анықталды, олардың ішінде кең таралған түрлері дара жарнақты арамшөптер тобынан – кәдімгі қара сұлы мен тауық тарысы, ал, қосжарнақты арамшөптер тобынан далалық шырмауық пен ақ алабота болды. Қалған түрлері ЭЗШ-тен аспады. Бақылау нұсқасындағы арамшөптер саны есептеу кезеңдеріне байланысты 34-56 дана аралығында болды, ол орташа және күшті ластану дәрежесіне сәйкес келді. Арамшөптерге қарсы Имазамокс әсер етуші заты негізіндегі гербицидтер таңдалынып алынды. Олардың ішінен жоғары биологиялық тиімділікті Клиафилт, в.р.к. (әсер етуші зат: имазопир, 15 г/л + имазамокс, 33 г/л) гербициді 0,6 л/га қолдану мөлшерінде көрсетті. Зерттеу нұсқаларына байланысты жасымықтың нақты өнімділігі 6,7-7,4 ц/га қалыптасты. Гербицидтерді қолдану бақылау нұсқасымен салыстырғанда 45,4-49,4 % шаруашылық тиімділікті көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Аринов К., Мусынов К., Шестакова Н., Серекпаев Н., Апушев А. Растениеводство. Учебник, – Астана, Изд.: Фолиант. 2016. – С. 412-417.

2 «Production of Lentils by Countries». UN Food & Agriculture Organization, Statistics Division. 2013. Retrieved 24 March 2015.

3 Гриднева Е.Е., Калиакпарова Г.Ш. Чечевица – ценная культура для Казахстана/ Проблемы агрорынка. – 2019. – 161-166 с.

4 Mussynov K.M., Tahsin N.T., Arinov B.K., Kipshakbayeva A.A., Utelbayev Y.A., Bazarbayev B.B. Productivity and Cooking Advantages of Lentil

Grades Grown Under Conditions Found in North Kazakhstan Pakistan Journal of Nutrition 16(11): 843-849, 2017.

5 Зотиков В.И. Перспективная технология производства чечевицы: методические рекомендации / В.И. Зотиков, М.Т. Голопятов, Г.А. Борзенкова, А.А. Янова. – Орел: ГНУ ВНИИЗБК, 2011. – 60 с.

6 Список пестицидов, разрешенных к производству (формуляции), ввозу, хранению, транспортировке, реализации и применению на территории Республики Казахстан на 2013-2022 годы (Дополнение № 8), 2021 г.

7 Аринов Қ.Қ., Можаев Н.И., Шестакова Н.А., Серекпаев Н.А., Ысқақов М.А. Өсімдік шаруашылығы практикумы. – Астана, 2004. – 280 с.

8 Касымханова Р. Методические указания по проведению регистрационных испытаний гербицидов, дефолиантов, десикантов и регуляторов роста растений. Алматы-Ақмола, 1997. 32 с.

9 Попов С.Я. Основы химической защиты растений. Попов С.Я., Дорожкина Л.А., Калинин В.А./Под ред. Профессора С.Я. Попова. -М: Арт-Лион, 2003. – 208 с.

10 Программа пакета прикладной статистики SNEDECOR: 1-факторный дисперсионный анализ. Версия 4.7, 05.07.2004.

ГРНТИ 68.35.29

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ГРЕЧНЕВОЙ МУКИ В ПРОИЗВОДСТВЕ ХЛЕБА

А.А. Шимина
Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, г. Нур-Султан

На сегодняшний день обогащение растительными добавками продуктов массового потребления, таких как хлеб и хлебобулочные изделия, является одним из наиболее эффективных и экономически выгодных способов обеспечения населения продуктами с высокой пищевой ценностью. В статье на основании научных работ и патентов рассмотрены перспективы использования зернового сырья в качестве растительных добавок для повышения пищевой ценности, а также расширения ассортимента хлебобулочных изделий.

***Ключевые слова*:** хлеб, растительные добавки, зерновые культуры, гречневая мука, пищевая ценность.

Гречневая мука – пищевой продукт, получаемый помолом очищенного зерна гречихи или гречневой крупы, предназначенный для производства хлебобулочных и кондитерских изделий в смеси с пшеничной и ржаной мукой. На производство гречневой муки первого сорта идёт ядро гречихи, очищенного зерна гречихи пятой и шестой фракции или готовой гречневой крупы [1].

Отличительными особенностями пищевой ценности и химического состава гречневой муки являются повышенное содержание белка – 12,6 грамм на 100 грамм продукта, витаминов группы В, минеральных веществ, таких как калий, марганец, медь цинк, фосфор и оптимально сбалансированное содержание аминокислот (таблица 1) [2].

Исходя из представленных данных, применение гречневой муки, в качестве ингредиента природного происхождения, способно устранить дефицит витаминов группы В, витаминов Р и РР, а также минеральных веществ в хлебобулочных изделиях. Благоприятным фактором является наличие рутина (витамина Р), с помощью которого хлебобулочные изделия могут приобретать лечебные свойства [3].

Таблица 1. Содержание витаминов, минеральных веществ и аминокислот в составе муки гречневой.

Название	**Содержание в 100 граммах, мг**
Содержание витаминов	
Витамин В1	0,4
Витамин В5 (пантотеновая кислота)	0,44
Витамин В6 (пиридоксин)	0,58
Витамин В3 – РР (ниацин)	6,2
Витамин В4 (холин)	54,2
Содержание минеральных веществ	
Калий	577
Магний	251
Фосфор	337
Кальций	41
Натрий	11
Цинк	3,1
Содержание аминокислот	
Триптофан	183
Изолейцин	474
Валин	646
Лейцин	792
Треонин	482
Лизин	640
Метионин	164
Фенилаланин	495
Аргинин	935
Гистидин	294

Также важными преимуществами гречневой муки также являются её высокая усвояемость, высокая питательной ценностью, низкий показатель гликемического индекса [4].

Использование гречневой муки целесообразно, поскольку её белки по сравнению с белками других злаковых культур более богаты аминокислотами (в том числе лизином, треонином, валином и метионином) (таблица 1). Кроме того, гречневая мука содержит в своём составе лецитин, обладающий лечебными свойствами, и большое количество цистина и цистеина, что дат возможность использования данной культуры – гречневой муки – в качестве растительной добавки, обогащающей пищевую ценность продукта, при производстве хлебобулочных изделий [5].

Также немаловажным фактором является отсутствие белка – глютена, что особенно актуально в современном обществе. Учеными Астанинского филиала ТОО «КазНИИППП» изучена потребность в безглютеновой продукции среди населения. Как показали исследования в процентном соотношении больные целиакией – это:

- 77,5 % – это дети в возрасте от 2 до 12 лет;
- 12,5 % – дети в возрасте от 12 до 23 лет;

– 7,5 % составляет возрастная группа от 28 до 35 лет.

По данным последней статистики, на учете состоят в основном жители города. Из общего количества опрошенных респондентов 15% составляют жители сельской местности и 85 % – городские жители [6].

Исходя из вышеизложенных данных, гречневая мука рекомендуется в качестве продукта диетического питания для людей, склонных к аллергиям, что способствует расширению ассортимента хлебобулочных изделий.

Согласно данным проводимых исследований, пшеничный хлеб, обогащенный небольшим количеством гречневой муки, характеризовался повышенной антиоксидантной способностью из-за присутствия рутина по сравнению с обычным пшеничным хлебом, и он обладал приемлемым сенсорным профилем [7].

Также проведённые лабораторные исследования показали, что в результате внесения гречневой муки в количестве 5-20 % к массе пшеничной муки увеличились пористость и удельный объём хлеба. Органолептические показатели готовых изделий соответствуют данному наименованию. Исходя из полученных результатов, автор статьи рекомендует использовать гречневую муку для улучшения органолептических и физико-химических свойств готовых изделий. Кроме того, использование гречневой муки в рецептуре пшеничного хлеба позволяет расширить ассортимент хлебобулочных изделий функционального назначения [5].

Возможность использования гречневой муки в хлебопекарном производстве Республики Казахстан является изучаемым направлением. В технологии производства хлеба гречневая мука добавляется в соотношении с пшеничной или другими видами муки, входит в состав смесей з растительных добавок, которые являются хлебопекарными улучшителями, заквасок и заварок. Анализ научных работ отечественных и зарубежных авторов показал целесообразность разработки рецептуры и технологии приготовления хлебобулочных изделий с использованием гречневой муки.

Литература

1 Материал из Википедии – свободной энциклопедии, Гречневая мука URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/% %BA%D0%B0.

2 Официальный сайт сибирской экстрим-команды «FRs», Мука гречневая – калорийность и химический состав. URL: http://frs24.ru/himsostav/muka-grechnevaya/.

3 Сигаева О. Гречневая мука: польза и вред, состав и калорийность. URL: http://www.poleznenko.ru/grechnevaja-muka-polza-ivred.html.

4 Влияние гречневой муки на качество хлеба из пшеничной мука высшего сорта. О.М. Гаврилова, И.В. Матвеева, Хлебопродукты. – 2007. – №4. – С. 34-35.

5 Применение гречневой муки при производстве пшеничного хлеба. Гаврилова, О.М. – Хлебопродукты. – 2008, №7. – С. 36–37.

6 КазахЗерно.kz, В Казахстане растет спрос на продукты питания, не содержащие глютен – ученые. URL: https://kazakh-zerno.net/158824-v-kazahstane-rastet-spros-na-produkty-pitanija-ne-soderzhashhie-gljuten-uchenye/

7 Lin L.Y., Liu H.M., Yu Y.W., Lin S.D., & Mau J.L. (2009). Quality and antioxidant property of buckwheat enhanced wheat bread. Food Chemistry, 112, 987e991.

ҒТАМР 70.25.17

ҚАЛАЛЫҚ АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ КЕШЕНДІ ТАЗАРТУ ӘДІСІ

Д.Д. Тлеухан
Магистрант, Satpayev University, Алматы қ.
Бостандық Халхабай
Т.ғ.к., доцент, қауымд.проф., Satpayev University, Алматы қ.

Баршамызға белгілі, қалалық ағынды сулардың ағуы адамдардың физикалық және психикалық денсаулығына айтарлықтай әсер етіп, Қазақстанда экологиялық өркениеттің қалыптасуына елеулі кедергі келтіреді, бұл Қазақстанның тұрақты жасыл даму тұжырымдамасына қайшы келеді. Менің елімде экономикалық құрылыстың қарқынды дамуымен урбанизация мен индустрияландыру процесі тереңдей бастады; өнеркәсіптік кәсіпорындардың қарқынды дамуы оларды су ресурстарына, әртүрлі мәселелерге, өндіріс процесінен туындаған ластануға және урбанизацияға күн өткен сайын тәуелді етеді.

Түйін сөздер: қалалық кешенді канализация, білім алу себебі, тазалау технологиясы, тазалау жұмыстары, тазарту әдістері.

Қаланың күрделі кәріз жүйелерінің жойқын әсері қалалық су ресурстарының тапшылығын одан сайын күшейткені сөзсіз. Күрделі қалалық кәріз жүйелері адамдардың қалыпты өміріне елеулі түрде кедергі келтіретіндіктен, шығарындылардың алдын алу және азайту бойынша тиісті шаралар қабылданбайды. Біріктірілген қалалық кәріз жүйелері қоршаған ортаны ластаудың маңызды көзіне айналды. Судың ластануы күрделі мәселеге айналды және жасыл тұрақты дамудың негізгі тұжырымдамасын бұзады. Ғылым мен техниканың үздіксіз дамуы жағдайында Қазақстан ағынды суларды тазарту әдістерінің толық кешенін үнемі дамытып, қалалық кешен ағынды суларының тозуын айтарлықтай төмендететін ағынды суларды тазартудың шетелдік озық технологияларын белсенді түрде енгізуде. Біздің еліміздегі қалалардың нақты жағдайларына сүйене отырып және шет елдердің табысты тәжірибесіне сүйене отырып, бұл мақалада біздің еліміздің қалаларындағы ағынды сулардың ластану жағдайына ғылыми баға беріліп, кейбір ықтимал алдын алу және күресу шаралары ұсынылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда қалалық ағынды суларды кешенді тазарту тиісті саясатты жүзеге асырудағы қиындықтар, инфрақұрылымдық құрылыстың

артта қалуы, тиісті заңдар мен ережелердің толық еместігі сияқты кемшіліктерге тап болуда. Елдегі екінші және төменгі деңгейлі қалалардың көпшілігі қалалық ағынды суларды тазартуға аз қаржы бөлетіндіктен, ағынды суларды тазарту бөлімшелерінің көпшілігі екінші деңгейден төмен болып қалады, негізінен су ресурстарын қайта өңдеуді жүзеге асыра алмайды. Сонымен қатар, тазалау жабдықтарының көпшілігінде жоғары қуат тұтынуы бар. Ластанудың жоғары деңгейі және автоматтандырудың төмен нұсқалары ағынды суларды тазартудағы артта қалуды күшейтті.

Қалалық ағынды суларды жылдам тазарту қалалық кәріз жүйесі мен тазарту орталықтары арасындағы тиімді байланыс пен ынтымақтастыққа байланысты. Қазіргі уақытта еліміздің басым бөлігінде құрылысқа қаражаттың жоқтығынан талдау крандарының арасындағы байланыс нашар сияқты мәселелер туындап отыр. Өңдеу орталығының құбыр желісі мен құбыр желісі, сонымен қатар олардың арасындағы үйлестірудің нашарлығы проблема болып табылады. Үкімет қалалық ағынды суларды тазарту үшін төлем нормативтерін шығарғанымен, функционалдық бөлімдердің міндеттерін жеткіліксіз орындағандықтан, алымдар тазарту қондырғысын салуға кететін шығындарды өтеуге жетпейді. Тазалауға қаражаттың жоқтығынан іске қосылған зауыттар тиімсіз жұмыс істеп тұр. Нәтижесінде қалалық ағынды сулар мұндай қысқа мерзімде нәтиже бере алмайды.

Биологиялық адсорбция әдісі шын мәнінде екі кезеңнің қосындысы болып табылады. Бірінші кезеңде ағынды сулардағы бос заттарды адсорбциялау үшін қолданылады. Екінші әдіс ластаушы заттарды су түбіне дейін ыдырату үшін қолданылады, бұл физикалық тазарту принципі. Қарапайым принципіне, төмен құнына және кең қолданылуына байланысты бұл әдіс қалқымалы заттардың көп мөлшері бар қалалық ағынды суларда кеңінен қолданылады. Айта кету керек, адсорбция сатысында көп мөлшерде БОД түзіледі, бұл ағынды сулардың құрамындағы көміртекті азайтады, ал процесті денитрификация процесімен біріктіру мүмкін емес.

Денифитрикация әдісі. Бұл әртүрлі еритін органикалық заттарды денитрификация, фосфорсыздандыру және еріту функцияларын бір мезгілде орындайтын сирек тазарту әдісі. Оның принципі – кәріздегі әртүрлі учаскелерде оттегінің құрамын біртіндеп байыту тенденциясына сәйкес зиянды заттарды шығару, содан кейін сіңіру процесін жүзеге асыру. Төмен құны мен ұзақ қызмет мерзіміне байланысты бұл әдіс отандық шағын және орта ағынды суларды тазарту қондырғыларында кеңінен қолданылады.

Тотығу траншеясының әдісі. Ағынды суларды тазартудың алдыңғы екі әдісімен салыстырғанда, тотықтырғыш арық әдісі қарапайым тазалау процедураларының артықшылығына ие. Соққыға төзімділік айтарлықтай жақсарды және тазалаудан кейінгі судың тұрақты сапасы. Бірдей сапалы ағынды суларды тазарту жағдайында бұл әдіс ең аз энергия тұтынуға ие және ағынды суларды тазарту процесінде экологиялық талаптарға толық жауап береді. Сонымен қатар, тотығу шұңқырының ажыратылатын қасиеті бар, ол жабдықтың бірнеше жиынтығының жұмысын жүзеге асыра алады, бұл тазалау

тиімділігін айтарлықтай арттырады. Әсіресе ерімейтін органикалық заттарды өңдеу кезінде. Бұл әдіс ірі және орта кәсіпорындарда кеңінен қолданылады.

Урбанизация процесі тереңдей түсуде, менің елімдегі урбанизация деңгейі алдағы 10 жылда 10%-дан астам өседі деп күтілуде. Қалалық ағынды суларды тазарту қондырғылары мен урбанизацияны қатар дамытуға қол жеткізу үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдары жергілікті жағдайларға негізделген құрылыс жоспарларын құрастырып,оларды жақсы жүзеге асыруы керек. «Үш комбинация» мыналарды қамтиды: судың ластануын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлаудың комбинациясы; елді мекендер мен су ресурстарының жиынтығы; су ресурстарын қорғау мен сарқынды суларды тазартудың үйлесімі. Біріктірілген қалалық ағынды суларды тазарту қондырғыларын орнату үшін учаскені таңдаған кезде әртүрлі әсер ететін факторларды кешенді түрде ескеру қажет. Орнату орны анықталғаннан кейін оны ерекше жағдайларда жасанды түрде өзгертуге болмайды. Біз қалалық ағынды суларды тазарту қондырғыларын салу процесін тұрақты түрде жеделдетуіміз керек. Жаңа инфрақұрылымдық жобада қалалық инфрақұрылым мен кәріздік суларды тазарту құбыр желісі, коллектор жүйесі мен құбыр желісін қосу жобасы арасындағы үйлестіру қатынасын теңестіру қажет. Оның ішінде ірі кәріз жүйесі де бар. Зауыт құрылысы кезінде жобаны соқыр жүргізе алмайсыз. Жоба жан-жақты және ғылыми тұрғыдан бағалануы керек,сонымен қатар урбанизацияның болашақ даму үдерісі.

Ұлттық және провинциялық деңгейде қалалық сарқынды суларды кешенді тазартуда жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қолдау көрсету жүйелерін құруға жәрдемдесу және қосалқы қондырғылармен кешенді тазарту тиімділігін арттыру. Олардың ішінде менің елімнің орталық және батыс бөліктеріндегі кейбір ұлттық кедейшілік аймақтарына қатысты. Ал оларды жылжыту әдістері экономикалық дамыған аймақтардағыдан өзгеше болуы керек. Олар басқару тиімділігін арттыру үшін қалалық ағынды суларды тазарту қондырғыларын кеңейтуге ғана сенбеуі керек. Қолданыстағы басқару жүйелері толық зерттелуі керек. Қалдықтарды кәдеге жаратуды жүзеге асыратын желілік қондырғылар, қаладағы қолданыстағы ағын су құбырларын, қалалық кәріз құбырларын және кәріз суларын қайта өңдеу құбырларын ғылыми тұрғыда реттеу, ағынды суларды барынша пайдалану, сол арқылы кәріздік тазарту қондырғыларының тиімділігін жанама түрде арттыру. Инфрақұрылымдық шығындарды азайту үшін жаңа объектілерді салу алдында бар немесе жаңадан салынған нысандарды қайта қарау және олардың жұмыс жағдайын бағалау қажет.

Қадағалау мен басқару шараларын одан әрі реформалау қажет. Қоршаған ортаны қорғау департаменті қалалық кешенді ағынды сулардың баратын жерін, кәріздік тазарту қондырғыларында тазартылғаннан кейінгі судың сапасын және кәріздік тазарту қондырғыларының тұнбалары мен қалдықтарын тазартуды қадағалауға бағытталған динамикалық нақты уақыт режимінде қадағалау механизмін құруы керек. Қалалық ағынды сулар тазарту қондырғысына түскеннен кейін ағынды сулардың қайталама ластануын болдырмау үшін,

тазарту қондырғысының ластануының алдын алу және бақылаудың тиісті жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін бастапқы тазарту тұжырымдамасын күшейту керек және негізгі қалалық сарқынды сулардың шығатын жерлерін реттеу және бақылау қажет. Міндеттерді орындау және қадағалауда олқылықтардың болмауын қамтамасыз ету үшін аймақтық үкімет қалалық ағынды суларды қауіпсіз ағызуды және қатаң басқаруды тиімді ынталандыру үшін жергілікті атқарушы органдардың есеп беру жүйесін енгізуде жетекшілік етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлердің ынта-жігерін ынталандыру үшін біз ақылға қонымды және негізді ережелер мен ережелер негізінде жоғары тұрған құзыретті органдар жергілікті мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұмысын есепке алу үшін марапаттау мен жазалау жүйесін құруды қамтамасыз етеміз. Ағынды суларды тазарту жұмыстарында құзыреті жоқ қызметкерлерді кезекшіліктен босату. Қадағалау тетігі іске қосылғанда ғана қаладағы ағынды суларды кешенді тазарту жұмыстары тұрақты, айналмалы және жасыл даму жолына түсе алады. Қалалық сарқынды суларды тазартудың ұзақ мерзімді механизмін құру үшін ағынды суларды тазартудың заңды тиімді саясатын әзірлеу қажет. Ақылы ағызудың және сарқынды суларды толық тазартудың жаңа үлгісін енгізу. Ағынды суларды тазарту бөлімшесінің қызметкерлерінің өндірістік ынтасын сақтау үшін белгілі бір жалақы мөлшері болуы керек. Осылайша, қалалық ағынды суларды кешенді тазарту мәселесі толығымен шешіліп қана қоймай, ағынды суларды тазарту кәсіпорындарына да серпін беріліп, нарықтық экономиканы одан әрі байыта түсті.

Қорытынды. Баршамызға белгілі, су ресурстары өндіріс пен адам өмірінің таптырмас негізгі шарты және барлық қоғамдық қызметтің негізі болып табылады. Су ресурстарын барынша қорғау және ресурстарды тұрақты пайдалануға қол жеткізу үшін ластаушы көздерді ұстау, қалалық ағынды суларды жинау және қалалық сарқынды суларды тазарту бойынша ғылыми және іс-әрекетке негізделген шараларды қабылдау қажет. Біз адамның өндірісі мен қызметі сөзсіз көп мөлшерде қалдықтарды тудыратынын, осылайша су ресурстарын ластайтынын түсіндіруіміз керек. Осы объективті шындықпен бетпе-бет келе отырып, біз жауапкершіліктен қашпай, су көздерін ластауға тиімді шаралар қабылдауымыз керек. Су ресурстарын қайта пайдалану, су ресурстары адам ұрпағын көбейтуге жағдай жасап қана қоймай, қоғамның тұрақты дамуының негізін қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Туровский И.С. Ағынды су шөгінділерін өңдеу. – М.: Стройиздат, 1982. – 223 б. (Қоршаған ортаны қорғау).

2 Хисамеева Л.Р., Селюгин А.С., Абитов Р.Н., Бусарев А.В., Урмитова Н.С. Қалалық ағынды суларды тазарту: оқу құралы. – Қазан: Қазанск баспасы. күй сәулетші.-құрылыстар. ун-та, 2016. – 105 б.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ И ОТРАСЛЬ ТЕХНОЛОГИИ

TECHNICAL SCIENCES AND TECHNOLOGIES OF THE INDUSTRY

ҒТАМР 59.14.21

БҰЛТТЫ СЕРВЕРДІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, СМАРТ ЕСЕПТЕГІШПЕН СУДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖҮЙЕСІН ӘЗІРЛЕУ

С.Б. Гусманова, І.С. Ізім
Магистранттар, Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы қ.
С.К. Оразалиева
PhD-доктор, доцент, Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы қ.

Мақалада біз бұлтты серверді пайдалана отырып, смарт есептегішпен суды есепке алу жүйесін талдап зерттеу жүргіземіз. Бір кездері үйді автоматтандыру жүйелері немесе олар жиі «ақылды үй» деп аталатындықтан, өте қымбат болды және оларға тек байлар ғана қол жеткізе алады. Бүгінгі таңда нарықта жарықтандыруды, розеткаларды, желдетуді, сумен жабдықтауды және басқа тұтынушыларды басқаруға арналған сенсорлары, түймелері, қосқыштары және жетектері бар жеткілікті бюджеттік жинақтарды таба аласыз. Осы мақалада біз микроконтроллерлер мен Arduino IoT Cloud көмегімен IoT қосымшаларын біріктірудің әдісінтерін қарастырамыз.

Түйін сөздер: Arduino IoT, IoT платформасы, ақылды есептегіш, бұлтты есептеу, су есептегіш.

Заманауи шарттарға сәйкес мамандандырылған ұйымдар кәсіпорындар мен үйлерге су өңдеу және су беру үрдістерін жүргізеді. Мұндай кәсіпорындармен келісімшартта көрсетілген тұтынылған судың көлеміне сәйкес есептеу қажет. Ауыз суды есептеу жүйесі судың шығынын есептеуді жүргізуге, тұтынылған суға байланысты қаржылылық есептеулер жүргізілетін тұтыну туралы ақпараттарды жинауға мүмкіндік береді. Суды есептеу жүйесі бойынша алынған деректердің негізінде ауыз суды сақтау мақсатында шараларды енгізуге болады.

Шығын өлшегіштер деп бақыланатын ортаның, біздің жағдайда судың мөлшері мен ағындық жылдамдығын шығын бақыланатын заттың бірлік көлемі немесе массасында тікелей көрсететін аспаптарды атайды. Бұл аспаптар ашық каналдардағы (өзендер, су жолдары және т.б.) сияқты жабық су құбырларында да мөлшер мен ағынды өлшеу үшін қолданыс табады.

IoT құрылғыларын құрудың көптеген жолдары бар, олардың кейбіреулері басқаларына қарағанда күрделірек. Көптеген экспериментаторлар Blynk сияқты

бұлттық платформаларды пайдаланады немесе MQTT сияқты хаттамалармен және IBM Node-Red сияқты әзірлеу қолданбаларымен «өздерінің» шешімдерін жасайды.

Бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы технологиялардың дамуы, жаңа коммуникациялық хаттамалардың пайда болуы заттар интернетінің (IoT) кеңеюіне әкелді. Құрылғылар саны күн санап артып келеді және олар деректердің үлкен көлемін жасайды. Сондықтан осы деректерді өңдеуге, сақтауға және беруге қабілетті ыңғайлы жүйелік архитектура қажет [2].

Қазіргі уақытта бұл мақсаттар үшін бұлттық қызметтер қолданылады. Дегенмен, барған сайын танымал тұмандық есептеулер парадигмасы IoT инфрақұрылымын масштабтау және оңтайландыру арқылы бұлттық шешімдерді толықтыра алады.

Бұлттар көптеген IoT сұрауларын жабуға қабілетті. Мысалы, қызметтер мониторингін қамтамасыз ету, құрылғылармен жасалған деректердің кез келген көлемін жылдам өңдеу, сондай-ақ олардың визуализациясы. Тұманды есептеу нақты уақыттағы мәселелерді шешуде тиімдірек. Олар сұрауларға жылдам жауап береді және деректерді өңдеудегі ең аз кідірісті қамтамасыз етеді. Яғни, Тұман «бұлттарды» толықтырады, мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Дегенмен, басты мәселе басқаша: мұның бәрі IoT контекстінде қалай әрекеттесуі керек? Бірыңғай IoT-Fog-Cloud жүйесінде жұмыс істегенде қандай байланыс протоколдары ең тиімді болады?

HTTP басымдылығына қарамастан, IoT, Fog және Cloud жүйелерінде көптеген басқа шешімдер қолданылады. Себебі IoT әртүрлі құрылғы сенсорларының функционалдығын қауіпсіздік, өзара әрекеттесу және басқа пайдаланушы талаптарымен біріктіруі керек.



Сурет 1. IoT Cloud жүесінің сұлбасы

Arduino IoT Cloud-қа тіркелу.

Бұл жоба үшін біз Arduino Cloud Free жоспарын қолдандық. Arduino IoT Cloud тіркелгісін жасау үшін төмендегі сілтемені басамыз https://store.arduino.cc/digital/create [3].

Одан кейін «create one» түймесін басамыз. Туған күніңізді енгізіп, «Next» түймесін басамыз. Электрондық пошта мекенжайыңызды, пайдаланушы атыңызды енгізіп, құпия сөзді орнатамыз. Содан кейін біз «Sign Up» түймесін басамыз.

Arduino IoT бұлтына ESP32 құрылғысын қосу бұл біздің келесі қадамымыз.

Құрылғыны таңдау түймесін басыңыз. « Set up a third Party device « опциясын, содан кейін ESP32 ретінде құрылғы түрін және DOIT ESP32 DEVKIT V1 ретінде құрылғы үлгісін таңдаймыз.

Осы қадамдардан кейін пайдаланушы кодта қажет болатын құрылғы идентификаторы мен құпия кілтті алады. «Жалғастыру» түймесін басып, қосылған құрылғыны табыңыз.

IoT құрылғылары аз кідірісті қажет ететін тапсырмаларды шешу үшін деректерді жылдамырақ серверлерге және есептеу құрылғыларына жібереді. Бір жүйеде бұлттар үлкен көлемдегі есептеу ресурстарын немесе сақтау кеңістігін қажет ететін мәселелерді шешуге жауап береді.

IoT платформасының архитектурасы аз күш жұмсай отырып, әртүрлі есептегіштерден деректердің орталықтандырылған жинағын жасауға мүмкіндік береді:

– стандартты байланыс протоколдарын (modbus, meter-bus, dlms/cosem, opc, snmp және т.б.) қолданатын есептегіштерге толық қолдау көрсету.

– басқа есептегіштерді аппараттық протокол түрлендіргіштері (агенттер) немесе пайдаланушы драйверлері арқылы қосуға болады

– есептегіш көрсеткіштерін сервер дерекқорында оңай сақтауға болады

– есептегіш көрсеткіштерін және реттелетін сақтау тарихын жинаудың икемді ережелері

– кірістірілген дабылдар, есептер, графиктер мен диаграммалар, сондай-ақ деректерді талдау модульдері

– толық шыңды талдау

– аналитикалық жүйелермен біріктіруге және клиенттер мен қызмет жеткізушілеріне ақпарат беруге арналған ашық бастапқы арі.

Смарт есептегіштен көрсеткіштерді оқу және олардың берілуі мыналарды пайдаланатын сымсыз контроллерлер арқылы жүзеге асырылады:

GPRS. SIM картасы контроллерге орналастырылған. Сымның көмегімен ол есептегішке қосылады, ал көрсеткіштер ұялы байланыс арқылы басқарушы компанияға немесе тікелей коммуналдық провайдерге беріледі.

LPWAN. Бұл бірдей ұялы байланыс, бірақ GPRS-пен салыстырғанда аз қуат тұтынатын смарт есептегіштер мен сенсорлар үшін пайдаланылады. Ол

үшін шағын көлемдегі ақпаратты төмен жылдамдықпен қабылдап, жіберетін арнайы мұнара орнатылған.

WI-FI. Контроллер сым арқылы су есептегішіне қосылған және WI-FI арқылы Интернетке кіреді. Қуатты тұтыну өте төмен болғандықтан, бұл контроллер батареяларда сәтті жұмыс істейді.

YF-S201 су ағынының сенсоры арқылы ағып жатқанда, демпфер дөңгелегі судың күшімен айналады, нәтижесінде оған бекітілген магнит те айналады. Нәтижесінде Холл сенсорының жанындағы магнит өрісі қақпақ дөңгелегі айналу кезінде полярлығын өзгертеді және сенсордың шығыс сигналы (шығыс контактісінде сары сым) импульсті болады.

Су ағыны сенсорының шығысындағы импульстардың санын бақылау арқылы сенсор арқылы өтетін судың мөлшерін және нәтижесінде су ағынының жылдамдығын оңай есептеуге болады.



Сурет 2. Arduino HC-06 module.

Келесі сұлба бойынша микроконтроллерге ағын датчиктерін қосамыз



Сурет 3. Датчикті микроконтроллерге қосудың жалпы сұлбасы.

Қортындылай келе, ақылды суды есепке алу құрылғыларын орнату тұтынушыға уақыт пен қаржылық шығындарды үнемдеуге айтарлықтай жеңілдіктер береді.

Мұндай су есептегіштері сумен жабдықтау желісіндегі құбырлардың ақауымен байланысты төтенше жағдайлардың даму қаупін болдырмайды.

Суды тұтынуды уақтылы бақылаудың болуы күтілетін пайдаланылған коммуналдық ресурстарды және олар үшін төлемнің болжалды көлемін әрқашан бақылап отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Бирюков Б.В., Данилов М.А., Кивилис С.С., Точные измерения расхода жидкостей. – М.: Машиностроение, 1977. – 144 с.

2 https://habr.com/ru/company/cloud4y/blog/467711/ (11.04.2022).

3 https://login.arduino.cc/login.

4 Фрайден Дж. Современные датчики. Справочник. – Москва: Техносфера, 2005. – 592 с.

5 Монахов В.И. Измерение расхода и количества жидкости, газа и пара. – М.: Госэнергоиздат, 1962.– 128 с.

ҒТАМР 55.30.01

«РОБОТОТЕХНИКАДАҒЫ МОДЕЛЬДЕУ НЕГІЗДЕРІ» КУРСЫН ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ВИРТУАЛДЫ МОДЕЛЬДЕУІ МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ

Л.М. Кыдыралина
PhD-доктор, қауымд.проф.м.а., Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.
Б.Н. Орынбаев
Мұғалім, магистр, Назарбаяев Зияткерлік мектебі, Семей қ.
Е.Б. Құлжабаев
Магистрант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.

Мақалада қашықтықтан оқыту кезіндегі орта білім беретін мектептердегі робототехниканың жағдайы мен болған қиындықтар қарастырылады. Осы қиындықтарды шешуде «Робототехникадағы модельдеу негіздері» курсын енгізу арқылы оқушылардың виртуалды модельдеуі мен техникалық ойлауын дамытуды қарастырады. Осы бағытта зетртеу жұмыстары жасалып, қашықтан оқыту кезінде қолдануға қазақ тіліндегі таптырмайтын әдістемелік құрал дайындалғаны туралы жазылады.

Түйін сөздер: қашықтықтан оқыту, робототехника, виртуалды модельдеу, виртуалды әлем, техникалық ойлау.

Соңғы екі жылда карантин және онлайн оқытудың әсерінен оқу үдерісі біршама сынақтардан өтті. Осы арада білім саласындағы әлсіз тұстары байқалып, екі жылдың ішінде біршама реттеліп қалды. Бастапқыда онлайн оқыту кезінде интернет және ақпараттық құралдардың жетпіспеуінен қиындықтар болғаны рас. Кейіннен олқылықтар біртіндеп жойылып, мектеп оқушыларын әр пәннен сапалы ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету алдыға шықты. Бұл жерде жалпы оқу үдерісінің жағдайы айтылғанымен сол аралыққа дейін оқу үдерісіне жаңа бағыт болып еніп үлгерген робототехниканың жағдайы өте қиын болды.Осы арада робототехниканың онлайн немесе қашықтықтан оқыту барысындағы бүгіні мен ертеңі айтылмақ.

Қазіргі кезде қауіптің беті сейіліп, оқушылардың офлайн оқуға көшуі робототехниканың тұралап қалмауына және робототехникадан әртүрлі олимпиадалардың офлайн өткізіліп жатуы қуантады.

Еліміздегі жалпы орта білім беретін мектептер мемлекет тарапынан роботпен қамтылған. Бірақ, мектептегі роботтар саны шектеулі. Қашықтықтан оқыту кезінде робототардың шектеулі болғандығынан оны балаларға таратып беру, роботтың өзімен шынайы практикалық жұмыстар жасау мүмкін болмады. Оқушылардың роботпен тікелей жұмыс жасай алмағандығы және қашықтықтан роботты қазақ тілінде виртуалды оқыту ресурстарының жеткіліксіз болуы осы салада кенже қалуға әкеліп отыр. Мұндай қашықтықтан оқыту екі жылға сосылғанын ескерсек, бұл салада шығып жатқан жаңалықтардан кеш қалып жатқанымыз шындық.

Осы жағдайларды ескеріп, «Робототехникадағы модельдеу негіздері» курсын енгізу арқылы оқушылардың виртуалды модельдеуі мен техникалық ойлауын дамытуды өзекті деп тауып, осы бағытта зерттеу жұмыстарын жасадық. Курстың өзектілігі виртуалды модельдеу ортасында робот құрастырып, құрастырылған роботты виртуальды әлемде бағдарлама жазу арқылы, әртүрлі конкурс немесе олимпиадаларға қашықтан дайындауға мүмкіндік беруінде болып отыр. Қазіргі кезде мектептер әр оқушыға жеке робот бөліп бере алатындай жағдайда емес. Осы жағдайдан шығаратын бірден-бір жақсы амал осы аталған курс болып табылады. Бұл курс виртуалды модельдеу арқылы оқушылардың техникалық ойлауын дамытуды қарастырады.

Робототехникада виртуалды модельдеу мен техникалық ойлауды дамыту мәселесі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты. «Техникалық ойлау» терминін П.К. Энгельмейер «Техника философиясы» жұмысында енгізіп, «техникалық ойлау деген ойлаудың ерекше түрі» – деп айтылады.

Техникалық ойлауды зерттеген қазіргі заманның философ-ғалымы М. Л. Шубас оны «табиғат пен қоғамды нақты тарихи жағдайларда тану және қайта құру мақсатында техникалық құралдар мен технологиялық процестерді әзірлеуге, жасауға және қолдануға бағытталған логикалық шындықтың бір түрі ретінде» анықтайды.

Қазіргі робототехниканың бастауында Айзек Азимов, Норберт Винер, Марвин Минск, Клод Шеннон, Аллен Ньюэлл, Герберт Саймон, Алан Тюринг және т.б. дарынды адамдар тұрғаны белгілі.

Ал Қазақстандағы робототехниканың дамуына үлес қосқан жас ғалымдардың бірі профессор Азамат Ешмухаметов айтуға болады. Ол өз еңбектерінде робототехниканы тек механика, тек бағдарламалау және тек электроника деп қарастырмайды. Оның барлығы біртұтас үйлесімдегі жұмыс екені жазылады.

Аталған курсты дайындау барысында, қазіргі кездегі роботтарды виртуалды оқыту орталарына зерттеу жұмысы жасалды. Санкт-Петербург қаласыцифрлық технологиялар академиясының әдіскері Валентина Любимованың «Виртуалды робототехника шынайы өмірде: бағдарламалардың үлкен таңдауы» атты мақаласында виртуалды орталарға жақсы талдау жасайды. Осы сияқты сараптамаларға және қазірде бар, жұмыс жасап тұрған виртуалды модельдеу ортасы мен роботты сынақтан өткізу виртуалды әлемдеріне зерттеу

жасалды. Осы зерттеудің нәтижесінде қазіргі Қазақстандық мектептерде бар білім беру роботтарын ескере отырып, келесі модельдеу ортасы мен виртуалды әлем таңдалып алынды: LEGO Digital Designer виртуалды модельдеу ортасы мен Virtual Robotics Toolkit роботты виртуалды сынақтан өткізу виртуалды әлемі таңдалып алынды.

LEGO Digital Designer виртуалды модельдеу ортасы оқушыларды роботқа немесе роботтың бөлшектеріне шектеу қоймайды(Сурет 1 – LEGO Digital Designer виртуалды модельдеу ортасы). Бұл өз кезегінде оқушылардың еркін шығармашылықпен айналысуына мүмкін береді. Сонымен қатар, оқушылар роботты виртуалды модельдеу ортасында құрастырады. Құрастыру үш өлшемді ортада жүргізіледі. Үш өлшемді ортадағы жұмыс оқушылардың кеңістікте ойлауын және техникалық ойлауын қалыптастырып қана қоймай оны дамытады.



Сурет 1. LEGO Digital Designer виртуалды модельдеу ортасы.

Virtual Robotics Toolkit роботты сынақтан өткізу виртуалды әлемі лега роботтарын үйретуге таптырмас құрал(Сурет 2 – Virtual Robotics Toolkit виртуалды әлемі). Бұл ортаның ерекшеліктері: қазіргі қазақстанда өткізіліп жүрген WRO және FIRST Legaсияқты олимпиадаларының дайын полялары орналасқан арнайы алаңдарының болуы, құрастырылған роботты әртүрлі олимпиадағавиртуалды дайындау, құрастырылған роботқа осы әлемде бағдарлама жазып, оны осы әлемде сынақтан өткізу.



Сурет 2. Virtual Robotics Toolkit виртуалды әлемі.

Осы роботты жүргізіп, сынақтан өткізуге осы ортаға қосылған бағдарламалау жасалады. Оны 3-ші суреттен көре аласыз.



Сурет 3. Lego Mindstorms бағдарламалау ортасы.

«Робототехникадағы модельдеу негіздері» курсын 3 кезеңге бөліп оқыту жоспарланған: роботты виртуалды модельдеу ортасында құрастыруға үйрету, құрастырылған роботты виртуалды әлемде бағдарламалауға үйрену және арнайы олимпиадаға дайындалу.

Курс бағдарламасы дайындалып, қазақ тіліндегі әдістемелік нұсқа баспаға шығаруға дайындалу үстінде. Осы курс арқылы робототехникаға қызығатын оқушылардың саны артады деп үміттенеміз. Оқушылар роботпен физикалық жұмыс істеуге дайын келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Энгельмейер П.К. Философия техники. – М., 1912. – 96 б.

2 Gulbanu B., Taizo M., Yeshmukhametov A., Yutaro M.:An Autonomous Emergency Warning System based on Cloud Servers and SNS, Procedia Computer Science. Published in: Volume60C, 2015. – P.722-729.

3 Валентина Любимова, «Виртуалды робототехника шынайы өмірде: бағдарламалардың үлкен таңдауы» мақаласы, Санкт-Петербург, 2020 (http://edurobots.ru/2020/05/virtual-toolkits/).

4 Кайснер Э., Раффо Д, Вунш-Винсент С. Робототехника: прорывные технологии, инновации, интеллектуальная собственность, Журнал Национального исследовательского университета «Высшая школа экономики», 2016. Т. 10. № 2. – С. 7-27.

5 Хасбулатов Р.И., Цифровизация, роботы, искусственный интеллект (ИИ) и современность: теоретико-методологический аспект, Цифровая экономика 4, № 3(11), 2020.

ҒТАМР 20.01.45

МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ЗАМАНАУИ МОБИЛЬДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІНЕ ШОЛУ

А. Муканова
Студент, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
А. Есейқызы
Оқытушы-ассистент, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Мақалада заманауи мобильдік технологиялар негізінде білім беру ортасын құру кеңістігі оқу процесіне алып келетін жаңа мүмкіндіктерін қарастырады. Сонымен қатар, мобильдік технологияның оқу процесіне әсер ететін жоғары экономикалық тиімділігі мен икемділігінің үйлесімі, ақпараттық ресурстарды кеңінен пайдалану, оқытудың дәстүрлі нысандарының мүмкіндіктерін едәуір кеңейту, сондай-ақ оқытудың жаңа тиімді нысандарын құру мүмкіндігі сипатталады.

Түйін сөздер: мобильді технология, білім беру, қашықтықтан оқыту, мобильді құрылғы, оқу платформасы.

Бүгінгі таңда мобильді технологиялар жер бетінде кең тарап және қарқынды дамып келе жатқан ауқымды сала болып табылады. 2021 жылдың өзінде бүкіл әлем бойынша ұялы телефондарды қолданатын адамдардың жалпы саны 6,378 миллиардты құраған, бұл жер бетіндегі адамдар санының 81,1% болып табылады [1]. Әлемдегі жаппай жаһандану, ақпараттандыру және цифрландыру процессі білім беру жүйесіне ықпал ете отырып, заманға сай қалыптастыру, мобильді технологияларды қолдану дамыту және жетілдіру қажеттілігі арта түсті.

2020 жылы COVID-19 пандемиясы салдарынан Қазақстан Республикасының да білім беру жүйесі толығымен қашықтықтан оқыту форматына көшуі кезінде – мобильді технологияларды қолдану арқылы оқу процесінің үзіліссіз жүруінің бірден-бір шешімі болды. Қашықтықтан оқыту жүйелерінің дамуының негізгі бағыты мобильді технология: ұялы телефондарды, смартфондарды және дербес қалта компьютерін пайдалана отырып, мобильді оқыту – Mobile learning немесе M-Learning болды [2,3].

Қазақстанның M-Learning саласындағы сәтті жұмыс атқарып келе жатқан платформа – BilimLand **(**OnlineMektep**)** онлайн-платформасы. BilimLand оқу

платформасы пандемияға байланысты карантин кезінде, барлық мектептерде 2020 жылдың 23 наурызынан бастап іске қосылды.

BilimLand (OnlineMektep) онлайн-платформа жобасын әзірлеуге 160 мұғалім, 40 әдіскер және компанияның 100-ден астам қызметкері қатысты, нәтижесінде жоба аясында 42 пән бойынша 3000 астам бейне сабақтар, 20 000 жуық жаттығулар мен тапсырмалар, бағалау тапсырмалары жүктелді. Сондай–ақ, мобильді құрылғылары жоқ немесе мобильді желілер қызметімен қамтылмаған тұрғылықты жерлерде тұратын оқушылар үшін, еліміздің «Балапан» телеарнасынан қазақ тілінде және «Ел арна» телеарнасында орыс тілінде бейнесабақтар оқу бағдарламасына сәйкес трансляцияланып отырды [4].

Сабақ кезінде мұғалім BilimLand платформасын көмекші элемент ретінде пайдаланды. Bilim Land сайтында видеофильмдер, тренажерлер, сабақта қолдануға арналған тест тапсырмалары бар. Сонымен қатар, Bilim Land балалардың білімін тексеру үшін тоқсандық жиынтық бағалау, бөлімдік жиынтық бағалау тапсырмаларын жүктеп бағалауды онлайн түрде өткізу мүмкіндігі бар әмбебап ресурс болды.

Оқыту барысында заманауи мобильді технологияларды пайдаланудың тағы бір тәжірибесі ретінде Zoom платформасы – нақты уақыт режимінде бейнеконференциялық байланыс қызметі қолданылды. ZOOM платформасы – онлайн режимде білім алушылармен және олардың ата-аналарымен тікелей эфирде байланысу, сондай-ақ педагогикалық жиналыстар өткізу үшін, қашықтықтан оқу кезеңінде тек Қазақстан мектептерінде аған емес, сонымен қатар, шетелдерде де кеңінен қолданылды [5].

Республикамыздың көптеген мектептерінде қашықтықтан білім беру кезінде ассинхронды оқытудың әдісі ретінде Whatsapp мессенджері кеңінен қолданылды. Көптеген оқушылар үшін бұл тәсіл ыңғайлы, әрі қолжетімді болды. Whatsapp арқылы мұғалімдер барлық қажетті оқу материалдарын, сабақ кестесін, сілтемелер мен хабарламалар жіберіп отырды. Оқушылар өз кезегінде үй тапсырмасын орындап: аудио, видео, фото және файл түрінде жолдап отырды.

Google Classroom платформасы сабақ кезінде уақытты үнемдеу, сабақты оңай және тез ұйымдастыру, оқушылармен тиімді қарым-қатынас жасау үшін Google Apps-ті қолданатын мұғалімдермен бірлесіп әзірленген. Google Classroom-де мұғалімдер тапсырмаларын электронды түрде жасап, тексере алады. Тапсырмалар мен жұмыстар дискідегі бумалар мен құжаттардың құрылымына автоматты түрде жүйеленіп сақталады. Оқушылардың орындалған үй тапсырмалары туралы ақпарат мұғалімнің парақшасында белгіленеді, оның барлық жұмыстарды тексеріп, бағалап, пікірлерін қалдыру мүмкіндігі қарастырылған [6].

Quizlet оқу платформасы смартфондарға арналған, оқу ойындарын құруға мүмкіндік беретін, тегін мобильді қосымшалардың бірі. Мобильді қосымшаның артықшылығы оқу процесін визуализациялау үшін көрнекі, мәтіндік және дыбыстық тіректерді қолдана отырып, кез келген тақырып бойынша

карточкалар жасауға болады. Quizlet мобильді қосымшасы тек Қазақстанда ғана емес өзге 130 мемлекетте белсенді түрде қолданылады [7].

Жоғарыда атап айтқан оқу платформаларымен қатар білім беру процесінде Padlet виртуалды тақтасының дидактикалық мүмкіндіктері де мектеп қабырғаларында қолданылады. Padlet – мәтіндік хабарламалар, фотосуреттер, сілтемелер арқылы пайдаланушылармен байланысуға мүмкіндік беретін веб-сайт болып табылады. Виртуалды Padlet тақтасын мұғалімдер оқушылардың шығармашылық дағдыларын, идеясын қолдау үшін пайдаланады [8].

Nearpod қосымшасы – мұғалімдерге арналған ағылшын тіліндегі мобильді оқу құралы. Бұл сабақ барысында презентациялар жасауға және оқушылармен бөлісуге мүмкіндік береді. Мұғалім презентация кодын электрондық пошта немесе әлеуметтік желілер арқылы жібереді, ал балалар ұялы телефондарынан қосылып көре алады. Мұғалім слайдтарды онлайн режимде айналдырып, сабақтың желісін өз бетінше жүргізеді, балаларды шығармашылық және тест тапсырмаларын орындауға тартады. Осылайша мұғалім оқушылардың жұмыстарын бағалай сапасын бақылай алады.

Жоғарыда айтылып өткен онлайн кездесу платформаларымен қатар қазақстандық мектептерде: Skype, Microsoft Teams, Youtube, Google Meet сияқты бейне конфереционялық мобильді құралдар қолданылды. Сонымен қатар, оқу материалдарын жеткізу, меңгеру үшін: Prezi, Slideshare, Pear Deck, Screencast-O-Matic платформаларымен мұғалімдер жұмыс істеді.

Оқушылардың білімін бағалау үшін мынадай мобильді қосымшалар қолданылды: Learning Apps, Mentimeter, Kahoot, Quizizz.

Финляндия қашықтықтан оқытуға бейімделуді жақсы меңгерген елдердің қатарында болды. Финляндия мұғалімдері, оқушылары мен ата-аналар арасында ресми байланыс Wilma платформасының негізінде күнтізбемен, поштамен, күнделікпен және хабарландыру тақтасымен ұйымдастырылды. Бұл мүмкіндіктердің барлығы балаларға смартфон, ноутбук арқылы да қол жетімді болды.

Бұл мобильді құрал: күнтізбе, пошта, күнделік және хабарландыру тақтасының қоспасы болып табылады. Икемді және ыңғайлы жүйе, оның әр пайдаланушысы өзіне қажет заттарға қол жеткізе алады. Мұнда оқушылардың ата-аналары Wilma-да балалары жайлы мұғалімдердің пікірлерін, бағасын көре алады және кері байланыс бере алады. Балалар Wilma арқылы тапсырмалар орындап, бағалар алады, ал мұғалімдер оқу бойынша үй тапсырмасы мен ұсыныстар жазады [9].

Франция мемлекеті CNED қашықтықтан білім беру жүйесін қолданды. Мектептер жабылған сәттен CNED платформасының негізінде оқушыларды оқытуға арналған «Ma classe à la maison» платформасы іске қосылды. «Ma classe à la maison» виртуалды сынып – бұл бейнеконференцияға арналған синхронды құрал, ол мұғалімдердің немесе оқушылардың сабақ барысында жүздесуге, пікір алмасуға, сөйлесуге және жұмыс істеуге арналған. Платформа құжаттарды экран бетінде көрсетуге, бөлісуге, сауалнама жариялауға немесе

интерактивті тақтада жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мобильдік жүйе семинарлар, топтық жұмыстар үшін бөлмелер ашуға мүмкіндік береді. Қатысушыларды бір бөлмеден екінші бөлмеге ауыстыруға, сондай-ақ бейнеконференция кезінде олардың әрекеттерін модератор арқылы басқаруға мүмкіндік береді [10].

Қытай мемлекетінде қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін бірнеше ірі компаниялар, соның ішінде Alibaba, Baidu және Huawei қатысты. Олар мектептер үшін орталықтандырылған бірнеше жүйе ұсынды. Оның бірі, E-schoolbag (электрондық мектеп портфелі) – бұл Қытайдағы электронды және мобильді оқыту платформасы. Қытай мектептерінде қолданылған E-schoolbag платформасының алғашқы идеясы оқушының мектеп сөмкесін электронды оқыту және мобильді оқыту шешімдерімен алмастыру болды [11].

E-Schoolbag эксклюзивті дизайнды бағдарламалық жасақтама және білім беру ресурстарының жүйесі оқушыларға арнайы жасалған мобильді құрылғыларында орнатылады. Бұл оқу жүйесі iPad, iPhone немесе Kindle сияқты мобильді құрылғыларға ұқсатып жасалған планшет болып табылады. Қытайдың барлық провинциялары мен қалаларынының мектептерінде E-Schoolbag оқу жобасы жүзеге асырылды [12].

Пандемия кезеңінде АҚШ-та 30 мың мектеп жабылып, 20 миллион оқушы үйде қалды. Америка мұғалімдері мобильді платформалар мен форматтардың кең спектрін қолданды. Flipgrid платформасы арқылы бейне хабарламалармен алмасу және YouTube-те сабақ жариялау, Blackboard Learn және Google Classroom мамандандырылған қызметтері арқылы сабақ өткізді. HP компаниясы Time for Kids, Britannica компаниясы NASA-мен бірлесіп Turn to Learn бағдарламасын іске қосты, оның аясында білім беру мазмұны баспа түрінде таратылды.

Ресей мемлекеті де қашықтықтан оқу кезеңінде негізгі мектеп бағдарламасын оқыту құралы ретінде белсенді түрде енгізе бастады. «Ресей электрондық мектебі», «Мәскеу электрондық мектебі», «Яндекс» мұғалімдерге арналған платформалар жұмыс істеді. Көптеген IT-компаниялар ресейлік мектеп оқушылары үшін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға үлкен үлестерін қосты. Мысалы, «Наука.ru», Foxford және GeekBrains өз өнімдерін мектептердің қажеттіліктеріне бейімдеп, оқу орындарына тегін кіруге мүмкіндік берді. «Яндекс» оқушылар мен мұғалімдерге арналған құралдармен толыққанды онлайн-мектеп құрып, оқушылар үшін үйреншікті оқу процесін сақтауға мүмкіндік берді [13].

Жоғарыдағыны қортындылай келесек, M-Learning мобильді оқыту технологиясы жаңа заман талабына сай оқыту құралы екендігіне көзіміз жетті. Қазақстан мектептерінің педагогтері мобильді технологияларды қолдана отырып білім беру үрдісі әлі де даму үстінде. Соңғы екі жылғы тәжірибе көрсеткендей, мобильді технологияларды сабақ кезінде қолдану, оқушылардың оқу бағдарламаны меңгеруімен қатар, ақпараттық коммуникациялық, мобильді технология құзіреттілігі мен дағдылары дамитындығы көрініп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Statista Inc. «Number of smartphone subscriptions worldwide from 2016 to 2027» https://www.statista.com/statistics/330695/ -smartphone-users-worldwide.

2 Маматов А.В. Использование технологии сотовой связи и мобильных устройств в дистанционном обучении. Белгородский государственный университет, Центр дистанционного обучения, Россия.

3 Вахабова Г.И. Перспективы развития дистационного обучения в Казахстане Костанайский строительный колледж, г. Костанай.

4 Оқушыларға арналған білім беру платформасы Bilim Media Group (BMG) https://bilimland.kz/kk.

5 Евсеева И.И. Из опыта работы на платформе zoom (онлайн-уроки) // Новые импульсы развития: вопросы научных исследований. 2021. №4. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/iz-opyta-raboty-na-platforme-zoom-onlayn-uroki.

6 Компания Google https://edu.google.com/products/classroom/.

7 «Free Quizlet Teacher to support remote learning» News and teachers · Posted by Matthew Glotzbach on March 19, 2020 https://quizlet.com/blog/free-quizlet-teacher-to-support-remote-learning.

8 Фрик О.В. О дидактических возможностях использования виртуальной доски Padlet в образовательном процессе вуза // Вестник СИБИТа. 2020. №1 (33). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/o-didakticheskih-vozmozhnostyah-virtualnoy-doski-padlet-v-obrazovatelnom-protsesse-vuza.

9 На дистант без потерь: опыт Финляндии автор Петровская В. Martela EdDesign – онлайн-ресурс про образовательную среду. URL: http://eddesignaward.com/na-distant-bez-poter-opyt-finljandii.

10 Зенков А.Р. Образование в условиях пандемии: возможности и ограничения цифрового обучения // Анализ и прогноз. Журнал ИМЭМО РАН. 2020. №3. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/obrazovanie-v-usloviyah-pandemii-vozmozhnosti-i-ogranicheniya-tsifrovogo-obucheniya.

11 Online Education Platforms In China You Should Pay Attention To In China, Chinese digital marketing URL: https://www.digitalcrew.agency/5-online-education-platforms-in-china-you-should-pay-attention-to-in-china.

12 Ren, Xiang. (2017). Electronic Schoolbag and Mobile Learning in China: Design Principles and Educational Innovations. 10.1007/978-981-10-4944-6_4.

13 Коровникова Н.А. Образовательное пространство в условиях пандемии covid-19 // ЭСПР. 2021. №2 (46). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/obrazovatelnoe-prostranstvo-v-usloviyah-pandemii-covid-19.

ГРНТИ 20.15.05

МЕТОДИКА ОЦЕНКИ ТОНАЛЬНОСТИ МАТЕРИАЛОВ

А.Б. Насруллаева
Магистр, Астана Халықаралық университеті, г. Нур-Султан

Обширное распространение Интернета, который содержит особые ресурсы для публикации мнений привело к появлению в 2000-х гг. новой области исследовательских работ в компьютерной лингвистике, которое получила название анализ тональности.

Ключевые слова: Тональность, выражение чувств, нейтрал, позитив, негатив.

В рамках информационно-аналитического обеспечения вопросов проведения государственной информационной политики, оценка тональности производится с точки зрения возможного влияния публикации на имидж государства. Оценка осуществляется в контексте определенного события или явления.

Тональность оценивается по стандартной шкале «негативная – нейтральная – позитивная».

При оценке тональности во внимание принимается следующее:

– Информационный повод (события, заявления известных личностей, публикация результатов исследований);

– Заголовок, текст публикации / речь диктора;

– Оформление (иллюстрации, выноски).



Рисунок 1. Модуль анализа тональности.

Материалы позитивного характера:

В материалах позитивного характера преимущественно преобладает информация о положительных результатах работы государства, оперативное решение государством критических вопросов республиканского и регионального масштабов.

Вместе с тем материал приобретает положительный характер, если государственную точку зрения поддерживает авторитетные отечественные и зарубежные эксперты.

Кроме того, сообщения об успешной реализации поручений Президента, социально-экономическом развитии за счет реализации государственных программ и улучшении качества жизни населения в целом оцениваются в положительном ключе.

Материалы нейтрального характера:

К материалам нейтральной тональности, прежде всего относятся сообщения информационного характера (официальные мероприятия: встречи, брифинги, отчеты ведомств, коллегии).

В основном в нейтральных материалах содержатся: разъяснения по отдельным нормам законов, кодексов, планов, гос.программ; статистические данные об итогах работ ведомств.

Если представленные экспертные мнения сбалансированы или не отличаются резкостью, тональность будет определена, как нейтральная.

Материалы негативного характера:

В материалах негативного характера присутствует критика некомпетентности государства в решении некоторых задач (обвинение

государства в допущении к госаппарату непрофессионалов, не эффективная реализация программ).

Если заголовок статьи носит провокационный характер и выражает критику по отношению к государству, то материал оценивается в негативную сторону. Это может быть вольная интерпретация действия государства, негативный прогноз и т.д.

К примеру, если деятельность государства в глазах общества выглядит не достойным доверия, что в итоге привело к протестным акциям (митинги, сборы подписей, открытые письма), то тональность материала – негативная.

Кроме того, если материал содержит в себе публикации рейтингов, представляющих Казахстан в невыгодном свете, либо оценка ситуации представлена критически настроенными лицами, в таком случае он оценивается негативно.

Если в материале используются иллюстрации – коллажи, фотографии, диаграммы, карикатуры в ироничной или негативной форме отражающие деятельность государства, то они дают основание для оценки тональности материала как негативную.

Таблица 1. Русскоязычные датасеты для анализа тональности.

Датасет	Описание	Аннотирование	Классы
RuReviews	Набор с примерами настроений из обзоров товаров категории «Женская одежда и аксессуары» в крупном российском интернет-магазине.	Автоматическое	3
RuSentiment	Открытый набор с примерами настроений из публикаций в соцсети ВКонтакте.	Ручное	5
Russian Hotel Reviews Dataset	Аспектный набор с примерами настроений из 50 329 русскоязычных обзоров отелей.	Автоматическое	5
RuSentRel	Набор с аналитическими статьями с сайта ИноСМИ, в которых представлено авторское мнение об освещаемой теме и многочисленные ссылки, упоминаемые участниками описанных ситуаций.	Ручное	2
LINIS Crowd	Открытый набор с примерами настроений, собранный из социальных и политических статей на сайтах различных СМИ.	Ручное	5
Twitter Sentiment for 15 European Languages	Набор с примерами настроений, содержащий больше 1,6 млн Twitter-сообщений (их ID) на 15 языках, в том числе русском.	Ручное	3
SemEval-2016 Task 5: Russian	Открытый аспектный набор с примерами настроений, содержащий тексты, относящиеся к ресторанному бизнесу. Основан на SentiRuEval-2015.	Ручное	3

SentiRuEval-2016	Открытый аспектный набор с примерами настроений, содержащий результаты анализа тональности русскоязычных Twitter-сообщений о телекоммуникационных компаниях и банках.	Ручное	3
SentiRuEval-2015	Открытый аспектный набор с примерами настроений, содержащий результаты анализа пользовательских обзоров ресторанов и автомобилей.	Ручное	4
RuTweetCorp	Крупнейший, автоматически аннотируемый, открытый корпус текстов с небольшим ручным фильтрованием. Собран автоматически из русскоязычного Twitter с помощью стратегии.	Автоматическое	3
Kaggle Russian News Dataset	Открытый набор с примерами настроений из российских новостей.	Не указано	3
Kaggle Sentiment Analysis Dataset	Набор с примерами настроений из российских новостей.	Не указано	3
Kaggle IS161AIDAY	Набор с примерами настроений, опубликованный Alem Research.	Не указано	3
Kaggle Russian_twitter_sentiment	Набор с примерами настроений из русскоязычных Twitter-сообщений.	Не указано	2

Трудность изучения тональности определяется последующими основаниями:

– выражение чувств очень зависит от контекста и предметной области;

– в одном и том же фрагменте текста может идти речь о нескольких объектах, так что трудно найти, по отношению к какому из объектов выражено мнение;

– не постоянно чувственно окрашенные слова выражают подобающую тональность всего текста;

– наличие драматичности и сарказма, которые могут инвертировать тональность.

Заключение. Техсредства изменяют структуру текста, могут приводить к искажению его начального значения. Так, который был отобран для изучения текстовый фрагмент, помещенный в ПО, претерпевает значительные изменения. Автор повествования сменяется создателем обработки и изучения. В поле исследователя остаются в большей степени образованные коды, к которым обращены части текста.

Литература

1 Блинов П.Д. Метод, алгоритмы и программная система аспектно–эмоционального анализа текстов: дис.. канд. тех. наук: 05.12.17; МГУП им. Ивана Федорова. – М.: МГУП, 2016. – 141 с.

2 Иванов В.В. Извлечение аспектов, тональности и категорий аспектов на основании отзывов пользователей о ресторанах и автомобилях / Иванов В.В., Тутубалина Е.В., Мингазов Н.Р., Алимова И.С. Компьютерная лингвистика и интеллектуальные технологии: по материалам ежегодной Международной конференции «Диалог». – Москва: РГГУ, 2015. – С. 46-56.

3 Оценка методов автоматического анализа текста: синтаксические парсеры русского языка. Оценка методов автоматического анализа текстов. Режим доступа: http://ru-eval.ru/new/syntax/about, свободный.

4 Скатов Д.С. Синтаксический анализатор естественного языка DictaScope Syntax / Д.С. Скатов, В.В. Окатьев, Т.Е. Ратанова // Компьютерная лингвистика и интеллектуальные технологии: по материалам ежегодной Международной конференции «Диалог». – М: РГГУ, 2012. – С. 140-148.

5 Сметанин С.И. Программа для анализа тональности сообщений в социальных сетях / Сметанин С.И. // Сборник тезисов XXII Международной научной конференции студентов, аспирантов и молодых ученых «Ломоносов-2016» секция «Вычислительна математика и кибернтекика». – М: МАКС Пресс, апрель 2016. – С.86-87.

ҒТАМР 20.53.23

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ ШОЛУ

Л.М. Кыдыралина
PhD-доктор, қауымд.проф.м.а., Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.
А.О. Умбетова, К.С. Мұсабаева, Д.К. Закиева
Студенттер, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.

Мақалада электронды оқулық ұғымы туралы шолу жасалған. Шолудың мақсаты – электронды оқулық туралы баяндама, мақалаларды зерттеу арқылы әртүрлі авторлар пікірін саралау. Электронды оқулықтың жалпы анықтамасы, дәстүрлі баспа түрінен қаншалықты айрықша және қаншалықты пайдаға асатыны жайлы сөз қозғау. Сонымен қатар, электронды оқулыққа қойылатын талаптарды әр автордың көз қарасымен салыстыру арқылы нақты оқу барысында қажет болатын оқу ресурсының дұрыс нұсқасын іздеп көру. Электронды оқулықтың пайда болуы – ғалымдардың үлкен жетістіктерінің бірі және бұл оқу-тәрбие жұмыстарының жаңа жанры, яғни дәстүрлі оқулықтың орнын толықтай баспайтынын дәлелдеуге тырысамыз.

Түйін сөздер: электронды оқулық, дәстүрлі кітаптар, оқу ресурсы, иллюстрация, анимация, гиперсілтеме.

Білім беру мекемелерін компьютерлендіру қажеттілігі күн сайын артып келеді. Қазіргі білім беру ғылымының негізгі бағыттарының бірі – электронды оқулықтарды қолдану. «Электронды оқулық» термині педагогикалық әдебиетте жиі кездеседі. «Электронды оқулық» терминінің анықтамасына тоқтала кетсек, электрондық оқулық-жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде құрылған, стандарттың дидактикалық бірліктерімен және бағдарламамен анықталған мамандықтар мен бағыттардың білім беру стандарты пәніне толық сәйкес келетін, интерактивті кері байланыс жағдайында оқу процесінің дидактикалық циклінің үздіксіздігі мен толықтығын қамтамасыз ететін стандарт пен бағдарламаның дидактикалық бірліктерімен анықталып негізделген электрондық басылым [1]. Сондықтан қазіргі уақытта жоғары сапалы электронды білім беру өнімдерін құру мәселесі өте өзекті, бірақ мұғалімді әдістемелік қолдау және мұғалімнің осы өнімдерді оқу процесіне енгізуі де маңызды болып келеді.

Техника ғылымдарының кандитаты, Ресей Жаратылыстану Академиясының профессоры В.В. Сербиннің «Анимациялық және мультипликациялық жобалар мен интерактивті-мультимедиалық қосымшаларды құру технологиясы» атты мақаласында электоронды оқулықты былай сипаттаған: «Электронды оқулық – бұл оқу үшін теориялық материалды ұсынуға, апробацияны, тренажды және тәуелсіз шығармашылық жұмысты ұйымдастыруға, студенттер мен оқытушыға белгілі бір тақырыптағы білім деңгейін бағалауға, сондай-ақ қажетті анықтамалық ақпаратты қамтитын бағдарламалық құрал» [2].

Ал педагогика ғылымдарының кандидаты, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының корреспонденті М.Б. Мақамбаев «Оқу үрдісінде электронды оқулықты қолдану технологиясының ерекшеліктері» баяндамасында электронды оқулықтың толық оқу курсының немесе оның бөлімінің жүйелі мазмұнын қамтитын және де көрсетілген басылым түрінің мемлекеттік орган тағайындайтын ресми мәртебесіне ие екенін пайымдайды [3].

А.А. Жумабаева, З.Т. Рахматуллина «Электрондық оқулық – жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде құрылған, стандарттың дидактикалық бірліктерімен және бағдарламамен анықталған мамандықтар мен бағыттардың білім беру стандарты пәнінің құрамдас бөлігіне толық сәйкес келетін, интерактивті кері байланыс жағдайында оқу процесінің дидактикалық циклінің үздіксіздігі мен толықтығын қамтамасыз ететін негізгі білім беру электрондық басылымы» –,деп анықтама берген [1].

Кез келген электронды оқулық белгілі бір талаптарға сай стандартпен жасалатыны белгілі. Мұғалімнің электронды оқулығы – бұл күн сайын дамып келе жатқан ашық әдістемелік жүйе, оны әр мұғалім өзінің педагогикалық тәжірибесінің материалдарымен толықтыра отырып, одан әрі жетілдіре алады. Осыған байланысты А.Т. Сағадиевтің магистрлік диссертациясында электрондық оқулық құрылымына қойылатын талаптар:

– таңдалған курс бойынша ақпарат жақсы қалыптасқан және саны шектеулі жаңа ұғымдармен аяқталған курстың үзінділері түрінде болғаны жөн;

– күрделі модельдер мен құралдарды көрсететін иллюстрацияда тез пайда болатын түсініктемелер болуы керек, олар жеке элементтер (карталар, жоспарлар, схемалар) бойынша иллюстрацияның қозғалысына сәйкес пайда болуы және жойылуы керек;

– материалдың қарапайым мазмұнын түсінуді қиындататын бөлімдері анимация немесе бейнеақпарат түрінде ұсынылуы тиіс. Бұл жағдайда Пайдаланушыға дәстүрлі оқулықтармен салыстырғанда 5-6 есе аз уақыт жұмсалады. Адамға ол көрмеген кейбір нәрселерді (сарқырама, өрт және т.б.) түсіндіру өте қиын. Бейнеклиптер уақытты өзгертуге және тездетуге, демонстрацияны баяулатуға немесе фрагментті таңдау арқылы көрсетуге мүмкіндік береді– деп көрсетілген [4].

Электрондық оқулықтың ерекшелігі – жоғары ұтқырлығы пен икемділігі, себебі, онда көптеген иллюстрациялар мен мультимедиалық бейнелер салынады. Электрондық оқулық жыл сайын келіп түскен жаңалықтар арқылы

қажеттілігіне қарай толтырылып отырады. Сонымен қатар, электронды оқулық оқушыға тест сұрақтарын қоюға және жауаптың нақты бағасын алуға мүмкіндік береді. Қажет болған жағдайда оқушы мәтінге оралады, түсінбеген материалды қайта қарайды және тақырыптың соңында бақылау тестін немесе кестені толтыру арқылы берілген материалдарды меңгеру деңгейін бағалай алады.

Электрондық оқулықтың мазмұны оқушының зияткерлік ойлауын дамытуға және келесі қасиеттерді қанағаттандыруға бағытталуы керек, атап айтқанда, толықтығы, жүйелілігі, шеберлігі, жылдамдығы.

Электронды оқулықтың тиімді жақтары қашықтықтан оқыту және студенттерді өз бетінше оқыту қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беруі. Білім беру саласында әлі күнге дейін мұғалімнің немесе оқулықтың айтқанын ғана қолдану қазіргі талаптарға сәйкес келмейді. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электронды оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Осы қағиданы басшылыққа ала отырып, сабақтарда орта мектепте оқытылатын бағдарлама бойынша электронды оқулықты қолданады [3].

Электронды оқулықтың баспа оқулықтардан айырмашылығы, артықшылығы және кемшіліктері мәселесін Ресей Федерациясының белгілі авторларының кітаптары және мақалалары арқылы талқылап көрейік. Алдымен біз электронды кітаптың артықшылықтарын Г.А. Василенко мен Р.С.Гиляревский бөліп жазған дәлелдердің көмегімен қарастырамыз:

– Кез келген электрондық кітаптың басты артықшылығы-ондағы іздеу жүйесінің болуы, яғни кітаптардың мазмұнын талдау, компьютердің көмегімен қажетті ақпаратты іздеу мүмкіндігі. Әлбетте, бұл салада электронды кітап баспадан әлдеқайда озып кетті. Егер сіз баспа өнімдерімен айналысатын болсаңыз, кез келген дәйексөзді, сөйлемді табу, тілдің морфологиясын ескере отырып, синонимдер бойынша мәтін іздеу сияқты барлық мүмкіндіктер қол жетімді емес. Дәл осы ерекшеліктер әр түрлі энциклопедиялар мен сөздіктердің алғашқы электронды түрде шығарылғандығына байланысты.

– Қолжетімділік және жеделділік (соның ішінде жедел жеткізу). Электрондық басылымның тағы бір артықшылығы-оны интернет-дүкенге тапсырыс беру немесе электрондық кітапханадан «жүктеу» арқылы бірнеше минут ішінде үстелге алуға болады. Сондай-ақ, мұндай ақпаратқа бір уақытта мыңдаған адамдар жүгіне алатындығы маңызды.

– Сатудан шыққан немесе сирек кездесетін кітапты табу мүмкіндігі. Қазіргі уақытта электронды кітапханалар кітаптың сақталуының кепілі болып табылады. Егер басылым сатылымнан шығып, қайта тираж жоспарланбаған болса, Интернет – бұл кітапты оқығысы келетіндер үшін жалғыз мүмкіндік, бірақ оны сатып алуға кешігіп қалды.

– Мәтін ғана емес, сонымен қатар графикалық кескіндер, бейне және дыбыстық фрагменттер. Электрондық кітаптардың айқын артықшылығы-мәтінді дыбыспен және бейнемен сүйемелдеу. Осылайша, автор мен оқырманның мүмкіндіктері ерекше кеңейіп, мазмұны түсінікті және қызықты болады.

– Бағалы басылымдардың сақталуы. Кітапханалар мен мұрағаттардағы құжаттардың сақталу мәселесі бүгінгі күні компьютерлік технологиялармен тікелей байланысты. Қағаз тасымалдағыштағы көптеген ақпарат сақтаушылар өз штатында өз материалдарын цифрлау орталықтарын немесе электрондық кітапханалар құру бөлімдерін құрады [5].

Электрондық кітаптың артықшылықтары туралы көптеген авторлар жазған. Атап айтқанда, Г.А. Евстигнеева «кейбір жағдайларда электронды басылымдарды пайдалану ыңғайлы, мысалы: оқырман мәтінді одан әрі өңдеу үшін қолдануды жоспарлаған кезде; егер кітапхана қорында қандай да бір басылым болмаса; библиографиялық басылымдарды, анықтамалық және энциклопедиялық сипаттағы басылымдарды электронды түрде пайдалану да ыңғайлы. Интернеттегі қол жетімділіктің маңызды артықшылығы, ең алдымен, электронды басылымды, әдетте, баспаға қарағанда әлдеқайда ертерек оқуға болады: электронды басылымдар үшін баспа жұмыстарына да, жіберуге де уақыт қажет емес» деп тұжырымдаған [6].

Ал С. Кэннингхэм былай деп жазады: «Электронды басылымдар бүгінде көптеген түрлі қосымшалар үшін кеңінен қолданыла бастады және бұған бірқатар маңызды себептер бар. Дәстүрлі қағаз басылымдарының бағасы жоғары және көптеген жағдайларда қатты көшірмелерде басып шығару ерекшеліктеріне байланысты шектеулі мүмкіндіктер бар. Электрондық басылымдар өндіріс пен таратудың кейбір шығындарын айналып өтуге, сондай-ақ басып шығару шектеулерін болдырмауға мүмкіндік береді. Түрлі-түсті баспаны басып шығару қажет болған жағдайда, машина графикасындағыдай, тиісті баспа машиналары мен басқа жабдықтарды пайдалану шығындарын қосу керек, олардың бағасы айтарлықтай жоғары, сондықтан көптеген кітап шығарушылар түстерді қалыпты мөлшерден тыс қоспауға тырысады. Егер сіз қандай-да бір партияны шығарған болсаңыз, оны тұтынушыларға жеткізуіңіз керек немесе одан әрі таратылғанша сақтауыңыз керек, бұл жеткізілім мен сақтау шығындарының көптігіне байланысты үлкен көлемдер үшін баға қымбатқа түседі. Тағы бір сәт, егер сіздің басылымыңыз үлкен сұранысқа ие болса, оны қайта басып шығару керек, яғни қайта басып шығару шығындарының барлық шеңберінен өту керек» [7].

Ұлттық қасиетті, салт-сананы, дәстүрді қалпына келтіре отырып, ұлттық сипатты да мықтап қалыптастыру – жүрегінде жалыны бар әр қазақтың борышы.

«Қазақ қырандары» саналы-сынақ ұлттық спорт ойыны. Қазақстан Республикасының «Авторлық құқықпен қорғалатын обьектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы» куәлігін (Куәлік №17256 5 мамыр 2021) алдық, осы ойын арқылы педагогтердің белсенділіктерін арттыртып, үздіксіз ізденуге жетелейтін, ұлтымыздың мәртебесін әлемге ұлықтатар ойын боларына сенімдіміз.

Ғасыр бойы халықтың зердесінде сақталып келген осы бір қызғылықты ойынды өскелең ұрпақты тәрбиелеудің тиімді құралы ретінде ұтымды пайдаланған жөн. Бұл ойынды жастан кәріге дейін ойнай алады және жас ерекшелігі, не жыныс айырмашылығына қарамай өзіне ұнаған тиісті ойынға қатыса береді.

Сапа деп белгілі бір рухани және материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін пайдалы қасиеттердің жиынтығы. Беріктік, төзімділік, үнемділік, көркемдік-эстетик және т.б. көрсеткіштерімен сипатталады. Сапалы білім беру деп ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық практикалық іске, еңбекке баулу дүниетанымын кеңейту. Адамның бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жетілдіру болып табылады. Сапалы білім беру, яғни оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үрдісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой-талғамы бар адамгершілігі жоғары қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Сапаны бағалау немесе сынақ дегеніміз іс-әрекетке қойылатын талаптарды орындауға қаншалықты мүмкіндігі бар екендігін жүйелі тексеру барысы.

Жүру жаттығулары – тізелерін сәл бүгіп, жүрелей жүру; екі колын шапалақтап (белге қойып, артқа ұстап) жүру; аяқтың ұшымен және өкшемен жүру; иректеп жүру; көзін жұмып жүру; теріс қарап жүру; аяқтың сыртқы жағымен жүру; аяқтың ішкі жағымен жүру; сәл отырып жүру; отырып жүру; жай жүру; артпен жүру; оң жақ жанмен жүру; сол жақ жанмен жүру; аңдарға ұқсап жүру; құс жүріс; жай жүріс; тез жүріс.

Жүгіру жаттығулары – аяғын артқа серпи жүгіру: оң (сол) жанымен және теріс қарап жүгіру; иіріліп қуалай жүгіру; ұзақ немесе қысқа қашықтыққа жүгіру; кедергісі көп, ойлы-қырлы жермен жүгіру.

Жан-жақты дамытатын жаттығулар – қол мен иық, дене, аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар.

Секіру жаттығулары – Екі аяқты бірге ұстап, оң, сол жақтарымен жерге секіру; бір аяғын қолымен ұстап, екіншісімен секіру; биіктікке секіру, қос аяқтап секіріп шығу; ұзындыққа секіру; жүресінен отырып, жоғары секіру; бір орында тұрып, қос аяқтап секіру; өз бетімен секіртпемен секіру.

Лақтыру және қағып алу жаттығулары – жоғары лақтырылған допты бір қолымен немесе екі қолымен бірнеше рет қағып алу; жүгіріп келе жатып, допты екі қолымен жерге кезек соғып ыршыту; екі аяқты алшақ қойып, тізерлеп, тұрып, аяқты созып отырып, допты екі қолымен желке тұсынан бастап асыра лақтыру; теннис добын екі қолымен желке тұстан бастан асыра қабырғаға лақтырып қағып алу; өз беттерімен әртүрлі заттарды жоғары лақтыру, оны жерге түсірмей қағып алу.

Күш қолдануды талап ететін ойындардың түрлері көп. Негізінен халқымыз күштілікті, ептілікті мәжбүр ететін ойындарды ойнаған. Осы ойындар арқылы олар өздерін осылайша үлкен сайыстарға дайындайтын. Күш қолдануды, қырағылықты, дене қасиеттерін (сапаларын) талап ететін ойындарға: білек айқас, құс жүріс, қол тартыс, бел күрес, салмақ көтеру, иық итеріс, сынақ – ойын түрлерін кіргіздік. Бұл ойындар адамдарға физикалық тұрғыдан пайда береді.

Жалпы ойынды ашық алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ортадан сызық сызылады. Ойынға қатынасушылар екі топқа бөлінеді де сол ортадағы сызықта сап құрып тұрады. Олардың санына, бойларына қарай қатар түзеп тұрады. Ойынды жүргізу үшін екі топқа ортақ бір басқарушы (төреші) тағайындалады. Төрешінің берген бұйрығы бойынша ойын басталады. Ойынға қатысушылар айла-амал қолданып, алаңның ішінде жүріп, өз тобына жеңіс әкелуін қарастырады. Бірақ белгіленген межелі жерден шығуға немесе шатасуға болмайды. Ойын ойыншылардың дене күшін, жүгіру қабілетін жетілдіріп, денелерін шыңдап, денсаулықтарын жақсарта түседі. Бұл ойындар адамның денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, төзімділікке, батылдылыққа, ептілікке, керек кезінде тез ойланып, әдіс таба білуге машықтандырады.

«Қазақ қырандары» сапалы-сынақ ұлттық спорт ойынының тәрбиелік мәні де зор. Кемі екі адамнан бастап қанша адам ойнасаң да болады. Үлкен мен кіші бір-біріне қамқор болып келісіп ойнасаң да, құрдас пен құрдас бір – біріңе бәсекелесіп ойнасаң да, үлкен мен кіші бір біріңді сынай ойнасаң да әбден болады. Жүгіресің, жүресің, секіресің, тартысасың, аударысасың, күресесің, ерегісесің, жеңесің, жеңілесің, ұтасың, ұтылысың, яғни таза бәсеке, таза тәрбие, өтірігі, арамдығы, жалғандығы жоқ ойын. Ұлттық тәрбие, ұлттық ойын – спорт ойыны, спорттық бәсеке. Шеберлікке, күштілікке, төзімділікке, ептілікке, жылдамдыққа, икемділікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа тәрбиелейді. Міне бұл ойынның кереметігі де осында.

Ұлы Қазақ еліміздің ұлттық спортының жеті қыры, қазақ ойыны.

Біздің төменде тәжірибемізден туындаған «Қазақ қырандары» сапалы-сынақ ұлттық спорт ойыны бүгіннен бастап бұқара халыққа кең насихаттап, қозғалмалы; қимыл-қозғалыс ойынына көпшіліктің қандай қызығушылығы болса, сондай дәрежеде қызығушылығын тудыруымыз қажет. Бұл «Қазақ қырандары» сапалы-сынақ ұлттық спорт ойынының дағдыларын меңгертіп қана қоймай, ұрпақтың өзін-өзі дамытуына оң септігін тигізері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 «Қазақ қырандары» саналы-сынақ ұлттық спорт ойыны. Қазақстан Республикасының «Авторлық құқықпен қорғалатын обьектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы» куәлігін (Куәлік №17256 5 мамыр 2021).

ҒТАМР 77.29.99

«ҚАЗАҚ ШАҢЫРАҒЫ» ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ЛОГИКАЛЫҚ, ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНЫНЫҢ НЕГІЗІ

Ж.Е. Бекбергенова
Магистр, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
Ж. Кеңесбек
Студент, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

«Қазақ шаңырағы» инновациялық-логикалық, танымдық ойыны адамның зейінін, есте сақтау қабілетін, ауызекі сөйлеу мәдениетін дамытуға арналған, адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, өз ұлтымыздың тарихын, салт-дәстүрін, болмысын білуге және басқа ұлт өкілдеріне достық сезімін тәрбиелеуге үйретеді.

Түйін сөздер: шаңырақ, ақыл-ой, инновациялық – логика, 63 тас.

Ұсынылып отырған «Қазақ шаңырағы» инновациялық-логикалық, танымдық ойыны адамның зейінін, есте сақтау қабілетін, ауызекі сөйлеу мәдениетін дамытуға арналған, адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, өз ұлтымыздың тарихын, салт-дәстүрін, болмысын білуге және басқа ұлт өкілдеріне достық сезімін тәрбиелеуге үйретеді.

Ұлттық ойындар – ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор.Ойын адамның алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді.

«Қазақ шаңырағы» инновациялық-логикалық, танымдық ойыны өте қарапайым болып көрінгенмен, мұнда адам денесін шыңдап, сомдайтын қасиеттер мен адамдарды өзара әрекетке жетелейтін ақыл-ой қимылы қаншама. Адамның ойлау жүйелерінің жетілуінен бастап, бұлшықеттерінің жетілуіне, тынысалу мүшелерінің реттелуіне, өз дене мүшелерін меңгеруге, соның нәтижесінде баулиды.

«Қазақ шаңырағы» инновациялық-логикалық, танымдық ойыны Қазақстан Республикасының «Авторлық құқықпен қорғалатын обьектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы» куәлігін (№ 3548. 23 мамыр, 2019 жыл) алдық, осы ойын арқылы педагогтердің белсенділіктерін арттыртып, үздіксіз ізденуге жетелейтін, ұлтымыздың мәртебесін әлемге ұлықтатар ойын боларына сенімдіміз.

«Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен терезе сияқты, ол арқылы адамның рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған орта мен дүние туралы түсінік алды.

Оларға – «Кескіндеме-кескіндеу», «Пазл», «Карта ойыны», «Шахмат спорттық ойыны», «Дойбы немесе орысша шашки спорттық ойыны», «Нарды ойыны», «Тоғызқұмалақ ұлттық спорт ойыны», «Домино ойыны» және тағы басқа әр ұлттың өзіне тән ойындары жатады.

«Қазақ шаңырағы» инновациялық-логикалық, танымдық ойыны-ойлау, дәлелдеу мен теріске шығарудың белгілі бір әдіс-тәсілдері қаралатын ғылыми теориялар жиынты. Таным әрекеті, танырлық, танылатын, танып білерлік,танылатын үрдіс, танымдық қызығушылық ғылым жаңалықтарын қоғамда болып жатқан өзгерістерді танып білуге деген қызығушылық ояту.

Ойынының мақсаты: ұмытылып, мүлде ойналмай, ережелерінің сақталмай, ойнаудың өзіндік сырларының жоғалып бара жатқандығын басты назарда ұстау және ұлттық байлығымызға лайықты деңгейде көңіл бөлу керектігін дәріптеу.

Ойын ережесіне келер болсақ: «Қазақ шаңырағы» – үстел үстінде ойнауға арналған инновациялық-логикалық,танымдық ойын. Ойында 63 тас болады. Ойын ережесі бойынша тастың оң және сол беттеріне таңба салынған. Тас өлшемі 5х2,5 см.63 тастың артқы бетінде «Көкте самғаған қыранмен шаңырақ» белгіленген және оның сырты қазақ оюымен безендірілген.

Ойын барысы: «Қазақ шаңырағы» инновациялық-логикалық, танымдық ойынын үстел үстінде ойнайды. «Қазақ шаңырағы» инновациялық-логикалық, танымдық ойынына 2 ойыншыдан бастап, 9 ойыншыға дейін қатысады.

«Қазақ шаңырағы» инновациялық-логикалық, танымдық ойынына қатысушы ойыншылар араластырылған 63 тастың ішінен өздеріне 7 тастан алуы міндет.Үстел үстіндегі қалған тастар ойын барысында ережеге сәйкес кезекпен алынып, ойынның жалғасуына тізбек құрайды.

Ойында (ескерту) ретінде түсінік берілген. Яғни:

– Ойыншының қолында міндетті түрде «шаңырақ» суреті белгіленген тас болуы тиіс, яғни бұл ойын тасы – ойынды бастарда және ойын барысында «жол ашар» болып табылады. Себебі, ойыншылар көлденең сызық бойында орналасқан суретті тастарға қоятын ойын тасы болмаған жағдайда, осы «шаңырақ» суреті бар ойын тастарымен жол ашады.

– Бұл жерде үш жүз, үш би, үш қуат, төрт түлік, төрт құбыла, төрт құбылыс, төрт мезгіл, бес анық, бес қару, жеті қазынажәне жыл қайыру сөздері Қазақ халқының қасиетті сандарының басты белгілері болып табылады.

– Ойыншының қолында қоятын тасы болмаған жағдайда – жерде араластырылған ойын тастарынан бір тас алынады, егер ойын тасы сәйкес келсе ойынға қосады, болмаса келесі ойыншы кезегі бойынша ойынды жалғастырады. Бұл жағдай ойыншылардың бәріне бірдей міндетеледі.

– Бұл жерде ойын тастарын өз ыңғайына қарай (оңға, солға немесе тіке) бұруға болады.

– Бұл сөздер (үш жүз, үш би, үш қуат, төрт түлік, төрт құбыла, төрт құбылыс, төрт мезгіл,бес анық, бес қару, жеті қазынажәне жыл қайыру)міндетті түрде көлденеңінен қойылады.

– Бұл жерде «қымыз» сөзіне «жылқы» сөзінің қатысты болуы, яғни Жылқыдан қымыз алынатындығы.

– Бұл жерде «күн» сөзіне «ақ» сөзінің қатысты болуы, яғни Күн мен түннің айырмасы, яғни Күнді – Ақ түске жатқызу болып табылыды.

– Бұл жерде «төрт құбылыс» сөзіне «төрт түлік» сөзінің қатысты болуы, яғни Төрт саны болып табылыды. Егерде Үш саны болса – үш, Төртке – төрт, Беске – бес деген секілді, өзгеріс пайда болады.

– Бұл ойын теңдікпен аяқталды, ал жалпы ойын әртүрлі жағдайда аяқталады, бір ойыншы бірден жеті тасы бітісімен жеңіске жетеді, ал екінші бірі қолында бірнеше таспен жеңіліп қалады.

«Қазақ шаңырағы» инновациялық-логикалық, танымдық ойынын ойыншыларға бірдей жоғарыдағы ойын ережесімен жүргізіледі. Жеңген ойыншы мен жеңілген ойыншының қолдарындағы тастарына қарап білуге болады. Соңғы тасын бірінші болып ойынға қойған ойыншы жеңімпаз атанады. Міндетті түрде қол алысып бір-біріне алғыс білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 «Қазақ шаңырағы» инновациялық-логикалық, танымдық ойыны Қазақстан Республикасының «Авторлық құқықпен қорғалатын обьектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы» куәлігін (№ 3548. 23 мамыр, 2019 жыл).

ҒТАМР 14.91

ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б. Еркынова, Н. Берікова
Студенттер, Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.
Г.А. Смагулова
Ғылыми жетекші, оқытушы, Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.

Мақалада танымдық процесс ұғымы және оның бастауыш мектепте білім беру процесінде қалыптасу ерекшеліктері берілген. Бірінші курс студенттері бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыру процесі туралы өз көзқарастарын көрсетуге тырысады.

Танымдық қызығушылық – бұл оқушыларда оқу іс-әрекеті барысында қалыптасатын жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің бірі. Қазіргі мектеп жағдайында оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту қажеттілігі айқын көрінеді. Дегенмен, оның ең үлкен дамуын қалай қамтамасыз етуге болатындығы туралы мәселе әлі де ашық.

Бүгінгі таңда танымдық қызығушылық негізінен «адамның іс-әрекетіне оң көзқараспен біріктірілген әртүрлі күйлері: хобби, бейімділік, қызығушылық» деп түсініледі. Осы тақырыпты зерттеу барысында біз педагогикалық әдебиетпен жұмыс жасай отырып, Қазақстан мен Ресейдің жетекші заманауи педагогтарының кейбір еңбектерімен таныстық, зерттеулерінде біздің ойымызша, «танымдық қызығушылық» терминіне әр түрлі анықтамалар берілді. Мысалы, Г.И. Щукина [4]. танымдық қызығушылық деп, «таным саласына және білімді игеру процесіне бағытталған жеке тұлғаның таңдамалы бағытын» түсінеді. И.С. Пологрудова [4]. танымдық қызығушылық деп «эмоционалды боялған қажеттілік, мотивация кезеңінен өткен және адамның іс-әрекетіне қызықты сипат береді» деп түсінеді. Алайда, зерттеуші Н.Г.Морозова берген тұжырымдаманы қызықты түсіндіреді, берген анықтамасы бойынша танымдық қызығушылық «адам әлеміне деген белсенді эмоционалды – танымдық көзқарасы» болып табылады [4].

Қазақстандық педагогтардың ішінде «танымдық» деген ұғымға анықтама берген А. Байтұрсыновтың «Тіл жұмсар» атты әдістемелік еңбегінде былай деген: «бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі – оның білімінің, шеберлігінің ұзақ жолды қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай өтуі үшін, керек білімді кешіктірмей, кезінде беріп отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа

қарай түзетіп отыру кезінде қарай балады тану процестері оянады, ізденіс пайда болады» [1].

Д. Кішібеков: «таным барысында адам өзін қоршаған ортаны игереді, ол туралы білімі кеңейіп, тереңдей түседі; адамның заттар мен құбылыстар туралы жалпы мәліметі ішкі мәнге қарай ұмтылып, жүйелі, шынайы білімге айналады. Ендеше танымды адамның жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы деп есептеуге болады» – деп тұжырымдайды [11].

Осылайша, біз авторлардың көпшілік пікірлеріне қарай, мынадай қорытынға келдік: зерттеушілердің көбі, танымдылық қызығушылықты «жеке тұлғаның қоршаған ортаға деген бағытталуы, және танымдылығы мен белсенділігімен ерекшеленуі». Демек, танымдық қызығушылық танымдық белсенділікпен бірге жүретін жағымды эмоциялардың басым болуымен, оған деген мотивациямен, әлемнің объектілері мен құбылыстарын білу қажеттілігімен тікелей байланысты деп айта аламыз. Танымдық қызығушылықты қалыптастыру және дамыту процесі тек оқу іс-әрекетінде ғана емес, сонымен қатар оқушылардың басқа іс-әрекеттерінде де болуы мүмкін.

Біз қарастырған психологиялық – педагогикалық әдебиеттерде танымдық қызығушылықты қалыптастыру процесі негізінен үлкен және кіші мектеп оқушыларының оқу процесінде де, оқу пәндерінің тиісті мазмұнын таңдау процесінде де, оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруда да қарастырылады. Танымдық қызығушылық шындықтың объектілері мен құбылыстарының қасиеттері, қасиеттері туралы жаңа, белгісіз және түсініксіз нәрсені білуге, олардың мәніне енуге, олардың арасындағы қатынастар мен қатынастарды анықтауға деген ұмтылыста көрінеді. Танымдық қызығушылық әртүрлі психикалық процестерді белсендіруге әкеледі: ойлау, қабылдау, ес, қиял, т.б., бұл өз кезегінде әлем туралы білімді алу, сақтау және қолдану тәсілдерін анықтайды. Оқушының дүниетанымы неғұрлым кең болса, соғұрлым оның танымдық қызығушылығы да дамиды, өйткені оның пайда болуының шарты – жинақталған тәжірибесі мен жаңадан алынған білім арасында байланыс орнату, бар білімдерің әрі қарай кеңейту, бар білімімең тоқтамай, оны әрі қарай дамыту.

Оқушының жеке тұға болып дамуында, әріне, мұғалімнің орны ерекше. Қазіргі заман мұғалімі жан-жақты болуымен қатар, оқушыларға білімді заманауи әдістермен жеткізу қажет. Баланың жеке тұлға болып дамуы үшін, ол танымдық қызығушылықтың құндылығы осы саладағы танымдық іс-әрекеттің оған деген қызығушылықтың әсерінен жеке тұлғаның психикалық процестерін белсендіретіндігінде, оған интеллектуалдық қанағаттану әкелетіндігінде, эмоционалды өсуіне ықпал ететіндігінде, танымдық қызығушылық мұнда жеке тұлғаның, оның іс-әрекетінің маңызды мотиві ретінде әрекет етеді.

Қазіргі қоғамдағы мұғалімнің маңызды рөлі – тәрбие. Мұғалім тәрбие жұмысының формалары мен әдістерін сабақта да, сыныптан тыс жұмыстарда да игеруі керек. Балалармен қарым-қатынас жасай білу, оларды түсіну және қабылдау, олардың қадір-қасиетін тану. Баланың әр түрлі іс-әрекеттерінің (оқу, ойын, еңбек, спорт, өнер) тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтай және жүзеге асыра

білу. Балалар сіздің көз алдыңызда қалай өзгеріп, өсіп келе жатқанын көру тек қартайып қана қоймай, ақылды, мейірімді және мейірімді бола бастайды – бұл мұғалім үшін өте маңызды.

Қазіргі заманғы педагог, атап айтқанда, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін меңгерген, жаңа қоғамның заманауи, жан-жақты мүшесін қалыптастырудың бастауында тұрған бастауыш мектеп педагогы мамандығы бізді әлі де мектепте қызықтырды. Сондықтан, мектеп бітіргеннен кейін мұғалім мамандығын таңдап, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің Шәкәрім атындағы колледжінің «Педагогика және бастауыш білім беру әдістемесі» мамандығы бойынша студенттері болдық. Колледжде оқу, әрине, қызықты. Бірақ, теориялық білімімен практикалық қызметімен шынайы байланысын біз жақында ғана аяқталған іс-тәжірибе кезінде түсіндік. «Сынаптан тыс тәрбие технологиясы» атты іс-тәжірибемізді біз қаланың ең үздік мектептерінің бірі – № 7 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейінің бастауыш сыныптарында оттік. Тәрбие практикасының көптеген түрлі тапсырмаларының ішінде бізді танымдық қызығушылықты қалыптастыру процесі қызықтырды, ол жоғарыда айтылғандай, көбінесе білім алуына, танымдық процесттерін дамытуға, бейімділіктің мүдделерін анықтайды. Тәжірибе барысында біз қазіргі заманғы педагог қоғамдағы барлық өзгерістерге сезімтал әрекет етуі, қазіргі өмірдің ақпараттық-коммуникативтік мүмкіндіктерін орынды пайдалануы тиіс екендігіне назар аударды.

Бастауыш мектептегі тәрбие процесін бақылай отырып және педагогика, психология, тәрбие жұмысының әдістемесі пәндерін оқу барысында колледжде алған білімдеріне сүйене отырып, біз таяуда өткен педагогикалық іс-тәжірибенің алдына мынадай мақсат қойғамыз: «қазіргі бастауыш мектеп оқушыларының танымдық көзқарастарын қалыптастыру жолдары» процесін зерттеу. Біздің қызығушылығымыз сонымен бірге кіші мектеп оқушыларының танымдық көзқарастарын қалыптастыру процесінің өзгеруіне салыстырмалы талдау жүргізуге тырыстық. Біздің бақылауымыздың жаңалығы – біз, педагогикалық әдебиеттерде ұсынылған кеңес мектебіндегі емес, қазіргі оқушылардың дамуын, өзіміздің, 10 жыл бұрын мектепті бітірген оқушылармен салыстыруға тырыстық.

Кіші мектеп оқушылары кім екенін қысқаша еске түсірсек. Бастауыш сынып оқушылары (1-4 сыныптар) – бұл 6/7-ден 10/11 жасқа дейінгі жас кезеңі. Бұл жаста балаларда дамудың айтарлықтай резервтері бар. Бала мектепке оқуға түскен сәттен бастап, оқытудың әсерінен оның барлық психикалық процестерін қайта құру басталады, есте сақтау, көңіл бөлу, қабылдау және басқалар, ересектерге тән көптеген өмірлік қасиеттердің негізі қаланады. Бұл балалардың олар үшін жаңа тұлғааралық қатынастар мен іс-шаралар жүйесіне қосылатындығына байланысты. Осы кезеңдегі баланың барлық танымдық процестерінің жалпы сипаттамалары олардың тұрақтылығы, өнімділігі және озбырлығы болып табылады. Кіші мектеп жасы-танымдық процестердің қарқынды дамуы мен сапалы өзгеру кезеңі: олар жанама сипатқа ие бола бастайды және ерікті және саналы болады.

Енді біз педагогикалық практика кезіндегі бақылауларымызға және олармен байланысты тұжырымдарға толығырақ тоқталамыз.

Қазіргі елімізде болып жатқан проблемалардың бірі десекте болады, бірақ аса қатты көңіл аударылып жатқаны жок. Яғни жасөспірімдердің, балалардың кітапқа қызығушылықтарының төмендеуі. Осы мәселемен қазіргі балалар мен бұрынғы балаларды салыстыратын болсақ, аралары жер мен көктей. Біздің кезімізде әр апта сайын кітапханадан бір кітаптан алып оқитынбыз. Жетпей жатқанынның өзінде ауыстырып оқитынбыз. Ал қазіргі өсіп келе жатқан жасөспірімдерден ондай қызығушылық байқалмайды. Тіпті қызығушылық ғана емес, ойлау қабілеттерінде салыстыратын болсақ, соңғы 5 жылда өсіп келе жатқан балалардың ойлау процестері неғұрлым үлкенірек. Балалардың ойлау қабілеттерінің тез өсіп жатуына, кітапқа қызығушылықтарының төмен болуына, осы интернет желісінің әсері деп ойлаймын. Тіпті өзімде куә болған болатынмын.

Біз таңдаған мамандығымыз бастауыш сынып мұғалімі бойынша, «Сыныптан тыс тәрбие технологиясы» атты іс-тәжірибеде, тек қана балалардың тәрбиесіне ғана назар аудармай, олардың қызығушылықтарына, психологияларына, өсіп жатқан ерекшеліктеріне де көңіл аудардық. Сол кезде байқағанымыз, кітапханаға баратын балалар санының аздығы (біздік сыныбымыздан 10 бала ғана жазылып, оқу жылдың ішінде 2-3 кітап қана алған екен), кітапхана жәй бір бөлме болып тұрғаны. Балалар кітап әлеміне мүлдем қызықпайды демеймін, бірақ баратын балалар санының өте аздығы талқыланатың бір мәселе болып тұр, бұл – қазіргі балалардың ұяла телефонға әбден бағытталуы. Тіпті мектеп үзілісі уақыттарында оқушылар ұялы телефондарына қарай бет барады. Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығы болмауы – бұл мектепішілік емес, бұл үлкен әлеуметтік мәселе деп, ойлаймыз. Балалардың танымдық процестерің дамуына үлкен кедергі жасайтын жайт.

Кіші мектеп жасы – бұл баланың ауызша емес қарым-қатынасын дамытудың ерекше уақыты. Яғни ауызша сөйлеумен ғана емес қарым-қатынас құралдарын игеру бұл бастауыш мектеп жасындағы алғашқы моральды бағалауды дамытуда үлкен рөль атқарады. Ұлы орыс педагогы Ушинский К.Д. айтуына сүйенсек, «баланың жақсы мен жаманға, әдемі мен көріксізге деген көзқарасы әр түрлі болуы үшін тек сөйлеу ғана емес қарым-қатынаста өте қажет. Осы қарым-қатынаста жетілген адамның шынайы моральдық сезімдері мен түсініктері осыдан шығады» деген.

«Сыныптан тыс жұмыс технологиясы» практика кезінде, біздің бастауыш мектеп оқушылары арасындағы қарым-қатынасты зерттеу бағдарламасы бойынша, біз 1-2, және 3-4 сыныптар арасындағы қарым-қатынастарды, сол арқылы балалардың танымдылығына әсерін да зерттегенбіз. Зерттеудің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынасы арқылы танымдылық көзқарастарының қалыптасуы. Басқаша айтқанда, осы жастағы балалар не туралы әңгімелеседі, оларды не қызықтырады, Интернеттің әсері оларға қалай әсер етеді.

3-4 сынып оқушыларына қарағанда, 1-2 сынып оқушыларының қарым-қатынасы жақсы деңгейде. Оған дәлел ретінде іс-тәжірибе барысында өткізілген «Кел, танысайық» атты тренинг. 1-2 сынып оқушылары үзіліс кезінде бір-бірімен араласып қана қоймай, ойындар ойнаумен қатар сергіту сәттерін жасауға, бір-бірімен араласу барысында қарым-қатынастары дамып, мінез-құлықтары қалыптасады. Жас ерекшеліктеріне қарай осы жас кезеңіндегі балалар сабақтар арасындағы үзілістерде жай жүгіріп, қозғалмалы ойындарды ойнауға ұнатады. Ал, 3-4 сынып оқушыларын алғанда, олардың көдінде ұялы телефондары бар, көбі сонымен ойнағанды ұнатады екен, яғни, қозғалмалы ойындарды ойнауға қызықпайды, жай әңгімелері де сол телефон аясында. Тренингтің нәтижесіне қарағанда, бастауыш сынып оқушыларының жасына сай сабақ арасында дұрыс демалуға, қарым-қатынас арқылы өзара араласып, жаңа ақпарат алып, танымдылығын кеңейтуге, ұялы телефонның зияны нақты байқалады. Біздің ойымызша, неге бастауыштан бастап оқушылар ерте телефонға тап болып жатыр? Оған екі жыл бойы онлайн оқығаны себеп болғаны, басқаша айтқанда, телефон арқылы оқуға мәшбүр болған кезінде ата-аналар телефон сатып алуы да қажет болды, ал балалар сол кезде оған үйреніп алды, енді сол әдеттерің тастамай жатыр. Байқағанымызша, балалар Тік–Ток, өздеріне қажетті бағдарламаларға кіріп, қажетті қарым-қатынастар өз жайымен қалады, балалардың қызығушылықтары кеңеймейді, танымдылықтары да тежейеді. Сондықтан да іс-тәжірибе кезінде қарым-қатынастарын одан әрі дамыту үшін жұмыс жасауға тырыстық.

Танымдылық процестеріне келгенде, сабақ уақыттарында телефон ұстауы, баланың зейінін бөледі, есте сақтау қабілетін төмендетеді, білім алуына да кедергі келтіріп отырады. Тіпті ертегілерден бұрын, өздерінің оқып жатқан пәндеріне де аса қатты қызығушылықтары жоқ. Үйге берілген тапсырманы youtube желісінен жауаптарын көшіріп алады. Қарап отырсақ жәй ғана қызығушылық балалардың болашақтарына да, зейіндеріне де, ойлау процестеріне де кері тигізіп жатыр.

Соңғы екі жылда болған пандемияның әсерінен, онлайн оқытудың балаларға тигізген зиянды жағы көп болды. Әсіресе мектеп табалдырығын енды аттамақ болған 1-2 сынып оқушыларына қатты әсер етті. Телефон әлеміне толықтай кіріп кетті. Оқушылардың осы танымдылық процестеріне, қызығушылықтарын қалыптастыруда мұғалім үлкен рөл атқарады. Тек мұғалім ғана емес, ата-ананың да атқаратын рөлі шамалы.

Тағы да жеке айтылатын ой – бұл бұрында, тіпті біздің кезімізде де балаларды қызықтыратын мульфилимдер. Мультфилим балалардың танымдылық, психологиялық даму ерекшеліктеріне жан-жақты әсер етеді, балаларды өзіне тартып алу да, жалықтырмауы да өзінде.

Бірақ, біз жеке бақылағанымыз – қазіргі замандағы мультфильмдер. Қазіргі мультфильмдер әрине барлығы заман талабына сай шығарылып жатыр. Бірақта қазіргі балалардың мультфилимге деген қызығушылықтары аса қатты байқалмайды. Әсіресе 3-4 сыныптарда оқитын балалар үшін қызықты емес

екен. Іс-тәжірибе кезінде оны біз нақтты байқадық. 4 сынып оқушыларымен әңгімелесу ретінде қойылған сұрақтарға назар аударайық:

– сендер қандай мультфильмдер жинағын көруді ұнатасыңдар?

– қандай мультфильм кейіпкерлеріне ұқсағыларын келеді?

Мынадай жауаптар қайтарылды: – мен мультфильм қарағанды ұнатпаймын, оның орнына боевик карағаным дұрыс; немесе мынадай жауап: мультфильм – бұл кішкентай балалар үшін, бізге қажет емес. Ал қай мультфильм кейіпкеріне ұқсаймын деген сұраққа мүлдем жауап бермеді. Және де телеарнасындағы «Балапан», «Қуырмаш», тағы басқалары – бұлар біз үшін емес, олар арнайы теледидардан көрсету үшін жасалған бағдарламалар, деп, жауап берді.

Оқушылардың жан-жақты танымдылығын кеңейту үшін, іс-тәжірибе кезінде бір балалармен театрге бардық. Оңда мәдениет орнында өздерін қалай ұстау керек туралы балалармен әңгімелесу жұмысын өткіздік. Театрдің адам үшін мәдени қажеттілігін айта отырып, балаларды театр этикасымен таныстырдық. Бастауыш сынып оқушылары үшін театрге баруы өте тиімді, олар ең алдымен мәдениеттің негіздерімен таныса бастайды, мәдени орталықтарда өзін-өзі ұстау, киіну, жүру, әңгімелесу, және тағы да басқа қыр-сырлары мен танысады. Театрге барудың алдында өткізілген әңгімелесуіміз қажет болғаның біз кейіннен өткізген сауалнамадан білдік. Сауалнаманың сұрақтарына берілген төменгідей жауаптарынан мынадай нәтиже алдық: қазіргі заман балалары театрге аса көп бармайды екен, кейбіреулері театрге бірінші рет келіп тұр. Біздің ойымызша, осындай жағдай балалардың мәдени танымдылығына кері әсер етеді, балалардың мүмкін бар таланттарының ашылуына кедергі жасайды.

Танымдық қызығушылық – адамның айналадағы шындықтың объектілері мен құбылыстарына селективті бағытталуы. Бұл бағыт білімге, жаңа, толық және терең білімге деген тұрақты ұмтылыспен сипатталады. Жүйелі түрде нығайып, дамып келе жатқан танымдық қызығушылық оқуға деген оң көзқарастың негізіне айналады. Сабақта танымдық қызығушылықты қалыптастыру мәселесі әрдайым мақсатты түрде шешіледі, өйткені әр сабақта оқушы жаңа бір нәрсені үйренеді, оны өзі алуға үйренеді. Өзінің «мың тәрбие технологиясы» педагогикалық практикасы кезеңінде біз алдымызға біршама өзгеше міндет қойдық: сабақтан тыс уақытта бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыру процесін қарастыру және талдау, атап айтқанда: мектептегі қарым-қатынас процесі, театрға барған кезде, үзілістерде, ойын іс-шараларында, әртүрлі мектеп іс-шараларын дайындау және өткізу кезінде; олар ұялы телефонның және одан алынған ақпараттың кіші мектеп оқушыларының көкжиегі мен танымдық қызығушылығының дамуына әсерін талдауға тырысты. Мүмкін бәрі ойдағыдай болмады, бірақ біз таңдаған бастауыш сынып мұғалімі мамандығын игеру жолына енді кірістік, зерттеу қызметіне деген қызығушылық бізде енді пайда бола бастады және бәрі әлі алда деп ойлаймыз. Біз жүргізген бақылаулар мен тренингтер барысында танымдық қызығушылық мектеп оқушыларында тек оқу процесінде ғана емес, сонымен

қатар сыныптан тыс жұмыстарда да қалыптасатын жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің бірі екенін анықтадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 А.Байтұрсыновтың шығармаларын сабақ үрдісіне енгізудің әдістемесі. URL: https:kznews.kz›…adebiet-ahmet-bajtursynovtyn…sabaq…

2 Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру жолдары. URL: infourok.ru›bastauish-sinip-oushilarini-outanimdi…

3 Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекеттерін белсендендірудің педагогикалық жағдайлары. URL: https: rusnauka.com›32_WP_2016/Pedagogica/2_216…

4 Дейкина А.Ю. Познавательный интерес: сущность и проблемы изучения. – М.: Просвещение, 2012. – 258 с.

5 Ергалиева Л.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру жолдары. Молодой ученый. – 2015, № 8.2 (88.2). – С. 23-25. URL: https://moluch.ru/archive/88/17451.

6 Имангалиева А.С. Білім бастауы – тәрбие. Баст. мект. №5, 2020. 25-26 б.

7 Исмагулова Э.У. Інім мультфильм кәреді. Ұстаз. – № 3 (84), 2019. – 32 -34 б.

8 Колесникова Т.А. Роль детских телевизионных передач в интеллектуальном развитии младших школьников. Актуальные задачи педагогики: материалы IV Междунар. науч. конф. (г. Чита, октябрь 2013). – Чита: «Молодой ученый», 2013. – С. 77-79. URL: moluch.ru›conf/ped/ archive /96/4241.

9 Мультипликационные предпочтения современных школьников. – URL: https: multiurok.ru›index.php/files/multiplikatsionnye…

10 Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру жолдары. URL: multiurok.ru› …-kitap-ok-ug-a-k-yzyg…

11 Раймқұлова Ж.Ә. Оқушының танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың психологиялық негіздері. URL: rusnauka.com›32_Pedagogica/2_216488.…

12 Танымдық іс-әрекеттер орындату арқылы оқушы шығармашылығын дамыту. URL: bkokdi.kz›ru/2015k2/1182-conf.html.

ҒТАМР 14.01.75

АМАН ҚАЛҒАННЫҢ ЖҮЙЕЛІ ҚАТЕЛІГІ

С.Б. Карасартов
Магистрант, А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

Мақалада қазіргі таңда өзекті болып тұрған мәселелерді шешу жолдарында білу қажет құбылыс сипатталады. Аман қалғанның жүйелі қателігі білген маман, студент, мұғаллім көптеген қате іс-әркеттерден құтылады. Атап айтқанда, әдебиеттерді талдау арқылы Аман қалғанның жүйелі қателік ұғымдарының анықтамасы айқындалып, дұрыс шешімдер мәдениетті қалыптастырудың жолдары ашып көрсетіледі.

Түйін сөздер: қате, аман қалу, пандемия, тьютор, ересектік кезең.

Аман қалғаның жүйелі қателігі (ағылшынша survivorship bias) – объектілердің бір тобы бойынша («тірі қалғандар» бойынша) деректер көп, ал екіншісі бойынша («қаза болғандар» бойынша) іс жүзінде жоқ жүйелі іріктеу қателігінің бір түрі. Нәтижесінде зерттеушілер «аман қалғандар» арасында ортақ сипаттарды іздеуге тырысады және маңызды ақпарат «қаза болғандар» арасында жасырынып жатқанына көз жеткізбейді.

Екінші дүниежүзілік соғыста Нью-Йорк SRG зертханасында жұмыс істеген венгр математигі Абрахам Вальдқа маңызды мәселенің шешімін табу тапсырылды. Американдық бомбалаушылардың барлығы базаға қайтып келе жатқан жоқ. Ал қайтып оралғандарда зениттік артиллерия мен жойғыш ұшақтардан көптеген тесіктер қалды, бірақ олар біркелкі емес, фюзеляждар мен басқа да бөліктерде көп, отын жүйесінде аз және қозғалтқышта әлдеқайда аз болды. Бұл тесілген жерлерде көбірек бронь керек дегенді білдіре ме? Вальд былай деп жауап берді: жоқ, зерттеу көрсеткендей, аталған жерлерде тесік болған ұшақ базаға қайта оралуы мүмкін. Қозғалтқышқа немесе бензин қоймасына түскен ұшақ істен шығып, қайтпайды. Жау отынан түсу шын мәнінде (бірінші жақындағанда) біркелкі бөлінгендіктен, қайтып келгендердің салмағы неғұрлым «таза» болатын орындарды нығайту қажет.

Егер бір жерде ұшақ апатқа ұшыраса немесе дәрігерлер өлімге әкеп соқтырған қателік жасаса, онда БАҚ-та бұл туралы мақала шығады. Статистика бойынша, ұшақтардың көпшілігі сәтті қонады, ал дәрігерлер көбінесе дұрыс іс-әрекеттер жасайды, негізінен жағымсыз сюжеттер ақпараттық жетекші болады.

Мұндай қисаюдың салдарынан кейбір адамдар ұшу қауіпті, ал барлық дәрігерлер біліксіз сияқты әсер қалдырады.

Дельфиндер адамдарды құтқарады деген сенім – «аман қалған адамның қателігінің» тағы бір мысалы. Олар шын мәнінде суға батқандардың жағаға жетуіне көмектескен кездері белгілі. Мұндай оқиғалар БАҚ-қа түсіп, дельфиндер құтқарушылар сияқты әсер қалдырады. Шын мәнінде бұл сүтқоректілер адамдарға қатысты агрессивті мінез-құлық көрсетіп, ауыр жарақат алып, тіпті батып кетуі мүмкін. Бақытты болғандар ғажайып құтқару туралы айтып береді, ал дельфиндердің құрбаны болғандар анық себептермен ештеңе айтпайды.

«Аман қалған адамның қателігі» медициналық зерттеулерде де байқалады. Мысалы, ғалымдар қандай да бір ауру үшін тірі қалу көрсеткіштерін анықтағанда, статистикаға диагноз қоюға үлгерген пациенттер ғана түседі. Диагноз қойылғанға дейін өлетін пациенттер іріктемеге түспейді. Бұл нақты нәтижелердің бұрмалануына алып келеді.

«Пандемия» аман қалған адамның қателігі «қабылдауды қалай бұрмалайтынын және ол неге әкелетінін айқын көрсетеді. Адамдар үкіметтер мен трансұлттық корпорациялардың қастандықтарына сеніп, болып жатқан оқиғалардың астыртын теорияларын алға тартты, ал кейбір елдерде бәрі де ақылға қонымсыз болды: COVID-19 ауруына әкеп соқтыратын жаңа коронавирустың бар екенін жоққа шығарған азаматтар бұл вирустың жоқ екенін көрсетіп, есік тұтқаларын көрсетіп жатты. Егер олар бұдан кейін жұқтырмаса, онда мұны өз теориясының дәлелі ретінде ұсынған. Басқа адамдар мұның бәріне қарап, вирустың жоқ екеніне сенді. Содан кейін ауруханаларда болды.

Бұл жағдайда «аман қалған адамның қателігі» – қауіпті және ауырсыну. Себебі, адам проблеманың жоқтығына сеніп, содан кейін онымен бетпе-бет бетпе-бет келгенде, бұл екі жақты соққыға айналады. Оның өмірлік қиын жағдайға тап болуымен қатар, оның әлемдегі картинасында болуы мүмкін емес нәрселердің болғанына әлі таң қалды. Мұндай күрделі дағдарыстар жарақаттан кейінгі ауытқуларды, өзіне және әлемге сенім дағдарысын, дәрменсіздік пен депрессияны қалыптастыруы мүмкін».

«Аман қалған адамның қателігі» бизнес саласында жиі кездеседі. Ерте кезеңде сәтсіздікке ұшыраған және енді жоқ компаниялар туралы ешкім айтпайды, бірақ ондаған компаниялардың жетістіктері ондаған жылдардан асып түседі. Бұл статистиканы бұрмалайды және көпшілікті оң нәтиже шын мәнінде болғаннан гөрі ықтимал екендігіне сендіреді. Мысалы, статистика бойынша стартаптардың 90% сәтсіздікке ұшырағанына қарамастан, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер олардың жеңімпаздар қатарына қосыла алатынына сенімді.

«Аман қалған адамның қателігінің» жарқын мысалы – табыс тарихына табыну. Көптеген адамдар миллиардер кәсіпкерлер туралы әңгімелерден шабыт алып, оның себептері мен салдарын дұрыс түсінбейді. Мысалы: «Стив Джобс колледжді тастап, миллионер атанды. Демек, табыстың құпиясы – университеттен кетіп, барлық уақытты өз идеясына арнау». Іс жүзінде бұл

жұмыс істемейді, және жоғары білімі жоқ миллиардерлер Американың ең бай 362 адамының 12,2 %-ы ғана университетті тастап кетті деп ойлағаннан сирек кездеседі.

Компанияның немесе нақты адамның табыс тарихын қайталауға ұмтылатындар уақыттың, сәттіліктің, байланыстардың және әлеуметтік-экономикалық фонның рөлін жиі елемейді. Танымал кәсіпкерлердің көбі оның арқасында емес, өзінің ерекше таңдауына қарамастан табысқа жетті. «Когнитивтік бұрмалаушылықтарға барлық адамдар қандай да бір дәрежеде ұшырайды. Бұл қабылдаудағы, ойлаудағы және мінез-құлықтағы жүйелі ауытқулар. Олар көбінесе тасымалдаушының өзі түсінбейді және оларды анықтау және түзету үшін арнайы дағдыларды талап етеді. Егер адам когнитивтік бұрмалаудың ешқайсысы жоқ деп ойласа, онда бұл да өзінше бір когнитивтік бұрмалау.

«Аман қалған адамның қателігіне» келер болсақ, автоматта өмір сүріп, әрекет ететін адамдар олардың ойлары, болжамдары мен күтулері дұрыс, не жоқ, фактілерді талдамайды және тексермейді, яғни сыни ойлауды, логиканы және тәжірибе талдауын сирек пайдаланады».

Адам «аман қалған адамның қателігі» туралы білсе, ол бұл когнитивті қақпанға тап болмауы әлдеқайда оңай. Бұдан басқа, шешім қабылдауға сын көзбен қарайтын болсақ, бұл қателіктің әсерінен құтылуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Elton Gruber Blake. Survivorship Bias and Mutual Fund Performance. Review of Financial Studies (англ.)рус. – 1996. – Т. 9, № 4. – С. 1097-1120. doi:10.1093/rfs/9.4.1097.

2 Mangel Marc, Samaniego Francisco. Abraham Wald's work on aircraft survivability (англ.) // Journal of the American Statistical Association: journal. – 1984. – June (vol. 79, no. 386). – P. 259–267. doi:10.2307/2288257.

3 Wald Abraham (1943). A Method of Estimating Plane Vulnerability Based on Damage of Survivors. Statistical Research Group, Columbia University. CRC 432 – reprint from July 1980. Center for Naval Analyses (англ.) рус.

4 Ellenberg J. How Not to be Wrong: The Hidden Maths of Everyday Life. – Penguin Books Limited, 2014.

5 Michaels R. Transactions and Strategies: Economics for Management (with InfoApps). – Cengage Learning, 2010. – P. 21-23.

SRSTI 14.23.05

THE ROLE OF TEACHERS IN ORGANIZING STUDENTS' SELF-EDUCATION

D.M. Kabieva
Student, ENU L.N. Gumilyov, Nur-Sultan

This article examines one of the main practical issues in the Republic of Kazakhstan within pedagogical science, as well as the difficulties of forming an independent learner, the construction mechanisms for self-education and creation of circumstances for reaching this aim. In this paper, the author has demonstrated how teachers may be comprehensively trained in order to encourage students to be critical thinkers via self-education. The author employed new pedagogical technology to activate and improve the engagement of students in self-education while conducting the research on self-education.

As a result, teachers' plan to educate an autonomous student is based on their instruction and their technical method that will be described by the author in this paper. As a result, forming self-educated learners in the context of current circumstances is critical. In this regard, in this paper, the problems of task specification in developing self-education are discussed. If the objective of education is to ensure the general growth of future experts, then the purpose of self-education is to build professionalism and enhance critical and analytical thinking skills of learners. As a result, it is unquestionably vital to guide students toward acquiring proper self-education during their studies.

Key words: self-education, teaching, modern pedagogical technologies.

The role of self-education abilities is becoming increasingly important in the system of teaching future generation. This becomes more important in the era of modernization and globalization of education content, since it necessitates the development of spatial imagination and thinking abilities required in the teaching and learning process.

The importance and relevance of improving self-education efficiency in education is the foundation for developing new ways of extracurricular independent work on the subject that moulds students' professional competence in future professional activity.

The contemporary and modern education aims to develop ways, methods, and techniques for improving the efficiency of self-education in order to develop students' spatial imagination and creativity, as well as to prepare a new type of

initiative, creative professionals who can acquire valid and reliable information on their own [1].

One of the most pressing issues in current education system is teaching future instructors to teach the learners to interpret the information and analyze the findings independently. In this case, it should be mentioned that in educational context, the learning process of students is described as an independent training and self-studying or self-education [2].

Based on the foregoing, the objective necessity of teaching students the ways of self-education can be defined as shaping in them independent working skills, as well as not matching the current state of training activities and the implementation of internal capabilities of independent work on a variety of content, methods, and outcomes.

It is defined by a monotonous (one-sided) attitude to the characteristics of students' self-education activities, their essence, organizational principles, content, and techniques.

The following findings were reached as a result of the information gathered and analyzed by reviewing the existing literature:

– students are uninterested in self-education;

– students slowly assimilate acquired knowledge and prefer to use ready-to-use study materials;

– students struggle to master skills and abilities of self-educational activities in the classroom;

– students haphazardly learn study materials from textbooks and take notes from teachers (explanations, stories, lectures);

– students are unable to use additional sources of knowledge (didactic literature required for continuous creative training courses and the internet);

– students are unable to use enough additional sources of knowledge independently using self-education.

In this regard, it is important to note that teachers carry a big importance to organize students' self-education.

Namely,

– teachers do not always effectively use the possibilities of the discipline, its methods of teaching, in order to form students' self-conscious attitudes toward education and the pursuit of active learning activities;

– teachers do not adhere to the principle of visual aids, by preferring oral teaching methods based on ready-to-use study materials provided in the curriculum;

– teachers do not effectively use the opportunities of extracurricular independent work allowing the development of cognitive interest in students, deepening their understanding of the subject;

– teachers do not adhere to the principle of visual aids, by preferring oral teaching methods.

Students can carry out active and independent learning activities targeted at discovery and absorption of new knowledge on the subject, as well as increasing the

quality of their knowledge, according to research materials acquired through long-term observations and studies. The following bases can be a base for identifying students' self-education methods:

Students' physiological foundation: temperament types, inheritance, and a region's early childhood development;

Interest and inclination, state of mind, active and directed emotions are the foundations of mental character.

The expansion of self-consciousness, the democratization of society, the creation of a social and technological base, the development of culture, and others are the foundations of a public character.

These principles indicate whether or not a potential learner is ready to engage in active self-learning activities. These foundations, on the other hand, necessitate the proper application of certain criteria.

There is nothing wrong with that, but students will always require the assistance or instruction of a teacher or someone with knowledge in that profession or topic. They will always rely on a boss, supervisor, or someone to aid them when they graduate school and start the profession. Because they are used to asking for help and are not adequately taught the value of self-education and how to self-educate themselves via school, most children do not have the notion of «I can teach myself», or «I can learn on my own».

Furthermore, rigid curriculum and courses may damage a student's learning process and abilities owing to the conciseness of what they are taught. In addition, the student will believe that their curriculum and instructor are the only way to master a given subject.

This can not only obstruct a student's learning progress, but it can also make them disinterested in and uninspired to study certain courses and disciplines. Formal schooling has long been the most successful method of learning, yet learning is much more than a series of activities; it is more of an experience.

The idea that education is a lifelong endeavor must be instilled in pupils by teachers and educational institutions. They will continue to learn from their life experiences even after their school career is completed. According to Sagitova, 'We live in a global environment where knowledge and work change at such a quick pace that individuals must constantly learn». In this regard, self-education is one of the most essential aspects of lifelong learning, and it has evolved into a genuine requirement for everyone.

Students will benefit from self-education not just in terms of their education, but also in terms of learning and adapting to society as it evolves. New fields of study and relevance emerge in a world that is always changing, and schools do not form or create new courses for them, so students must learn them on their own. Because they are not pushed to do so and no one is eager to teach them, pupils who are not mentally sharpened to self-educate may overlook or reject the information and knowledge. In the future, these students will learn by experience, which is usually a difficult method to learn, especially if they do not grasp or possess critical thinking skills and expertise.

There is no «one-size-fits-all' approach without taking into consideration diverse needs of learners or plan for teaching students or anybody else how to self-educate themselves; rather, students should be taught that learning never ceases and that they will always be «life-long learners». They will continue to study and educate themselves as a result of their life experiences that they gather throughout their life time.

Here, it is important for teachers to follow some guidelines:

The first step in encouraging and motivating children to self-educate is to make them understand that education is more than just going to school. Learning, or the development of information, skills, values, morals, beliefs, and habits, is facilitated by education.

Teaching, training, storytelling, conversation, and focused study are all examples of educational practices. In addition, the teacher highlights to the student that if they begin learning on their own or independently, they will grow smarter faster than their peers and may be able to find work because of their independent working skills.

Overall, self-education not only helps students prepare for what they are studying, but it also helps them in other areas and disciplines including reading, writing, arithmetic, history, or science. However, it should be a student, not a teacher or educational institution members, who focuses of self-education. Students must desire to learn and take the effort to do so. Although encouraging students to self-educate is a good idea, it seldom works since students believe that school is the only time they should be studying. The structure of school can sometimes cause children to dislike school and studying completely. Hence, it is important to change or even form both students' and teachers' perceptions about independent learning or self-education.

In this regard, teachers should help students develop independent learning skills that lay a basis for self-education. By applying appropriate strategies, teachers can help them become self-educated learners.

Furthermore, teachers might organize special courses and electives that may be set up to teach youngsters to the foundations of self-education including the techniques for self-education and how to use these various techniques. Teachers should also teach students ways when training themselves to accomplish anything by having them write down their objectives, interests, and personal education routes independently.

By doing so, students can gradually improve their self-education skills as well as become more effective at self-educating themselves in various disciplines. These skills will be also helpful in other areas of life, for constructing their own self-education plan.

Conclusion. The role of teachers in education self-educated learners is really huge since teachers are the ones who can affect the variety of educational elements including educational material, number of registered students, the aim, forms, methods and content of education.

In this regard, teachers also might encourage students to create their own self-education plan and gradually go through it, improving their ability to self-educate in various disciplines as well as in other areas of life. As a result, students will become more critical and analytical thinkers, more creative individuals or better communicators, and have a greater feeling of health and well-being as a result of self-education.

References

1 Long, H.B. (1992). Philosophical, psychological and practical justifications for studying self-direction in learning. In H. Long & Associates, Self-directed learning: application and research. Norman, Oklahoma: Oklahoma Research Center for Continuing Professional and Higher Education, University of Oklahoma. –P. 9-24.

2 Sagitova, Rimma. «Students' Self-Education: Learning to Learn Across the Lifespan.» Procedia – Social and Behavioral Sciences, vol. 152, 2014. – P. 272-277. doi:10.1016/j.sbspro.2014.09.194.

3 Shala Arif. (2016). Formal and Non-Formal Education in the New Era. – P. 119-130.

ҒТАМР 14.07.09

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ ЕСЕПТЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ЖҮРГІЗУ ЖОЛДАРЫ

Қ.Н. Сарыбекова
П.ғ.к., доцент, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
Т. Ишметов
Студент, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Мақалада бастауыш сынып математикасын оқытуда қазақтың байырғы көне есептерін қолданудың мектепте алатын орны қарастырылған. Қазақстан халықтарының байырғы көне есептерінің бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудегі орны анықталынды. Қазақтың көне есептерін қолдана отырып оқу-тәрбие процесін жүргізу жолдары ұсынылды. Сыныптан тыс уакыттарда балаларға оқытатын математиканың тарихи материалдарын тиімді қолданудың жолдары мен көне есептерді шығару әдістемесі көрсетілді.

Түйін сөздер: бастауыш мектеп, математика, тарихи материалдар, көне есептер, халықтық педагогика, рухани құндылық.

Тарихи материалдардың оқыту процесінде қандай маңызы бар екендігі әр мұғалімге белгілі нәрсе: мұғалімнен орнымен қызықты түрде айтылған бірер ауыз тарихи мағлұматтарды естігенде көздері шырақтай жанған балаларды талай рет байқайды. Тарихи мағлұматтар тек сабақты ғана емес, мұғалімнің сыныптан тыс жұмыстарын да жандандырады: оқушының математикаға деген ынтасын арттырып, мектепте математикалық көңіл-күй туғызады.

Математиканың тарихи мағлұматтарының білім-тәрбие берерлік мәні осындай зор екендігін көре-біле отырып мұғалімдер оған жөнді мән бермейді, өздерінің бұл жөніндегі білімін көтермейді, бұған математика тарихынан мұғалімге арналған әдебиеттің жоқтығы да себеп болады. Сондықтан тарихи мағлұматтарды пайдалануда барлық мұғалімге жарарлық жол көрсету қиын, өйткенмен ойы жүйрік мұғалім өзінше өзгерте, толықтыра жатар деген оймен тарихи мағлұматтарды пайдаланудың бірнеше жолын көрсетеміз.

1. Мұғалімнің сабақ үстінде өтілетін әр материалдың тарихы жөнінде, 3-5 минуттық /уақыт көп болса одан көбірек/ ауызекі баяндауы.

Мұндай мағлұматтар қысқа, қызықты, баланың ынтасын туғызып, оған білім берерліктей болу үшін мұғалім даярланып / керек тарихи материалдарды

оқып/ оны қалай баяндап беруді алдын ала ойланғаны абзал [1, 25-33 б.].

2. Үйірме жұмыстарында немесе математикалық кештерде арнаулы тарихи тақырыптарға жасалатын не мұғалімнің, не жақсы даярланған оқушының немесе арнап шақырылған маманның баяндамалары.

Мектеп оқулығының материалын кеңейтіп, оны қызықты, баянды және мағыналы ететін тарихи мағлұматтар көп, сондықтан оларға арнап бір емес бірнеше баяндамалар қоюға немесе математиканың тарих үйірмесін ұйымдастыруға да болады.

3. Математикалық қабырға газеттерді үзбей шығарыш тұру. Математиктердің өмір баяны, күрделі тарихи мәселе жазылатын көлемді қабырға газеттерін үзбей шығарып тұрумен қатар, сыныпта күнделікті айтылатын қысқаша тарихи мағлұматтарды кеңейте түсетін, жақсы безендірілген шағын газет – «Тарихи парақша» үзбей шығарылып арнап ұйымдастырылған орынға жиі-жиі ілініп тұрғаны және оны балалардың оқуы құнтталғаны жөн.

4. Мұғалімнің басшылығымен тарихи материалдарды сыныптан тыс уақытта оқу жұмысын ұйымдастыру.

Сыныптан тыс уакыттарда балаларға оқытатын математиканың тарихи материалдары қазақ тілінде жоққа тән, бірақ мұғалім бірлі-жарым басылған журнал мақалаларын, кітапты пайдаланып, мұндай жұмысты үзбей жүргізіп тұруына болады.

5. Тапсырма ретінде үйге тапсырма беріп тарихи тақырыпқа шығармалар жаздыру [2, 47-55 б.].

Басынан баланы тарихпен қызықтыра отырып оқытқан математика мұғалімінің оқушыларында тарихи тақырыптарда едәуір мағлұматтары болады да, олардың қолдарынан тарихи тақырыпта шығармалар жазу да қолынан келеді. Мұндай шығармалар сапалы болу үшін балаларды қатынастыра отырып, шығарма тақырыбына жоспар және қысқаша шолу жасап алуға болады.

6. Математиктердің өмірбаяны мен қызметі жөнінде иллюстрацияланған альбомдар жасау.

7. Сынып жиналыстарында тарихи тақырыптарға баяндамалар жасау және атақты математиктерге арналған даталар өткізіп түру.

Сынып жиналыстарында мұқият даярланған оқушылар немесе басқа адам шағын-шағын тарихи тақырыптарға баяндамалар жасайды. Мұндай баяндамаларды арнаулы даталарда да өткізуге болады.

8. Түрлі ғалымдардың, математиктердің математика жөнінде, математиканың шығу-даму және практикалық маңызы жөнінде айтқан ой-пікірлерінен лозунгылар жазып т.б. сынып кабинетті, мектепті безендендіру [3, 69-77 б.].

Мектепте математиканың рөлін көрсетіп оған оқушыларды қызықтыратындай жұмыстар жүргізілмейді. Бұл жөнінде математика мұғаліміне математиктердің және басқа да ғалымдарды математиканы зор бағалап айтқан пікірлері көп жәрдем етеді. Тіпті осындай әрбір ой-пікірлер балалар арасында жүргізуге болатын пікір-таласқа зор материал болатын еді.

Көптеген тарихи есептердің қашан шыққанын, шешуін кімдер қанша уакыт іздегенін, осындай ізденулер жолында қандай жаңалықтар ашылғанын оқушыларға айта отырып, тарихи есептермен оқушыларды таныстырып, мысалы «ертедегі тамаша үш есеп» деп аталынатын есептердің шешуін атақты ғалым-математиктер 3-4 мың жылдар бойы іздегені сияқты деректер шебер мұғалімнің қолында адам баласының мақсатты талабын орындаудағы қажырлы, нәтижелі еңбек жолын көрсететін үлкен тәрбиелік мәні бар материалға айналады.

9. Ғылыми фильмдер арқылы кітап суреттерін көрсете отырып әңгімелеу жұмысын ұйымдастырып жүргізіп отыру.

Кейінгі кезде шығып жатқан ғылыми-көпшілік фильмдер және кейбір математикалық мәселелер жөнінде фильмдер бар. Мұғалім мұндай фильмдерді балаға көрсету мүмкіншілігі болса, оларды пайдаланып немесе эпидиаскоп арқылы кітап суреттерін үлкейтіп көрсете отырып, тарихи мағлұматтарды әңгімелеп беруіне болады [4, 2-8 б.].

10. Әр сабақта немесе тақырыптар өтуде үнемделген уақыт болса, мұғалім математиканың тарих мәселесіне арнап немесе математиканың мәдени-тарихи ролі жөнінде арнаулы сабақтар өткізуіне болады.

Оқушыларға көп тарихи мағлұматтар беретін, математиканың адам тарихындағы мәдени-тарихи ролін көрсетуге арналып мұқият даярлықпен өткізілген мұндай сабақтар оқушыға өте қызықты әрі пайдалы. Мұндай сабақтарды өткізуде мұғалім әңгімелеу, баяндау жұмысымен қатар иллюстрациялар, кинофильмдер көрсетуіне, викториналар т.с.с. ұйымдастыруына болады [5, 29-33 б.].

Бала бұрын естіп-білмеген ерте замандағы тарихи мәселе, балаға жақсы таныс қазіргі бір нәрсемен салыстыра отырып баяндалса, ол балаға өте түсінікті болады. Мысалы, математиканың бүкіл даму жолын бір адамның өмірімен былай салыстыруға болады:

1. Адамның туғаны сияқты, математиканың да туған кезі болады, бірақ оның дәл уақытын айту мүмкін емес.

2. Баланың алғашқы «қаз-қаз» басып жүргені сияқты математиканың да ғылымдық алғашқы нышаны пайда бола бастаған кез болды, ол эрамызға дейінгі УII -III ғасырлар шамасы.

3. Жас баланы үй ішінің бірнеше адамы жабыла тәрбиелеп жүріп өсіреді. Сол сияқты математиканы да бірнеше халық, сол халықтардың ғалымдары болып өсіріп өрбітті.

4. Жас баланың біртіндеп тілі шығатын сияқты, математиканың да өзіне тән тілі пайда болды: ол табиғат заңдылықтарын математикалық символдармен жазатын болды, бірақ математика тілінң шығуына бірнеше мыңдаған жылдар керек болды.

5. Тілі шыққан соң бала қоймай сұрап жүріп тез арада дүние танитыны сияқты,математика да тілі шыққан соң басқа дүниемен, басқа ғылымдармен кең түрде қарым-қатынасқа түсіп, аз уақытта өзі де жетілді, жәрдемімен басқаларды да жетілдірді.

6. Адам картаяды, өледі, ал математика өмірінде мұндай ақырғы кезең жоқ. Ол ұлғайған сайын кеңейіп, гүлдене жасарып, тамырланып, тарауланып күшейе береді. Ол, бейне бір өмір-бақи қартаймай, тармақтанып өсе беретін ағаш тәрізді немесе тарауланып алысқа аға беретін арнасы кең өзен сияқты, математика өмірден, өндірістен, техникадан, басқа ғылымдардан өзіне нәр алып дамып отырды және дами бермек [6, 77-85 б.].

Ғылымның осындай өмір жолын оқу-тәрбие үрдісінде қолданудың бірнеше жолдарын көрсету біздің мақсатымыз болып отыр. Ұсынылып отырған жолдар барлық мұғалімдерге ортақ деп айтудан біз аулақпыз. Бұл тек ұсыныс. Оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу әр ұстаздың еншісінде.

Математика – бұл кеңістіктегі формалар мен сандық қатынастар жайлы ғылым. Бастауыш мектепте математика ғылымының негізі, оның ішінде – арифметика материалдарымен таныстырамыз. Әрбір тақырыпты өту кезінде 5-7 минут болса да тақырыптың тарихы жөнінде әңгіме айтқан абзал. Уақытты үнемдеп тарихи есептерді де шығаруға ұсынып көрсе болады. Айталық, 3 сыныптың «Жазбаша көбейту және бөлу» тақырыбына есептер шығарған кезде Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Абдолла Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми әл-Мәджусидің «Үнді есебі» атты кітабындағы есептерді ұсынып көрдік. «Үнді есебі» кітабында арифметика мәселері қарастырылған және ол 1150 жылы латын тіліне аударылған. Қазіргі таңда оның 1350 жылы шамасында қолмен жазылған үлгісі ғана сақтаулы. Қазіргі бастауыш арифметика, негізінен алғанда, Хорезмидің арифметикасына ұқсас. Ережелерді Хорезми мұқият тұжырымдап, мысалдар арқылы түсіндіріп отырады. Ол үлкен сандарға қолданылатын амалдарды жоғары разрядтардан бастауды ұсынады. Мәселен, 458 санын 674 санына көбейткенде Хорезмише былай жазу тиімді:

$$\begin{array}{r} 458 \\ \underline{674} \\ 2748 \\ 3206 \\ \underline{1832} \\ 308692 \end{array}$$

Мұнда 458 әуелі 6-ға, содан кейін 7-ге, ақыры 4-ке көбейтіледі. Әр жолы шыққан сандар оңға қарай бір орын жылжытылып жазылған.

Көбейтудің осы күнгі оңнан солға қарай жылжытып жазылатын әдісі ХУ ғасырда шыққан. Оны практикаға енгізіп, насихаттаған неміс ғалымы математик Адам Ризе /1492-1559/ болатын [7, 15-23 б.].

Сандарды екі есе арттыру мен екі есе кемітуді ертеде мысырлықтар кең түрде қолданған. Мысалы, 123 санын 24 санына көбейту үшін екі еселеу тәсілін қолданған. Ол тәсіл төмендегіше орындалған:

Көбейту 123 * 24 = 2952
Бір есе 123*1=123

Екі есе 123*2=246
Төрт есе 123*4=592
Сегіз есе 123*8=1184
Он алты есе 123*16=2368
123*24= 123*(8+16)=1184+2368=2952

Бөлу 1120:80=14
Бір есе 80
Он есе 800
Екі есе 160
Төрт есе 320
1120:80=(800+320):80=10+4=14 [8, 25-31 б.].

Бастауыш мектептің, оның ішінде математикалық қалыптасуын, дамуын бұрынғыдай көзқараспен емес, тарихи-ұлттық көзқараспен қарау арқылы талдап шығып және оны мектеп тәжірибесінде қолдансақ, онда оқу барысының тиімділігін арттырып және балалардың математикаға деген қызығушылықтарын көтере алуға септігін тигізетініне біздің біраз жылғы зерттеулеріміз дәлел болып отыр.

Сондықтан біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда жоғарыда аты аталған ғұлама ғалымдарымыздың еңбектерін, қазақтың байырғы есептерін оқу-тәрбие үрдісінде қолданып /қосымша 1/, оның оң нәтижелерін төмендегі кестелерде көрсеттік.

Оқушылардың математикалық білімдерінің жалпы деңгейлері барлық жауаптардың арифметикалық ортасының мәнінің негізінде анықталады. Жауаптардың арифметикалық орташа мәні /пайыздық мөлшерде/ төмендегідей формуламен табылады:

$$\bar{X} = \frac{1}{n}\sum_{i=1}^{n} x_i \text{ (i=1,.. ,n)}$$

бұл жерде: *n*-барлық тапсырмалар мен жаттығулардың саны.

XI-I-ші сұраққа берілген барлық деңгейлермен бағаланатын жауаптардың қосындысы /пайыздық мөлшерде/.

Кесте 1. Тарихи материалдарды қолдана отырып оқушыларды оқытудағы білім деңгейлерінің өзгеру кестесі.

Деңгейлер	Бақылау сыныптары 25 оқушы Дейін/кейін%	Эксперимент сыныптары 25 оқушы %
Төмен	29.4/20.8	31.9/7.6
Орта	55.3/57	53.2/54.7
Жоғары	15.3/22.2	14.9/37.7



Сызба 1. Эксперименттік жұмыс диаграммасы.

Қазақтың математикалық мәдениетімен танысып, қазақтың қара байырғы есептерінің бастауыш сыныптағы тәрбиелік мәні анықталды. Бастауыш сыныптағы математиканы оқытуда қазақтың көне есептерін қолданса, оқушылардың математика сабағымен қатар, халық дәстүрімен тәрбиелей отырып, патриоттыққа тәрбиелеудің жаңа жолы ашылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Абаляев А.Н. Краткие исторические сведения о преподавании математики в начальных классах. Вопросы методики преподавания математики. – М., 2005.

2 Көбесов А. Фараби және математика. – Алматы, 2009.

3 Есенов Ш. Қазақстан ғылымы және ғалымдары. – Алматы, 2009.

4 Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесінің антологиясы. – Алматы, 2005.

5 Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы. – Алматы, 2004.

6 Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы, 2005.

7 Дюсембаева Г.С. Развитие школьного математического образования в Казахстане. Автореферат канд. дисс. –Алматы, 2004.

8 Қосанов Б.М. Бағаланбай келген бағдарлама. ИФМД, 2003.

9 Сарыбекова Қ.Н., Жуанышова А.Т. Математика ғылымының пайда болу тарихынан. Жас ғалымдардың қазіргі заманғы ғылыми зерттеулері. Халықаралық конференция материалдары. – Астана, 2007. – 32-36 б.

10 Қосанов Б.М. Еленбей келген еңбек. Бастауыш мектеп, №6. 2005.

ҒТАМР 14.35.09

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ ӨЗЕКТІ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МІНДЕТ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

А.Н. Әбуова
Магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Мақалада білім беруді цифрландырудың өзекті мәселелері баяндалған. Авторлар цифрландыру кезеңдерін және үлкен педагогикалық әлеует болып табылатын жаңа цифрлық технологиялардың пайда болуын талдады. Сондай-ақ, ЖОО-ның білім беру үдерісіндегі цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері қаралды. Сандық білім беру ортасына сипаттама берілді.

Түйін сөздер: электронды құралдар, электронды технологиялар, цифрлық білім беру, мультимедия, цифрландыру, трансформация, цифрлық технологиялар.

Бастауыш мектеп – бұл баланың болашақ білім алуына негізгі қадам, өз кезегінде бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне ерекше жауапкершілік жүктейді. Оның міндеті тек оқуға, жазуға үйрету ғана емес, сонымен бірге баланың руханиятының негізін қалау, оның ең өзекті қасиеттерін дамыту, оқу іс-әрекетінің тәсілдерін үйрету [1].

Компьютерлік технологияны қолдану – бұл сәннің әсері емес, білім беруді дамытудың қазіргі деңгейіне байланысты қажеттілік.

Бастауыш мектептегі сабақтарда АКТ көмегімен біз:

– балалардың оқу іс-әрекетін мазмұнды ете аламыз;

– оқу үдерісін балалар үшін тартымды және заманауи етеміз;

– көрнекі бейнелерді тарту арқылы балалардың қабылдауы үшін оқу ақпаратын қызықты ете аламыз;

– оқыту сапасын көтеру, оқуға деген ынтасын ояту;

– сабақты көрнекі, динамикалық ету.

АКТ-ны қолдану контексінде бастауыш сынып оқушыларын интеллектуализациялау және әлеуметтендіруде, ақпараттық қоғамы жағдайында ерекше маңыздылығын атап көрсете отырып, бұл үдерістерді өзара байланысты екі бағытта қарастыру қажеттілігі атап өтілді: информатика курсын бастауыш білім беру жүйесіне енгізу және ақпараттық технологияларды бастауыш мектептің барлық пәндеріне енгізу.

«Электрондық білім беру ресурсы» терминімен қатар «цифрлық білім беру ресурсы» термині де қатар қолданылады. Техникалық тұрғыдан сандық білім беру ресурстары – бұл бағдарламалар мен мәліметтер жиынтығы, тұтынушы тұрғысынан – бұл мазмұн, яғни зерттеу пәні болып табылатын объектілерді, үдерістерді, абстракцияларды білдіретін мазмұнды элементтер жиынтығы. Бұл ретте тиімді электрондық білім беру ресурстары (МДМ) интерактивтіліктің және мультимедиалық қанықтылықтың жоғары дәрежесіне ие, сондай-ақ желілік тарату мүмкіндіктеріне ие. Сандық және электрондық білім беру ресурсы ұғымдарын біз синоним ретінде қолдана аламыз.

Орталық білім беру орталығының анықтамасы мен сипаттамасына байланысты әдебиеттерді зерттей отырып, біз сандық білім беру ресурстары оқу процесін ұйымдастыруда келесі мүмкіндіктерді ұсынатынын атап өттік:

– ақпараттың үлкен көлемін орналастыру (бұл әсіресе электронды интерактивті энциклопедияларды құруға қатысты);

– қажетті ақпаратты жылдам іздеу және оған қол жеткізу;

– көптеген күрделі құбылыстар мен процестерді көрнекі түрде көрсету;

– графикалық безендіруді пайдалану;

– әр түрлі формада ұсынылған ақпаратты бір уақытта алу-визуалды, есту және т.б.;

– өздігінен білім алу және білім беру бойынша білім алушылардың әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру;

– оқушының білімін объективті және сапалы тексеру, мысалы, тестілеу арқылы;

– білімді меңгерудің жеке процесін басқару.

Қазіргі заманғы электронды білім беру ресурстарының негізгі сипаттамасы – мультимедиа. Мультимедиа – бұл әр түрлі ақпаратты-мәтіндік, графикалық, анимациялық, дыбыстық және бейнені синтездеу, оны құрылымдаудың, интеграциялаудың және ұсынудың әртүрлі тәсілдері мүмкін [2].

Оқу үдерісінде электронды мультимедиялық ресурстарды пайдалану оқу материалын ұсынудың көптеген түрлеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқушылардың назарын оқу тақырыбына мүмкіндігінше ұзақ уақыт сақтауға, қабылдаудың әртүрлі арналарына байланысты шамадан тыс жүктеме қаупін болдырмауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ассоциативті есте сақтау теориясына сәйкес әртүрлі сенсорлық жолдар арқылы қайталанатын ақпарат (мысалы, мәтін, бейне, графика және дыбыс) жақсы сіңіріліп, ұзақ сақталады.

Электрондық білім беру ресурстарының маңызды ерекшелігі – интерактивтілік, яғни диалог, кері байланыс мүмкіндігі интерактивтіліктің жоғары деңгейі пайдаланушыға оқиғалардың барысын, бағдарламалық жасақтаманы және нәтиже үшін жауапкершілік сезімін басқаруға мүмкіндік береді. Бұл оқушыға ұсынылған ақпаратты пассивті қабылдаудан білім беру үдерісіне белсенді қатысуға өтуге мүмкіндік береді [3].

«Электрондық білім беру ресурстарымен интерактивті өзара әрекеттесуді орнатудың» келесі мүмкіндіктерін көрсетуге болады:

– новигация жасау, ауызша айтылады және экранда көрсетіледі объектілерді тінтуір көмегімен көрсетеді;

– сызықтық навигация, экран аясында алға-артқа айналдыру немесе бір экраннан (слайдтан) екіншісіне өту;

– иерархиялық навигация: мәзір, ағаштар арқылы бөлімдерді таңдау;

– шарлау тақтасындағы батырмалар арқылы шақырылатын интерактивті анықтамалар (контекстке тәуелді ең тиімді анықтама);

– кері байланыс: ресурс пайдаланушыға тапсырмалардың дұрыстығын бағалай отырып жауап береді. Бұл жауаптар экранда көрінеді. Егер курстың келесі бағдарламасы тапсырманың нәтижелеріне байланысты болса, онда білім беру траекториясы түзетіледі;

– конструктивті өзара әрекеттесу: ресурс экрандағы нысандарды құруға және конфигурациялауға, сондай-ақ оларды басқаруға мүмкіндік береді мысалы, пайдаланушылар қолданыстағы мультимедиялық қосымшаның құрылымын кеңейту арқылы жаңа түйіндер мен еренсілтемелерді қоса алады;

– рефлексивті өзара әрекеттесу: ресурс пайдаланушының кейінгі талдау үшін әрекеттерін ескереді (мысалы, осы ақпарат негізінде сабақ аясында материалды зерттеудің оңтайлы реттілігін ұсыну үшін);

– имитациялық модельдеу: экрандағы нысандар бір-бірімен байланысады және өзара әрекеттеседі, осылайша осы объектілерді орнату олардың мінез-құлқын анықтайды, техникалық құрылғылардың, жүйелердің, әлеуметтік процестердің және т.б. нақты жұмысына еліктейді;

– үстірт контекстік интерактивтілік: пайдаланушы жасырын дидактикалық мағынасы бар әртүрлі іс-шараларға қатысады. Интерактивтіліктің бұл түрі көптеген ойын-сауық бағдарламаларында және дидактикалық ойындарда қолданылады;

– тереңдетілген контекстік интерактивтілік: виртуалды шындық, яғни пайдаланушы компьютер мен бағдарлама еліктейтін әлемге енеді [4].

«Мұғалім – электронды білім беру ресурсы – оқушы» триадасында кері байланыс оқушыға да, мұғалімге де түсуі мүмкін. Сандық білім беру ресурсынан оқушыға түсетін ақпарат жаттығуларды орындау кезіндегі оның әрекеттеріне жауап ретінде оқушыға оқу іс-әрекетінің сәттілік деңгейі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл оқушыға оқу іс-әрекетінің нәтижелерін бағалауға және түзетуге көмектеседі, рефлексия жасауға итермелейді. Электрондық білім беру ресурсынан оқушыға келетін ақпарат кеңес беру және тиімді болуы мүмкін. Кеңес ретінде көмек, түсіндіру, нұсқау, орындау алгоритмі, дұрыс нәтижені көрсету, шешудің басқа тәсілі немесе әрекет ету тәсілі және т.б. болуы мүмкін.

Сандық білім беру ресурсынан мұғалімге келетін ақпарат-ол оқушының қызметін ұйымдастыру әдістемесін және EOR жұмыс режимін түзету үшін ескеріледі.

Электрондық білім беру ресурстарының интерактивтілігі оқу процесін оңтайландыруға, оны мүмкіндігінше жекелендіруге мүмкіндік береді. EOR материалының гипермәтіндік таңбалауының болуы оқушыға

қызығушылықтарына, қабілеттеріне, дайындық деңгейіне байланысты оқу материалының көлемін, оқу қарқынын, оқу іс-әрекетінің режимін және т.б. дербес реттеуге мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда жұмыстың фронтальды формасы мен орташа оқушыға бағдарлану өзін ақтамайды және сабақта болып жатқан нәрселерге қызығушылықтың жоғалуына (қабілетті білімалушылар үшін) және оқу процесіне белсенді қатыса алмауына (әлсіз білімалушылар үшін) әкелуі мүмкін. Компьютерде сандық білім беру ресурсы бар оқушының жеке жұмысы ыңғайлы жағдай жасайды: әр бала ыңғайлы қарқынмен және оған оңтайлы жүктемемен жұмыс істейді; ең қиын сұрақтарға бірнеше рет жүгінуге мүмкіндігі бар және т.б. [5].

Сандық білім беру ресурстары мұғалімді немесе оқулықты алмастырмайды, бірақ педагогикалық іс-әрекеттің сипатын түбегейлі өзгертеді. Г. Нұровтың пікірінше сапалы электронды ресурстарды пайдалану оқу іс-әрекетінің әр түрлі түрлерін, соның ішінде тіркеу, жинау, сақтау, ақпаратты өңдеу, интерактивті диалог, объектілерді, құбылыстарды модельдеу үдерісінде заманауи ақпараттық технологиялардың барлық мүмкіндіктерін қолдануға көмектеседі [6].

Оқу процесінде қолданудың тиімділігі көптеген факторларға байланысты: қолданылатын техниканың, бағдарламалық құралдардың сенімділігі; студенттердің қызығушылығы; алыстағы ақпараттық мәліметтер базасын пайдалану мүмкіндігі; компьютерде жұмыс істеу мүмкіндігі; ЭОР қолдануға ынталандыру және т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Ахметжанова Ж. Б. Орта мектептің бірлігі мен сараланyы. Хабаршы: ҚазҰПУ. 2007. – № 1 (17). – Б.122-125.

2 Ахмадуллаева Б.Х. Информатизация образования и подготовка педагогических кадров. Международная научно-практическая конференции «Приоритетные направления развития системы образования и воспитание в XXI веке». – Шымкент, 2001. – С. 239-241.

3 Орта мектепте білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2009. – 68 б.

4 Использование возможностей компьютерной технологии при обучении геометрии в школе. Профессионал Казахстана. – Алматы, 2009. – № 3 (70). – С. 51-52.

5 Нурова Г. Математиканы оқытуда тарихизм принципін қолдану. //Қазақстан жоғары мектебі, 1999. – № 2. – Б.146-148.

6 Кадыров И.Я., Абдуразаков М.М. Устойчивое развитие и образование. – Ижевск: Издательский дом «Удмуртский университет», 2000. – 182 с.

ГРНТИ 29.01.45

САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ РАБОТА, КОНТРОЛЬ И САМОКОНТРОЛЬ В СИСТЕМЕ ОБУЧЕНИЯ

Б.С. Имангалиева
Ст.преп., ЗКУ имени Утемисова, г. Уральск
А.Е. Кузьмичева
Профессор, ЗКУ имени Утемисова, г. Уральск
Г.С. Шуйншкалиева
Магистр, ЗКУ имени Утемисова, г. Уральск

В докладе представлены некоторые подходы к организации самостоятельной работы (СР) студентов и магистрантов. Отмечено что при кредитно-модульной системе обучения особую значимость приобретает СР в системе контроля, который имеет не только контралирующую но и обучающую функци. Представлена система заданий, которая может быть использована в СР и контроле. Обращено особое внимание на контроль знанний оснавных физических понятий, величин, единиц измерения, размерности. Выделены единицы измерения, названные в честь ученых, внесших значительный вклад в развитие физической науки.

В тематических заданиях приведен пример многовариантной контрольной работы.

Ключевые слова: самостоятельная работа, физические понятия, величины, единицы измерения, размерность, классификация заданий.

Общественно-политичесие и экономические условия развития Республики Казахстан способствовали интеграции ее мировое образовательное пространство. Одним из условий такой интеграции являются радикальные изменения в структуре, формах, методах обучения, переход к кредитно-модульной системы обучения. На реформирование система оброзавание в последние десятилетие направлена научная и учебно-методическая работа университета, кафедр. Анализируется состояние и разрабатываются новые подходы к содержанию и формам обучения. Самостоятельная работа обучаемях, различные формы конроля, формирование навыков самостоятельной работы одинаково необходимы студентам (будущим учителям) и магистрантам.

Ключевыми фигурами оброзовательного процесса являются студент и преподователь. Роль последнего в современных условиях принципиально

изменяется с дополнением функций тьютора и консультанта, ведущего обучаемого от первых контактов до результата. Особую роль в достижении целей обучения играют библиотека, которая в нашем университетов очень высоко освещена научным и учебным материалом, в том числе, электронными ресурсами. Важную роль играет РИО университета, открытие которого окозалост очень своевременным.

Естественно-математическое образование, занимающее одно из ведущих мест в системе общего образования, является фундаментом научного миропонимания. Оно не только обеспечивает знание фундаментальных научных теорий, но и формирует у обучаемых умение исследовать и объяснить наблюдаемые явления [1]. Воспитание, формирование у обучаемых стремления к постоянному расширению и углублению знаний, умения к самостоятельному изучению предмета является одной из целей профессиональной подготовки учителя физики. На это направлены все формы учебной работы студента [2]. Понимание естественно-научной картины мира, связи наука и научно-технического прогресса – составная часть культуры современного человека. Предметная подготовка учителя включает не только определенный объем знаний, умений, но и развитие мышления. Результатом обучения должно быть освоение содержания программы и определенный уровень познавательного интереса, который выражается в информационной компетентности: умение формулировать проблему, ставить вопросы, поиск необходимой информации для ответа на них и формулировка ответа на основе понятий и законов физики.

Структура учебного процесса в школе и вузе включает различные формы аудиторных занятий, самостоятельную работу обучающегося, выполнение индивидуальных заданий, различные формы исследовательской работы. Результат обучения, уровень достижений проверяется различными формами контроля, который необходим для обучаемых и для обучающего. Преподователь (учитель) определяет, анализирует успехи, выделяет проблемы, намечает пути дальнейшей индивидуальной или групповой работы. Ученик, студент, магистрант по результатом контроля планирует свои действия по компенсаций пробелов или направление на более углубленное изучение предмета, приобретает навыки самоконтроля и самооценки. Достижение обучаемых – это не только знания, заложенные в память, но и приобретенные навыки их поиска. В последнем особую значимость имеет самостоятельная работа студента, роль которой в Вузе особенно возрасла в связи с переходом на кредитную форму обучения [3]. Самостоятельная работа не только дополняет знания, но и способствует формированию навыков самооценки, анализа своих знаний, выделения понятного и непонятного и т.п. Контроль педагога осуществляется постоянно при всех формах занятий. Специальный контроль: опрос, контрольные работы, тестирование и т.д. В Вузе – текущий еженедельный контроль, рейтинговый и экзамены. Обучаемые проверяют свои знания и умения, используя учебники и учебные пособия. Важный роль в этом имеет разработанная система вопросов и цикл задач. Самостоятельная работа направлена на формирование умения формулировать вопросы к заданной

ситуации как один из показателей понимания изучаемого материала. Важно и умение самому распределить изучаемый материал по блокам, и понять, понимание сущности поставленных вопросов.

Традиционно обучаемые готовятся к отчетности (контролю), используя конспекты, учебники, учебно-методические пособия, которые включают перечень вопросов и задач. Контроль может быть устный и письменный. Широкое распространие в последние годы получила тестовая форма контроля с различными видами тестов (открытые и закрытые, с однозначным или многозначным выбором ответов). Сохраняется и традиционная форма контрольных работ, в содержаний которых могут быть количественные задачи, и задачи качественные, предполагающие формулировку ответа на основе физических законов и формул без математических расчетов. Такие вопросы-задачи можно разделить на группы: законы и формула, физические процессы, природные явления, вопросы технического содержании (или физика в природе, физика в технике). Некоторые вопросы контроля рассмотрены учебно-методическом пособии [4].

Нами в помощь студентам в самостоятельной работе, в подготовке к различного вида контролю разработаны и апробированы дидактические материалы, которые стуктурированы, классифицированы по нескольким направлениям, и могут быть представлены в двух блоках, внутри которых – различного типа задания. Первый блок включает контроль знаний основных физических понятий, величин, единица измерения и размерности, законов и формул. В физике среди понятий выделяют физические величины – понятия, имеющие количественные характитристики, многие из которых имеют единицы измерения, размерность. Поэтому изучение любого вопроса, самоконтроль и контроль целесобразно начинать с выделения понятий физических величин, их знакового обозначения, единиц измерения и размерности. Понятия делятся на первичные, которое особенно трудно определить, и вторичные, которые определяют через первичные или другие вторичные ранее изученные с помощью соответствующих формул (определений). Например, напряженность электрического поля некоторый точке $\vec{E} = \frac{\vec{F}}{q}$ определется как сила, действующая на единичный заряд, помещенный в эту точку. Единицы измерения также делится на основные, которые «вводятся», и производные, которые строятся на основе соответствующих формул. Усвоение на начальном этапе исходных положении (основных понятий, величин, единиц измерения) – одно из главных условий успешности изучения физики. В процессе обучения важно обратить внимание на различие понятий «единица измерения» и «размерность» данной физической величины. Обучаемые должны знать договорной характер введения основных единицы (как стандартов мер и весов). Это в СИ единицы измерения масса, длины, времени, количество вещества, температура, силы тока и силы света. У этих величин «единица измерения» и «размерность» совпадают. Размерность величин, единицы которых являются производными, определяются

соответствующими формулами. Например, размер силы [F].=[ma].=кг*м/с^2, размерность величин заряда [q].=[It].=1A*c. В физике сложилась традиция: многим единицам измерения присвоены имена, в память об ученых: Ньютон – единица силы, Ампер – единица силы тока и т.д. Обучаемым необходимо усвоить получение размерностей этих единиц через основные. У величин, единицам которых имена не присвоены, единицы измерения совпадает с размерностью (скорость, ускорение) [6].

Умение работать с размерностями и единицами измерениями помогает в решении задач, поэтому методика рекомендует решение количественных задач в общем виде, и переход к расчетам только после проверки соответствия размерности или единицы измерения вычисляемой величине. Анализ размерности имеет большая значение в науке для установления связи между исследуемыми величинами. Искомое уравнение связи должна иметь разные размерности в левой и правой части уравнения. Освоение единицы измерения тесно связано с историей науки. Поэтому имет смысл в структуру контроля включить информацию о единицах в связи с деятельностью соответствующих ученых [5].

Задание 1. Назвать основные единицы измерения, описать их эталон (механика, МКТ и термодинамика, электромагнетизм, оптика, атом и ядро).

Задание 2. Назвать физические величины, единицы измерения которых посвящены ученым. Указать понятие величины, ее знаковое обозначение; об ученом – краткая информация по биографии и роли в науке.

Единицы измерения: Авогадро, Ампер, Ангстрем, Беккерель, Белл, Больцман, Вебер, Вольт, Галилей, Гаусс, Генри, Герц, Гильберт, Грэй, Джоуль, Кельвин, Кулон, Кюри, Ламберт, Максвелл, Ньютон, Ом, Паскаль, Пуазейль, Резерфорд, Ренттен, Риддберг, Сименс, Тесла, Торричелли, Уатт, Фарад, Фаренгейт, Ферми, Цельсий, Эйнштейн, Эрстед, Янский.

Задание 3. Определить (дать определение) физическое понятие, указать определяюшую формулу, единицу измерения и размерность величин в различных разделах физике.

– Скорость, ускорение, сила, импульс, момент силы, момент импульса, давление, плотность вещества, механическое напряжения;

– работа, энергия, количество теплоты.

– электрический заряд, плотность тока, напряжение, потенциал, удельное сопротивление, ЭДС, сопротивление, электроемкость, индуктивность, индукция магнитного поля, напряженность электрического поля, поток напряженности электрического поля, магнитный поток, скорость изменения индукции магнитного поля, скорость изменения магнитного потока, скорость изменения напряженности электрического поля;

– коэффициенты электропроводности, теплопроводности и другие;

– постоянные: Планка, Вина, Стефана-Больцмана, гравитационная, универсальная газовая;

– оптическая сила линзы, сила света, освещенность, световой поток;

– единицы измерения: активности, дозы излучения, физического эквивалента Рентгена, биологического эквивалента.

Задание 4. В него включены основные законы физики. Выполнение задания предпологает формулировку в математической и текстовой форме, объяснение всех входящих в закон физических величин, единиц измерения, размерности. Возможна дополнительная информация о роли данного закона, в теоремы, его применении в технике.

В содержание второго блока включены многовариантные контрольные работы, задания распределенные по различным разделам физики, задания на анализ природных явлений и технического содержания. Ниже предлогается несколько задании по многовариантным контрольным работам, на которое нами было обращено внимание соответствуюшим пособии [7]. В этом пособии предлагается система заданий для самостоятельной работы учащихся по контролю и самоконтролю. Работа над предлагаемыми заданиями позволяет проверить обучаюшему и обучаемым усвоение основных положений, законов изучаемой темы, выявить пробелы, обратить внимание на применение математического аппарата в физике. Использование предлагаемой авторами системы многовариантных заданий в профессиональной подготовке учителя целесобразно как в повышении качества предметной подготовки, так и методической. Форма заданий представляет собой задачные ситуации физических явлений, которые описываются рядом физических величин, из которых одни могут быть заданы, а другие требуется найти. Преподователь и сам может составить подобные задания и предложить их составление студентам бакалавриата, будущем учителям физики.

Выполнение каждого задания должно начинаться с актуализации знаний соответствующей теме: «что я знаю» и как применеить мои знания к предлогаемой ситуации. Основной целью решения любой задачи – не является получение ответа. Он давно известен. Цель учебной задачи – развитие физического мышления, умение применять занания, что поможет в дальнейшем решать творческие, научные задача. Предлогаемые задания напралены на выявление уровня освоений узловых вопросов курса физики. Они являются первым этапом контроля и самоконтроля, так как содержат несложные расчетные задачи. Для более глубокого и полного контроля усвоения учебного материала используются более сложные задачи, качественные, экспериментальные, практические, с более сложной задачной ситуацией.

Приведем примеры выполнения многовариантных контрольных работ.

В работе [7]. приведены контрольные задания для учащихся 9-х, 10-х и 11-х классов. Рассмотрем примеры предпологаемого выполнения задании.

Пример. Выбераем работа 8-10, 10 класс, по теме «Электростатика. Электрические заряды. Электрические поле».

Этап актуализации:

– Закон Кулона: Неподвижные точечные заряды взаимо действует с силом $F = \frac{kq_1q_2}{r^2}$, k=9*10^9 Н*м^2/Кл^2. Взаимодействие-притяжения или отталкивания.

– При одновременном взаимодействии нескольких зарядов сила, действующая на каждый заряд, определяется по принципу суперпозиции, как векторным сумма сил. Такое сложение – следствие того, что взаимодействие данных двух зарядов не зависит от наличия других зарядов.

– Закон Кулона применим для неподвижных зарядов и при движении с υ<<c.

– Потенциальная энергия двух зарядов $W = \frac{kq_1q_2}{r}$

– Одноименные заряды отталкиваются. При движении навстречу друг другу они могут сближается до росстояния, при котором удовлетворяется условие $\frac{m\vartheta^2}{2} = \frac{kq_1q_2}{r}$, Это условие превращения кинетического энергии зарядов в потенциальную

– Вокруг заряда существует поле $E = \frac{F}{q}$. Поле точечного заряда $E = \frac{kq}{r}$, чем дальше от заряда, тем поле слабее. Напряженнность поля нескольких зарядов $\vec{E} = \overrightarrow{E_1} + \overrightarrow{E_2} + \cdots$– Это аналитический выражение принципа суперпозиции.

В координатном представлении

$$\vec{E} = E_x\vec{i} + E_y\vec{j} + E_z\vec{k},$$

$$E_x = E_{x1} + E_{x2} + E_{x3} + \cdots$$

$$E_y = E_{y1} + E_{y2} + \cdots$$

$$E_z = E_{z1} + E_{z2} + \cdots$$

При сложении проекций векторов учитывается знак проекций.

Конденсаторы $C = \frac{q}{U}$, $C = \frac{\varepsilon\varepsilon_0}{d}$ (плоский), $E = \frac{U}{d}$

Электроемкость. Энергия электрического поля конденсатора

$$W = \frac{q^2}{2C}, W = \frac{CU^2}{2}, W = \frac{qU}{2}$$

$C=C_1+C_2+ \ldots$– параллельное соединения

$\frac{1}{C} = \frac{1}{C_1} + \frac{1}{C_2} +$ ... параллельное соединение.

– При переходе зарядов с одного конденсатора на другой часть энергия теряется на джоулево тепло в проводах

– Работа электирческого поля по переменного заряд A=qU.

Используя приведенную и дополнительную информацию можно предложит к решению задание по работе 9 [7].

Задание. Бесконечная диэлектрическая плоскость A_1A_2 (рис 1) имеет поверхностную плотность заряда σ_1, а шар из диэлектрика радиусом r имеет поверхностную плотность заряда σ_2. Напряженность поля в точке C, находящейся на расстоянии l от центра O шара, равна E. Определите величину, обозначенную «звездочкой».



Рисунок 1.

В блок 2 нами включены задания по различном разделом физики, задания с анализом природных явлениий технических задач. Условие задач взято из различных учебников, сборникоа задач и пособий.

Физическая наука представляет собой систему понятий величин, законов, формул, фундаментальных экспериментов и теорий. Все это должно входит в содержание обучения и контроля. Представленый выше материал содержит фрагмент системы заданий, вопросов, качественных и количественных задач, которая апробирована в работе со студентами и магистрантами. В полном обьеме материал готовится публткации в качестве учебно-методического пособия.

Литература

1 Мастропас З.П., Синдеев Ю.Г., Физика. Методика и практика преподавания. – Ростов-на-Дану: Феникс. 2022. – 288 с.

2 Бушок Г.Ф., Венгер Е.Ф. Методика преподования общей физики в высшей школе. – Киев: Наукова думка, 2000. – 415 с.

3 Организация самостоятельной работы обучающихся: Методическое пособие. под ред Бахишева С.М. – Уральск. РИО 2008. – 130 с.

4 Кузьмичева А.Е., Искалиева А.У. Контроль достижении обучаемых по молекулярной физике и термодинамика. РИО ЗКГУ им.Утемисова Уральск, 2013. – 162 с.

5 Хромой Б.П. Единицы измерения физических величин. – Москва: «Горячая линия–Телеком», 2019. – 150 с.

6 Ученые, в честь которых назвали единицы измерения https://diletant.media/articles/27933745.

7 Андрюшечкин С.М., Слухаевский А.С. Многовариантные контрольные работы по физике. – Москва: Школа-прес, 1998. – 96 с.

ҒТАМР 14.29.01

СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС БАРЫСЫНДА АҚПАРТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

А.А. Нақып
Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақалада сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларға сипаттама беріліп, олармен жұмыс барысында ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану ерекшеліктері сипатталған. Түзетушілік дамытушылық жұмыста инновациялық технологияларды пайдалану өте маңызды. Бұл балалардың логопедиялық сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын арттырады. Сол арқылы сөйлеу тілі бұзылыстарын біртіндеп және жүйелі жеңуге көмектеседі. Мақалада сөйлеу бұзылыстары бар балалармен жұмыс барысында АКТ қолданудың педагогикалық шарттарына сипаттама берілген.

Түйін сөздер: педагогикалық шарттар, сөйлеу тілі бұзылысы, АКТ, түзету жұмысы.

Соңғы жылдарда Қазақстан Республикасының білім берудегі гуманитарлық саласында болып жатқан өзгерістер білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың білімі мен әлеуметтік интеграциясына көбірек көңіл бөлуде. Біздің мемлекетіміздің оқытуда ерекше қажеттіліктері бар соның ішінде сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларға қатысты әлеуметтік саясаты, жалпы алғанда, олар үшін басқа балармен тең білім алу, оларды қоғамдық ақпарат алмасуға белсенді қосу мүмкіндіктерін жасауға бағдарланады. Мемлекетімізде сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалар үшін қолайлы, қоғамға қосудың ең тиімді жолдарын қарастыруда. Мұндай жағдайда сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың білімін модернизациялаудың көп өлшемді проблемасы туындайды, онда педагогикалық процестің сапасына әсер ететін және баланың жеке қажеттілігінің негізгі салаларының дамуына әсер ететін ақпараттық коммуникациялық технологияларды енгізу және қолданудың педагогикалық шарттарын анықтау басты орын алады.

Білім беру жүйесін дамытудың аймақтық ерекшеліктерін Ф.В. Габышева, Д.А. Данилов, Е.П. Жирков, В.П. Игнатьев, Е.И. Михайлова, А.В. Мордовская, Н.Д. Неустроев, А.И. Петрова, И.С. Портнягин және т.б. зерттейді, ал түзету

педагогикасы саласында келесі авторларды атап өтуге болады: Қ.Қ. Өмірбекова, Аутаева А.Н., Г.Н. Төлебиева, Г.С. Оразаева, Г.Б. Ибатова, Г.М. Коржова, Қ.Серкебаев, А.А.Байтурсынова және тағы басқалары.

Сөйлеу тілі бұзылысы бар балалармен жұмыс барысында ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданудың педагогикалық шарттары дегенде «шарт» сөзін талдағанда «шарт» сөзі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде міндет, қажеттілік деген мағына береді. Ал педагогикалық шарттар ұғымына тоқталсақ ол берілген мақсат, міндетке жеткізуді қамтамасыз ететін оқытудың мазмұны және ұйымдастыру түрлерінің обьективті және субъективті ерекшеліктері мен іске асырудың материалдық мүкіндігінің жиынтығы.

Педагогикалық шарттар дегеніміз тәрбиелеу мен оқытудың мақсат-міндеттерін, мазұнын, оңтайлы әдістері мен ұйымдастыру түрлерін анықтайды. Сол арқылы дидактикалық мақсатқа жетуге болады. Сондықтан да педагогикалық шарт ұғымын білім беру, оқыту, тәрбиелеудің негізгі мақсатына жеткізуге арналған мазмұны мен әдістерінің, тәсілдерінің бөліктерін оңтайлы түрде таңдап алу, құрастыру және оны оңтайлы пайдалану деп түсіндіріледі. Сондықтан сөйлеу тілі бұзылысы бар балалармен жұмыс барысында ақпараттық коммуникациялық технологияларды қоданудың педагогикалық шарттарын қою маңызды.

Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалармен жұмыс мәселесі бойынша зерттеулердің кең спектріне қарамастан, зерттеу тақырыбының даму дәрежесін талдау ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқу процесін ақпараттандырудың компенсаторлық және түзету-педагогикалық маңыздылығын түсінуге арналған ғылыми негізделген әзірлемелер мен ұсыныстар әлі де жеткіліксіз орындалғанын айтуға мүмкіндік береді. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану және олардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру арқылы сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалармен жұмыстың педагогикалық шарттарын қолдаудың практикалық тәжірибесін жинақтайтын ғылыми жұмыстар әлі де жеткіліксіз.

Сөйлеу тілі бұзылыстарының күрделі құрылымы қабылдаудың сақталған түрлеріне сүйене отырып, жүйелі түзету жұмыстарын жүргізу қажеттілігін анықтайды. Кез келген логопедтің тәжірибесінде, тұрақсыз психоэмоционалды жағдайы бар, жұмыс қабілеті төмен және тез шаршайтын балалар кездеседі. Мұндай балалармен ұзақ уақыт бойы үстелге отыру, айнаға қарау және артикуляциялық жаттығулар жасау, суреттерді сұрыптау, буындар мен сөздер тізбегін қайталау мүмкін емес. Сондықтан осы санаттағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қосымша ресурстары мен тәсілдерін табу өте маңызды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану арқылы сөйлеу тілі бұзылыстарын жоюға, бұзылысты түзету арқылы дамыта отырып оқыту міндеттерін біріктіруге, мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық дамуының заңдылықтары мен ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалармен жұмыс барысында АКТ қолдану сақталған қабылдау түрлеріне негізделген балалардағы компенсаторлық қабілетін белсендіруге ықпал етеді. Сөйлеу бұзылыстарын түзету бойынша

жұмыс, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің нәтижелерін бақылау, визуалды және есту қабілетіне сүйене отырып жүргізіледі.

Компьютер арқылы балаларға ақпараттың ең жақын және түсінікті бейнелі түрін көрсетуге болады. Сондықтан жұмыс барысы логопед үшін де, балалар үшін де қызықты өтеді. Мультимедиялық презентациялар динамиканы, дыбысты, түрлі-түсті бейнені біріктіреді, бұл ақпаратты қабылдауды едәуір жақсартады. Презентацияны қарап отырып, балалар ақпаратты тезірек және жақсы есте сақтайды, сурет пен дыбысты біртұтас етіп біріктіруді үйренеді. Компьютерлік ойындар, презентациялар сөйлеудің барлық компоненттерін сәтті игеруге ықпал етеді. Балалар эмоционалды және танымдық заряд алады, бұл олардың ойлануға, әрекет етуге, ойнауға, осы сабаққа қайта оралуға деген ынтасын тудырады. Бұл қызығушылық танымдық мотивация, ерікті есте сақтау және назар аудару сияқты маңызды құрылымдарды қалыптастыруға негізделген.

Компьютерлік ойындарды, мультимедиялық презентацияларды пайдалану түзету-логопедиялық әсер ету процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Олар:

– көрнекілікті жоғары эстетикалық және эмоционалды деңгейде қамтамасыз ету (анимация, музыка);

– дидактикалық материалдардың көп мөлшерін қолдану;

– сабақта орындалатын жұмыс көлемін 1,5 – 2 есе арттырады;

– балалардың танымдық белсенділігін арттырады;

– оқу мотивациясын арттыру дағдыларын меңгеруінің тиімділігі;

– деңгейлік тапсырмаларды пайдалана отырып, сараланған тәсілді жүзеге асыру;

– сөйлеу бұзылыстарын тиімді түзету;

– мектеп жасына дейінгі балаларды жазуға дайындау, оларда екінші реттік бұзылыс жазбаша сөйлеудің бұзылыстарының пайда болуын алдын алу;

– оқу іс-әрекетінің әдеттерін қалыптастыру (жоспарлау, рефлексия, өзін-өзі бақылау) Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік бейімделуде пайда болатын қиындықтарды азайту.

АКТ-ны түзету-логопедиялық жұмыстың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады:

– сөйлеу тілінің дамуын тексеру;

– дыбыс айтуын;

– фонемалық қабылдауды дамыту, жазу элементтерін игеру;

– тілдің лексикалық – грамматикалық құралдарын қалыптастыру;

– байланысты сөйлеуді дамыту;

– артикуляциялық моториканы, сөйлеу тынысын дамыту.

Сөйлеу тілі зақымдалған балалармен жұмыста ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану нәтижелі болады. Себебі балалардың көпшілігі белсенді, ашық болады, оларда мазасыздық аз болады. Экранда пайда болатын және өзгеретін суреттер кітаптағы дәстүрлі суреттерге қарағанда көбірек қызығушылық тудырады. Суреттердің динамикалық өзгеруі,

фон түсі, анимациялық кейіпкердің пайда болуы мен жоғалуы арқасында балалардың назарын ұзақ сақтайды. Балалар сабақтан қуанышты, сәттілік сезімімен кетеді.

Компьютерлік технологияларды қолдану оқытуды дараландыруға, әр оқушыға білімді игерудің жеке қарқыны мен әдісін қамтамасыз етуге, тәуелсіз өнімді іс-әрекетке, мөлшерленген көмекке мүмкіндік береді. Бұл педагогикалық шарттардың негізгісі болып табылады. Сабақтарда компьютермен жұмыс істеу балалардың әлеуметтік бейімделуі, олардың қарым-қатынасы мүмкіндіктерінің өсу перспективаларын ашады.

Ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданудың шарттары дамыту және оқыту сипатындағы ойындарды, танымдық қызығушылықты, сөйлеу тілі бұзылысы бар балалардың оқу мотивациясының деңгейін және педагогикалық әсердің тиімділігін арттырады. Сол арқылы жұмыс барысында сабақты компьютермен біріктіру оқу процесін қызықты, әр түрлі, қарқынды етеді. АКТ-ның интерактивті мүмкіндіктері, балалардың оң мотивациясы және еріксіз назары әр баланың сабақта бастамасын арттыруға мүмкіндік береді.

Жұмыс барысында компьютерлік технологияларды қолдану дәстүрлі және заманауи құралдарды, оқыту әдістерін саналы түрде біріктіруге мүмкіндік береді, түзету жұмыстарын оңтайландыруға, сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың оқуға деген ынтасын арттыруға, сол арқылы балаға сөйлеу терапиясының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Өмірбекова Қ.Қ., Серкебаев Қ. Логопедия. – Алматы, 1996.

2 Өмірбекова Қ.Қ. Логопедияның терминологиялық сөздігі. – Алматы, 2007.

3 Вренёва Е.П. Ресурсы информационно-компьютерных технологий в обучении дошкольников с нарушением речи. Логопед. – 2010, №5.

4 Денисова Т.Р. Организация занятий для дошкольников с использованием компьютера в ДОУ. Информационные технологии в образовании: материалы II Международной научно-практической конференции «Информационные технологии в образовании». КГУ – Курск, 2008.

5 Кукушкина О.И. Компьютер в специальном обучении: новое средство – новые идеи. – М.: ИКП РАО, Утрехт, 1995.

6 Кукушкина О.И. Компьютер в специальном обучении. Проблемы, поиски, подходы. Дефектология. – 1994. № 5.

7 Лизунова Л.Р. Компьютерная технология коррекции общего недоразвития речи у детей старшего дошкольного возраста. – Пермь, 2005.

ҒТАМР 14.25.09

ОРТА МЕКТЕПТЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ-МӘДЕНИ ТАЛДАУ

Ж. Есіркеп
Студент, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ.
А.С. Шонгалова
Ғылыми жетекші, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ.

Бұл мақала орта мектепте ағылшын тілін оқытуда мақал-мәтелдерді қолданудың әдістемелік негіздерін зерттеуге арналған. Оқушылардың шет тіліндегі сөйлеу-ойлау белсенділігін арттырумен қатар, бұл фразеологиялық бірліктер дүниетанымның қалыптасуына, өз елінің де, зерттелетін елдің де мәдениетіне құрметпен қарауға ықпал етеді. Біз өз жұмысымызда оқу іс-әрекетінің коммуникативтік-танымдық қажеттілігі мен жеке мағынасын қалыптастыратын орта мектепте ағылшын тілін оқытуда мақал-мәтелдерді қолданудың заманауи әдістері мен тәсілдерін теориялық және практикалық зерделеуді мақсат етеміз. Яғни, оқушылар жаңа білімді, фактілерді, құбылыстарды, заңдылықтарды игеруге, сондай-ақ оқытудың әлеуметтік маңыздылығын түсінуге бағытталған.

Түйін сөздер: орта мектепте оқу, шет тілі, ағылшын тілі сабағындағы мақал-мәтелдер, салыстырмалы-мәдени талдау.

Ақпараттық технологияны математика сабағында қолдану – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағыттау болып табылады. Еліміздің өркениетті елдер қатарына ұмтылуына байланысты оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру– қазіргі кезде білім беру саласындағы ең басты мәселе. Бұл білім берудің әлемдік деңгейіне сай болуды білдіреді. Олардың ең бастылары [1]:

– Білімнің әрбір адам тағдырындағы мәнділігін күшейту үшін оның дара тұлғаға бағытталуы;

– Қоғамдағы рухани құлдыраудан арылу үшін білімді ізгілендіру;

– Әр баланың білім алудағы өз қабілеті мен ынтасына сай туындаған сұранысын қанағаттандыру үдерісін өзіне лайық кәсіби бағдар алуымен ұштастыру;

– Оқыту процесін ұйымдастырғанда кез келген мәселені шешуге дайын,өмірдің сан алуан жағдайына бейімделе алатын дара тұлғаның негізін қалауға бағындыру.

Осы жағдайлар шешімін тапқанда оқушының функционалдық сауаттылығы дамитыны сөзсіз.

АКТ-ны қолдану математика сабақтарында басқа сабақтардағы сияқты, мұғалімге келесі мәселелерді шешуге тура келеді [3]:

– дидактикалық (сабақтың оқу материалын дайындау, компьютерлік бағдарламаны талдау);

– әдістемелік (тақырыпты беруде АКТ-ны қолдану әдістерін анықтау, сабақтың нәтижесін талдау, келесі оқу мақсатын қою);

– ұйымдастырушылық (оқушының шамадан тыс жүктелуін және уақытты тиімсіз өткізуді болдырмайтындай етіп жұмысты ұйымдастыру);

– оқыту (қарастырылған тақырып бойынша оқушылардың білімдерін және ұсынылған бағдарлама бойынша біліктері мен дағдыларын нығайту және бекіту).

Қазіргі заманауи білім порталдарын, платформаларын қолдана отырып оқушылардың пәнге қызығушылығын одан әрі арттыруға мүмкіндіктер көп.

Мен өз сабақ.тарымда интерактивті тақта көмегімен learningapps.org порталында сәйкестендіру тапсырмаларын ұсынамын, Padlet.com тақтасында оқушылармен кері байланыс жасаймын, үй тапсырмаларын тексеремін, сонымен қатар Wordwall порталы арқылы әртүрлі интеарктивті тапсырмалар беремін. Нәтижесінде оқушылардың жаңа ойларын, әсерлі идеяларын тартымды етіп көрсететініндігін аңғардым, математикаға қызығушылықтары артқандығын байқадым. Сонымен қатар жаңа материалдарды бірігіп талдауда маңызы зор. Бұл электронды ресурстар арқылы оқушы жаңа ақпараттарды

жеңіл меңгереді, жаңа нысандарды жасауға және жылжыту тиімділігіне қол жеткізеді [6].

Ақпараттық технологияны математика сабағында қолдану оқушылардың материалдарды жақсы түсінулеріне жетелейді. Сонымен қоса талдау жүргізуді басқара отырып пән мұғалімі оқушылардың шағын топтарда жұмыс жасауына жол сілтейді. Осыны басшылыққа ала отырып мен барлық оқушылардың интерактивтік тақтаға назарын аударып, алдын ала дайындалған материалдарды жеңіл меңгеруіне, кей қиындығы жоғары есептердің шығарылу жолдарын тақтадан көрсету арқылы уақытты үнемдеуге ықпал жасай аламын. Сабақ беру барысында компьютерлік желілер технологияларын қолдана отырып, бұл материалдарды түсіндіру кезінде оқушылардың компьютердің негізгі құрамымен бірге интернет желісінен ақпарат іздеуді меңгеру машықтығы көрінеді. Интернеттен кез келген аудиовизуалды ақпарат алуға және оны оңайлықпен қолдануға, сонымен қатар мұғалім мен оқушының арасында ақпаратты қарым –қатынас орнатуға кең мүмкіндік береді [4].

Ақпараттық технологияның мұғалімдерге берер мынадай мүмкіндіктері байқалды:

– мұғалім үздіксіз ізденіс үстінде жүреді;

– жеке тұлғаны қалыптастырудаға жауапкершілігі артады;

– инновациялық технологияларды қолдану іскерлігі, әдіс-тәсілі артады, жас мамандардың қызығушылығын туындатады;

– мектептегі басқа пән мұғалімдерімен тәжірибе алмастыру арқылы ұжымның ұйымшылдығының ұйтқысы бола алады [2];

– интернетке кіру жүйесі арқылы әлемдік деңгейде іс-тәжірибе алмасуды қалыптастырады және оқытудың түрлі әдіс тәсілдерін игеруге қол жеткізеді;

– мұғалім сабақты қызықты, жүйелі түрлендіріп өткізуге машықтанады.

Ақпараттық технологияның оқушыларға берер мүмкіндігі [5]:

– түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық анықтамалар арқылы білімін жан-жақты жетілдіреді, дамытады;

– өз бетінше онлайн тест тапсырмаларын орындайды;

– тақырыптан қалып кеткен немесе дұрыс түсінбеген тақырыптарды қосымша қайталап алуға мүмкіндік беріледі;

– ақпараттық технологияны математика сабағында қолдану барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, үздіксіз ізденісі артады;

– ойлау, есте сақтау, пікір сайыстық қабілетті дамиды;

– өз ойын сызба, сурет, кескіндеме, кесте, графиктік моделдер түрінде жеткізеді;

– түрлі бейнелік, сілтемелік, нұсқаулық тапсырмаларды орындайды;

– түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындап өзінің алған білімін тексереді.

Ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін айта келе, осы технологияны меңгерудегі мұғалімнің кәсиби шеберлігі, ақпараттық технологияны дұрыс және ұтымды қолдана алуы басты мәселе. Әрбір ұстаздың мақсаты – оқытудың

барлық компоненттерін пайдалана отырып оқушыға жалпы орта білім деңгейінде терең білім беру, әрбір оқушыны жан-жақты құзыретті етіп тәрбиелеу.

Математика – ерекше құдіретті ғылым, ал математика пәнінің мұғалімі баланың бойындағы ақыл, білім, парасат, сабырлық, шығармашылық қасиеттерін бойынан аша білетін тұлға. Қазіргі уақытта математика ғылымы кең етек алып дамуда. Сондықтан математиканы оқытудың мазмұнын ашуды жүзеге асыру үшін жаңа ақпараттық технология құралдары ауадай қажет. Қазіргі ақпараттық технологияның озық жетістіктерін математика сабағында қолдану арқылы танымдылық іс-әрекеттерін ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзіреттілігін дамытуға болады. Математика сабақтарында оқытудың ұйымдастыру формаларының жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыс жасау түрлерін пайдаланамын. Сабақта жақсы оқитын оқушылар компьютерге жеке тәртіптермен кезекпен жұмыс істейді және тапсырмаларды орындап болғаннан кейін жоғары деңгейлі күрделі жаттығуларды орындайды. Мұндай сабақ оқушылар тобының сабақтан жалығуына,бос отыруына жол бермейтініне көзім жетті.

Жалпы қорытындылай келе, математика сабағында ақпараттық тенология көмегімен қызықты тапсырмалар ұсыну – қазіргі кездегі математиканы терең меңгеруге, жаңа тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді, білімді меңгерумен қатар, оқушылардың танымдық, ойлау қабілетін күшейтеді, күрделендіреді, соның әсерінен ойлау жүйесін дамытады, оқушылардың алған білімдерін тереңдетеді, сабақтың сапасын жақсартады, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, сүйіспеншілігі артады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М., 2000.

2 Фридман Л.М. Изучение личности учащегося. – М., 1988. – 198 с.

3 Компьютерлік оқыту программаларын қолдану. Информатика-физика-математика журналы. – Алматы, 2000. №3. – Б.10-13.

4 Білім беру үдерісінде қолданылатын ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері. «Экология, білім, ғылым және қоғам» атты республикалық ғылыми-теориялық конференциясының еңбектері. – Кентау, 2006. – Б.356-361.

5 Информатика пәнін оқытудың педагогикалық-психологиялық мәселелері. «Экология, білім, ғылым және қоғам» атты республикалық ғылымитеориялық конференциясының еңбектері. – Кентау, 2006. – Б.409-414.

6 Компьютерлік оқыту программаларын қолдану. Информатика-физика-математика журналы. – Алматы, №3. 2000. – Б.10-13.

7 Қазақстан мектебі. №6. 2008, № 3.

ҒТАМР 14.85.01

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ

Б. Шопан
Магистр, биология мұғалімі, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Мақалада биологиялық білім беру мен тәрбие мәселесі қарастырылған жалпы биологиялық білім мен тәрбиенің өсіп келе жатқан жеткіншекке деген маңызы көрсетілген. Дәстүрлі оқыту жүйесі мен жаңа технологиялық оқыту модельдерінің ерекшелік және ұқсастықтарының биологидан білім берудегі орыны және осы талаптарды биология сабағына қолдану мен ерекшеліктері айтылады. Блум таксонмиясының білім мен тәрбиедегі орыны мен маңызы биологиялық білім беруде қолдануылуы негізделген.

Түйін сөздер: тұлға, биологиялық білім, дүниетанымдық көзқарас, мәдениет, рухани құндылық, жаңартылған білім.

Жас ұрпаққа өмірдің құндылығын түсініп, тұлға болып қалыптасуында биологиядан білім берудің маңызы бар.

Биологияны зерттеу – жер бетінде адам баласының өмір сүруіне ықпал жасаумен катар биосфераны сақтау аркылы адамзат баласы дамуының басты кепілі. Табиғатпен тең құқықта бірлесіп тіршілік ету, тірі жүйені дүниенің басты бейнесі етіп тану. Сондықтан да биология ғылымың жаратылыстанудың ішіндегі көшбасшы деп атайды. Биологиялық білім беруде орта және жоғары оқу орындарында жас ұрпақтың ғылыми дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру үшін биологияның басқа ғылым салаларымен байланысын, теориясын, методологиясын, аралық байланыстардың түрлері мен әдістерін меңгерту керек. Сондықтан әдіснамалық негізсіз биологияны жеке пән ретінде қарап, мәселені шешуге болмайды.

Биологиядан білім беруді жетілдіру, дамыту үшін ең басты нысандары – оның міндетін, мақсатын анықтай отырып, ғылыми тұрғыдан білім беру жүйесінің біртұтастығын қалыптастыру, ал әдістеменің мақсаты – әдіснаманың көмегімен теориялық қағидаларды, заңдылықтарды, практика жүзінде іске асыру.

Енді осы мәселенің жалпылама калыптастыру тарихына шолу жасайтын болсақ, оның негізін Ф. Бэкон калаған (1561-1626). Ғалым идеяларының ішіндегі ең маңыздылары:

– *эмпиризм* (тожірибе) – білім берудің ен басты көзі және тәжірибе аркылы іске асыру:

– *утилитаризм (грекше* пайдалы, тиімді); практикалык пайдалы, тиімді жақтарын саралап қолдану;

– *индуктивизм (латынша* бөліп алу) тәжірибе жүзінде алынтан фактілерді қорытындылап, тұжырымдап зандылықтарын қалыптастыру;

– *каузализм (латынша* себеп) тану, білу барысында болатын құбылыстардың себеп-салдарын ажырата білу;

– *редукционизм (латынша* кері кайту) күрделі үдерістерді қарапайым жолмен түсіндіру [1].

Осы айтылғаи ережелердің барлығын бір-бірімсн тығыз байланысты деп карастыруға болады. Ф. Бэконның философиялық қағидаларын дидактика саласына таратып пайдаланған, дидактиканыц негізін қалаушы – Я.А.Коменский (1592-1670) [2].

Бұл ғалымныц басты идеясы – табиғаттың құбылысын, құрылымын түсіндіру үшін көптеген ғылыми мәліметтердің ішінен ең бастысыи сұрыптап, таңдап ала білу. Танымдылықты қалыптастыруда адамның сезім мүшелері арқылы қабылданып, оның себептерін айқындап, аралық байланыстарын бір жүйеге жинақтап, белгіліден белгісізге, жақыннан алысқа, жекеден жалпыға, жеңілден ауырға, нақтыдан дерексіз түсініккс келтіру.

Биологиялық білім берудің өткеніне көз жіберсек, әртүрлі ізденістер жүргізіліп оқу мазмұны мен құрылымына белсенді зерттеулер жасалды (1918-1927).

Білім беру орта сыныптарда утилитарлық, жоғары сыныптарда академизммен үйлестіріліп жүргізілді. Қоғам саясаты атеизммен байланыстырылып (1932-1937), кейіннен атеизм ыдырап, псевдоутилитарлық дамыды (Лысенко, 1938-1965), ал 1965-1990 жылдарда академизм қайта туындап, практика мен политехникалық бағыт қалыптасты.

Биологиядан білім берудің мақсаты, мазмұны және құрылымы әлеуметтік тапсырысқа, қоғамдық қажеттілікке байланысты жанартылып отырады. «Биология» пәнінен білім беру үдерісін теориялық және практикалық тұрғыдан қалыптастыру мәселесін белгілі психолог В.В. Давыдов айтқан болатын. Ғалым білімді меңгеру жекеден нақтыға бағытталып жүргізілгенде ғана оны меңгеру тиімді болатындығын көрсетті. «Биология» пәнінен білім беруді спиралды құрылым арқылы іске асыру қолайлы. Бірінші кезеңде мына максатты іске асыруға болады:

– дүниетанымдық көзқарас – оқушыларға түрлі табиғаттың ғылыми бейнесін түсіндіріп, биологиялық білімінің мәдениет саласындағы рөлі, табиғаттың біртұтастығы жайлы құндылықты ашып көрсету;

– әдіснамалық табиғат құбылысын зерттеп білуге, тануға, жоспарлауға. бақылауға, тәжірибе жасап теориялық идеяларды нақты көрсетуге, үлгісін құрастырып, болашақты пайдалануға бағытталған.

– теориялық – биологияны теориялық тұрғыдан оқыту үшін табиғаттағы түрлердің алуантүрлілігін, экологиялық жүйелеудің құрылысын үйрету, т.б.

– практикалық – әртүрлі логикалық есептерді шешу. тәжірибе қою. табиғатты қорғау және тиімді пайдалану, т.б. Бұл айтылған мәселелер төменгі сыныптарда жүргізілуі тиіс [3].

Ал жоғарғы сыныптарда екінші деңгейде фундаменталды теориялар, оның пайда болуы мен дамуы оқытылады. Осы сыныптарда ғылыми танымдылықты модельдеуді тарихи тұрғыдан қалыптастыруды мазмұндау керек [4].

Қазіргі уақытта «Биология» пәнінен білім берудегі басты мақсат өркениетті бейнелеуге бағытталған. Биологияны оқытудағы тоқырау ғаламдық проблемаға айналып, адамзат баласының дамуына кері әсерін тигізіп жатыр. Сондай дағдарыстардың бірі – экологиялық тоқырау. Адам мен табиғат арасындағы байланыстын бұзылуы, рухани құндылықтың жоғалуы табиғатты күштегі өзіне бағындырудың нәтижесі деп айтуға болады.

Сондықтан да биологияны оқытуды өркениеттіліктен мәдениетке қарай қайта карастыру керек. Мәдениет – адам іс-әрекетінің жалпы технологиялық қызметі, материалдық, практикалық, әлеуметтік және рухани көзі. Дүниенің біртұтастығына жету тек мәдениет жүйесінде, философия, этика, эстетика, техникалық ғылымдарға синтез жасау арқылы іске асырылады[5].

Осы айтылған ой-пікірлерді оқытудың жаңа технологияларында қалай жүзеге асыруға болады?

Осы жаңа технологиялық оқыту яғни, жаңартылған білім бағдарламасының ең бірінші ерекшелігі пән мазмұнының спиральды берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

– оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды, мұнда тақырыптар әртүрлі деңгейде қайталанады, кейде бір тоқсан аясында, кейде әр тоқсан сайын;

– әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі, мұнда тақырыптар әрбір келесі деңгейде алдыңғыға қарағағанда анағұрлым күрделі әрі тереңдетіліп оқылуы тиіс;

– жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады, мұнда деңгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артып отыруы керек [6].

Екінші ерекшелігі Блум таксономиясының оқу мақсаттарының ирархиясы (1 кесте). Оқу үдерісінде білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау сатыларында оқушылар іс-әрекет етеді [7].

Кесте 1. Блум таксономиясының оқу мақсаттарының ирархиясы

Білу	**Нақты іс-әрекетті іске асыру**
Түсіну	Іс-әрекеттің мазмұнын сипаттау
Қолдану	Алған білімін күнделікті өмірде қолдана, іске асыра білу

Анализ	Әрекетті екінші әрекетпен салыстыру
Синтез	Салыстырған әрекеттің жақсы-жаман жақтарын салыстыру.
Бағалау	Сарапталған бүтін дүниеге баға беру. Өз көзқарасын, пікірін айта білу

Үшінші ерекшелігі ортақ тақырыптардың меңгерілуі. Бастауыш сыныптарда сегіз ортақ тақырып бар. Олар барлық пәндерде де беріліп отырады. Тақырыптар бір-бірімен тығыз байланыста, сабақтастықта өтеді.

Төртінші ерекшелігі оқу мазмұнының ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарларының құрылып, құрылған жоспарлардың жүйелі іске асуы.

Кесте 2. Оқу мазмұнының жоспарлары.

Ұзақ мерзімді жоспарлау	Оқу бағдарламасы Пәннің мазмұны
Орта мерзімді жоспарлау	Жұмыс барысы Тізбектелген сабақтар
Қысқа мерзімді жоспарлау	Жеке, дербес сабақ

Бесінші ерекшелігі оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушы бойында адамгершілік-рухани қасиеттерді қалыптастыру керек.

Оқушылардың бойында қалыптастыруды қажет ететін рухани құндылықтар мен дағдылар 3 кестеде көрсетілген.

Кесте 3. Оқушылардың бойында қалыптастыруды қажет ететін рухани құндылықтар мен дағдылар.

Рухани құндылықтар	**Дағдылар**
шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;	сын тұрғысынан ойлау;
қарым-қатынас жасау қабілеті;	білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;
өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;	проблемаларды шешу қабілеті;
жауапкершілік;	ғылыми-зерттеу дағдылары;
денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;	қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда);
өмір бойы оқуға дайын болу.	жеке және топпен жұмыс істеу. АКТ (ақпараттық коммуникациялық технологиялар) саласындағы дағдылар

Алтыншы ерекшелігі білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою болып табылады. Білім беру салалары мен пәндеріне тоқталатын болсақ, ол 6 саладан тұрады. Олар бір бірімен сабақтасып байланыста болады.

Жетінші ерекшелігі бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сай келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударуы.

Сегізінші ерекшелігі оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұсыным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысуы). Белсенді оқу – оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді.

Сыныпта қолданылатын бұндай тәсілдерге топтық жұмыс (Brodie, 2000), ойын «баламалары» (Bergen, 2002) және пән бойынша белгілі тақырыптағы ойындар кіреді (Peters, 1998). Бастауыш сыныптарда ойын шынайы өмірдің белгілі бір аспектілерін модельдеу және зерттеу үшін ұсынылған мүмкіндік болып табылады. Домино және карта сияқты дәстүрлі ойындар математика сабақтарындағы кездейсоқтық пен ықтималдық мәселесін қарастыруда оңтайлы болмақ. Шарада, тақтада сөздерді біріктіру немесе сөздерді жіктеу сияқты ойындар – тіл үйренуді қамтамасыз етудің және оны көрсетудің бірден-бір қызықты әрі тартымдытәсілдерінің бірі. Көптеген стратегиялық ойындарды (мысалы, «Алға» («Go») деп аталатын ежелгі қытай ойыны) тұрғындар мен қоғамның өсуін модельдеу үшін пайдалануға болады [8].

Жаңа технологиялық оқыту мен дәтүрлі білімді салыстыратын болсақ, ерекшеліктерді байқауға болады (4 кесте).

Кесте 4. Жаңартылған білім мазмұны мен дәстүрлі білім үлгісінің салыстырмалы сипаттамалары.

Негізгі сипаттамалар	**Дәтүрлі оқыту үлгісі**	**Жаңартылған білім үлгісі**
Оқыту мақсаты	Оқыту бағдарламасында белгіленген білім көлемін меңгертуге бағытталған оқыту нәтижесі	Оқушының оқу қызметін оның танымдық қызметі негізінде ұйымдастыру, білім алуға үйрету
Мұғалімнің рөлі	Басқарушы, жетекші, оқыту үдерісінің субъектісі, білім көзі	Оқыту үдерісін, оқушының танымдық қызметін ұйымдастырушы, кеңесші, менеджер
Оқушының рөлі	Дайын білімді селсоқ қабылдаушы, оқыту үдерісінің объектісі	Белсенді, білім іздеуші, оқыту үдеріснің субъектісі
Білімді ұсыну формалары	Дайын күйінде, үлгі бойынша. Сөздік әдістер мен мәтіндік формалар арқылы: баяндап айту, әңгімелеп баяндау, әңгімелеп-бекіту, лекция, реферат	Аудио, визуалдық, графикалық көрнекіліктер мен интерактивті әдістер арқылы
Білімді қолдану	Білімді бақылауға дайындық мақсатында	білімді нақты жағдайда практикада қолдану

	типтік тапсырмалар мен жаттығуларды қолдану	
Оқушы қызметінің формасы	Фронтальды және жеке сұрау жүргізу	Оқушының өз бетінше жұмысы, топтық, жұптық, ұжымдық формалары
Оқытудың негізгі әдіс-тәсілдері	Сөздік әдістер: баяндап айту, әңгімелеп баяндау, әңгімелеп– бекіту	Мұғалім мен оқушының, оқушылардың бір-бірімен өзара әрекеттесуіне негізделген интерактивті тәсілдер

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында сабақты тиімді өткізуде ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді.

Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, жан-жақты,шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болып, нәтижеге жетеді». Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу» – деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек [9].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Косунская В.М. Общая методика преподавания биологии. – М. 1983.

2 Коменский Я.А. О развитии природных дарований. Изб. пед. соч.в т-2. – М. 1982.

3 Зверев И.Д., Мягкова А.Н. Общая методика преподавания биологии в школе. – М. 1985.

4 Торманов Н.Т. Биологияны окыту одісі. – Алматы, 2000.

5 Пономарева И.Н. Общая методика обучения биологии. – М. 2007.

6 Инновационные педагогические технологии: материалы III Междунар. Науч. Конф. – Казань, октябрь 2015 г.

7 http://uchitelya.com/biologiya/10562-konspekt-uroka-mezhpredmetnye-svyazi-v-obuchenii-biologii.html.

8 http://www.studentinfo.net/faq84-secondary-school.

9 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973. – 446 б.

ГРНТИ 14.07.09

ТРУДНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ БЛОГОВ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

А. Бауыржанқызы
Магистрант, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, г. Алматы

В статье рассматриваются основные преимущества и недостатки использования блогов в обучении английскому языку. Также приведены рекомендации по использованию блога в обучении английскому языку. С помощью блога можно размещать картинки, различные ссылки и видео для прослушивания. Однако это вызывает привыкание и является большой проблемой.

Ключевые слова: блоггинг, английский язык, преимущества, недостатки блога, веб-блог.

Обучение всегда происходит в контексте, и в настоящее время это означает технологически богатый контекст. Важным соображением является то, как использовать технологии, чтобы они поддерживали обучение и преподавание.

Интернет-инструменты повышают творческий потенциал учащихся (например, когда они готовят презентации или создают веб-сайты) и способствуют общению и сотрудничеству с другими учащимися по всему миру (благодаря таким инструментам, как блоги, вики, а также благодаря загрузке фотографий, видео или подкастов). Кроме того, новые технологии позволяют учащимся получать немедленную обратную связь, что повышает их мотивацию, интерес и побуждает их к более тщательному изучению области, которую они изучают (учащимся легко изучать проблему, поскольку все понятия в Интернете связаны между собой гиперссылками). Таким образом, обучение с использованием интернет технологий способствует множеству навыков, грамотности, критическому мышлению, рассуждениям, анализу, организации информации, выбору ценной информации, общению, творчеству, автономии и сотрудничеству. Наконец, компьютерное обучение помогает подготовить учащихся к получению знаний на протяжении всей жизни [1].

Веб-блог (блог) – это часто обновляемый веб-сайт, на котором отображаются записи обычно в обратном хронологическом порядке, которые посетители могут комментировать. Блоги обычно сочетают текст, графику и тематические гиперссылки. При использовании в классе иностранного языка

учащимся предлагается писать, пересматривать, размышлять над отзывами и комментировать работу друг друга, они находят письменное задание интересным, целеустремленным и актуальным. Следовательно, у блогов есть потенциал для увеличения обмена опытом между студентами и социальных навыков [1]. Деятельность на основе блогов включает написание информации, относящейся к классу, и журналов для размышлений, рассказов, тем для обсуждения, но блоги также можно использовать для общения с родителями. Учащиеся также могут рецензировать и комментировать работы других учащихся, совместно готовить письменные задания или проекты.

Eastment исследует другие преимущества и недостатки использования блогов в классах иностранного языка [2]. Ее исследование показывает, что есть много полезных сторон в написании блогов для студентов. Они пишут для аудитории, для какой-то цели и нет строгого форматирования и все, что они пишут, сразу появляется в блоге. Кроме того, учителя могут использовать блоги, чтобы побудить учащихся задуматься о собственном обучении. Однако она подчеркивает, что когда дело доходит до чтения чужих блогов, это может быть проблематично в образовательных целях. Блоги могут быть слишком личными или они создаются для регулярного отслеживания в течение определенного периода времени. Поэтому, когда кто-то читает его без каких-либо фоновых данных, он может не понять, что происходит в блоге.

Несмотря на множество преимуществ, обучение с поддержкой технологий имеет несколько ограничений. Некоторым учащимся может быть неловко писать и публиковать текст, содержащий различные ошибки; их могут запретить оставлять комментарии в блогах их одноклассников. Лю и Хансен [3]. утверждают, что обратная связь учащихся может быть ограничена следующими факторами: культурным происхождением учащихся, их коммуникативными способностями и способом обратной связи со сверстниками. Другие недостатки внедрения ведения блога в классе включают чувство беспокойства при комментировании работ своих одноклассников, снижение мотивации, когда комментарии оказываются расплывчатыми или злобными. Как утверждает Гедера [1], некоторым учащимся трудно высказывать конструктивную критику в отношении постов своих сверстников, не будучи грубым или оскорбляя чувства других.

Кроме того, оценка успеваемости учащихся в блогах также является проблемой. Многие исследователи предлагают новое понимание оценки успеваемости учащихся в блогах. Они утверждает, что успех ведения блога не зависит от того, пишут ли студенты свои блоги или нет. Вместо этого он основан на том, не удается ли инструктору успешно связать действия в блоге с социальными элементами, а также на повестке дня, для которой инструктор создал блог.

Блоги имеют большой потенциал для обучения в классе, и это тесно связано с тем, что блоги являются социальной сетью. Однако создания блога и постановки задач ученикам недостаточно, чтобы блоги стали успешным инструментом обучения. Поскольку блоги в основном используются для

занятий по чтению и письму, внимание следует уделять не только документированным, но и невидимым читателям и авторам блогов. Персонализация и оценка – два ключевых элемента блогов для достижения желаемого социального или общественного эффекта. Персонализация является важным фактором для создания личного пространства учащихся для создания настоящего классного сообщества. Кроме того, оценка также имеет решающее значение для отслеживания успеваемости учащихся в блоге, а также для того, чтобы преподаватель был открытым фасилитатором.

Блоги могут создавать проблемы на уроках иностранных языков, потому что они могут быть:

а) отнимает много времени;

б) слишком личное или созданное для регулярного отслеживания в течение определенного периода времени;

в) расплывчатые инструкции.

Исследования, которые были проведены по использованию блогов в обучении английскому языку, сосредоточены на мнениях студентов или преподавателей и констатируют очень мало проблем, связанных с ведением блогов. Тем не менее, анализ темы с точки зрения, как учителей, так и учащихся, а также исследование причин проблем в этой теме имеют решающее значение.

Учитывая, что ведение блогов – это растущая технология, у блогов гораздо больше возможностей, чем в прошлом. Поскольку эти новые функции формируют новую концепцию блога, они имеют решающее значение для анализа использования блогов в образовании.

Таким образом, представленное здесь исследование исследует мнения и проблемы, связанные с использованием блогов в курсах EFL; он дает подсказки о том, как эффективно использовать блоги на языковых курсах

Таким образом, хотя блоги могут быть полезны, важно отметить, что они всего лишь инструменты, а не сама цель. Они предназначены не для всех и не для всех классов, и их необходимо сделать неотъемлемой частью дизайна курса. Тем не менее, использование блогов в качестве инструмента обучения кажется малозатратным при высокой отдаче. Хотя необходимо провести дополнительные исследования того, как можно более эффективно использовать блоги, очевидно, что технологии будут продолжать влиять на обучение. По словам Дайаны Облингер, «наше внимание уже сместилось с преподавания на обучение.. Многое из того, что мы делали в прошлом, ограничивалось преобладающей концепцией классной комнаты, но лекция и лаборатория – это только два способа учиться.. Следующим шагом может стать интеграция систем управления знаниями и электронного обучения для расширения существующей практики» [4].

Резюмируя вышесказанное, можно сделать следующий вывод. Хотя блоги индивидуальны, блоги учителей должны иметь следующие особенности, а также подробные конкретные требования к студентам:

– электронная доска объявлений: в основном для размещения уведомлений и последних новостей, похвалы за хорошую работу и демонстрации лучших работ;

– модуль управления ресурсами: материалы иностранного языка хорошо классифицированы в хронологическом порядке;

– электронные записи учащихся: запись всего процесса обучения каждого учащегося, чтобы правильно оценить его работу;

– модуль управления короткими сообщениями: для своевременного общения с некоторыми учащимися, чтобы лучше понять их обучение;

– модуль управления предложениями: учителя обобщают свои размышления об идеях и методах обучения в ответ на предложения учащихся;

– взаимосвязь: составить список некоторых полезных веб-сайтов и некоторых индивидуальных и групповых блогов для дальнейшего изучения и обмена.

Литература

1 Gedera D. & Pahala S. Integration of weblogs in developing language skills of ESL Learners. International Journal of Technology in Teaching and Learning. – 2011. – vol. 7, no. 2. – P. 124-135.

2 Eastment D. Web sites for the language teacher: Blogging. EFL Journal. – 2005. – Vol.59/4. – P. 358-360.

3 Liu J., Hansen J.G. Peer response in second language writing classrooms. Ann Arbor eMI MI: University of Michigan Press. – 2020.

4 Morrison J.L., Oblinger D.G. Information technology and the future of education: An interview with Diana Oblinger, The Technology Source, Retrieved on July 22, 2008, from: http://technologysource.org/article/information_technology_and_the_future_of_education/

ҒТАМР 14.07.07

ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Т.У. Есенгалиева
Магистрант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.
Г.Т. Кубесова
Ғылыми жетекші, г.ғ.к., доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Мақалада жаңа геоэкологиялық ойлауды қалыптастырудың өзектілігі анықталып, геоэкологиялық білім беру жүйесін дамытудың мүмкін бағыттары қарастырылып, қазіргі білім беру жүйесіндегі геоэкологиялық білім беру міндеттері нақтыланды. Геоэкологиялық білім берудің өзектілігі адамзат алдында тұрған экологиялық проблемалардың ғаламдық сипатына және геоэкологиялық жауапкершілікті, геоэкологиялық мәдениетті қалыптастырмай оларды шешу мүмкін еместігін айта кетуіміз керек. Экологиялық проблеманы қалыптастыру кезеңінде оқушылардың өзіндік қызметін ынталандыратын әдістер ерекше рөл атқарады.

Түйін сөздер: геоэкология, экологиялық білім беру, геоэкологиялық білім беру, экологиялық білім беру әдістері, географиялық ғылымның бағыттары, экологиялық білім беру нысандары.

Қазіргі уақытта қоғам орнықты дамудың негізгі факторлары әлемдік қоғамдастық қабылдайтын экологиялық қауіпсіздік кепілдіктері болып табылатынын ұғынуда. Осыған байланысты үздіксіз экологиялық білімге көп көңіл бөлу керек. Алайда, нақты өмірде жалпы орта білімнің экологиялық бағыты жеткіліксіз.

Экологиялық білім беру мектеп пәндерін экологияландыруды; олардың мазмұнына экологиялық ұғымдарды енгізуді және оқу бағдарламаларында экология бойынша мәселелерді бөліп көрсетуді көздейтін көп пәндік модель шеңберінде іске асырылады.

Экологиялық білім – бұл өсімдіктер мен жабайы табиғаттың тіршілік ету ортасымен, адам туралы; табиғи байлықты пайдалану, қоршаған ортаның ластануы туралы ақпарат.

Экологиялық білім – бұл ғылыми және практикалық білім мен дағдылар жүйесін қалыптастыруға бағытталған жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытудың үздіксіз процесі. Мұның бәрі жеке адам мен қоғамның әлеуметтік-

табиғи ортаның жай-күйі мен жақсаруы үшін экологиялық жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған [1, С.333-336]. Принциптер: гуманизм, ғылым,интеграция, үздіксіздік, жүйелілік, күрделілік, теориялық білімнің практикалық қызметпен байланысы экологиялық білім берудің түпкі мақсаты болды.

Қазіргі мектеп географиясындағы экологиялық тақырып мәселелерін барлық сыныптардан байқауға болады (4-11 кл.).

Географиялық ғылымның үш негізгі бағыты бар: ізгілендіру, әлеуметтену, экологизация. Экологизация – бұл бастапқы және прогрессивті, қазір геоэкологиялық білімнің қарқынды дамуын байқауға болады.

1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен халықаралық конференцияда айтылған жаһандық проблемалардың көпшілігі ең алдымен геоэкологиялық санатқа жатады. Бұл жер шарының климатын тұрақтандыру, атмосфераның негізгі құрамдастарын сақтау,топырақ эрозиясын өсіру үшін жер ресурстарын ұтымды пайдалану, шөлейттену мен құрғақшылықпен күрес,мұхиттарды қорғау және ұтымды пайдалану, тұщы сулардың сапасын қорғау және пайдалануды оңтайландыру проблемалары.

География бағдарламасының жаңа нұсқаларында лайықты орын алатын негізгі бағыттар қосу керек.

Геоэкологиялық білім беру жалпы орта білім берудің бүкіл жүйесінде интегративті рөл атқарады. Ол келесі педагогикалық функцияларды орындайды:

– оқушылардың санасында әлемнің бірыңғай бейнесін қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді;

– бүкіл мектептегі білім беруді ізгілендірудің елеулі компоненті болып табылады;

– өз қызметін және басқа адамдардың қызметін болжау үшін жалпы білім беру және жалпы адамзаттық дағдыларды қалыптастырады;

– оқыту үдерісінде адамгершілік тәрбиесінің мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Геоэкологиялық білім берудің қазіргі мазмұны күрделі, жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Зерттеушілердің көпшілігі геоэкологиялық білім беру міндеттерін жүзеге асыру тек білім мазмұнын ғана емес, сонымен қатар оқыту нысандары мен әдістерін де қайта қарауды қажет етеді деп санайды. Мұндай әдістерге, формаларға және оқытудың әдістерін айта кететін болсақ:

– білім алушыларды қоршаған орта туралы білімдерін тұрақты толықтыруға ынталандыру (сабақтар-іскерлік немесе сюжеттік-рөлдік ойындар, сабақтар-конференциялар, әңгімелесулер, оқушылардың баяндамалары және викториналар);

– шығармашылық ойлауды дамытуға ықпал ету, адамның табиғатты қалыптастыратын іс-әрекетінің салдарын болжай білу (бұл зияткерлік дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз ететін әдістер: талдау, синтездеу, салыстыру, себептік зерттеу әдістері; бұл сонымен қатар дәстүрлі әдістер:

әңгімелесу, байқау, тәжірибе, оқушылардың танымдық іс-әрекетінің эвристикалық сипаты басым зертханалық жұмыс);

– зерттеу дағдыларын, біліктерін дамытуды қамтамасыз ету, геоэкологиялық тұрғыдан орынды шешімдер қабылдауға және жаңа білім алуға үйрету;

– оқушыларды жергілікті және өңірлік маңызы бар қоршаған орта проблемаларын шешу бойынша практикалық қызметке тарту (сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерді анықтау, геоэкологиялық зерттеуді ұйымдастыру, табиғатты бұзылудан қорғау, тұратын аудандардағы қауіп факторларын анықтау, геоэкологиялық білімді танымал ету: әңгімелесулер, үнпарақтар, суреттер, плакаттар).

Геоэкологиялық білім берудің өзектілігі адамзат алдында тұрған экологиялық проблемалардың ғаламдық сипатына және геоэкологиялық жауапкершілікті, геоэкологиялық мәдениетті қалыптастырмай оларды шешудің мүмкін еместігін айта кетуіміз керек. Геоэкологиялық сананы, геоэкологиялық мәдениетті, оқушылардың білімін, дағдыларын қалыптастыру мен дамытуда сабақтан тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру үлкен рөл атқарады.

Жұмыстың бұл түрлеріне мыналар жатады: геоэкологиялық ойындар (бәсекеге қабілетті, рөлдік, имитациялық), балалар геоэкологиялық қозғалыстары, экскурсиялар, геоэкологиялық бағыттағы конкурстар, геоэкологиялық-өлкетану қызметі, мектеп жобалары, экспедициялар, факультативтер, ғылыми кештер, конференциялар, оқушылардың зерттеу жұмыстары, қабырға газеттерін, альбомдарды басып шығару, геоэкологиялық олимпиадаларға қатысу, бейнефильмдерді қарау, мектептегі геоэкологиялық мониторинг және т.б. қазіргі уақытта келесі модельдерде ұсынылған геоэкологиялық білім беру жүйесін дамытудың бірнеше мүмкін бағыттарын анықтауға болады: геоэкологиялық білім беруден-тұрақты даму үшін білім беруге (әлеуметтік-экономикалық аспект); геоэкологиялық мәдениетке – халықты геоэкологиялық ағарту арқылы (геоэкологиялық-мәдени аспект); геоэкологиялық құзыреттілік – кез келген маманның кәсіби қызметінің міндетті компоненті.

Адамзат қоғамының табиғатқа трансформациялық әсері сөзсіз, ол ғылыми-техникалық прогрестің, экономикалық айналымға қатысатын заттардың саны мен массасының ұлғаюы нәтижесінде халық саны өскен сайын күшейеді. Табиғи ресурстарды шектен тыс пайдалану ,тиісті шараларынсыз және қалпына келуге мүмкіндік бермей, қоршаған ортаның қарқынды өзгерістері, табиғаттың ластануы табиғаттағы орны толмас өзгерістерге, биосферадағы апатты өзгерістерге әкеледі. Осыған байланысты геоэкологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету біздің заманымыздың ең маңызды жаратылыстану және әлеуметтік-саяси мәселесі болып табылады, оның дұрыс шешілуі адамзаттың әл-ауқатына байланысты. Адам мен табиғаттың үйлесімді қарым-қатынасын сақтау-қазіргі ұрпақтың алдында тұрған басты міндет.

Бұл мәселені шешу адами құндылықтарды өлшеу, әр адамның геоэкологиялық санасын, геоэкологиялық мәдениетін дамыту қажеттілігі туралы бұрын қалыптасқан көптеген идеяларды өзгертуді талап етеді. Табиғи ортаға тұтынушылық көзқарас, жаһандық геоэкологиялық проблемаларды жеңілдетілген түсіну геоэкологиялық білімнің төмен деңгейінің немесе олардың болмауының салдары болып табылады.

Сондықтан табиғат пен қоғамның бірлескен дамуы қағидаттарында жаңа геоэкологиялық ойлауды қалыптастыру кең геоэкологиялық білім мен тәрбиесіз мүмкін емес.

Оқушылардың геоэкологиялық білімінің қазіргі жағдайы өте маңызды проблемалармен, кемшіліктермен, оның көптеген байланыстарын бағалаумен сипатталады.

Геоэкология, геоэкологиялық білім беру мен тәрбиенің теориялық аспектілерін ғалымдар әзірледі: Реймерс Н.Ф., Исаченко А.Г., Вернадский В.И.,Чигаркин А.В., Чупахин В.М., Бельгибаев М.Е., Білдебаева Р., Чигаркин А.В., Ситак Л.А., Богоявленский А.П. және т.б [2-9].

Геоэкологиялық білім беру мен тәрбиенің мақсаты – адамдардың барлық іс-әрекеттерінде қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қамтамасыз ететін ғылыми білім, көзқарастар мен сенімдер жүйесін қалыптастыру.

Геоэкологиялық білім берудің негізгі міндеттері:

– табиғи мекендеу ортасын сақтауды және жақсартуды қамтамасыз ететін табиғатта мінез-құлық нормаларын сақтау;

– әр түрлі білім беру мекемелеріндегі қоршаған ортаны қорғау және геоэкологиялық мәселелерді зерттеу;

– оқушыларды қоршаған ортаның жай-күйін зерттеу,оқушыларды қоршаған ортаның жай-күйін зерттеу және табиғи ресурстарды зерттеуге жұмысқа тарту;

– қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарында ағарту жұмыстарын жүргізу. И.Д. Зверевтің пайымдауынша, геоэкологиялық білім берудің негізгі міндеті – оқушылардың табиғат, оның ерекшеліктері, қызметі туралы білімдерін теориялық игеру, геоэкологиялық проблемалар және оларды өндірісте, тұрмыста, демалыс процесінде шешу жолдарын ұсына білу.

Геоэкологиялық білім беру үздіксіздікті талап етеді және адамның өмір бойы оқыту, тәрбиелеу және дамытудың өзара байланысты процесін білдіреді. Геоэкологиялық тәрбие баланың туған кезінен, оның отбасында басталады. Ол ең алғашқы сабақтарды ата-анасының және оған жақын басқа адамдардың мінез-құлқын, олардың айналамыздағы әлемге қатынасын бақылау арқылы алады. Әрі қарай, бала табиғат пен қоғам туралы білімді даярлық класында, орта буынға келгенде,жоғарғы сыныпқа келгенде алады.

Балалардың әртүрлі жас топтарында геоэкологиялық білім мен тәрбиенің тиімділігі әр түрлі болады.

Мектепке дейінгі жаста негізгі педагогикалық назарды баланың идеялар жүйесіне аударған жөн. Жасөспірімдерде педагогикалық процесс күрделі болып табылады, ол жеке тұлғаның табиғи әлемге қатынасының дамуын

қамтамасыз етуі керек, сонымен бірге идеялар жүйесін қалыптастырады және баланың технологиялық құзыреттілігіне назар аударады. Орта буында оқушылардың табиғат қорғау қызметіне қатысуын ұйымдастыру. Жоғарғы класқа келгенде бұл ең күрделі және негізінен «бейтараптандыратын» және түзететін сипатқа ие.

Жастық шақта табиғатты эстетикалық, «ойландыратын» қабылдауы ерекше байқалады, оған деген көзқарас объективті, бірақ прагматикалық емес.

Оқушыларды бақылау және қоршаған ортаны қорғау тәжірибесін қолдана отырып, мұғалім әңгіме барысында фактілерді, сандарды, пайымдауларды қолдана отырып, оқушылардың эмоционалды реакциясын тудырады, олардың мәселеге жеке көзқарасын қалыптастыруға тырысады.

Экологиялық проблеманы қалыптастыру кезеңінде оқушылардың өзіндік қызметін ынталандыратын әдістер ерекше рөл атқарады. Тапсырмалар мен міндеттер қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуіндегі қайшылықтарды анықтауға, мәселені қалыптастыруға және зерттелетін пәннің тұжырымдамасын ескере отырып, оны шешу жолы туралы идеялардың пайда болуына бағытталған.

Оқушылардың проблемаларға жеке көзқарасын көрсетуге, нақты жергілікті экологиялық жағдайлармен танысуға және оларды шешу мүмкіндіктерін іздеуге ықпал ете отырып, оқу іс-әрекетін ынталандырады. Қоғам мен табиғаттың үйлесімді әсер ету тәсілдерін теориялық негіздеу кезеңінде мұғалім ғаламдық, аймақтық, жергілікті деңгейлердің факторларын ескере отырып, табиғатты қорғаудың ғылыми негіздерін кең және жан-жақты ұсынуға мүмкіндік беретін әңгімеге жүгінеді [10].

Танымдық-іздеу қызметін ұйымдастыруда, мысалы, табиғи экологиялық жолда оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту әдістерді қолдануда тиімді болады: проблемалық жағдай жасау; зерттеу қызметін,мақсат қою және жоспарлау; бақылау және практикалық жұмыс және т.б [11].

Оқушыларды геоэкологиялық тәрбиелеу мен білім беру қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы туралы жаратылыстану-ғылыми білімді дамыту мен тереңдетуді, қоғам мен табиғатқа құндылық қатынасын қалыптастыруды, табиғи ортаға ұқыпты қарау,қорғау, геоэкологиялық нанымдар мен жауапкершілікте белсенді өмірлік ұстанымды дамытуды қамтиды. Оқушыларға геоэкологиялық білім беру процесінде адам қызметінің нәтижелері адамның өзіне, оның біліміне, осы нәтижелер мен салдарды алдын-ала білуге байланысты екендігіне көз жеткізу керек.

Табиғат сұлулығына деген құштарлық-адамның, әсіресе балалардың табиғи қажеттілігі. Егер біз балаларымыздың тұтынушылар емес, жауапты адамдар, құрметті азаматтар болып өскенін қаласақ, қазір бұл туралы қамқорлық жасап, олардың толыққанды геоэкологиялық тәрбиесі мен білімі үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтын кез келді. Демек, геоэкологиялық білім беру және бұл адам мен қоғамның қоршаған ортаға қатынасының сапалық параметрлерін өзгертуге арналған мақсатты педагогикалық қызмет саласы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Максаковский В.П. Географическая культура: учебное пособие для студентов вузов.– М.: Владос. 1998. – С.333-336.

2 Реймерс Н.Ф. Экология. – М.: Россия, 1994. – 367 с.

3 Исаченко А.Г. Ландшафтоведение и физико-географическое районирование: Учебник. – М.: Высшая школа, 1991. – 336 с.

4 Вернадский В.И. Биосфера (Избранные труды по биогеохимии). – М.: Мысль, 1967. – 376 с.

5 Чигаркин А.В. Геоэкология Казахстана. – Алматы, 2006. – 414 с.

6 Чупахин В.М. Физическая география Казахстана. – Алма-Ата: Мектеп, 1968 – 260 с.

7 Бельгибаев М.Е. Геоэкология – развитие структура и методы. Современные проблемы геоэкологии. – Алматы: Шартарап, 2011 – С.11-21

8 Ситак Л.А. Формирование экологической культуры студентов педагогического колледжа во внеклассной работе: Монография, Пятигорск: ГОУ ВПО ПГЛУ, 2011. – 172 с.

9 Куракбай А.М., Богоявленский А.П. Возможности исследовательских умений учащихся в экологическом образовании. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы шеңберінде Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының 10 жылдығына арналған «XXI ғасырдың жаһандық сын-қатерлері және қоршаған орта» атты Халықаралғыықлыми-тәжірибелік конференция.Алматы, Казахстан, 2-3 желтоқсан 2021 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – С.401-403.

10 Дежникова Н.С., Иванова Л.Ю., Клемянова Е.М. Воспитание экологической культуры у детей и подростков. – М.: Педагогическое общество России, 2009. – 63 с.

11 Градова А. Управление познавательной деятельностью учащихся. – М.: Учитель, 2014. – 76 с.

SRSTI 14.85.01

SECONDARY SCHOOL EFL TEACHERS' PERCEPTIONS ON ONLINE EDUCATION

A. Raimkulova
TEFL MA student, Suleyman Demirel University, Almaty

Educational institutions including schools, colleges and universities have changed their shift form face to face classes to online education system due to the COVID-19. The demand for the term «online education» is increasing and most of the educational institutions used many different online planforms to keep their academic activities in online education during the COVID-19 lockdown period. However, the teachers' perceptions were not considered and explored. Accordingly, the following study focuses on benefits and drawbacks of online education based on teachers' perceptions. In addition, this article includes teachers' perception towards online education and analyses if they have positive or negative feelings towards the online education.

Key words: Online education, Teachers' Perceptions, COVID-19, EFL teachers, secondary school.

According to McIsaac and Gunawardena (1996) the term «distance education» has been appeared in the 1800s, especially in a higher educational institution at the University of Chicago in the United States, where students had to have connection through the programs even, they were at different place or location. Afterwards, many years later, the radio developed as a communication form and led to the development of using technologies for distance education. Later, the first filly online course was offered in 1981 by Western Behavior Science Institute. At first there were technologies that included some online sources and allowed student collaboration by tracking students learning progress. According to the world pandemic situation, today, the demand for on-line education is increasing and people all over the world changed their learning style by shifting to the online format. As evidence of increasing demand for online education, Pew Research Centre (2011) has studied and showed that 89% of four-year colleges and universities offer online learning courses, online courses or other types of distance /online education or no face to face type of education in 2010-2011 academic year. As a result of shift from traditional to online education, according to Allen and Seaman (2013) 32 % students who enrolled in higher education chose at least one online course from their curriculum in 2013. The new style of learning is demanding the new ways of preparing, organizing by utilizing high level of independence, self-study. Consequently, similar to other

methods of teaching, On-line education has its own advantages and disadvantages. Besides its negative sides, there are positive sides of the following style, such as convenience, which means to have an access every time and anytime. However, the disadvantages of it such as internet problems or poor connection of the internet may be challenging for learners and teachers. The challenges may cause big problems that definitely influence on the quality of the education and teachers perception might be different towards online education. In this case, it is necessary to take teachers' perceptions under consideration toward online education to make analysis and identify if they have positive attitude or negative attitude on online education.

It has been challenging for teachers to adapt to these circumstances, consequently they become demotivated or dissatisfied with online FL teaching and learning. Educators should be able to help students to comprehend the tasks effectively and successfully. Thus, it is essentially for teachers to be motivated and professionally qualified in order to encourage students.

